Мақалада көркем шығармалардағы батырлар образы қарастырылған. Мұнда ақын-жазушыларымыз М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында, Ғ.Қараштың «Сырым батыр» тарихи жырында, Ж.Тілешовтің «Сырым батыр» дастанында, Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» тарихи драмасында, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында, Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елеңалаң», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогияларында, Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романында сомдалған Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Сырым батырлардыңкөркем бейнелеріне әдеби зерттеулермен, тарихи деректермен салыстыра талдау жасалған. Халқымыздың көне дәуірдегі қаһармандық күресі, тарихи тұлғаларымыздың образы тарихи жырлар мен романдарда көркемдікпен бейнеленеді. Қаламгерлеріміздің тарихи туындылардағы ерлікті, елдікті, ұлттық құндылықтарды насихаттау идеясы әдебиетімізде маңызды орын алады. Сондықтан тарихи туындыларды оқыту арқылы білім беру – халықтың мол тағылымдық мұрасынан сусындату. Қазақ халқы батырларының қаһармандық бейнесін көркемдеп жасаған ақын-жазушылардың еңбегін ерлікке балаған автор олардың тарихи туындыларын төл тарихымыздың көркем беттеріне теңейді, сондықтан қаламгерлеріміздің бұл арнадағы еңбектері ұрпақ тәрбиесіне қосылған елеулі үлес деп санайды.

Түйін сөздер: тарихи роман, тарихи жыр, ұлттық құндылық, батырлар образы,көркем бейнелеу,ұрпақ тәрбиесі, ерлік тағылымы.

Baltymova M.R.

Images of heroes in literature – a source of public education

The image of heroes in art works is analyzed in the article. In the comparative aspect, the characters of heroes Kobylandy, Kabanbai, Bogenbai, Bayan, Syrym are analyzed in historical documents and literary studies, historical works of famous poets and writers. Thus, it considers the poem «Valiant Bayan» by M. Zhumabaev, the historical legend «Syrym batyr» by G. Karash, the poem «Syrym batyr» by Zh. Tleshov, the historical drama «The pledge of the future» by G. Musrepov, the trilogy «Nomads» by I.Esenberlin, «Pleiades – the constellation of hope», «Flares» of A. Kekilbayev and «Daraboz» by K. Zhumadilov, the novel «The troubled times» by K. Muhanbetkaliuli. The main subjects of historical legends and novels are the struggle against enemies, supplemented by a bright and artistic depiction of historical personalities. The idea of propaganda of courage, statehood and national values occupies an important place in our literature. In this regard, the teaching of literature through the study of historical works is the source of the rich heritage of our people. The author evaluates the works of poets and writers who created heroic images of folk batyrs as a feat and considers it a significant contribution to the upbringing of the younger generation.

Key words: historical novel, historical poem, national value, images of heroes, artistic description, education of the generation, examples of heroism.

Балтымова М.Р.

Образы батыров в литературе – источник народного воспитания

В статье дан анализ образа батыров в художественных произведениях.В сравнительном аспекте проанализированы образы героев Кобыланды, Кабанбая, Богенбая, Баяна, Сырыма

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

в исторических документах и литературных исследованиях, исторических произведениях известных поэтов и писателей. Таким образом рассмотрены поэма «Доблестный Баян» Жумабаева М., историческое сказание «Сырым батыр» Караша Г., дастан «Сырым батыр» Тлешова Ж., историческая драма «Залог будущего» Мусрепова Г., трилогия «Кочевники» Есенберлина И., дилогии «Плеяды – созвездие надежды», «Всполохи» Кекилбаева А. и «Дарабоз» Жумадилова К., роман «Смутные времена» Муханбеткалиулы К. Основными сюжетами исторических сказаний и романов является борьба с врагами, дополненные ярким и художественным изображением исторических личностей. Идея пропаганды мужества, государственности и национальных ценностей занимает важное место в нашей литературе. В связи с этим обучение литературе посредством изучения исторических произведений является источником богатого наследия нашего народа. Труды поэтов и писателей, которые создали героические образы народных батыров, автор оценивает как подвиг и считает значительным вкладом в воспитание молодого поколения.

Ключевые слова: исторический роман, историческая поэма, национальная ценность, образы батыров, художественное описание, воспитание поколения, примеры героизма

Тарихи романдарда қаламгерлер халықтың өткен тұрмыс-тіршілігін тарихи деректер негізінде бүгінгі жағдаймен байланыстыратын көркем бейнелер арқылы аша түседі. Яғни тарихи романның оқиғасы өткеннің қай кезеңін көрсетуге арналса да, онда ерлікті, елдікті, ұлттық құндылықтарды насихаттау идеясы маңызды орын алады. Тарихи романдарда халықтың көне дәуірдегі қаһармандық күресі мен тарихы, ұлы тұлғалардың іс-әрекеті нақты қырынан суреттеледі. Бұл ретте тарихи роман эпостық дәстүрді жаңа сапаға көтерді. Тарихи туындыларда батырлар образы кең және ауқымды көрініс тапқан. Ғалым Б.У.Әзібаева әдебиетіміздегі батырлар бейнесі туралы: «Ең бастысы батырдың тұлғалылығы мен ерлігіне көп көңіл бөлінеді, әдетте оның халқы үшін жанын пида қылуға дайын екендігі және де еліне адалдығы суреттеледі», – дейді [1, 3].

Бүгінгі қазақ әдебиетінің алтын қорын құрайтын көлемді, құнды туындылардың бірі І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының идеялық-көркемдік концепциясы терең, мұнда халқымыздың XY-XIX ғасырлардағы азаттық күресінің шешуші кезеңдері, елдің әлеуметтік жағдайы, ел қорғаған ерлердің ерлігімен батырлығы сипатталады. Мұнда бейнеленген тарихи тұлғалар қатарында «Алмас қылыш» романындағы Қаптағай, Бөрібай, Қарақожа, Ноғай, Қобыланды, Орақ, Саян, Қаражал, Қамбар, Сұлтан; «Жанталас» романындағы Қабанбай, Бөгенбай, Елшібек, Қияқ, Тұяқ, Баян, Тайман, Жолымбет; «Қаһар» романындағы Сейтен, Есенкелді, Саржан, Байтабын, Наурызбай, Ағыбай, Иман, Төлебай, Басықара, Жанайдар, Бұхарбай, Есіркеген секілді батырлар бейнесі әрқилы суреттеу үлгісімен сипатталған. Солардың қатарында Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Баян батырлардың көркемдік бейнесі әдебиетімізде мол суреттелген.

Қарақыпшақ Қобыланды батырдың Ақтөбе жерінде мәңгілікке тыныстаған орнында ескерткіш орнатылып, кесене тұрғызылып, оны ұлықтау рәсімінің кең көлемде аталып өтуі әдеби-тарихи зерттеулердің нәтижесінде жүзеге асты. Тарихи деректерге сүйенсек, Қарақыпшақ Қобыланды – шамамен XY ғасырда өмір сүрген тарихи қайраткер. Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілқайыр ханның бас батыры болған. Қазақ хандығының бөлінуіне де осы Қобыланды батыр себеп болған делінеді.

Түркітанушы ғалым В.В. Радлов Қобыланды батыр туралы аңыз-әңгімені алғаш рет баспа бетінде жарияласа, «Қобыланды батыр» жырының алғаш жарық көруі XIX ғасырдан басталады. Жырдың Марабай нұсқасын жазып алған Ы. Алтынсарин оның «Тайбурылдың шабысы» деген тармағын «Қырғыз хрестоматиясына» (1879) енгізген. Ал «Қобыланды батыр» жыры туралы алғаш рет «Женщины по киргизской былине Кобыланды» деген көлемді мақаласын Ә.Бөкейханов «Туркестанские ведомости» газетінде жариялады, содан кейін 1925 жылы «Таң» журналында М. Әуезовтің «Қобыланды батыр» атты зерттеу еңбегі жарық көрді, ал ғалым М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» жырын зерттеп, 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, жырдың 15 түрлі нұсқасын жариялады, бүгінде жырдың 29 нұсқасы белгілі. Оның жиырма алтысында Қобыланды батырдың ерліктері жырланса, үшеуі ұрпақтарының іс-әрекеттерін баяндауға арналған. Ал Қобыланды батырдың эпостық қаһарманнан тарихи тұлғаға айналуы, 2007 жылы Ақтөбе қаласында «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өткізілуі «Қобыланды батыр»

жырының зерттелуінің тағы бір жаңа белесі болды.

Батыр бейнесінің әдебиетіміздегі көрінісі І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында жалғасын тапты. Романның сюжеттік желісі ХУ ғ. біртұтас Қазақ хандығын құру жолындағы Әбілқайыр хан мен Керей, Жәнібек сұлтандар арасындағы тартысқа құрылған. Романның негізгі оқиғалары Қарақыпшақ Қобыланды батыр бейнесі арқылы өріледі.«Бұл атақты Қажымұқан балуанның он екінші атасы. Қазақ пен Ноғай бөлінгенде айтылған «жылау, жылау, жылау күй» жырындағы «қара орманынан айрылған», Торғай мен Ор бойына Қаратау маңынан, Арыс пен Бадам өзендерінің тоғысқан жеріндегі Қараспан тауынан көшіп келген, қазақтың атан жілік, арқар мүйіз батырларының бірі», – деп сипаттаған [2, 26] Қобыланды батырдың бейнесінжазушы макрокеңістік пен микрокеңістікті қатар бейнелеу тәсілін шебер қолдана отырып сомдайды. Әбілқайыр ханның айдап салуымен Қобыланды батырдың қолынан қаза тапқан Ақжол бидің қаралы ордасының: «Орданың сырты қандай болса, іші де сондай қан жылаған екен. Алтын, күміспен зерлеген қара сырлы уық, кереге, бақан. Абажадай қара шаңырақтан жерге салбыраған қара шуда жіптен өрген шашақты тұжырма. Үй іші адамның зәресін алып, құтын қашырғандай…Жырау сыбырлай зарлайды... Жалғыз ұлынан айрылған қарт жырау ұзақ сарнады...» – деген көрінісі арқылы жазушы аяулы арысынан айрылған елдің, белгілі биінен айрылған қазақтың игі жақсыларының, көкірегі қайғыдан қарс айрылған жыраудың бейнесін, осы арқылы қазақ халқының өлікті құрметтеу дәстүрін сөзбен, іс-қимылмен, психологиялық толғаныспен шебер бейнелейді [2, 84-87].

Бұл туралытарихшы Қ.Салғараұлы: «...Қобыландының Дайырқожаны өлтіруі – елдің екіге айрылуының себебі емес, тек желеуі, ал елдің екіге айрылуының тарихи шындығы басқада. Есен Бұғының Керей мен Жәнібек сұлтандарға Шу өңірінен шұрайлы жерді сайлап беруінде терістік шығыстан еміне енген ойраттар мен оңтүстік-батыстан көзінің сұғын қадаған Ақсақ Темірдің шөбересі Әбу Саид мырзаға арқа сүйеген өз ағасы Жүніске қарсы күресте өзбек жауынгер жігіттерін қалқан етемін деген мақсаты, ізгі үміті жатыр», – деп жазады [3, 45]. Батыр бейнесі қашан да халық жүрегінде сақталатын тұлға. Оның ерлігі – халық ерлігі. Оның ісі қашан да халқынан қолдау тауып отырған. І.Есенберлин өзінің жазушылық шеберлігі мен образ жасау тәсілін шебер қолдана отырып, халық батырының қайшылықты бейнесін сәтті жасап шыққан.

Қиын-қыстау кезеңде тәуекелге бел буған батырының соңынан халқы да ерген. І.Есенберлиннің «Жанталас» романында Қабанбай батырдыңне нәрсенің де байыбына барып, ақылмен ойлап, керек кезінде шешен, қажет болса, басшы болғаны сипатталады: «Ал, халайық! Келе жатқан осал жау емес... Елімізді, жерімізді сақтап қалу үшін бізден жүректілік табылар, тек бірлік керек. Түркістанды жауға берсеңдер, қазақ елінің шаңырағы құлап түскені. Жас деп қырын қарамаңдар, еріңіздер мына Елшібек ердің соңынан! Талаптының алдынан нұр жауар. Ел бастаймын деген батырдан қашанда батылдық табылады!» [2, 260]. Қабанбай батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі айтулы ірі шайқастардың бәріне қатысқан, «Хан батыры», «Дарабоз» деген атақтарға ие болған. Сан рет шайқас алдындағы жекпе-жекке шығып, жаудың батырларын жер жастандырып, жауынгерлерін жеңіске рухтандырып отырған. Халқы оны «Қаракерей Қабанбай» деп құрметтеп, есімін жырға қосып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Халық арасында Қабанбай батыр жөнінде аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар өте көп, солардың ең көрнектісі және көп тарағаны «Қаракерей Қабанбай батыр» жыры.

Бұл жырдың негізгі оқиғалары Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романына негіз болған, мұнда жазушы Қабанбайдың батырлық ғұмырындағы тарихи мәні жоғары оқиғаларды суреттеп, Арқауылмен, Әтеке жырықпен, Қарабекпен жекпе-жектерін суреттейді. Батыр туралы тарихи жырлар мен аңыздардың желісіне сүйенсек, оның есімі Ерасыл – Ізбасар – Қабан – Қабанбай – Дарабоз болып өзгерген және әрқайсысының шығу тегі әр түрлі тарихи оқиғамен байланысты болып отырған. «Дарабоз» есімінАбылай хан берген. Тарихи құжаттарда Қабанбай батырдың ел арасының бітімгершілігінде жүрген дана, би ретінде де айтылады. «Дарабоз» романында Қабанбай батыр бейнесі асқақ шыққан. Жоңғарларға қарсы азаттық соғысынан батырдың жеңіспен қазақ жеріне оралған кездегі батырдың жан толқынысы мен көңіл қуанышын жазушы: «Қабанбай бір топ батырлар қоршауында, басқалардан оқ бойы алда келе жатқан-ды. Мерейі үстем, көңілі көтеріңкі. ...Өмірінде талай жорықтардан олжалы оралып жүрсе де, өзін дәл осы жолғыдай бақытты сезініп көрген емес... оның көз алдында ұрыстан қалжыраған қазақ даласы да дәл қазір төрт құбыласы түгенделіп, төрт пұшпағын төрт тарапқа жіберіп, еркін ты-

ныстап жатқан батыр сияқтанды» [4, 415], – деп бейнелейді. Бұл жерде жазушы елі, жері үшін жанын аямаған қазақ батыры мен дархан қазақ даласын қатар қойып, батырын қару қылса, даласын дана етіп әсірелейді.Батыр бейнесін жасауға автор әр қырынан келеді, Қабанбай ауырып, қоштасқандай болғанда, бәйбішесі Майсары батырдың қарындасы Ханбибі: «Тағдыр бізге Қабанбайдай батырдың қосағы болуды жазса, одан артық құдайдан тілейтініміз не? Қол бастап жауға аттанғаның – қуаныш болмап па еді біз үшін?! Сен – отбасына ғана пана емес, иісі қазаққа қорған болған адамсың... Бізге сенің алыстағы айбының, басымызға қондырған бағың да жетеді!» – деп батырын ұлықтаса [4, 383], өз батыры Әтекенің кегін алу үшін ауырып жатқан батырды мұқалтуға келген қырғыздардың оның ат үстінде тұрғанын көргенде: «Мәссаған, мынау Қабанбай батыр ғой! Енді соғысуда мән жоқ. Батырдың аяғына жығылып кешірім сұрайық!» – деген сөзі оның аруақты айбынын, қажырлы қайратын, қаһарын көрсетеді [4, 401].

Қазақтың қас батырларының бірі Бөгенбай бейнесі де І. Есенберлиннің «Жанталас» романында кездеседі: «…Сол дүрліккеннің бірі Арқадан бес жүз сарбазбен келген Бөгенбай батыр еді. …Әбілқайырдың бұл кезде сонау Жайық бойында жорықта жүргенінен хабардар Бөгенбай ғана қызуын баса алмаған. «Әбілқайыр үлгере алмайды, Хиуа жолына біз жақынбыз!» деп Бөгенбай ханға келіп жорыққа шығуын өтінген. Бірақ Әбілқайырға өкпелі хан көнбеген. Ашуға мінген Бөгенбай өзінің бес жүз жігітіне атқа қонуға бұйырған. …Ұрыс біткеннен кейін, Бөгенбай жігіттерімен Кіші жүз еліне қонаққа барған, Бөгенбайдың батырлығына риза болған Әбілқайыр және бұл секілді батырды өз жағында ұстауды жөн көріп, Сақыпжамалды Бөгенбайға қосты». Біз осы жолдардан Бөгенбай батырдың көзсіз ерлігіне куә боламыз, ал қызын қараға бермес хан тұқымының қарындасын батырға қосуы ерлеріміздің абыройын көрсетеді. Ел тағдыры сынға түскен сол заманда ісімен ғана емес, сөзімен де қалың қазақты мойындата білген батырдың бейнесі романда былайсипатталады: «…Жылан мен мысық арбасуындай, Ақ Орда ішін бір суық ызғар биледі. Ашулы Барақ тағы сөйлемек болып келе жатыр еді, бағанадан бері жұмған аузын ашпай отырған Бөгенбай жартас үстіне қонған бүркіттей қомданып саңқ ете қалды …Бөгенбай ат арқасына ерте қонған батыр еді. Осыдан он бес жыл бұрын өзі Үргеніш жақта жорықта жүргенде, жоңғардың бір аламан жасағы ауылын шауып, қатынбаласын найзалап өлтіріп кеткен. Содан бері Бөгенбай ер үстінен түскен емес. Еліміздің жат жауларыменен сан айқасты. Және үнемі жеңіп жүрді. Бұл күнде атағы алты алашқа аян болып, даңқының көтерілгені соншалық, тіпті бұл істемеген ерлікті де қазақ бұған таңды. Бөгенбай аңызға айналды. Халқының осыншама құрметі мен өзінің жеке басының батырлығы арқасында, ол жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ елінің жауына қарсы жалау етіп көтерген көсемдерінің бірі болды, қандай хан болсын, сұлтан болсын Бөгенбаймен ақылдаспай майданға шықпайтын күйге жеткен» [2, 320].

Қазақтың қай батыры, жырауы, шешені болсын ел басына күн туғанда бес қаруын асынып тірек болса, шешімі жоқ таласы көп дауда би де бола алады. Олардың дәлелді сөзіне хан да, сұлтан да құлақ асқан. «Алты алаштың айдары» атанған Бөгенбай батырдың парасаттылығы, терең ойлылығы, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ер үстінен түспей елінің жай-күйін ойлағаны көрнекті жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» атты тарихи романдарында романда көрініс тапқан. Жазушы Бөгенбай батырдың Есет, Жәнібек батырлармен бірге Әбілқайыр ханның алынбас қамалына, қолдаушыларына айналғанын көркем суреттеген [5, 247].

І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы келесі бір күрделі тұлға Батыр Баян туралы: «...Ол Іле бойында бұрын да қалмақпен сан айқасқан, сан жеңген, жау жағына бұрыннан белгілі батыр. Ақбоз атын қол алдында көсілдіре салып келе жатқан жігітті көргенде жоңғарлар «Батыр Баян» деп шу ете түсті» [2, 422], – делінген. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жерін, атамекенін сақтаған сол бір арпалыста өзінің жанкешті әрекетімен көрінер Баян батырдың көзсіз ерлігінен оның үлкен отаншылдық және намысшылдық сезімінің куәсі боламыз. Батыр Баян қалмаққа қашқан інісі мен оның ғашығына садақ тартады. Осы ісі жүрегіне күйік болып қадалады. Қан майданнан ажал іздеп, ақыры оған кезігеді. Трагедия Батыр Баян бейнесін асқақтата түседі. Ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын Баян ұлт тілегін жеке басының құлқынына айырбастайтын уақ кісі емес. Баян оғы – намыссыздыққа, ел мүддесін аяққа басқандыққа төзбейтін ыза-назаның оғы еді. Романдағы хикаяның басты идеясы бұл жолы М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасымен сабақтасады. Поэманың Батыр Баянға арналған бөлігін Р.Нұрғали «шығарманың күре тамыры» деп нақ айтқан. Шығармада ордаға «Жау қайда?» деп, ұрандап жиылған өңшең ноян, ба-

тырлар мен жыраулардыңжиналғанына біраз уақыт өтсе де, Абылай хан Баян батыр келмесе жауға аттанбайтынын хабарлайды. Жиналғандар арасында Қанжығалы Бөгенбайдай, Қошқарұлы Жәнібектей әйгілі қолбасшы батырлар, Бұқар, Тәтіқара сияқты жыраулар болса да «наркескен», »қайтпас болат», өзгелерден ерекше дара тұлғалығы, ойын тура және қарсы айта алатын жүректі, батылдығы жас батыр Баянды күтттіреді. Хан кешігіп келген батырдан себебін сұрамай, оның артында бір сыр барын сезеді, жанынан орын беріп, құрмет көрсетеді әрі өз жарлығына қарсы сөз айтуын түсіністікпен кешіреді [6, 136].

Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген белгілі жазушы Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романы қазақтың атақты биі әрі батыры Сырым Датұлының бейнесін жасауға арналған. Батырдың Ресей отаршылдығына қарсы іс-әрекеттері романдағы тарихи шындықтың көркемдік шешімімен сипатталған. Отаршылдық саясатты қазақ даласында жүзеге асырушы казак-орыстар қазақ ауылдарын барымталап, ауылдарды ойрандаса, Сырым батыр да олардың күтірлерін (хуторларын) шабады. Отаршылдардың арнайы жазалау жорықтарынан қорғанып, қарауындағы елді бұрынғы қоныстарынан көшіріп, жаңа қоныстарға орналастырады.

Әдебиетімізде С.Датұлы туралы көркем туындылар бар. ХХ ғасырдың басында ақын Ғ.Қарашбатырдың болмысын былайша жырлайды: «Сырым деген ер болған, Халқының қамын жер болған» [8, 258-306]. Ал Ж.Тілешовтің дастанында: «...Еңіреген еріңмін, Асқақтап аққан Жайықпын, Атыраудай асау теңізбін, Топанымын халық кегінің», – деп,халықтың кегін қайтаруды көздеген батырдың өр тұлғасы сомдалған [9, 36]. Батыр әрі би Сырымның шешендік сөздері «Шешендік сөздер» (1967), «Ел аузынан» (1989) жинақтарында берілген. С.Датұлының қоғамдық-саяси қызметі жазушы Ғ.Мүсіреповтің тарихи драмасында суреттелген, туындының негізгі идеясы ұлт азаттығы, халықтың өзін-өзі билеуі жөніндегі идеямен ұштасып жатады. Жазушы Сырымның: «Қай ел болса да өзінің қандай ел екенін өз тізгіні өз қолында тұрғанда ғана көрсете алады», – деген сөздері арқылы батырдың асқақ арманы мен аманаты халқының тәуелсіздігі екенініоқырманға жеткізе білген [10, 16-40]. Әдебиетіміздегі С.Датұлы туралы осындай туындылардан кейін Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романында батырдың көсемдік-басшылық образы реалистікпен сомдалған: «Түсі сұп-суық. Сесінің өзі-ақ жұртты оған еріксіз бойұсындырып, байлап-матап тастаған. Дәл осы сәтте ол не айтса да, мына ел, қалың ағайын, оның сөзін екі етпеуге қайыл еді» [7, 534], «Томай құлақ ұзын торы аттың үстінде тіп-тік шаншылып отырған күйі көзін қарсы алдына қадаған қалпынан танбастан, сіресіп тұр. Әшейінде де апсағай ірі кісі, қысқы қалың киімімен түйедей торы аттың үстінде төбедей боп отырғанында тіпті айбынданып кетеді екен» [7, 232].

Романда елі мен жерінің тағдырына алаңдаған Сырым бидің ішкі толғанысын жазушы психологизммен көркем бейнелеген: «Тек әуелі жан түкпірінен Айрауықтың ащы күйіндей аңыраған бір азалы сарын бас көтеріп келе жатқанын ғана байқаған. Сәлден кейін сол бір өзегін өртеп, өн бойын шымырлатқан азалы сарын тұрлаусыз мына жалғанның опасыздығын паш етіп, бастарынан кешкенді қара қобызбен кейінгіге күңірене толғаған бағзыдағы бабалардың өксік пен өкінішке толы жыры мен зарына айналып, оқыстан «А-а-ай-и-и-и»-лап, ышқынып, мұның көкірегінен ал кеп ақтарылсын-ай… тоқтаусыз боздасын-ай!!! ...Апыр-ай,мынау не сұмдық еді?! Жеті жұрт ауған бұ қоныстың бұларға да қайырсыз болғалы тұрғаны ма, сонда?! …» [7, 134-135].Ширек ғасырға жуық төл тарихымызды, С.Датұлы туралы деректерді зерттеген жазушы Қ.Мұханбетқалиұлы шын мәнінде ұлтазаттық қозғалыстардың бастауында тұрған ерен ердің көркем образын жасай алды. Қаламгердің халық даналығын, мақал-мәтелдерді, бишешендердің қанатты сөздерін поэтикалық-көркемдік шешіммен үйлесімді қолдана білгендігі романның көркемдік сипатын күшейтіп тұр.

Ақын-жазушыларымыз М. Жұмабаев, І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Ғ. Қараш, Ж. Тілешов батырлар бейнесін суреттеу арқылы қаһармандық танытты, халық алдындағы қаламгерлік парызын өтеді. Қаламмен сомдалған батырлар бейнесі – тарихи факті мен көркемдік сипатты бойына жинақтаған біртұтас бейнелер. Мәселен, І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясында қазақ батырларының бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кездеспеген біртұтас топтамасы жасалған. Батырларымыздың қаһармандық бейнесін көркемдеп жасау – жазушының ерлігі. Тарихи туындылардың әрқайсысы – төл тарихымыздың көркем беттері, сондықтан ақын-жазушыларымыздың бұл арнадағы еңбектері ұрпақ тәрбиесіне қосылған елеулі үлес. Қаламгерлерімізді осы тұрғыдан келген-

де нағыз патриоттар деп атауға болады, олар – ұлтын сүйетін ұлт жанашырлары және ұлт жазушылары.

Әдебиеттегі кейіпкерлерді зерттеу барысында олардың отаншылдық қасиеттеріне, тұлғалық роліне және жеке адам ретіндегі іс-әрекетіне назар аударамыз. Себебі кейіпкер әдеби категория болғанымен, оның қоғамдағы ролі ғылыми-философиялық негіздеуге келіп тіреледі. Жеке адам немесе индивид – ғылымда жекеше, тұлға – ерекше, адам – жалпылықты білдіретін ұғымдарға жатады, осы жерде тарихи романның тағы бір ерекшелігі мұнда тарихи тұлғалар образы суреттеледі. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында қазақ тарихын ғылыми танудың жаңа жолдарын іздестіру мәселесі батыл көтерген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» [11], – деп атап көрсеткеніндей, тарихи туындыларды оқыту арқылы білім беру – халықтың мол тағылымдық мұрасынан сусындату. Сондықтан жас ұрпақ тарихи тұлғаларды біліп, олардың ерліктерінен сусындап өсуге тиісті.

Елдің еркіндігі мен азаттығы, теңдігі үшін күрескен, Тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған жалынды күрескерлері батырларымыздың рухын еске алып, істерін үлгі тұтып, сөздерінен тағылым алып, есімін қастерлеу, осы арқылы кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу бәрімізге ортақ парыз болуға тиіс. Олай болса, халық қамы үшін күресіп, ерлігімен, даналығымен, шешендігімен тосын жерден жол тапқан батырларымыздың әдебиеттегі бейнесі – тәрбие құралы.

Әдебиеттер

1 Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос: автореф. … докт. филол. наук:.10.01.09. – Алматы: Институт литературы и искусства, 1998. – 53 с. – Б. 3.

2 Есенберлин І. Көшпенділер /Тарихи трилогия. – Алматы, 1998. – 581 б. – Б. 10, 26, 84-87, 260, 320, 422.

3 Салғарауұлы Қ. Қазақтар: Роман-эссе. – Алматы: «Өнер», 1996. – 352 б. – Б. 45.

4 Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 1996. – 416 б. – Б. 383, 401, 415.

5 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке», 1999. – 3-т. – 400 б. – Б. 247.

6 Жұмабаев М. Батыр Баян // Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы, Жазушы, 2008. – 208 б. – Б. 136.

7 Мұханбетқалиұлы Қ. Тар кезең. Тарихи роман. – Алматы: Мереке баспасы, 2012. – 584 б. – Б. 134-135, 232, 534.

8 Қараш Ғ. Сырым батыр (толғау) // Сырым Датұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 151 б. – Б. 258-306.

9 Тілешов Ж. Сырым батыр // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 21 тамыз. – Б. 36.

10 Мүсірепов Ғ. Болашаққа аманат. Тарихи драма // Жұлдыз. – 1981. – №1. – Б. 16-40.

11 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. – 17 қаңтар 2014 жыл// http://www.akorda.kz

References

1 Azibayeva B.U. Kazahsky dastanny epos: avtoref. ... dokt. filol. nauk:. 10.01.09.– Almaty: Institutliteraturyiiskustva, 1998. – 53 s. – B. 3.

2 Yesenberlin I. Koshpendiler /Tarihi trilogiya.– Almaty, 1998. – 581 b. – B. 10, 26, 84-87, 260, 320, 422.

3 Salgarauly Q. Qazaqtar: Roman-esse. – Almaty: «Oner», 1996. – 352 b. – B. 45.

4 Zhumadilov Q. Daraboz: Tarihi roman. Ekinshikitap. – Almaty:Zhazushy, 1996. – 416 b. – B. 383, 401, 415.

5 Kekilbaiuly A. On ekitomdykshygarmalarzhinagy. – Almaty: «Olke», 1999. – 3-t. – 400 b. – B. 247.

6 Zhumabayev M. Batyr Bayan // Zhumabayev M. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. 1-tom. Olender, dastandar, angime. – Almaty, Zhazushy, 2008. – 208 b. – B. 136.

7 Muhanbetkaliuly Q. Tar kezen. Tarihi roman. – Almaty: Merekebaspasy, 2012. – 584 b. – B. 134-135, 232, 534.

8 Qarash G. Syrymbatyr (tolgau) // SyrymDatuly. – Almaty: «Arys» baspasy, 2004. – 151 b. – B. 258-306.

9 Tleshov Zh. Syrym batyr // Qazaq adebiety. – 1992. – 21 tamyz. – B. 36.

10 Musrepov G. Bolashaqqa amanat. Tarihi drama // Zhulduz. – 1981. – №1. – B. 16-40.

11 QR Prezidenti N.A.Nazarbayevting «Qazaqstan zholy – 2050: Bir maqsat, bir mudde, bir bolashaq» Qazaqstan halqyna zholdauy. – 17 qangtar 2014 zhyl //http://www.akorda.kz

МРНТИ 17.71.91

Гусейнли Ш.А.,

аспирант Института литературы
имени Низами Национальной Академии наук Азербайджана,
г. Баку, Азербайджан, e-mail: afagramazanova@mail.ru

ЭПИЧЕСКИЕ ФОРМУЛЫ В АЗЕРБАЙДЖАНСКИХ ИСТОРИКО-ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ

В статье на материале известных фольклорных памятников – эпосов «Книга моего деда Коркута» и «Короглы» исследуются особенности формульного творчества в Азербайджанских историко-героических эпосах. В первую очередь, рассматриваются отличительные особенности, вытекающие от сопоставления общего дастанного творчества и конкретно расматриваемого дастанного типа. Раскрываются своеобразные особенности начальных, медиальных и финальных формул в эпосах «Книга моего деда Коркута» и «Короглы» в сравнении с традиционными формулами сказок. Автор приходит к выводу, что формулы в историко-героических эпосах, являются ценными, в первую очередь, из-за отражения самой характерного историческо-поэтического пласта текста.

Ключевые слова: дастан, сказка, начальная формула, медиальная формула, финальная формула, текст, жанр, поэтика, особенность.

Huseynli Sh.A.

Epic formulas in Azerbaijan historical-heroic eposes

In the article the characteristic features of the formula activity in the Azerbaijan historical-heroic eposes in the example of the famous folklore monuments such as «The Book of Dede Gorgud» and «Koroglu» are explained. First of all, the different peculiarities coming from the same activity of the common epos poetics and the concrete epos kind looking through are paid attention. The identities of the beginning, medial and final formulas used in the eposes «The Book of Dede Gorgud» and «Koroglu» are discovered in comparison with the traditional and real tale formulas. From the analysis it is come to the conclusion that the formulas in the historical-heroic eposes attain the special value with the absorption of the most characteristic historical-poetical layer of the text.

Key words: epos, tale, beginning formula, medial formula, final formula, text, genre, poetics, peculiarity.

Гусейнли Ш.А.

Азербайжан тарихи-батырлық жырларындағы эпикалық формулалар

Атақты фольклорлық ескерткіштер туралы мақалада – «Қорқыт ата кітабы», «Көроғлы» эпостары Әзірбайжанның тарихи-батырлық эпосының формулдық шығармашылығы ретінде қарастырылады. Біріншіден, даралаушы ерекшеліктері қарастырылады, жалпы дастандық шығармашылық пен белгілі бір дастан негізінде шығармаларды қарама-қарсы қойып зерттейді. «Қорқыт ата кітабы», «Көроғлы» эпостарын дәстүрлі ертегілер құрылысымен салыстырғанда бастапқы, орталық және қорытынды бөліктерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Автор төмендегідей қорытынды жасайды: тарихи-батырлық эпостардың құрылысы өте бағалы, себебі, ол тарихи-батырлық мәтіннің қабатын көрсете алады.

Түйін сөздер: дастан, ертегі, бастапқы формула, орталық формула, қортынды формула, мәтін, жанр, поэтика, ерекшеліктер.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Известность и распространенность дастанного жанра, выполнение им в ряде случаев эпической функции оказало свое сильное влияние на текстуальную структуру и разнообразие формул. Благодаря этому, одну из важнейших семантико-функциональных уровней текстов дастанов составляют эпические формулы. Однако, говоря об особенностях формирования формул, необходимо обязательно принимать во внимание тип эпического текста. В азербайджанской фольклористике существует преимущественно два вида классификаций эпосов. Выдающийся ученый М.Г. Тахмасиб класссифицировал азербайджанские эпосы на три группы – героические эпосы, любовные эпосы и эпосы семейно-бытовой тематики [1, 112]. Профессор Ф. Баят, подойдя к вопросу в общетюркском контексте, сконцентрировал тюркские эпосы в две группы – архаические и классические эпосы. Он показывает, что при этом архаичность не должна пониматься в значении недостатка, поскольку, если древность историко-хронологическое понятие, то архаичность – понятие структурно-типологическое [2, 17]. Эпические формулы сформировались сообразно каждому признаку в этой классификации. Это происходит по той причине, что эпические формулы в историко-героических и, скажем, любовных эпосах, отличаются и характером, и разнообразием.

Важнейшим фактором, определяющим свойства построения формул эпосов, является эпохальное качество эпического текста. Наши эпосы прошли насыщенные этапы исторического развития. Исторический путь развития, ясное дело, оказал свое воздействие на формирование эпического текста. В этом контексте, характер эпических формул проявляется, органично обуславливаясь двумя признаками: во-первых, древностью и самобытностью традиции эпосоведения; во-вторых, историческими особенностями эпического языка. Так, может становиться одним из основных источников пути пройденного традицией эпосоведения в самобытности формул в историческом эпическом тексте.

В целом, формула устной литературы представляет собой художественное изображение и выражение, обусловленное фольклорным мышлением и спецификой. Но истиной является и то, что формула чаще всего проявляется всем богатством и самобытностью в сказочном повествовании. И поэтому приходится оценивать и объяснять стандартные выражения в других эпических формах устной литературы, как правило, в сравнении с традиционными клише в сказках. Вероятно, это явление характерно для всего фольклора.

Мы видим, что с точки зрения творчества истинной формулы даже величественный эпос проигрывает сказке. Устоявшиеся сказочные выражения и у нас выделяются поэтичностью, ритмичным ладом. Подобную формализацию выражений в эпосах же мы наблюдаем в очень редких случаях. Формула общего начала «жили-были» сказок в наших эпосах не встречается. С другой стороны, в отличие от сказок, в эпосах начальные формулы не подвластны абстрактному времени, и поэтому не могут, отдалившись от конкретного текста, полностью обобщившись, сформироваться. По этой причине, в сказках нет содержательного разнообразия начальных формул. В эпосах же начальная формула изменчива именно в силу содержания.

Мы можем долго продолжать это сравнение, каждый раз удостоверяясь в том, что эпический текст не может полностью формировать или сохранить начальную формулу подобно сказке. Однако несложно заметить и то, что с самого начала формирования этот самый распространенный эпический жанр народного творчества глубоко впитал в себя тенденции формулизации, начиная с повествования и до структуры. В этом можно убедиться даже благодаря очень рано записанному (предположительно, в XI веке) и потому прожившему живую неполную фольклорную жизнь нашему самому величественному историко-героическому памятнику, эпосу «Книга деда моего Коркута». Колорит формул впитался во весь текст и дух произведения. Говоря о формулах, особенно о начальных формулах, не можем не принимать во внимание структуру произведения, его дохождение до нас в виде двенадцати сказаний. Все еще много моментов по прояснению того, был ли «Отец Коркут» некогда единым эпосом или сборником эпосов. Несомненно то, что наряду с отличающейся с меньшей или большей эволюцией отдельных сказаний, неоспорима семантическая и структурная взаимосвязь между ними. У каждого сказания есть свое начало, продолжение и окончание. Содержательно-повествовательная общность, обуславливающая их внутреннюю взаимосвязь, была спроецирована и на их начальную, внутритекстовую и финальную части, и обеспечила повторяемость мотива, необходимого для формирования соответствующих формул по ходу всего текста. Достаточно вспомнить, что половина сказаний в произведении описывает пробуждение от сна Баяндыр-хана и Газан-хана

(I, II, III, IV, VII и IX сказания). «Однажды сын Кам-хана Баяндур-хан встал со своего места, велел поставить свой сирийский зонтик, велел поднять до небес пеструю палатку, велел разложить в тысяче мест шелковые ковры...» [3, 132]. Или: «Однажды сын Улаша, детеныш птицы Тулу, надежда для нас бедных, лев племени и рода, тигр черной толпы, хозяин каурого коня, отец хана Уруза, зять Баюндур-хана, счастье остальных огузов, опора остальных джигитов, Салор-Казан встал со своего места, велел поставить на черную землю свои девяносто златоверхих шатров, велел разложить в девятидесяти местах пестрые шелковые ковры. В восьмидесяти местах были приготовлены кувшины, были поставлены золотые чаши и бутылки; девять чернооких прекраснолицых красавиц, дочерей гяуров, с волосами, ниспадавшими на спину, с красными пуговицами на грудях, с руками окрашенными хной от самой кисти, с разукрашенными пальцами, подавали кубки бекам остальных огузов» [3, 140]. Явно заметно сходство между начальными формулами об обоих героях. И этому есть основание, идущее и из эпического воображения, и из жизни. Самая маленькая деталь о государственных руководителях, в том числе их подъем с постели и приступание к деятельности, видимо, носит, в некотором роде, ритуальный характер, выражающие их формулы также формируются на базе этих предположений. При этом выразительное и детальное представление Газан-хана является не просто продуктом художественного воображения, не вытекает из влечения героя к торжественности. Перечисляющая его высокие титулы формула в большей степени отражает его реальное содержание, то есть преимущественное положение, которое занимали на властной ступени настоящие Газан-ханы, еще большее прославление в народе. А это соответствует и выражает действительной исторической сущности сушествовавшей в Огузе в период создания эпоса двоевластия. Так, можно сказать, формулы в историко-героических эпосах, в действительности, формируются на основе единства двух важных основ (значимые детали, корнями опирающиеся на действительность, и эпико-художественное воображение). Хотя формулы здесь и не формируются столь же полно, как в сказках, выделяются теми же ценными качествами.

Если в сказках используются стороны начальных формул, состоящие из однородных членов, в эпосе это не проглядывается. Поэтому начальные формулы в эпосах производят впечатление незавершенных. Например, начальную формулу в эпосе «Книга отца Коркута» «Во времена огузов был мудрец по имени Ганлы Годжа» [3, 183] можно назвать неполной начальной формулой. Поскольку здесь нет, как в сказке, выраженных неоднородными членами предложений, порой не имеющих никакого значения поэтических частей, не ощущается понятия пространства, известно лишь понятие времени. Вообще, во всех сказаниях «Книги моего деда Коркута» встречаются подобные незавершенные начальные формулы. Например, «Как говорят, ханум, среди огузов жил некий храбрец, называемый буйный Домрул сын Духа коджа» [3, 177]; «Во времена огузов жил некий муж по имени Узун-коджа» [3, 208]; «Ханум, однажды, когда огузы не ведали, в их края пришел враг» [3, 196] и др. Как можно видеть, в подобных формулах формула «Во времена огузов» показывает временное условие выражения формулы, а «в Огузе» – пространственное условие формулы. А часть «Называемый Канлы Коджа во времена Огуза», «называемый Дели Домрул» представляет собой готовую устоявшуюся форму формулы, слово «называемый» обращает на себя внимания в качестве эквивалента слова «повествуют», и активно участвует в образовании формулы.

В начале эпоса «Книга моего деда Коркута» встречается значительное количество пословиц, мудрых изречений. Если предположим их формирование на базе существоваших некогда текстов-сказаний, тогда можно скказать и об определении в них временного понятия лишь по месту. Например, такие приведенные из вступительной части эпоса примеры, как «Если всемогущий Бог не даст, мужик не разбогатеет», «Если не предначертано будет, с рабом не случится ничего», «Пока не наступит смерти час, не умрет никто», «Умерший не воскреснет, ушедшая жизнь обратно не вернется», «Если у храбреца будет богатства величиной с Черную гору, соберет-накопит, больше удела своего съесть не сможет», «Злоейший враг другом не станет» [3, 129] являются сентенциями. Эти сентенции, вполне вероятно, в качестве логического завершения каких-либо текста (текстов) заменяют в эпосе начальные формулы.

«Короглы» представляет собой второй величественный тюрко-азербайджанский историко-героический эпос после «Книги моего деда Коркута». И это произведение было создано частями, сказание за сказанием. «Являющийся культурным достоянием азербайджанского народа эпос «Короглы» состоит из эпосов-ска-

заний, созданных в жанре дастанов ашугским творчеством. Эти части, созданные в различные периоды, образуют единое произведение, объединенные не определенными рамками, а временной последовательностью участвующих образов, места, событий и другими средствами» [4, 79]. Действительно, внутренняя связь этого произведения более велика, чем «Книги моего деда Коркута». Но, во всяком случае, разделение сюжета на множество ветвей, не обошлось и здесь без влияния, в частности, на самобытность формирования начальных формул. Именно поэтому и в эпосе «Короглы» начальные формулы не такие, как в сказках. И одной из причин этого является основывание сказок в большей стпени на архаическое повествование. А в эпосе «Короглы», воплощающем в эпической манере исторические события XVI века, условность времени соответствует времени повествования. То есть во вступлении эпоса, вступлении сказаний процесс соответствующей формулизации еще не начался. В этих сказаниях понятие времени находится в условном содержании. В отличие от эпоса «Книга моего деда Коркута» эпос «Короглы» не замкнут, постоянно наблюдается появление новых сказаний. Именно поэтому, если возьмем какой-либо вариант эпоса «Короглы», то предложения, отмеченные в нем нами ниже в качестве начальной формулы, в действительности, носят функции переходных формул, и служат образованию связи между одним сказанием и последующим сказанием. Рассмотрим примеры: «Теперь послушай, о ком тебе я расскажу, о Гасане-паше в Тогате» [5, 230]. Это предложение начальной формулой назвать можно условно, в силу использования в начале сказания. Подобные начальные формулы в действительности выступают в роли формул-средств, образующих связь между частями. Формулы типа «Да, караван снова вышел в путь. Пусть караван идет, посмотрим, что сделал Короглы?» [5, 242]; «О ком теперь тебе сказать, о чем рассказать, скажу-ка о молодых годах Короглы» [5, 341] также характеризуются указанной нами двойственной функцией. А также начинающееся с часто встречающегося в тексте эпоса выражения «говорят, что» начальные формулы выполняют одинаковые функции.

В отличие от них, в эпосе «Короглы» есть и начальные формулы, выполняющие свидетельские функции и начинающиеся выражением «Так повествуют что…», «Говорят что…». В подобных начальных формулах уже не ощущается содержание переходной формулы, начальная формула, образованная выражениями подобного типа, обладает способностью носить в себе самобытные особенности сказания.

В азербайджанских историко-героических эпосах внутритекстовые формулы более богаты и разнообразны. Они бывают связаны с внутренними элементами конкретного текста. Хотя и формируются обычно на основе повторяющихся мотивов, медиальные формы из-за обширной связи с текстом выражают отличительные особенности, что позволяет вести их более широкую классификацию. Во внутритекстовых формулах, начиная от понятий этноса о красоте, героизме до понятий добра и зла, могут воплощаться значимые мотивы. Используемые в эпосе «Книга моего деда Коркута» внутритекстовые формулы можно сгруппировать по повторяющимся мотивам:

I. Ритуальные формулы (свадьба – официальное собрание огузских беков, свадьба – радостный обряд, поминки, дарение, охота и пр.);

II. Формулы сражения, войны (одежда и оружие для сражения, отправка на сражение, битва, победа и др.);

III. Формулы массовых сцен;

IV. Формулы, выражающие чувства, отношения (благословение, проклятье);

V. Бытовые формулы;

VI. Формулы отношения к природе (животным и растениям);

VII. Путевые формулы;

VIII. Формулы именования;

IX. Мудрые изречения (сентенции).

По каждой из этих групп, приведя большое число примеров из эпоса, можно прокомментировать различные семантические значения формул. Правда, эти формулы в сказках порой не могут продемонстрировать чистую сущность формулы на уровне традиционных медиальных выражений, наблюдаемых в сказках. В них во многих случаях можно наблюдать и свойственную традиционным формулам завершенную выразительную устойчивость. Разумеется, это произошло еще и потому, что историко-героические эпосы (и более всего «Книга моего деда Коркута») по сравнению со сказкой представляет собой совершенно другой структурно-повествовательный тип, более эпично и исторически распространенный, более многосюжетный, многоаспектный. И поэтому в структуре текста процессы повторяемости, обобщения повествования, формализации не шли и не могли пойти столь сильно, как в сказках. Так как не было необходимости в этом. В частности, у «Книги мо-

его деда Коркута», как выше отмечалось, есть явный историко-жизненный пласт, и он нашел свое воплощение в формулах именно в качестве самого характерного компонента фольклорного сознания. Если бы в эпосе формулы, отделившись от текста, обобщались бы, как в сказке, этот реальный пласт мог бы ослабеть и растерять непосредственную связь с этносом. При этом историко-героический эпос мог бы растерять свою жанровую определенность и возможно просто превратился бы в крупнообъемную сказку. Отметим к слову, что подобное положение дел частично можно увидеть в любовных эпосах, составляющих одну из основных ветвей азербайджанских эпосов. Высказывая данную мысль, мы имеем в виду не только созданные на основе сказок и естественно являющиеся жанровыми аналогами любовные эпосы. Близость повествования к народной разговорной речи и в созданных на основании легендарных сюжетов, и сочиненных о знаменитых ашугах любовных эпосах сделала возможным и пользование сказочными формулами, породила естественную необходимость в этом. И это привило определенный колорит эпическому языку. Формула представляет собой органичный компонент, могущий воздействовать на текст в такой степени, или говоря иными словами, связанный с поэтикой жанра, которому он принадлежит. Основное заключается в том, что несмотря на всю самобытность, формульное значение стереотипных выражений в историко-героических эпосах, семантико-функциональная характеристика этого значения не вызывает сомнений. Текст эпоса, о котором мы говорим, показывает не чуждость своим формированием процессу формулизации в целом, на создание при этом распространившейся фольклорной сущностью первичных благотворных условий для данного процесса. В произведении есть достаточно повторяющихся эпизодов, мотивов, и в манере их выражения немало схожих черт, даже повторяющихся один в один или вариативно фрагментов.

Не случайно, что и в мировом коркутоведении растет интерес к реальному жизненному содержанию формул в эпосе. В этом компоненте особое значение приобретает статья переводчика «Книги моего деда Коркута» на английский язык Поля Миробила «Стилистическое сравнение: европейско-тюркские мотивы и формулы». Автор верно выступает с позиции взаимосвязи мотива с формулой. Опираясь на воплощение используемых (повторяемых по ходу всего эпоса) в произведении «Книга моего деда Корута» мотивов, упорядочивает следующую последовательность: привязанность к мечу, выражение чувств от побед и радостей или утраты и печали, принесенных непрерывными сражениями, символы цветов, мотивы сна, пира и ангела. Исследователь, указывающий на составление скелета эпоса подобного типа деталями, подчеркивая их порождение не просто воображением, а образом жизни и мышления изображенных людей, пишет: «... они имеют историческое значение и показывают зрителям, что озаны (барды) не «сочиняют» свои сказки. Они, передаваясь из поколение в поколение, являются ядром отображенных в памяти реальных сражений, войн и сражений за спасение. Факты отделяют сказки озана от легендарных сказок и мифов» [6, 6].

В эпосе «Короглы» внутритекстовые формулы используются, можно сказать, в форме, встречающейся в сказочном повествовании. Академик Н.Джафаров в монографии «От эпоса к книге» сказочно-эпические формулы расценивает как основную форму выражения эпоса «Короглы» [7, 164]. К этому наблюдению можем добавить также и то, что это качество наиболее заметно во внутртекстовых формулах произведения. То, что приведенные автором примеры состоят преимущественно из внутренне-переходных формул и более наглядное ощущение синтеза сказочно-эпического повествования в эти образцах также подтверждают нашу мысль. Например, ашуг-сказитель, изображая Эйваза, использует способ народного повествования: «Но каков Эйваз, на арабском скакуне, с мечом мисри на поясе, с заговором на тысячу душ, так скачет, так скачет, словно стрелы вылетевшая из лука» [7, 132]. Сказитель для демонстрации доблести Эйваза мог бы пространно его расхваливать, однако народной манерой выражения, явно отражающей в сказке медиальную формулу, и оформил художественно свою мысль, и совершил переход к другому событию эпоса.

Классификацию внутритекстовых формул в эпосе «Короглы» также, как в эпосе «Отец Коркут», можно провести в следующей форме:

1. Используемая с целью уменьшения скорости движения в устной речи внутритекстовая формула;

2. Выражающая временное содержание внутритекстовая формула;

3. Выражающая пространственное содержание внутритекстовая формула;

4. Показывающая быстрое взросление героя внутритекстовая формула;

5. Бытовая формула;

6. Напутственная формула;

7. Описывающая скорость движения формула;

8. Описывающая красоту внутритекстовая формула;

9. Переходная формула временного содержания;

10. Создающая переход от одного явления, процесса к другому явлению, процессу формула;

11. Указывающая состояние и положение формула.

Существуют специфические особенности использования финальных формул в эпосах. Использование финальных формул в эпическом повествовании формируется соответственно жанру. Например, в сказках финальные формулы отличаются от финальных формул в эпосах. В частности, финальные формулы в историко-героических эпосах используются в соответствии с особенностями этих эпосов. В «Книге моего деда Коркута» соответственно повествованию этого эпоса в конце каждого сказания используются йумы-благопожелания. В подобных финальных формулах Отец Коркут, для придания завершения сказания, которого рассказывает, придя на пир, произносит благопожелания, дает благословение: «Пришел мой дед Коркут, заиграл радостную песнь, сказал слово, сказал что сталось с мужами, борцами за веру…. Я дам предсказание, хан мой» [3, 67]. Подобного типа финальные формулы вместе с тем носят благопожелающее содержание. Однако это содержание выражается не в идущей в начале формулы основной части, а в последующей её части.

Все эпосы завершаются финальной формулой. И в эпосе «Короглы» встречаются различные варианты финальных формул. В эпосе «Короглы» финальная формула может быть и простым предложением. Последние предложения в сказаниях «Алы-киши», «Кероглы и Буйный Гасан» играют роль финальной формулы. В сказаниях «Эрзерумский поход Короглы», «Карский поход Короглы», «Приезд Гасана-паши в Ченлибель», «Дербентский поход Кероглы» встречаются начинающиеся со слов «наставник говорит», «говорят» настоящие финальные формулы. Даже завершаясь смертью героя эпоса в очень редких случаях, финальная формула оканчивается печальной концовкой. Финальная формула подобного типа в любовном эпосе «Асли и Керем» производит, в некотором роде, обратное впечатление финальной формулы. Если в сказках молодые пируют сорок дней, сорок ночей и соединяются, здесь сорок дней, сорок ночей держат поминки.

Финальные формулы в эпосах формируются в зависимости от характера каждого эпоса, самобытных формальных и содержательных признаков. Разнообразные формулы в любовных эпосах с финальными формулами в героических эпосах образовались соответственно повествовательным, сюжетным различиям в обоих видах эпосов. И из наших заметок можно удостовериться в том, что формульное творчество в азербайджанских историко-героических эпосах отображает и жанровую структуру, и идейно-содержательно значимые признаки устного эпоса и вызывает отдельный интерес этим важным свойством.

Литература

1 Тахмасиб М. Азербайджанские народные дастаны (средние века). – Баку: Наука, 1972. – 400 с. (на азерб. языке)

2 Баят Ф. Тюркские дастаны в этнико-культурном контексте (своеобразие и этапы классификации) // Исследование по азербайджанскому устному народному творчеству. XXVI книга. – Баку: Нурлан, 2007. – С. 3-37. (на азерб. языке)

3 Книга моего деда Коркута / Составление, транскрипция, упрошенный вариант и предисловие Ф. Зейналов и С. Ализаде. – Баку: Язычи, 1988. – 265 с. (на азерб. языке)

4 Гаджилы А. Философия мифопоэтического мышления. – Баку: Мутарджим, 2002. – 164 с. (на азерб. языке)

5 Азербайджанские дастаны: в 5-ти томах. – Т. 4. – Баку: Чыраг, 2005. – 544 с. (на азерб. языке)

6 Миробил П. Стилистическое сравнение: европейско-тюркские мотивы и формулы // Деде Коркут. – 2007. – № 2. – С. 3-20. (на азерб. языке)

7 Джафаров Н. От эпоса к книге. – Баку: Маариф, 1999. – 220 с. (на азерб. языке)

References

1 Tahmasib M. Azerbajdzhanskie narodnye dastany (srednie veka). – Baku: Nauka, 1972. – 400 s. (na azerb. yazyke)

2 Bayat F. Tyurkskie dastany v ehtniko-kul’turnom kontekste (svoe¬ob¬razie i ehtapy klassifikacii) // Issledovanie po azerbajd¬zhan¬skomu ustnomu narodnomu tvorchestvu. XXVI kniga. – Baku: Nurlan, 2007. – S. 3-37. (na azerb. yazyke)

3 Kniga moego deda Korkuta / Sostavlenie, transkripciya, upro¬shen¬nyj variant i predislovie F. Zejnalov i S. Alizade. – Baku: YAzychi, 1988. – 265 s. (na azerb. yazyke)
4 Gadzhily A. Filosofiya mifopoehticheskogo myshleniya. – Baku: Mutardzhim, 2002. – 164 s. (na azerb. yazyke)
5 Azerbajdzhanskie dastany: v 5-ti tomah. – T. 4. – Baku: CHyrag, 2005. – 544 s. (na azerb. yazyke)
6 Mirobil P. Stilisticheskoe sravnenie: evropejsko-tyurkskie motivy i formuly // Dede Korkut. – 2007. – № 2. – S. 3-20. (na azerb. yazyke)
7 Dzhafarov N. Ot ehposa k knige. – Baku: Maarif, 1999. – 220 s. (na azerb. yazyke)

ҒТАХР 17.82

Дәрібайұлы С.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: samal.daribaev@mail.ru

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШАРИҒАТ НЕГІЗДЕРІ

Сөз зергерлері жыр тыңдаған жамағатты шын мәнінде ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты. Олар бұл ретте Құран аяттарына, Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистеріне және ислам ғұламаларының еңбектері мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлерге сүйенді. Дүние жаратылысының сырын жыр арқауына айналдырған Арқадан Атырауға дейінгі дәстүрлі өнер мектептерінің өкілдері өз тыңдарманын жаратылыстың тылсым сырына үңілдіріп, одан ғибрат алуға үндейді. Бұл мақалада ақын-жыраулардың өлең-толғауларындағы мұсылман парыздары туралы философиялық ой-тұжырымдары баяндалған. Адамзат тарихымен мәңгі бірге жасасып келе жатырған тақырыпты зерделеген ақын-жыраулар өз тыңдаушысын мұсылман парыздарынан ғибрат алуға шақырады. Адамның Алла алдындағы ұлы миссиясы – жаратылысты, өзін жаратқан Иесін адаспай тануға талпыну болып қала бермек. Дүние жаратылысының ұлы мақсатын жеткізуге тырысқан ақын-жыраулар жыр тыңдаған жамағатты шын мәнінде ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты.

Түйін сөздер: парыз, жыр, ғалам, иман нұры, дін, ислам негіздері, ғалам.

Daribaiuly S.

Basics of Shariain poetry of akyns and zhyray

The disclosure of the great goal of the creator of the world, and zhyrau akyns society ascribe to deep clean and the origins of Islam. These sources come from the Koran, have strong foundation in the last Messenger of Allah Hadith of the Prophet Muhammad (ғ.s.) and in the writings of Islamic scholars and the heirs of the medieval literary tradition.These motifs Creation heard from the Arch to Atyrau, and through them representatives of the traditional art of singing schools ascribe his audience to the laws of the universe, urging them to take as a perfect example.

His article discusses the philosophical ideas about the the duty of Muslims, prevailing in songs-tolgau akyns zhyrau and early twentieth century. Along with the normal development of human history, and zhyrau akyns urged his listeners to follow the example of the Muslim duty. The great mission of man before God – the desire to know the existence of the Creator and the Maker of it.

Key words: humanity, song, nature, spiritual value, religion, basics of Islam, peace.

Дарибайулы С.

Основы шариата в поэзии акынов и жырау

Для постижения и раскрытия великой цели творца мира акыны и жырау приобщают общество к глубоким и чистым истокам исламской религии. Эти истоки исходят из Корана, имеют прочные основания в хадисах последнего посланника Аллаха пророка Мухаммеда (ғ.с.) и в трудах исламских ученых и наследников средневековой литературной традиции. Мотивы сотворения мира слышны от Арки до Атырау, и через них представители традиционных школ певческого искусства приобщают своих слушателей к законам мироздания, призывая их взять за совершенный образец. В настоящей статье изложены философские выводы о долге мусульман в песнях-толгау акынов и жырау. Наряду с освоением тем обычной человеческой истории, акыны и жырау призывают своих слушателей брать пример с поледователей мусульманского

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

долга. Великая миссия человека перед Всевышним – стремление познать бытие и сотворившего его Творца. Для раскрытия великой цели творца мира, акыны и жырау приобщают общество к глубоким и чистым истокам исламской религии.

Ключевые слова: гуманность, песнь, природа, духовная ценность, религия, основы ислама, мир.

Алланы жан дүниесімен тану, Оның барлығын, бірлігін, құдіретін түйсіну–мұсылман баласы үшін ең басты парыз. Ораза ұстап, намазға жығылу, қажылыққа барып, зекет беру секілді парыздардың Аллаға иман келтірмей тұрып қайырлы болуы мүмкін емес. Иісі қазақты имандылыққа шақырып, хан Абылайдың абыройын асқақтатқан Бұқар жыраудың «Тілек» атты атты толғауын «Бірінші тілек тілеңіз, бір Аллаға жазбасқа» деп бастауы дін мұсылман баласының арман-мұраты Жаратушымен бірлікте ғана баянды болатынын аңғартқан болатын. Жырау енді бірде:

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес [1,97], –

деп адамгершілік өлшемі Аллаға шексіз берілген амал-әрекеттермен негізделенетінін тұжырымдап, ихсанды толық түсіндіреді.

Шал ақынның өлеңдерінде де Жаратушы Иенің бірлігіне, Оның құдіретіне иман ету басты парыз саналғанын аңғару қиын емес.

Тілеймін бір құдайдан әуелі иман,
Айрылсам иманымнан көрге сыйман,
Бере гөр тілегімді, Хақ Тағала,
Құдай-ау, құдіретіңе жаным құрбан [2,95], –

деген өлең жолдары ақынның қандай істің бастауында да Алла Тағала тұратынын терең түсіндіре алғандығын көрсетеді.

Бұл жолдарды Мәшһүр Жүсіп:

Аузыңда болсын дайым Құдай сөзі,
Таймасын қарарлықтан көңіл көзі.
«Бір!» деп, «бар!» деп илану – бізге парыз,
Ғаламға он сегіз мың патша – өзі! [3,126] –

деп салмақтай түседі.

Аллаға деген іңкәрлік, он сегіз мың ғаламның Иесінің құдіретіне бас ию қазақ әдебиетінің алтын ғасырына баланған мезгілдегі ақын-жыраулардың шығармаларында да өрісін кеңейтті. Қазақ зиялыларының басым бөлігі, соның ішінде ақын-жыраулар ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың жолын ислам дінінің аясынан іздеді. Қазақтың қабырғалы ойын айтып, ақыл-дариясының қазынасына айналған Абайдың алдағы тірліктің тынысын:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас [4,212],–

деп Жаратушыныңжалғыздығын танытудан бастауы бекер емес.

Алланың құдіретін танып, Оған мінәжат ету сарыны XIX ғасырда өмір сүрген сөз зергері Ақтан Керейұлының толғауында:

Лә-илаһа ил-Алла–
Мұхамед-Расул Алла–
Дәлелім мағруф Құраннан.
Фазылың артық Құдайым,
Бір өзіңе жылайын [5,181], –

деп кәлимамен айтылған.

Адамды адамнан ерекшелейтін жалғыз қасиет жүрегінің имани нұрында, көкірек көзінің сәулесінде. Пендеге екі дүниеде де азық болар дүние-пәни жалғандағы адамгершілік іс әрекеті. Тән азығын ғана емес, жан азығын алуға амал еткен пенденің иманы кәміл, көкірегі сәулелі. Иман нұры – еш нәрсемен өлшенбейтін, еш нәрсеге теңелмейтін иллаһи қасиет.

Діни-ағартушылық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі Ақмолла Мұхамедияруұлы адам баласының рухани құндылықтарының түп темірқазығы имандылықтан бастау аларына былайша тоқталған болатын:

Ең әуелі керек нәрсе иман деген
Ақырет істеріне инан деген
Құдая, кешір деген мен іс бітпейді,
Иман шартын үйренбес аюан деген [6, 184].

Сөз өнерінде өрнекті өлеңімен ойлы тұжырым жасаған Әріп Тәңірбергенов те:

Сұйық па, иман қандай я кесек пе,
Не түрлі: мал ма, пұл ма, жанға есеп пе?
Иман деп не нәрсені айтпақ керек,
Жеуге тамақ, мінерге ат па, есек пе?

Ей, ғапыл, иман демек, шынға нанбақ,
Шындықты нысап тұтып көңілге алмақ.

Жүректі адалдыққа анық байлап,
Тартынып арамдықтан таза қалмақ...

Осындай шын ниетпен қылсаң пікір,
Жүрекке тұтпақ керек шындық пікір.
Жолынан әділдіктің айнымасаң,
Иман деп соны айтады сансыз шүкір [7,177], –

деп жан дүниенің байлығы иман нұрымен ғана бағаланатынына тоқталады.

Жаратушының жалғыздығын тану, шын сезіммен сүю, Оған мойынсұну – өзін мұсылман санайтын Алла құлының амалы. Аллаға құлшылық еткен пенденің жан тебіренісі, Жаратушы Иеге деген іңкәр сезімі ақын-жыраулардың мінәжат өлеңдерінде терең көрініс тапқан. Дін тақырыбындағы басқа шығармалардан айырмашылығы мінәжат өлеңдері Алладан жәрдем тілеп, құлшылық ету сарынында айтылады. Осы сарындағы өлеңдер әсіресе Сыр өңірі мен батыс аймақтағы сөзден салтанат құрған ақындардың шығармаларында жиірек кездесетінін айта кеткен абзал. Тұрмағамбет ахунның төмендегі«Мінәжат» аттыөлеңі осы пікірімізге дәлел бола алары анық:

Серігің жоқ бір, Алла,
Өлмейтін тіпті тірі, Алла.
Осыншаны халық еткен,
Құдіреті күшті ірі, Алла.
Қалайда да құлыңның,
Өзіңе мағлұм сыры, Алла.
Тәубе, тауфиқ бермесең,
Кеуілімді басты кір, Алла.
Сол кірлерді кетіріп,
Ойыма орнат нұр, Алла [8, 140].

Шайыр әр істің де бастауында бір Алла тұрарына, адам баласының басар қадамы Жаратушыға ғана аян екенін әрдайым еске салады. Тылсым дүниенің бар сыры, адам үшін жұмбақ әлемнің құпиясы Оған ғана белгілі екенін жүрекке ұйытады. Тағы бірде ізгі амалдарды тек басқа қиыншылық туған сәттерде ғана бастамай, сау-саламат шақта талпыну қажеттігін «Аллаға» атты өлеңінде:

Алла – деп алаңдықты қойып енді,
Дін қамын ден сауында дос көріңдер.
Тартымсыз тірілікке талтаңдамай,
Асылында, алдын ойлар ескерімді ер [8,67].

деп ескертеді. Жалпы, Алла Тағалаға мінәжат ету сарыны-ақын-жыраулар поэзиясындағы арнайы зерттеу нысанына айналуы тиіс кең тынысты тақырыптардың бірі. Адамның өзінің Иесіне деген ең ізгі амалдары оның жүрегіне ұйытқан құлшылығынан бастау алады. Ел басына күн туған небір алмағайып замандарда ақын-жыраулар толғауларынан Алладан көмек сұрау, медет тілеу сарыны айқын аңғарылады.

Хандық иститут тұсындағы жыраулардың соңғы өкілі Бұқар Қалқаманұлының «Бес уақытта бес намаз, біреуі қаза қалмасқа» деген өсиетін кейінгі сөз маржанын терген ақын-жыраулар да жалғастырып, пенде тіршілігіндегі ұлық амалды ардақтайды. Мысалы, Шал Құлекеұлының мұсылмандықтың айнымас дәлелі болатын бес уақыт намазды қаза қылмауды өсиет етуі төмендегі жыр шумағына өзек болған:

Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң.
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң [2,105].

Шал ақын пайымдауында намаз – пенденің жаратушы алдында сұралар басты парызы. Адам баласы қамшының сабындай қысқа ғұмырында оның мәнін терең түсінгені абзал. Ақын Алланың адам баласына аманаттаған парыздарын:

Бір құдайдан тілеймін иман, ғақыл,
Ақылсыздан әрбір ісім өтті ғафыл
Ораза ұстап, бес намаз оқығанның,
О дүниеге барғанда ісі мақұл [2,93], –

деп түйіндейді.

Құбылаға бас қоймақ –
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қылғанның
Көңілінде құдай барлығы [9, 275], –

деп толғаған Шортанбай Қанайұлы дін исламның адамзат баласына арналған парыз амалдарынан артық үлкен сый жоқ екенін меңзейді. Ақын енді бірде пәниден бәрзаһқа көшкен пенденің жалған тірлікте біліп-білмей істеген күнәларына қалқан болар жалғыз медет тек намаз – оразадан ғана болатынын да:

Сираттың желі соққанда,
Ораза – намаз панаң-ды [9,277] –

деп ескертеді. Ақынның пәни тірлікте орындаған қасиетті парыздардың қиямет күні пана болатынына жамағатты ұйытуы аятты өмірден көрмейтін дүмше моладалардың уағызына қарағанда әлдеқайда тиімді болды.

Алла алдындағы мінәжәт, амал-парыздарды орындаудың артықшылығын жырға қосу Жетісу өңірінде жыр мектебін қалыптастырған ақындар шоғырына да тән. Шариғаттан шарапат іздеп, жетелі сөзін:

Бес уақыт намазды
Баққан қойдай күтіңіз [10], –

деп жырмен жеткізген Қаблиса жыраудың имандылық туралы пайымдаулары кейінгі ұрпаққа өнеге.

Маңғыстаудың ақ шағылында Құранның әуезді мақамымен жыр кестелеген Қашаған ақынның шығармасында да ораза мен намаздың мұсылман баласы үшін орындауы тиіс қасиетті парыздардың бірі екендігі ескертіледі:

Ораза, намаз – парызды,
Қайтарған Хаққа қарызды
Менің де тұтқан дінім бар [11,66].

Ақын осылайша Алла парыз еткен амалдарға бас иіп, шүкіршілік етеді.

Баянауылдың баурайында ислам дінін елге кеңінен насихаттап, шариғаттың шапан киіп, сәлде ораумен өлшенбейтінін өлеңімен өрнектеген әулие Мәшһүр Жүсіп те Алла аманаттарын:

Екінші, намаз екен бізге парыз,
Айтпасақ білмегенге бізге қарыз.
Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,
Құдайға жетеді екен сонда ғарыз [3,166], –

деп жырға қосқан болатын.

Бес уақыт намаздың ең қасиетті парыз екендігін Сыр саңлағы Тұрмағамбет ахун да «Бәз біреу бақ-дәулетке масығады» атты насихат өлеңінде:

Түз-дәмің тататғұн түгесілсе,
Міндіріп «ағаш атқа» асырады.
Көзіңді қарға құзғын шоқымасқа,
Туғаның топырақпен жасырады.
Соны ойлап Саттар Хаққа сәнә айтып,
Ойлы ерлер күніне бес бас ұрады [8,69]–

деп ғибрат етеді. Тұрмағамбет ақыреттегі амалын түгендеген алаш баласына өз бойындағы нәпсісін жеңбейінше Жаратқанның игілікке берген несібелерінен алыста болатынына көңіл бөлген. Шайыр «Намаз» атты өлеңінде дәм тұзы таусылған пендеге сәждеге бас ұрып, Жаратушының алдындағы парыздарын орындауы ғана пана боларын:

Көзіңді қарға-құзғын шоқымасқа,
Туғаның топырақпен жасырады.
Соны ойлап Саттар Хаққа Сәнә айтып,
Ойлы ерлер күніне бес бас ұрады [8, 69], –

деп ескертеді.

Алла алдындағы парыз адамнан үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Оған жан – дүниенің тазалығымен, Жаратушыға деген іңкәр махаббатпен бару қажет. Дін тарихын терең зерделеген Ақмолла ақын бұл туралы:

Ең әуелі тазалау керек іштің кірін,
Іште толып жатпасын сасық ірің.
Аһ, дариға, іш тазарсын, іш тазарсын,
Болмасапайдабермесқұрыбілім [6,185] –

деп тереңдей барады.

Ұлы шындықты Алладан іздеген Абай өлеңдерінде де ислам парыздарына ерекше мән берілгені белгілі. Хакім Абай мұсылман баласының Алла алдындағы қам-қарекетінің тоқ етер түйініне:

Руза, намаз, зекет, хаж талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен тартымды бермес жеміс [4,213].

деп тоқталып, пенденің Алла алдындағы парыздарының құр көзбояушылыққа, яғни мүнафыққа айналмауына ерекше мән береді.

Қажылық – Алланың адам баласына аманат еткен ұлық парыздарының бірі. Қажылыққа сапар шеккен мұсылман баласының ең қасиетті мекені – Мекке. Ақын-жырауларөз шығармаларында қажылық парыз туралы ерекше тоқталған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп қажылықтың мұсылман баласы үшін не себепті парыз болғанына ерекше мән бере отырып, оны өлең жолдарына өзек еткен болатын:

Жаратып он сегіз мың ғалам мүлкін
Ешбірінің кем қылмай ажар, көркін.
Үстінде Құдірет өзі патша тұрып,
Өзді-өзінің бәріне қойды еркін.

Сонда жарлық түсірді Көк пен Жерге:
«Тауға, қарһа, алдыма кел, –деп, – бірге,
Ай, Күн, Жұлдыз, ағаш, шөп – шашбауыңмен
Ажарланып, көркейіп кір» – деп түрге.

Құдіреттің жарлығынан қатты састы,
Алдына құлдық бас, тәубе – қойды басты.
Көк пен жер бірдей шулап қоя берді
«Атына тағфин», – деп, аузын ашты.

Ауыз бар, жоқ болса да бас пен шеке,
Екеуі бірдей айтты, емес жеке.
«Сонда жердің ашылған аузы қай жер?»
Десеңдер, осы күнгі тұрған Мекке!

Мұнымды бекер деген кітап қарар,
Халқыма білгенімді айтсам жарар.
Көк пен Жердің аузы сол болғандықтан,
Құдайға жылаушылар сонда барар [3,35].

Жүсіп ақын қажылық сапарға иманы кәміл, ілім игерген пенденің баруын дұрыс деп есептейді. Ислам философтары қажылық сапарына қатысты төмендегіше пікір айтады: «Адамда Тәңірдің барлық «зәрре» сипаттары бар. Адам өз бойындағы зәрре сипаттарын аша білу үшін алдымен көңіл көзін(басират) ашуы тиіс.Тәңірге ұласудың үш сатысы бар: біріншісі -ақиқатқа ұласу үшін дүниеден ұзақ болу; екіншісі – жүректі тазалау; үшіншісі – Болмыс пен Бірлік (усилат). Мұрат – Тәңір, онымен бірлік құру, басқасы маңызды емес. Рухани еркіндікке жету – хз. Мұхаммедке мойынсұну арқылы жүзеге асады. Олар үшін ең үлкен қажылық жасау – рухқа жол табу болып табылады. Қажылық, негізінен, Тәңірдің махаббатын ішінде оятып, соған қарай (іштегі махаббатқа) бар көңілімен ұмтылу болып табылады. Бес парыз мақсат емес, ол мұратқа жеткізер құрал болғанда ғана шарт. Өйткені, шынайы құлдық етушілердің құбыласы даналық (хикмет) пен махаббат(ғашықтық) болуы тиіс» [12, 36]. Осы орайда аз күнгі тіршілікте ішкі жан дүниенің таза болуына мән берген Мәшһүр Жүсіп оқырманға:

Қажы барсаң, Ибраһимдей мал-жаннан кеш,
Бір құдайдан басқаны ойға алма еш!
Болмаса, малың шашып әуре болма,
Үйде жат, мезгіліңмен тамағыңды іш![3, 174] –

деп Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың өмірін мысал еткен. Ақынның Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың Алла жолында өзінің баласы Смағұлды (ғ.с.) құрбандыққа шалуға ниет еткен оқиғасын мысалға алғаны анық. Мәшһүр қажылыққа аттанар кез-келген пенденің жүрегіндегі иман нұры Ибраһимдей (ғ.с.) кемелдікке келген сәтте ғана қайырлы болатынын айтады. Ғылымсыз қылған іс – құр қиналу. Ақын пайымдауында мүмін жүргегіне иман гүлі талмай ізденіспен, ғылыммен ғана егіледі. Бұл туралы ол:

Қажы барып кеп, көргем жоқ оңған кісі,
Қажы барды-ақ бұзылады өңі-түсі.
Ғылымсыз қылған ғамал – құр қиналу,
Наданның бір жындылық қылған ісі [3, 172-173],–

деп түйіндейді.

Ақын – жыраулар сырт көз үшін жасалатын жадағай құлшылықтың адам баласына абырой әкелмесіне ерекше көңіл бөлген. Мысалы, төмендегі өлең жолдарында Шал ақын:

Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.
Ата менен анаңды құрметтесең,
Мекке болып табылар үйдің іші [2, 83], –

деп қажылықтан бұрын жарық дүниеге келуіңе себепші болып, тәрбие берген ата-анаңның алдындағы міндеттерді өтеу үлкен сауап екенін ескертеді. Ақын ата-ананы құрметтеу барша мұсылманның қасиетті орны саналатын Мекке мен Мәдинеден артық деп отырған жоқ, бірақ оларға деген сый-құрметің болмай қажылық сапарыңнан өзіңе де, өзгеге де пайда жоқ екендігіне назар аударады.

Дін исламдағы бес парыздың бірі – зекет беру**.** Зекет – Құран Кәрімнің аят-сүрелерінде және Мұхаммед(ғ.с)-ның бізге жеткен хадистерінде жиі айтылатын парыздардың бірі. Мысалы, Тәубе сүресінің 60-аятында:«Шын мәнінде садақалар(зекеттер) Алла тарапынан бір парыз; Қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинауға белгіліенгендерге, көңілдері алынатын (жаңа мұсылмандарға) құлды азат етуге, борыштыларға, Алла жолына және жолда қалғандарға беріледі. Алла әр нәрсені білуші, хикмет иесі» делінген.

Сөз зергерлерінің өлең-тоғауларында зекет парызы туралы жан-жақты баяндалған.Мысалы, Қабан жырау «Ай, мұсылмандар, жарандар» атты толғауында зекет туралы былай толғайды:

Ай, мұсылмандар, жарандар,
Малыңнан зекетберіңіз.
Бірлігін Хақтың біліңіз,
Хақ жолымен жүріңіз [13].

Алқа топтың алдында салиқалы сөз айтып, парасатты пайым жасаған Өмір ақын да Алланың адам баласына жүктеген осы парызын:

Бір Жаратқан – Алланың
Құдіретін көресің.
Малыңнан зекет бермесең,
Қасыңдағы отырған
Қарашыңды көрмесең-
Таңда- Махшар күнінде
Не деп жауап бересің? [5, 263] –

деп тұжырымдаған. Ақынның «қарашыңды көрмесең» деп айтып отырғаны жоғарыдағы аятта баяндалған кедей-кепшіктер мен міскіндер екені белгілі.

Мәйекті ойы бар мысалды Мақыш ақынның шығармаларынан да табамыз. Пендені тура жолдан адастырмайтын Алла алдындағы ұлық парыздың бірін ақын:

Сауабы ғибадаттың болмас деген,
Болмаса егер халалдан киім, тағам.
Зекет беріп сарып қылсын жақсы орынға,
Заты халал малының болған заман [7, 187] –

деп жырға қосады.

Пәтуәсіз тірлігінен сақтандырар салиқалы ойды Шәкәрім қажы айтқан:

Баста таза жаратты, сен таза бол,
Ұқсаң, анық айттым ғой бұл – тура жол,
Мақтан күйлеп, арамнан мал жинасаң,
Орның – дозақ, сорлы – сен, айтқаным сол! [12, 41-42].

деген шумағымен тарқаттық. Қазақтың қайырлы іспен ғана көркейерін көркем сөзбен кестелеп, шариғатпен бекіткен Шәкәрім қажының жоғарыдағы пікірі пенденің Иесі алдындағы амалдарына арқау болар ғибратты түйін.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан ақын-жыраулардың Құран Кәрімнің әр сүресіне, әр аятына тәпсір жасай отырып, өз оқырманына Алла аманаттаған парыздарды түсіндіргенін, оған ұйытуды мақсат еткенін аңғарамыз. Терме-толғауларда айтылған ойлар ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед(ғ.с)ның өсиетімен сабақтаса отырып тыңдаушы жамағатқа тұнығы бұзылмай жеткізілген.

Әдебиеттер

1 Шал ақын. – Алматы: Арыс, 2003. – 200 б.
2 Бес ғасыр жырлайды.1 том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
3 Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
4 Абай.Қалың елім, қазағым.– Алматы: Атамұра, 2002.– 223 б.
5 Көне күннің жыр күмбезі. – Алматы: Жазушы, 2007.– 496 б.
6 Қазақ поэзиясының антологиясы (ХХ ғ. бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1993. – 479 б.
7 Жеті ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
8 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. – Алматы: Дешті Қыпшақ. – 2007.– 588 б.
9 Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. – Алматы: Айқап, 1993. – 79 б.
10 Иса. Бас иген заманында талай ақын // Жеруйық, 1993. – 27 наурыз.
11 Қашаған. Топан. – Алматы: Жалын, 1991. – 176 б.
12 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4 том. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.
13 Дәуітұлы С. Қабан жырау // Қазақ әдебиеті. 1994. – 11 наурыз.
14 Шаhкәрім. Жол табалық ақылмен. – Алматы: Халықаралық «Абай» клубы, 2006. – 724 б.

References

1 Bes ğasır jırlaydı.1 tom. – Almatı: Jazwşı, 1989. – 384 b.
2 Şal aqın. – Almatı: Arıs, 2003. – 200 b.
3 Köpeyulı M. Şığarmalar jïnağı. 2 tom. – Almatı: Alaş, 2003. – 432 b.
4 Abay.Qalıñ elim, qazağım.– Almatı: Atamura, 2002.– 223 b.
5 Köne künniñ jır kümbezi. – Almatı: Jazwşı, 2007.– 496 b.
6 Qazaq poézïyasınıñ antologïyası (XX ğ. bas kezi). – Almatı: Ğılım, 1993. – 479 b.
7 Jeti ğasır jırlaydı. I tom. – Almatı: Jazwşı, 2004. – 400 b.
8 Iztilewulı T. Şığarmaları. – Almatı: Deşti Qıpşaq. – 2007.– 588 b.
9 Şortanbay. Tolğawlar, aytıstar, dastan. – Almatı: Ayqap, 1993. – 79 b.
10 Ïsa. Bas ïgen zamanında talay aqın // Jeruyıq, 1993. – 27 nawrız.
11 Qaşağan. Topan. – Almatı: Jalın, 1991. – 176 b.
12 Qazaq xalqınıñ fïlosofïyalıq murası. 4 tom. – Astana: Awdarma, 2005. – 534 b.
13 Däwitulı C. Qaban jıraw // Qazaq ädebïeti. 1994. – 11 nawrız.
14 Şahkärim. Jol tabalıq aqılmen. – Almatı: Xalıqaralıq «Abay» klwbı, 2006. – 724 b.

IRSTI 17.09.91

Dzhalamova Zh.[1], Joldasbekova B.[2],

[1]Senior Lecturer, [2]Doctor of Philological science, professor
of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: zhanna-dz@mail.ru, Baiyan_zh@mail.ru

SPACE OF DAILY LIFE IN ETERNITY DIMENSIONS

This article considers the creative experience underlying Michail Prishvin's works. The writer's role in the world literature process of the twentieth century, and the contemporary understanding of philosophical and esthetic problems of his works define the relevance of the subject. This paper considers how pictorial paintings emphasize the infinite variety of life and the fullness of existence. The article refers to a holistic view of the world, where a number of domestic concrete real world there is the beauty of nature. It is proved that the idea of the unity of the natural world and the human being brings writers thinking philosophy Russian cosmism.

Key words: being, life, nature, spontaneous natural world, poetic realism.

Джаламова Ж., Джолдасбекова Б.

Мәңгілік өлшеміндегі тұрмыс кеңістігі

Мақалада М.М. Пришвинның алғашқы прозасы қарастырылады. Жазушының шығармашылық міндеті ретінде 20 ғасырдың басындағы орыс Солтүстігінің тұрмыс-тіршілігі алынған. Жұмыс барысында көркемсурет картинасы іспеттес өмірдің әр қыры болатынын баяндалады. Мақалада әлемдік бейне мәселесі тілге тиек етілген, күнделікті тіршілік, яғни нақтылық пен шындық жүрген жерде табиғат сұлулығы қатар жүретіндігі айтылады. Адам тұрмыс-тіршілігі мен табиғат әлемінің бірігуі пришвиндік толғаудың орыс космизмінің философиясына жақындайды.

Түйін сөздер: тұрмыс, тіршілік, табиғат, табиғат әлемі, поэтикалық реализм.

Джаламова Ж., Джолдасбекова Б.

Пространство быта в измерениях вечности

В статье рассматривается ранняя проза М.М.Пришвина. Художественной задачей писателя является отражение через быт человеческого бытия русского Севера начала 20 века. В работе рассматривается, как живописные картины подчеркивают бесконечное разнообразие жизни и полноту существования. В статье говорится о целостной картине мира, где рядом с бытовым конкретно-реальным миром существует красота природы. Доказывается, что идея единства природного мира и человеческого бытия сближает пришвинское мышление с философией русского космизма.

Ключевые слова: бытие, быт, природа, стихийно-природный мир, поэтический реализм.

Mikhail Prishvin's name became famous with wonderful essay «In the land of not frightened birds», written during his trip to the North of the Russian fairy tales in 1907. It would be his first trip, to be followed by others, he would travel almost all over the country and write about the Far East, Kazakhstan, the Caucasus, the Crimea, as if he lived there for many years. «It was a way out of the moral conclusion for me to make a journey to the edge of the birds which were not frightened, and I went there with a sense of awe ...» [8, 426].

Began his career in journalism, the writer admits that «frustrated in their hopes to write a complex psychological thing», and finally «invented an ethnographic way to the literature, which is ridiculous for a brilliant talent» [2].Perhaps the most valuable

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

thing in the above quotations is a «description» or so called artistic life image. The writer himself considered this book is not very successful, too scientific, which description of life eclipsed art. In our opinion, it is not accidental, because it is a folk ethnographic essay certainly suggests the image of a particular material and realistic reflection of life. «In the land of not frightened birds» is a sincere and sometime sentimental essay of northern life of Russia in the early twentieth century. Narrator's way went to places of old believers and large settlements of Vygoretsiya, which was broken up in the middle of the nineteenth century by Nikolay I. Essays of Vygovsk edge begins, oddly enough, in Berlin, where, after a day of work or on weekends into tiny pieces of land withdrawn soul inhabitants of the city.The implications of this garden as a means of restoration of forces via contact with nature becomes just a dream. It is from this country life escapes, run the narrator, contrasting the world of the city and nature, culture and pristine.

New places and new experiences immerse the hero-narrator in spontaneous natural world, where the ghostly becomes also a steamship, and the people, only water and wide road to the sky, calling after them in the edge of not frightened birds. Prishvin focuses in his work on folklore, which became for him, according to Vykhodtsev, «the most important moral-aesthetic school». Prishvin himself has repeatedly stressed: «My word is received from the hands of the peoplethroughitsoralliterature».Writer, received a classical education, interested in Western philosophy studied and well-known folklore, communicate with the common people – the keeper of the native Russian language and oral folk poetry revealed to him the secrets of living forever-undying words.Prishvin'swriter found his original way that is rooted in people's soil, develops the artistic tradition of the North Russian folklore, its imagery and moral basis. M.M. Prishvin organically combines scientific essay beginning with pronounced fabulous, mythological motifs.Two plans of image: a fabulous one, associated with fairyland; the second plan of the book includes pictures of real life, where the way of life and the firstborn and untouched. This combination helped Prishvinto gain clarity of realist writer from the first date of entry in the literature. The book of essays on the freshness of style, language clarity was at the level of 90's realistic prose.

B.D. Prishvin says of the first book of the writer: «They are now encouraging by the natural combination of poetry in them, and the most that neither is unadorned prose, understood as observant artist, and as a representative of the Russian realistic prose» [4, 11].It should be noted that in the beginning of realistic works Prishvin, especially in the image of nature is undeniable. From the first of his books can be traced feature of his poetic realism, making it a peculiar and original writer.This unity of poetry and reality, life and legend, by his own definition, «a little goes a little deeper than the conventional realism». In a series of essays «In the land of not frightened birds», Prishvin paints nature with a variety of third-party business, scientific, philosophical, and aesthetic.Often he shows it as the basis of existence, the material sphere of human existence. It is presented through the eyes of the peasants, for whom nature is the source of life and the basis of existence.North, enchant Prishvin's hero-narrator of his silent beauty, constantly causing him thinking about the past of the natural and human life. North admire nature and becomes a place of physical and spiritual meetings. Through the fabulous and fantastic perception gives a realistic picture of life and manners of Pomorie. Together with the author, get Povenets through Lakes Ladoga and Onega a priest, an old colonel, a woman with a young daughter in her arms. Tver nurse displeases with cheerless shore, only the word «forest», unites all people living here, all this life around the forest, it is the meaning of life of so many people. The forest is one of the key image-symbol in the works of Prishvin.It is often in the forest solved the entireissues of heroes, it is not dark, primeval «lifeless», but real, with all the forest inhabitants and soulful.The inhabitants of the far north lead eternal fight with the harsh nature, it is for them not only life, but also an ongoing process of creation. Visible and described by the author-narrator life of local residents in essence not much different from life of many generations living in a constant and hard physical labor.They are trying to adapt uninhabited island to themselves and themselves to nature. In the eyes of the writer's daily domestic life home cares give a solid foundation; it takes place in the harsh existence of the natural world, where «the people are mired down through the generations, by passing sad memories of their once cheerful, daring life. Now they sing about nightingales, which are never seen singing on the green oak forests, surrounded by pine trees and fir trees, sing about a wide-open fields «[1, 72].

Russian North for the hero appears real edge of not frightened birds, where he feels like a stranger, who had invaded unfamiliar, obscure life in «the darkest places» [1, 191].Around the narrator people are very sociable and we see the rural priest, laughed at the abbot Klimentsk monastery, who has thirty-six cows and twenty monks, here comes the boy,

sent by their parents for a miraculous cure for a vow to the Solovetsk Monastery, who went there with a great religious elevation and ... cooled currently to faith.The writer explores their state of mind, an original world of the senses, Prishvin's«hero-traveler, who interests of the national life», and ethnographer, who studies «the soul of man in general». Path to Povenets, where the world for all people ended, leads the long-awaited discovery: «finally has been found a country of not frightened birds, so it simplicity, directness, graciousness, helpfulness, cuteness, directness is unusual. The soul is resting, having met in a life that really forgotten and destroyed illusion» [1, 72]. This poetization does not negate the inclusion in the story «worldly». In the villages, for example, notes Prishvin small crossed human interests: theft, fights, «free life» gossip.The natural-patriarchal life of the Far North appears to the author-narrator in strict adherence to its age-old traditions and rituals. Love, birth, marriage, work, death-all of life is reduced to this range and as unchangeable as the change of seasons.These people are also coming as time immemorial there were their ancestors, they are superstitious, like their distant ancestors. However, they, according to the author, «merge with the elements», and it is admirable.

It is interesting a courtship ritual, described by the author, where the characters live a fabulous life, wear «colored dress azure», have an «uncountable treasury». Fancy color fullness becoming gamajorin the description of «comedy, taken from the ancient times of Slavic paganway of life» [1, 84].The author sincerely wonder how coexist in peasant life pagan and Christian traditions, the latter seem to him a forced concession, and real rulers of the edges are wizards, one of whom was invited to Himih sand, so that the enemy did not spoil the young.Wizards rule the world, appoint who should live, who dies, who catch fish and how to kill the beast, they take a different look. That wizard Timoshka caught the waterman and due to he did not throw into the fire the lake king, demanded for himself as many fish that got rich.Prishvin feels himself very free in this description, as if recorded photographically documented, easily inserting a comment, original folklore texts, and when it is required and long quotations of modern scientists (E. Barsova).

Life in the Far North is closely linked with nature, where man is fighting for its existence. It is present in the description of heavy fishing fishery, tree felling and timber rafting, hay and plowing. Genesis of Pomorian free life «takes away the soul» [1, 95], differs sharply from the patriarchal Vygovsk way of life, which seems to him the primitive and irrational.

The emotional state of the characters reflects the model of the world, immersed in a medium with its economic concerns is the logical embodiment of happiness.

A significant image in the narrative is the house where the northern tradition offers an extensive lunch «soup of whitefish, yogurt, a plate with cloudberries. With dry red gingerbread, there was a fishmonger from blueberry, wickets, crumb of bread»[1, 106].

The basis of life is a big family, the family beginning which according to Prishvin, brings to life the traditional culture, opposing the «love to the land, the peasantry, which – whatever hard work». Sincerely believing in a large family, the house, the farm author-narrator said that «the saint was a farmer who plowed» [1,109], that is, ordinary life, the environment, life's little things, and most importantly work, gives to a person the right to go to heaven.

Description of everyday life, its detailed meticulous image in the story is somewhat idyllic, individual observations made by the author suggest that coming another world, which is able to destroy this harmony, «here in this hut, in a large family on the island took place the same drama as everywhere: the old has struggled with a young, new»[1, 108].

Prishvin's book «In the land of not frightened birds» authentically reflects not only the factual material, vividly illustrating the features of everyday life, but also rises to the spiritual understanding of the moral laws of life.

Литература

1 Пришвин М.М. Собрание сочинений в 8 т. – М.: Художественная литература, 1982-1986. т.8. Здесь и далее цитаты из произведений автора даются в квадратных скобках по указанному изданию, первая цифра обозначает том издания, вторая – страницу).

2 Хайлов А. М. Пришвин: Творческий путь. – М., 1960. – С. 11.

3 Пришвин и современность. – М., 1978. – С. 302.

4 Пришвина В.Д. Круг жизни. – М., 1972. – С. 11.

References

1 Prishvin M.M. Sobranie sochinenij v 8 t. – M.: Hudozhestvennaya literatura, 1982-1986. t.8. Zdes' i dalee citaty iz proizvedenij avtora dayutsya v kvadratnyh skobkah po ukazannomu izdaniyu, pervaya cifra oboznachaet tom izdaniya, vtoraya – stranicu).
2 Hajlov A. M. Prishvin: Tvorcheskij put'. – M., 1960. – S. 11.
3 Prishvin i sovremennost'. – M., 1978. – S. 302.
4 Prishvina V.D. Krug zhizni. – M., 1972. – S. 11.

ҒТАХР 17.71.07

Итеғұлова С.А.,

Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы
Әлеуметтік лингвистика бөлімінің басшысы, ф. ғ. к., Астана қ., Қазақстан,
e-mail: itegul-saya@mail.ru

«ЛӘЙЛІ – МӘЖНҮН» ЖЫРЫНДАҒЫ БАС ҚАҺАРМАНДАРДЫҢ ӨЗІНДІК СИПАТТАРЫ

Мақалада қазақ фольклорында кең тараған шығыстық сарындағы дастанның кейіпкерлеріне талдау жасалады. «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының ел арасында кең таралғандығын, ол адал махаббатты ғана емес сабыр мен төзімділік сияқты қасиеттерді де уағыздауымен құнды екенін айта келіп, жырдың басты кейіпкерлерінің сомдалу барысына тоқталады. Кейіпкерлер бейнесін ашу барысында салыстыру үшін дастанның бірнеше нұсқалары алынған. Бұл мақала фольклорлық кейіпкерлерді біріздендіру мәселесіне арналған ғылыми жобаның бір үзігі болғандықтан авторлар мақалада негізінен «Ләйлі мен Мәжнүннің бейнелері қалай сомдалу керек» деген мәселені көтереді. Бұл ретте шығарманың тілі, көркемдік ерекшеліктері мен поэтикасы ғана емес, оқиғаның ішкі мазмұны, өту уақыты мен орны басты назарда болу қажеттілігі туралы айтылған.

Бүгінгі таңдағы жастардың қарым-қатынасына жыр кейіпкерлерінің бойындағы ізгілік, тоқтам мен сенімнің тигізер тәрбиелік мәні ерекше. Олай болса, осындай құнды туындыларды жас ұрпақпен қайта табыстырып, сөзбен кестеленген бейнелерді суретпен берудің маңызы мол екендігін айта кеткен жөн.

Түйін сөздер: қазақ фольклоры, ғашықтық жырлар, шығыстық сарын, бас қаһарман.

Itegulova S.A.

Character features of the main heroes of the epic «Layla-Majnun»

The article analyzes the characters of the epic work with the oriental motifs, widely spread in Kazakh folklore. Speaking about the wide spread of the epos «Leyli-Majnun» among the people, about its teaching value not only about sincere love, but also about such qualities as patience and endurance, the author reports the direction of he image of the main heroes of the epic. This article is part of the scientific project devoted to the problem of unification of folklore characters, in this connection the author in the article raises the problem «How should images of Layla and Majnun be represented?». Moreover, it is said that it is necessary to pay close attention not only to the language of the work, artistic features and poetics, but also to the inner content, time and place of happenings.

The qualities of the epic characters such as benevolence, determination and trust have a special educational significance for young people in our days. It must be said that the importance of the acquaintance of the young generation with such valuable works, the transfer of the image characters described in words, is very large.

Key words: Kazakh folklore, love epics, oriental motif, main character.

Итегулова С.А.

Характерные черты главных героев эпоса «Лейли-Меджнун»

Статья посвящена анализу персонажей эпоса с восточными мотивами, широко распространенного в казахском фольклоре. Автор отмечает довольно широкую известность эпоса «Лейли-Меджнун» в народе, ценность проповедования искренней любви, а также выносливости и терпения и раскрывает образы главных героев эпоса. В ходе раскрытия образа героев для более детального анализа были взяты несколько вариантов эпоса. Данная статья является составной частью научного проекта, посвященного проблеме унификации фольклорных

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

персонажей, в связи с этим автор в статье задается вопросом «Как должны быть изображены образы Лейли и Меджнуна?». В этой связи автор обращает пристальное внимание не только на язык произведения, художественные особенности и поэтику, но и на внутреннее содержание, время и место происхождения событии.

В воспитании современной молодежи в духе патриотизма огромное значение имеют такие качества, как доброжелательность, решительность и доверие, присущие главным героям эпоса. Нужно отметить искусное описание образов персонажей в изобразительном плане, которое привлечёт внимание подрастающего поколения к знакомству с такими ценными произведениями.

Ключевые слова: казахский фольклор, любовные эпосы, восточный мотив, главный герой.

«Ләйлі – Мәжнүн» дастаны шығыс халықтарының аса кең таралған ғашықтық дастандарының бірі. «Жырдың басты кейіпкері 7-8 ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны Каис ибн Муад, сол ақынның махаббаты жырланады» деген дерек бар. Әзірбайжан ақыны Гәнжәуи Низами «Ләйлі – Мәжнүн» дастанын бір жүйеге түсіріп, алғаш біртұтас поэмаға айналдырған. Кейін Дехлеви, Жәми, Науаи, Физули, т.б. ақындар жырлады. Парсы, түркі халықтары Мәжнүннің Ләйліге арнап шығарған өлеңдерімен таныс болған [1].

Дастанның оқиға желісі төмендегідей: Араб елінде бір перзентке зар болған дәулеті асқан бай Алладан жатса-тұрса бала сұрайды. Тілегі қабыл болып, бір ұл көреді. Қайс пен Ләйлі бала кезінде-ақ бір-бірін көрсе ғана уанып, бірге өседі. Он жасында екеуі бір молдаға мектепке барып, сол жерде күнде кездесіп жүріп, ғашықтықтың торына шырмалады. Қыздың анасы елдің қауесет сөзінен қорқып, Ләйліні үйінен шығармай қояды. Қызды көрмесе тұра алмайтын халге жеткен Қайыс есінен танып, ақылынан адасады.

Әкесі жынды адамға қызымды бермеймін деп Ләйліні басқа адамға қосады. Мұны естіген ғашық жігіт жапан түзді кезіп кетеді. Сөйтіп, Қайыс «Мәжнүн» аталады. Елден жырақ кеткен Мәжнүннің көкірегі толған ашы шерді ұшқан құс пен жортқан аңнан басқа ешбір жан түсінбейді. Жырда фольклорлық туындыларға тән мифтік бейнелер де бар. Ол бейнелер Ләйліні қорғап жүретін жын түрінде көрініс алған. Ләйліге үйленгенімен, онымен жұбайлық өмір кеше алмаған Ләйлінің некелі жары құсадан қайтыс болады. Кейін Ләйлінің өзі де Мәжнүнін аңсап, құсадан қайтыс болады. Сүйгеніне қолы жетпеген Мәжнүн көп жапа шегіп, жаны күйзеліп, ақыры дүние салады.

Жырда Ләйлі мен Мәжнүннің ата-анасы, күтуші қыздар, Нәпіл батыр, Ләйлінің күйеуі, Мәжнүннің досы Зәйіт тәрізді кейіпкерлер бар. Бірақ Ләйлі мен Мәжнүннен басқасының портреті толық бейнеленбеген. Олар шығармада қос ғашықтың сезімін бейнелеу үшін қосалқы кейіпкер ретінде қолданылады.

Енді осы екі кейіпкердің суреті қандай болу керек деген мәселеге тоқталамыз. Алдымен «Бабалар сөзі» жүз томдық басылымының он тоғызыншы томына енген, фабулалық төркіні шығыстан келсе де, қазақ халқының төл туындысына арналған «Қисса Ләйлі – Мәжнүн» ғашықтық дастанына талдау жасамақпыз. Жырдың жалпы желісінде, Ләйлі мен Мәжнүн шығыстың Бағдад қаласында туған деген мәлімет бар. Сол себепті олардың киім киісінде шығыстық белгілер болғаны жөн деп есептейміз.

Шығарманың басты кейіпкері, Ләйліге ғашық болып, сүйгеніне қосыла алмай ақыл-есінен адасып, Мәжнүн (есалаң) атанған – Қайыс мырза.

Анадан айдай болып туды бала,
Ер ұғлан болды ужуды келген жәна.
Той берді көп мал сойып, шаттық етіп,
Құдаға мың шүкірлік айтып сәна.
Раушан нұр шашады туған бала,
Ғазиздап құрмет етті жерден Алла, [2] –

деп жырлағандай көркімен елді тамсандырып, ерекше жаралған Қайыс ата-анасына қуаныш сыйлап өмірге келгенімен, шырылдап жылағаны бір басылмай, ел-жұртын қатты састырады.

Емшекке жылап бала алданбайды,
Нәрсеге не қызықты көз салмайды.
Уақытылы пейілі қанып ұйқтамайды,
Бір жанын пида қылып жалбаңдайды.
Күн-күннен жылағаны болды ғалиб,
Сарғаяды дая байғұс қайғыланып.
Алданып һәрбір жерге жұбансын деп,
Баланы қыдырады қолына алып.
Бір үйге баланы алып келді жетіп,
Үйде отыр бір жас бала қаріп айтып.
Көрген соң жас баланы шаттық кіріп,
Жылағанын қоя қойды сабыр етіп [2].

Көріп отырғанымыздай, өмірге келген сәтінен бастап жылауы бір тыйылмаған Қайыс Ләйліні көрген сәтінде жылағанын қоя қояды.

Қос сәби сол нәресте кезінен-ақ бірін-бірі іздеп, жылап, дегібірсізденгендері туралы нанымды етіп суреттеледі.

Екі сәбидің көркем кейпін жыршы:
Сүйеді қолына алып екі нұрын,
Айырмай бір-бірінен көркем түрін.
Дүниеде теңдесі жоқ екі бала,
Көрген жан һеш теңгермес ұжмақ хорға, –

деп бейнелейді [2].

Сөйтіп, нәресте кезінде-ақ бірін-бірі іздеген қос сәби он жасқа келіп, хат тану үшін молданың алдына мектепке келеді. Осы жерде Ләйлі мен Қайыс қайта кездесіп, ғашық оты тұтанады.

Қыздарда періштедей бір бала бар,
Өзінен табылғандай көркем ажар...
Ол қыз да оқып жүрген шәкірт бала,
Ләйлі деп атайды екен есімін жәна.
Жұмсақ тіл, раушан жүзі, сабыр құлық,
Беріпті бәрін жиып Хақ тағала.
Сөйлеспей жүреді екен лебіз ашып,
Барады күннен-күнге қайғы басып.
Һешкімге бір білдірмей сыртындағы
Ләйлі де жүреді екен болып ғашық [2].

Жырда Ләйлі мен Мәжнүннің тек тәні сұлу ғана емес, жандары да сұлу.

Сабырға ғашық отын жеңдіреді,
Өздерін мехнатқа көндіреді.
Қызда ұят, жігітте әдеп кәміл толық,
Кетпеген ол екеуі мезгіл еді [2], –

деген жолдардан Ләйлі мен Қайыстың мінез-құлқы танылады.

Ләйлі Қайысқа ғашық екен деген гу-гу әңгіме шыққанын естіп, анасы Ләйліні мектепке жібермей қояды. Қайыстың қайғырып Мәжнүн атануы осы сәттен басталады.

Мәжнүннің бейнесін толық ашуға Ләйлінің берген мына жауабы жәрдемдеседі:

Ләйлі айтты:

- Мәжнүн жүзі туған айдай,
Балауыз сырты сұлу жаққан шамдай.
Көзі гауһар, аузы нун, қолдары син,
Кірпік оқ, қасы бейне жаққан жайдай.
Жүзінің көз аялар көрсе нұрын,
Сипаттап айта алмаспын мыңнан бірін.
Бір ғазиз Мәжнүн дүние ішіндегі
Мәжнүнге сенің ұқсап келмес түрің.
Мәжнүнде хасыл болған түрлі ғылым,
Арттырып Тәңір берген артық білім.
Сандуғаш, бұлбұл құстар тұрар тыңдап,
Әгарда әпсана оқып шығарса үнін [2].

Мәжнүн ғашықтықтың дертінен ел-жұрттан безіп, өмірдің қызығынан баз кешіп, адам баспас тау мен тасты барып мекендейді. Ләйлінің әкесі Қайыс дертінен жазылса, қызымды беремін деп уәде береді. Бірақ Қайыс бұл шартты қабылдай алмайды. «Ғашықтық дертінен жазамын» деп, емге сүйреген өз әкесінің түрлі әрекетіне қарсы шығып, «егер кеудемдегі ғашық оты сөнетін болса, менің тірлігімнен не пайда? Мейлі, мәжнүн-ақ болайын, бірақ ғашықтық сәулесі сөнбесін» деп азапты жолды таңдайды.

Мәжнүн бейнесін суреттегенде оны аң-құстармен бірге бейнелегені дұрыс. Өйткені адамдар түсінбеген Қайыстың қайғы-зарын аң-құс түсініп, оның маңайын төңіректеп, өз қамқорлықтарына алады.

Енді Шәкәрім жырлаған нұсқасына келер болсақ, ақынның өзі:

Мәжнүннің Ләйләменен аз жұмысы,
Әне сол шын ғашықтың қылған ісі.
Бұлардың әпсәнәсін жазған адам –
Фзули Бағдади деген кісі.
Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған,
Нақышын шын келтіріп қаза алмаған.
Кітабын Фзулидің іздеп тауып,
Кез болды былтырғы жыл азар маған.
Мен оның келтіре алман мыңнан бірін,
Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын.
Мәжнүннің атын білер, жайын білмес,
Қазаққа ұқтырайын біраз сырын, –

деп тарқатып өтеді [3].

Жырда Қайыстың нұрлы бітімі:
Келбеті бұл баланың өзгеден жат,
Бір көрсең, көргің келер неше қабат.
Бетінде бек сүйікті бір нұры бар,
Қыласың ықтиярсыз шын махаббат.
Балқытар жылы жүзі сүйегінді
Бергендей аса мұқтаж тілегінді.
Неге жақсы көргенің мағұлым емес,
Арбап тұр нұрлы жүзі жүрегінді, –

деп суреттеледі [3].

Жырда Ләйлі асқан төзім иесі болып суреттеледі. Оны ақын Ләйлінің жүрегінен ақтарылған:

Соған тұрса жұбанып,
Жалынға жанып жатайын.
Қайысым жүрсе қуанып,
Қайғысын мен-ақ татайын.
Ғашықтықтың дертіне
Күн сайын әрі батайын.
Жетпек болсам сертіме,
Ол үшін жанды сатайын, –

деген ащы запыран түрінде жеткізеді [3].

Мектепке ертең ерте Қайыс барды,
Жан-жаққа Ләйләні іздеп көзін салды.
Сабаққа келмегенін есіткен соң,
Ғашыққа шыдай алмай талып қалды.

Жүрегіндегі дерті өзіне аян Қайыс дертінен емдетпекші болған ата-анасына қарсы шығады:

«Дәрігерге қаратпаймын жын қақса да,
Дертімді ойымдағы шын тапса да.
Құдайдан басқа менің дәрігерім жоқ,
Бұл дерттен жазылмаймын кім бақса да.
Байқайын серуендеп тауға шығып,
Сабаққа ішім пысты тым қыстығып.
Осыдан Құдай оңдап жазылмасам,
Сіздерден науқасымды қойман тығып», –

деп елсізге кеткен Қайыстың ғашықтық дерті күн санап асқына түседі [3]. Ол жырда:

«Ләйлә» деп зарланады ұзақ түнге,
Жүдеді қайғысы асып күннен күнге.
Ғашықтық ішін өртеп диуана боп,
Қор болып адамдықтан шықты мүлде.
«Демеңіз, халқым, мені құдайға шет,
Ата-анам хақыңды кеш, мархамат ет.
Дауасы науқасымның сіздер емес,
Аман бол, үмітінді үз, қасымнан кет
Дертіме табылмайды сізден айла,
Кісендеп, жынды десең, мені байла».
Аузынан «ah» дегенде жалын шығып,
Деді де талып кетті «Ләйлә! Ләйлә!», –

деп суреттеледі [3].

Ел-жұрты Қайысты бұл дертінен айықтырудың жолын іздегінімен, Қайыстың өзі сауығудың жолын іздемейді.

«Меккеге барып дұға етсе жазылады» деген үмітпен, ата-анасы Меккеге баруға көндіреді. Меккеге барған сапарында Қайыс дертінен жазылуды емес, қайта ғашықтық өртін ұлғайтуды тілейді. Жырда бұл сәт төмендегідей өрбиді:

Мекеге алып барды ата-анасы,
Көзінен тия алмайды аққан жасын.
Мәжнүннің зарлап айтқан сөзі мынау,
Құшақтап Байтолланың босағасын:
«Арғы атам – Адам Ата, хақ пайғамбар,
Айрылып Хауа Анадан болыпты зар.
Дұғасын осы арада қабыл қылдың,
Бере көр тілегімді паруардігар!
Шығарма Ләйлә дертін жүрегімнен,
Айырма ғашық отын сүйегімнен.
Зарлатып өмірімде күйіп-жанғыз,
Өзімнің болды дейін тілегімнен.
Ләйләнің мен алмасам құрметті атын,
Көңіліме қатты бекіт махаббатын.
Жолдасым – бейнет болсын, жауым – рахат,
Көп тартқыз ғашықтықтың михнатын.
Күн сайын рахатымды қашыра бер,
Дертімді жалындатып асыра бер.
Көп жүргіз, бейнет көргіз, жасымда алма,
Қайғының ең ауырын басыма бер!
Қорықпаймын жас күнімде өлемін деп,
Айтамын бір Ләйлә үшін көнемін деп.
Бір Алла, рахметіңмен уағда қылдың,
«Пендеме, шын тілесе, беремін» деп.
Жалғанда жануменен өткізе көр,
Тыныштық, рахатымды кеткізе көр.
Дүниеде қосылуға жазбасаң да,
Өлген соң мұратыма жеткізе көр!»
Мәжнүннің осы болды бар тілегі,
Ләйләден басқа да емес жан жүрегі.
Ел-жұрты, ата-анасы күдер үзді,
«Бұл дерттен жоқ екен, – деп, – түзелмегі».
Қайтадан елге жүрді қадам басып,
Күн сайын жынды болды қайғысы асып.
«Аң болып айдалада жүремін» деп,
Айрылды халқыменен амандасып.
Жалынған қарамады сөздеріне,
Жабылса бой бермейді өздеріне.
«Ата-ана, елі-жұртым аман бол» деп,
Көрінбей кетті алыста көздеріне.
Қаңғырып шығып кетті елсіз жерге,
Кез болды осындай дерт қайран ерге.
Адамнан аң сықылды көрсе қашып,
Қосылды даладағы киіктерге.
Елсізде аңмен бірге қаңғырыпты,
Тау мен тас дауысына жаңғырықты.
Сезім жетегінде жүріп, ұйыған отбасынан айырыла жаздайтын азамат бейнесін Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» пьесасынан да көреміз. Пьесадағы кейіпкерлер топтамасына қарап, пьесадағы қозғалатын негізгі мәселе бүгінгі зиялылар өмірі ме деп қаласыз. Алайда қаламгердің бір жанұядағы отбасылық драма арқылы қазіргі замандасдарымыздың бақытқа қол жеткізу мен оны бағалау, адамгершілік принциптер туралы көзқарас-пайымдарын саралағанына көз жеткіземіз.

Шығармадағы сүттей ұйыған отбасының берекесі мен бақытын азсынған Қайырбай драмалық ситуацияны тудырушы басты кейіпкер бола тұра, характерологиялық жағынан соншалық ашыла қоймаған. Алғашқы актіде ол жолдасжора, ағайын ортасында Фаридамен күміс тойын тойлап жатқан үлгі тұтарлық, мақтаулы азамат. Алыста қалған жастық күндерін еске алып отырғанда да, Қайырбай мен Фариданың қол ұстасып, баянды ғұмыр кешіп келе жатқандары мол сеніммен суреттеледі. Аяғы ауырлаған ашынасы Нәзікеш мұны күте-күте тағаты таусылып, Фариданы ашық «әңгімеге» шақырған кезінде де Қайырбай бейқам; кешегі күміс тойдың әсері әлі қарқамаған, мұрнының астынан әндетіп те қояды. Әуелде Қайырбайдың бейне бір ешнәрседен хабарсыз бейкүнә түр-тұрпатына қарап, жас қыздың мына қылығы алаяқтық болып та көрінеді. Бірақ Нәзікеш те осал адам емес-ті.

Пьесадағы тақырыптық жағынан басты назардағы кейіпкерлер – өмір бойы Фариданы сүйіп өтіп, оған қол жеткізе алмаған Руслан және Қайырбайдың серілік сезімін «Қозы мен Баянның» ұлы махаббатына балаған Нәзікеш. Екеуі мүлде кереғар бейнелер. Бетбақтыққа салынып, біреудің ширек ғасыр бірге жасасып келе жатқан жарын тартып алып, одан сәби сүйіп, сезімі сенімін ақтамаған соң, өзге біреудің етегіне жармасып тағы кете беретін Нәзікешке қарағанда, Русланның сезімі тұнық. Ол ғашықтық сезімін іште тұншықтырып, Фариданың бақытты болуын тілеген жігіттің өмірге, адамдарға деген ақ пейілі таза көңілден жол тартады. Ол – Фариданың сүйе тұра, Қайырбайдың жетістігіне қуана алатын, қайғысына ортақтаса алатын жан.

Қазіргі заман келбетін бейнелеген драмаларды зерделей отырып, біз драматургтеріміздің түрлі тақырыптарға қалам тербегенін байқаймыз. Олардың қатарында қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени-рухани ахуалынан сыр шертетін туындылардың алуан түрі ұшырасады. Көркемдік деңгейі, идеялық нысанасы әрқилы

драмалардағы халық арасынан алынған кейіпкерлер де түрлі сипатта көрінеді.

Бүгінгі драматургияда саяси-экономикалық дағдарыс, нарықтық қатынастардың дендеп енуі салдарынан қоғамда орын алған руханипсихологиялық ахуалды зерделеу үрдісі айқын аңғарылады. Ұлт тіршілігінің әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени-рухани қабаттарын тереңінен қаузай ақтарған шығармаларда бүгінгі замандастарымыздың қилы азаматтық, моральдық көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары бедер тауып жатады. Сайып келгенде, тұтастық күйінде олар қазіргі қоғамдық сананың қия-қалтарыстарына жетелейді.

Әдебиеттер

1 Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – Т. 5. – 360 б.
2 Сматаев С. Көгілдір такси. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2008. – Т. 14. – 376 б.

References

1 Issabekov D. Bes tomdyq shygharmalar zhinaghy. – Almaty, 2003. – T. 5. – 360 b.
2 Smatayev S. Ko'gildir taxi. Ko'p tomdyq shygharmalar zhinaghy. – Almaty, 2008. – T. 14. – 376 b.

ҒТАХР 17.82.30

Картаева А.М.[1], Қайырбаева А.М.[2],

[1]С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, ф. ғ. д.,
[2]Филология мамандығының магистранты, Өскемен қ., Қазақстан,
e-mail: kartaeva@mail.ru

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ МЕН ЖАРИЯЛАНУЫ

Мақалада қазақ халқының ұлы шығармасы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен жариялануы сөз болады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуға кірісерден бұрын Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп келгенін, арнайы деректер жинап, материалдар іздеп, бұрыннан білетіндерін толықтырып, көп еңбектенгені жайлы айтылады.

Авторлар М.Әуезовтің өз мәлімдеуіне сүйеніп, мақалада «Абай жолы» эпопеясына қатысты материалдар тапшы болғандықтан, ақынның әдеби мұрасы басты деректерінің бірі болған деген ұстанымды негізге алады. Жазушы Абай поэзиясын соншалықты терең түсініп, ақын жанының қыры мен сырын тану арқылы Абайдың бүкіл болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін көзбен көрсетіп, қолмен ұстата білді деген тұжырымға келеді.

Түйін сөздер: Абай жолы, роман, эпопея, жазушы, шығармашылық, ақындық тұлға, әлем әдебиеті, қолжазба.

Kartayeva A.M., Kayirbayeva A.M.

Origin and publication of M. Auezov's epic novel «the path of Abai»

Article tells about origin and publication of M. Auezov's epic novel «The Path of Abai». Tremendous work has been done to create this epic novel. He conducted a research in which he studied Abai's works and life, searched for information, and completed current knowledge about Abai.

Authors, basing on the M.Auezov's own material, hold the opinion that legacy novel of the poet is the main source of information, as article has insufficient amount of information. Article concludes that poet interpenetrated Abai's life from different perspectives and portrayed it.

Key words: Way of Abai, novel, epic, writer, work, poetic personality, foreign literature, manuscript.

Картаева А.М., Кайырбаева А.М.

Создание и публикация романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая»

В статье говорится об истории создания и публикации романа-эпопеи «Путь Абая» М. Ауэзова. Для создания эпопеи «Путь Абая» автором была проделана огромная работа и прежде, чем приступить к написанию романа, он занимался исследованием жизни и творчества Абая, поиском материалов, сбором специальных сведений и пополнением имеющихся знаний.

Авторы, основываясь на данные самого М. Ауэзова, придерживаются позиции, согласно которой одним из главных сведений является само литературное наследие поэта, так как в статье недостаточно материала относительно эпопеи «Путь Абая». В заключение приходит к выводу, что писатель настолько глубоко проникся поэзией Абая, что смог передать всю сущность и бытие Абая посредством познания всех граней души поэта, его сокровенных мыслей и душевных тайн.

Ключевые слова: Путь Абая, роман, эпопея, писатель, творчество, поэтическая личность, зарубежная литература, рукопись.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

М. Әуезовтің тынымсыз іздеп-зерттеген, ұзақ уақыт бойына шұғылданған тақырыптарының ең бастысы, негізгісі – халқымыздың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы және ақындық қызметі. Бұл тақырып оның шығармашылық өмірінің басты мақсатына айналды.

М. Әуезов Абайға арналған еңбектерін жазуды ерте кезден-ақ ойлаған. Сөйтсе де ол Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардан бастап-ақ Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге қызу араласа бастаған еді. Абай тақырыбына жазушының нақты қай кезден бастап кіріскені туралы Л.М. Әуезованың деректерінен мынадай мәлімет алуға болады: «М.О. Әуезов өзі мұғалімдер семинариясының шәкірті, ал содан кейін Ленинград университетінің студенті болып жүрген кезінің өзінде-ақ Абайға ерекше ынта қоя бастағанын жазған болатын. Болашақ эпопеяның авторы осы жылдардың өзінде-ақ Абайдың жақындары – зайыптары Әйгерім (1918 жылы қайтыс болды), Ділдалармен (1924 жылға дейін өмір сүрген), ақынның әкесі Құнанбайдың тоқалы Нұрғаныммен, ақын Көкбаймен және басқаларымен әңгімелесіп, сұрастыра жүріп, өз кейіпкерлерінің өміріне тікелей қатысты көптеген қызықты фактілер жинап алған еді. Сондай-ақ қазақ әдебиеті классигінің өмір тарихына байланысты көптеген қызықты мәліметтерді жазушының атасы Әуез айтып берген болатын. Ол Абай Құнанбаевты жақсы білетін, оның үстіне ақынның замандасы еді» [1, 18].

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуды мақсат еткен соң, қалайда ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын терең зерттегені сөзсіз. Алайда, Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуға кірісерден (1937 жылдан) әлдеқайда бұрын Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп келгені ақиқат. Бірақ шындап Абай туралы кесек көркем туынды жазуға бел байлаған жазушы арнайы қосымша деректер, материалдар іздеп, бұрыннан білетіндерін толықтырап, тағы көп еңбектенген. «Бұл жерде атап айтатын нәрсе, тарихи деректер, өмірде болған деген оқиғалар. Абайдың өзіне, айналасындағы адамдарға қатысты нақтылы жайлар, сондай-ақ Абай заманын сипаттайтын кезеңдер – бұлар қанша мол, қаншалықты құнды болғанымен көркем шығармаға тек тірек боларлық мағлұматтар ғана. Ендеше, Әуезов абайтанудың негізін салған теңдесі жоқ ғұлама ғалым болғанымен, егер ол сонымен қатар ұлы суреткер болмаса, «Абай жолы» дүниеге келмес еді дей аламыз», – деген З. Ахметовтің пікірінен М. Әуезовтің ғалым болғанымен жазушылығы болмаса «Абай жолы» роман-эпопеясының дүниеге келмеуі мүмкін емес екенін білеміз [2, 68].

«1942 жылы М. Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабының шығуы қазақ әдебиетінің ғана емес, республиканың мәдени өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі болды» [3, 404]. «Абай жолы» роман-эпопеясының жариялануы өте күрделі әрі маңызды жол болды. М. Әуезов алғашында Абай туралы романын үш кітап етіп жазып, «Телғара» деп атамақшы болады. Жазушы 1940 жылы күзде «Абайдың» алғашқы кітабын бітіреді. Қолжазбаның ортасынан асқанда шығарма көлемдене түсіп, 2-ші кітапқа жалғасады. «Телқара» деген аттың орнына «Абай» деп жазылады. Латын әрпімен жазылған қолжазбаны басып шығаруда көптеген қиындықтарға ұшырайды. Ең бірінші, 40-шы жылы графика ауысып, орыс графикасымен қайта жазуға тура келеді. Бірақ ұзақ талқылаудан соң роман латын әрпімен терілуге жіберіледі. Сол уақытта баспаның бас редакторы болып тұрған профессор Б. Кенжебаев ешкімнің рұқсатынсыз 1942 жылы кітапты басып шығарады. Сол үшін Б.Кенжебаевтың жеке басына көптеген қиындықтар туғызады. «Міне, осындай қысталаң, өзексіз тар, өңезе кезеңде Бейсембай Кенжебаевтың тәуекелі – қайталанбас рухани ерлік, қайталанбас кісілік», – деп Қ. Ергөбек ғалымның ерлік ісіне тәнті болады [4, 35]. Байқап отырсақ, Б.Кенжебаевтың азаматтығы мен батылдығы болмаса, «Абай» романының шығу-шықпауы, әрі қарай жазылуы-жазылмауы неғайбыл еді. Осылайша, «Абай» халқының қолына тиеді.

«Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының ұлттық мақтанышы, дана кемеңгері Абайдың өлмес-өшпес, жанды бейнесі суреттеледі. «Абай жолы» әлем әдебиеті тарихында ұлы шығарма ретінде қабылданған. Ол ізгілік пен сұлулықтың шарайнасындай, ақындық даналық пен нәзік сыршылдықтың телегей теңізі іспетті. Суреткердің негізгі мақсаты – Абайдың өмір-тарихын ежіктеп көрсету емес, оның рухани кесек, бірегей тұлғасын барша адамзатқа, ғаламзатқа ортақ өнердің жарық жұлдызы екендігін таныту. Жазушы Абайдың кемеңгерлік, ақындық, қайраткерлік, адамгершілік болмысын жан-жақты терең аша білген», – деп ғалым С.Негимов «Абай жолы» эпопеясының құндылығын атап көрсетеді [5, 107].

«Абай жолы» – қазақ халқын әлемге танытқан ұлы шығарма. Халқымыздың дана ойшылы, кемеңгер ұлы, классик ақыны Абай Құнанбаевтың ақындық, гуманистік, демократтық, қайраткерлік тұлғасын сомдай отырып, қазақ елінің жарты ғасырлық тарихын, өмір болмысын, тыныс-тіршілігін, салт дәстүрін кең құлашпен суреттеп берген дәуірлік туындысы. Мұхтар Әуезовтің атын әлемге жайған, әлем әдебиетінде суреткерлік қолтаңбасын қалдырған бас кітабы. Роман-эпопея мәңгілік тақырыпты қозғаған әр заманда да өзекті болып келетін, сан ғасырлар адам баласының сүйіп оқи берер, рухани нәр берер байлығы болып қалады.

Өмір тәжірибесі мен суреткерлік шеберлігі ұштала келе Әуезовтің тарих тереңіне бойлай отырып, басты кейіпкер – Абай образы арқылы бүкіл бір дәуірдегі халықтың әлеуметтік, тарихи шындығын көрсететін көлемі жағынан ірі эпикалық туынды жазу идеясы туындайды. Бұл идея жазушыға аяқ асты келген жоқ. Абай шығармашылығына деген оның қызығушылығы жиырмасыншы жылдардан пайда бола бастайды: ұлы ойшыл-ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы деректерді жинастырып, зерттеп, ол туралы мақалалар жазады; ақынның жеке өлеңдерін бастырады; өзі тапқан тың деректермен толықтыра Абай өмірбаянын жазады.

Абайдың өміріне байланысты жазба деректердің аздығы жазушыға көп қиындық туғызады. Сол уақытта болған көптеген оқиғалармен М. Әуезов жас кезінен таныс болған. Эпопеяда өзі сомдап шығатын болашақ кейіпкерлерінің кейбіреулерімен кездеседі. Ақынның өміріне қатысты жазба материалдармен қоса, ауызша деректерді жинағанын М. Әуезов өзі жазған болатын. «Мен роман жазбақ болғаннан кейін, керекті материалды әртүрлі жолмен өзім жинай бастадым. Абайдың жасы қазір жүз онға жуықтады, – өзі маған кездескен жоқ. Сондықтан, мен оның балалық, жастық шағын, жігіт кезін көрсету үшін, Абайды көзбен көрген адамдардың аздаған естеліктеріне сүйенуге мәжбүр болдым. Рас, өзімнің сол Абай шыққан жердің қазағы болғандығымның біраз пайдасы тиді: жасаңдау кезімде Абайды жақсы білетін адамдармен – кемпір-шалдармен кездескенім бар. Олардың кейбіреулері тіпті Абайдан бірнеше жас үлкен де адамдар еді...», – деп жазушы эпопеяға қалай материал жинағанын оқырманға түсіндіреді [6, 109].

М. Әуезов эпопеяға материал жинамақ болып кіріскенде көп нәрсені аңдамай өткізіп алғанын өкініп айтады. Абайды көрген-білген адамдардың көбі қартайып қалғандықтан, олардың жадынан көп нәрселер шығып кеткені жазушыға қиындықтар туғызады. Абай өмірін биограф ретінде зерттеп жүргенде, М. Әуезов ақын өлеңдерін көп адамның аузынан жазып алып, 40 пайызын ғана қалпына келтіргені туралы мәлімет береді. Абай қайтыс боларынан сегіз жыл бұрын ғана шәкірттеріне өлеңдерін жинастыруды ескерткен. Сол жылдан бастап, ақын өлеңдерінің көбінің нақты жылы белгіленіп отырғанын М. Әуезов атап көрсетеді. Сондықтан «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуда жазушыға Абай өз шығармашылығы арқылы көмекке келгенін мәлімдейді.

М. Әуезовтің өз мәлімдеуіне қарағанда, «Абай жолы» эпопеясына қатысты материалдар тапшы болғандықтан, ақынның әдеби мұрасы басты деректерінің бірі болып саналады. Абай дәуірінің әлеуметтік шындығын терең де дәл түсінуден туған «Абай жолы» эпопеясының тарихи жағынан нақтылығына, оның көркемдік тұрғыдан суреттелуіне ақынның өз шығармашылығы да едәуір көмек болды. М. Әуезов Абай поэзиясын соншалықты терең түсініп, ақын жанының қыры мен сырын тану арқылы Абайдың бүкіл болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін көзбен көрсетіп, қолмен ұстата білді. Абай шығармалары сол дәуірдің әлеуметтік құбылыстарын ашуға көмек беретін жазушы үшін табылмас дерек көздері болды. «Ең анық деректер, – дейді М. Әуезов – Абай өлеңдерінің соңғы жылдарына жатады, бұл кезде ол өзінің достарына өлеңдерін бір кітапқа тиянақтауға рұқсат етті. Демек, маған өз шығармаларымен Абай көмекке келді, 1885 жылдан бастап оның шығармаларының жылдары көрсетілген» [7, 400]. «Абай жолы» эпопеясын жазарда ақын шығармашылығының көп көмекке жарағанын жазушы атап көрсетеді.

Екінші бір пікірінде жазушы сол ойын онан да гөрі нақтылай түседі: «Екінші кітапта, – дейді жазушы,- мен бірінші кітаптан гөрі Абайдың өлеңдеріне жиірек үңілдім және бұл заңды да өмірінің бұл шағында Абай өзінің бүкіл ойын, алған әсерлерін өз туындыларында қалдырып кеткен» [7, 403]. Яғни, жазушы эпопеяның екінші кітабында Абай өлеңдерін көп келтіргенін ескертеді. Жазушының дерегі бойынша, жұмыстың осы бөлімінде «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақын өлеңдері мен қарасөздерінің қолданылуы мен оның жүзеге асуы мәселелеріне зер салып, арнайы зерттеп көрейік.

«Мұхтар Әуезовтің романы, ең алдымен, поэзия сазына толы, сиқырлы сұлу алыс жағалауға жетелейді. Ол алыс жағалау біз үшін кеңістік пен уақыт қойнауында, бірақ сол тылсым әлем бұл кітапта біздің қазіргі болмысымызбен қандай қоян-қолтық жымдасқан, өйткені ол халықтың тағдыры басқалардан ала бөтен ерекше болып саналмайды», – деп Андре Стиль «Абай жолы» эпопеясын оқығанда алған өзінің әсерін шабыттана жеткізеді [8, 42]. Расында да эпопеяны оқып отырған оқырман өлеңмен өрілген поэзиялық шығарманы оқып отығандай әсерде болатыны анық.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында негізінен көтерілетін мәселе –Абайдың ақындығы мен даналығы. Бізге мәлім тарихтағы Абай – ең алдымен ақын, ойшыл, философ, сазгер. Абайдың қоғамдық-гуманистік еңбегін оның ақындық қызметінен бөліп алып қарауға болмайды. Өйткені Абайдың «надан зұлымға кектеніп, шиыршық атып толғанғанда», халқын прогресс пен өнер-білімге үндегенде негізгі құрал еткені – поэзия, яғни ақынның өз тілімен айтқанда «улы сия, ащы тіл». Сондықтан да «Абай жолы» эпопеясында оның ақындығы жайындағы тақырыптың көрнекті орын алуы мейлінше табиғи әрі заңды.

«Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың кемеңгер ақын болып қалыптасуы қалай жазылғанын академик-сыншы М. Қаратаев былай сипаттайды: «...Ұлы ақынның кейбір өлеңдері мен әндерінің туу процесіндегі өнерпаздық актыларын, оның философиялық толғануларын сондай шеберлікпен қайта тірілткен. Абайдың ішкі дүниесін суреттегенде Әуезов еш жерде де оның мейлінше нәзік ақын жанының байлығын, сол жанның кереметтей сарындары мен құлпырған құбылыстарын көрсетуге сараңдық, іштарлық қылмайды» [9, 310]. Абай поэзиясы эпопея үшін құнды дерек көздері болды. Бұл мәселе ғалым Е.В. Лизунованың «Современный казахский роман» деген монографиясының «Поэзия Абая – главный документ романа эпопеи» деген бөлімінде қарастырылады [10]. Аталмыш еңбекте эпопеяда кездесетін Абай поэзиясын шығарма мәтінімен салыстыра отырып, «Абай жолы» роман-эпопеясының басынан аяғына дейін Абайдың дәуіріне қатысты оқиғаларды баяндауда, образдар жасауда ақын шығармашылығына сүйенгенін көрсетіп береді.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақын поэзиясы туралы академик З. Ахметовтің пікірінде нақты айтылған еді. Мәселен: «Поэзия Абая служила опорой для глубокого постижения социальных и нравственных идеалов поэта, его эстетических взглядов, а также для понимания той социальной среды и исторических условий, в которой эта поэзия родилась» [11, 236].

Өз заманының оқырмандарына жақсы таныс, әрі зор тәрбиелік маңызын кейінгі дәуірлерде де жоймаған Абай поэзиясы эпопея авторы үшін құнды дерек көзіне айналып, соның көмегімен ол ағартушы ақынның шығармашылық мұрасының аса зор қоғамдық мәнін көрсетуге тырысты. Эпопеядағы көптеген көріністерді Абай поэзиясының әсерінен туған деп айтуға толық болады. Бірақ ең бастысы – Абайдың іс-әрекеттерін суреттейтін, рухани дүниесін аша түсетін сәттерді жазушы ақын, ағартушы әрі ойшыл ретіндегі ұлы жетістіктерімен байланыстырады. Шындығына келсек, жекелеген болмаса Абайдың жалпы поэтикалық шығармалары 1886 жылдан дүниеге келген, яғни оларда жасы толысқан (40 жастан асқан) Абайдың өмірінің соңғы жиырма жылындағы ақындық бейнесі, ойлары мен көңіл күйі көрініс тапқан.

Ал эпопеяда болса, Абай тағдырының барлық, яғни он үш жасынан өмірінің соңына дейінгі кезеңдерін көрсету көзделген болатын. 1-кітапта Абайдың он үш жасынан 25-ке дейінгі жасы, 2-кітаптың басында 30-ға тақаған, соңында қырықтан асқан жасы суреттеледі. Осылайша бүкіл 1-кітап пен 2-кітаптың басым бөлігі поэтикалық туындыларында ақынның жас шамасы суреттелген кезеңдерін қамтиды. Ғалым Р. Бердібаевтың сөзіндегі: «Шығарма қаhарманының ақын болуы романистің қиял құсын шарықтата шабытты сөйлеуіне, әлем құбылыстарын ақынның көзімен танып білуіне, романтикалық серпілістерге көтеріліп отыруына мүмкіндік берген», – деген пікірінен эпопеяның бас кейіпкерінің ақын болуы жазушы шабытына айрықша әсер еткенін көруге болады [12, 81].

Дегенмен эпопеяны жазу үстінде Әуезовтің көз алдында оның көркем туындыларындағыдай Абайдың ақындық, азаматтық бейнесі тұрғандығы анық. Сөйтіп эпопея авторы ақынның әрі ағартушының ішкі жан дүниесін көрсете отырып, басты кейіпкер Абайдың сенім ұялататын көркем бейнесін жасады.

Әдебиеттер

1 Әуезова Л.М. М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 272 б.
2 Ахметов З. Даналық тағылымы // Абай. – 1997. – № 2-3. – Б. 63-68
3 Ысқақұлы Д. Сын талқы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 416 б.
4 Ергөбек Қ. «Абай» романы қалай жарық көрді? / Кітапта: Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Ш.Ыбыраев, С.Қорабаев. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.
5 Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 256 б.
6 Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1969. – 12 т. – 536 б.
7 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 555 б.
8 Андре Стиль / Кітапта: М.Әуезов тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
9 Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Қазмемкөркемәдбаспасы, 1958. – 444 б.
10 Лизунова Е. Современный казахский роман. – Алма-Ата: АН ССР, 1964. – 305 с.
11 Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: Санат, 1997. – 288 б.
12 Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997.- 336 б.

References

1 Auezova L.M. «M.O.Auezov tvorchestvosynda Kazakhstan tarihynin problemalari». – Almaty: Mektep, 1977. – 272 p.
2 Akhmetov Z. Danalyk tagylymy // Abai. – 1997. – № 2-3. – Pg. 63-68
3 Iskakuly D. Syn talky. – Almaty: Sozdik-Slovar', 2005. – 416 p.
4 Ergobek K. «Abai» romany kalay zharyk kordi? / Book: Mukhtar murasi – Nasledie Mukhtara: Gylymi makalalar men zertteuler. Draftsman S.Iribayev, S.Korabayev. – Almaty: Kazakhstan, 1997. – 352 p.
5 Negimov S. Adebiet alemi. – Almaty: Ana tili, 2008. – 256 p.
6 Auezov M. Shygarmalar. 12 vol. – Almaty: Zhazushy, 1969. – 12 vol. – 536 p.
7 Auezov M. Ar zhyldar oylari. – Almaty: KMKAB, 1959. – 555 p.
8 Andre Stil / Book: M.Auezov taglymy: Adebi-syn makalalar men zertteuler. Draftsman R. Nurgaliev. – Almaty: Zhazushy, 1987. – 432 p.
9 Karatayev M. Tugan adebiet turaly oylar. – Almaty: Kazmemkorkemadbaspasy, 1958. – 444 p.
10 Lizunova E. Sovremennyi kazakhskyi roman. – Alma-Ata: AN SSR, 1964. – 305 p.
11 Akhmetov Z. Roman-epopeya Mukhtara Auezova. – Almaty: Sanat, 1997. – 288 p.
12 Berdibai R. Tarihi roman. – Almaty: Sanat, 1997.- 336 p.

ҒТАХР 17.07.51

Мәмбетов Ж.,

М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының
жетекші ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: zholdas_19@mail.ru

АҚЫН БАУЫРЖАН ЖАҚЫПТЫҢ ЛИРИКАСЫ

Мақалада белгілі ақын Бауыржан Жақыптың шығармашылық өсу жолы, ақын лирикасының көркемдік ерекшелігі жан-жақты сөз болады. Зерттеуші Б. Жақып шығармаларының идеялық мұратын айқындап қана қоймай, оның сөз қолданудағы өзіне тән даралық сипатын, стильдік ерекшелігін де нақты талдап көрсете алған. Зерттеу жұмысында ақынның әр кезеңдерде жазылған лирикалары ғылыми-теориялық тұрғыда салыстырыла талданып, зерделенген. Әр жылдары шыққан өлеңдер жинақтарынан мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: лирика, психологизм, символизм, поэтика, сюжет, композиция, лирикалық қаһарман, философиялық лирика.

Mambetov Zh.

The lyrics of Baurzhan Zhakup

The article discusses the ways of formation of famous poet Baurzhan Zhakup's creativity, also the artistic features of his lyrics are comprehensively investigated. The author not only reveals the ideological and thematic content of the works of B.Zhakup, but also reveals the originality of his style and language. The work shows comparative and scientific-theoretical analysis of the poet's lyrical works written in various periods of his life. There are some examples of the poems created by him in various years.

Key words: lyrics, psychologism, symbolism, poetics, plot, composition, lyrical hero, philosophical lyrics.

Мамбетов Ж.

Лирика Бауыржана Жакупа

В статье рассматриваются пути становления творчества известного поэта Б.Жакупа и всесторонне исследуются художественные особенности его лирики. Автор не только раскрывает идейно-тематическое содержание произведений Б.Жакупа, но и выявляет своеобразие его стиля, языка. В работе проводится сопоставительный и научно-теоретический анализ лирических произведений поэта, написанных в различные периоды его жизни. Приводятся примеры из стихотворений, созданных в разные годы.

Ключевые слова: лирика, психологизм, символизм, поэтика, сюжет, композиция, лирический герой, философская лирика.

Ақындық өнерге сол сексенінші жылдары келген толқынның ішінде өзінің асау жырларымен есте қалған, лирикалық жанрда да, эпикалық жанрда да өндіріп жазып жүрген бүгінгі белгілі ақынның бірі – Бауыржан Жақып. Бауыржанның алғашқы жырлары өз дәуірінің барлық ақындары секілді Отан, туған жер, комсомолдар, тың игерушілер, ғарышкерлер туралы болып келеді. Жас ақын айнала қоршаған ортадан нені көрді, кеңестік идеология нені қалай ұқтырды ол солай жаза бастаған еді. Оны басқаша жазбады деп өткен уақыт үшін кіналай да алмаймыз. Өйткені кеңес заманында кез-келген құбылысқа өзінше ой айту, субективті пікір білдіру ол қоғамның мүддесіне жат болатын.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Ол тұстағы ақындардың негізгі тақырыптары жарқын болашақ туралы, алдарында өткен аға ұрпақтың, төңкерісшіл ата-бабаларының ерліктері жайлы ғажайып оқиғалардан сыр түю, коммунистік идеологияның арқасында бала күнінен санаға орныққан бақытты өмірді жырлау болды. Кез-келген адамды өмір мен өлім, айнала қоршаған орта мәселесі толғандырмай қоймайды. Қолына қалам ұстаған ақын ешқашан да өзінің айналасында өтіп жатқан құбылыстарға риза болған емес, ол әрдайым жақсылық пен жамандық туралы, зұлымдық пен әділдік туралы, өмірдің мәні мен мазмұны туралы толғанып ой толғауға бейім тұрады. Оның жырға өзек еткен тақырыбы көбінесе өз тағдырымен, өз өмірімен сабақтас болып келеді. Сондықтан да Бауыржанның алғашқы шығармаларының өзінен-ақ оның туған жері, өскен ортасы, білім алған, алғаш қадам басқан аймақтары жайындағы алғашқы таным-түсініктерін, солардан түйген ойлары мен жылт еткен сезімдерін көре аламыз. Бұл Тек Б. Жақыпқа ғана емес, шығармашылық жолын сол тұста бастаған барлық талант иелеріне тән құбылыс. Кез-келген талант иесі – ол қашан да болса өз дәуірінің ұлы болып қала бермек. Бауыржан да қолына қалам ұстаған бозбала шағынан бастап-ақ өзіне таныс оқиғаларды өз өлеңіне арқау етеді. Оның балаң кезіндегі жырларынан кеңестік дәуірге тән саяси ұраншылдықты, комсомолдарға тән потриотизмді айқын аңғарамыз. «Бір гитара, бір сыбызғы, тың күркесі...», «7 ноябрь. Алматы кеші» өлеңдерінен сол дәуірдің саясатының лебін сеземіз. Ақынның балауса лирикасынан сол заманның сазын ұғамыз, ақынның өмір жолының кейбір қалтарысын тап басып танығандай боламыз.

Мереке қуанышын алып келіп,
Отаным жатыр бүгін салют беріп.
Сол салют нұрландырып айлы аспанды,
Тағы бір таңғажайып той басталды, –

дейді [12]. Бұл ақынның кеңестік мереке күніне шынайы таңданысы, қылаусыз таза сезімінің көрінісі. Бауыржанның алғашқы өлеңдерінің «Туған жерім», «Ауыл түні», «Бәйге», «Семей», «Алатау», «Қара шаңырақ», «Қостанайға барсаң егер» деген тақырыптарына қарап отырып-ақ оның жүрген жерлерін, көрген, білген, көңіліне түйген ойлары мен құбылыстарын тануға болады. Ақынның алғашқы жырларындағы көркемдеуіш құралдарының өзі де сол өзі көрген аймақтың «шөкімдей ақ бұлты» мен «көк өрім шыбығы» болып келеді.

Кел күнім, кел жылдарым, кел айларым!
Жатқандай дүбір күтіп кең аймағым.
Шөкімдей ақ бұлт көрсең көк жүзінен,
О, жұртым, менің жырым деп ойлағын.

Ұзатқан қыздай өзен сыңсып аққан,
Таттың-ау сен де талай жыр-шұбаттан.
Көк өрім шыбық көрсең көктемеде,
Ойларым ол да менің бүршік атқан [15].

Аталған өлең жолдарынан жас ақынға тән жоғары пафосты, өзінің ақындық өнеріне деген сенімді, жас талант иесіне тән асқақ арманды тануға болады. Өлең мазмұны өзінің алдындағы ақындардың ойларымен үндес екендігін де жасыра алмаймыз. Жас ақынның бұл өлеңінен өзгелерге еліктеуден әлі де болса арыла алмай жүргені аңғарылады.

Ақынның кейбір өлеңдерінде өзін қоршаған ортаның сырларына, өзін толғандырған құбылыстардың әр алуан мәні мен мазмұнына өзінше баға беріп, ой толғауға машықтана бастағаны байқалады. Мысалы, өзі оқыған оқу орны КазГУ-ге арналған «Қара шаңырақ» деген өлеңін алып қаралық:

Атыңды қайталаудың керегі не,
От бердің, шабыт бердің өлеңіме,
КазГУ-ім теңіз бе едің? Қойныңа еніп,
Білімнің сүңгіп барам тереңіне.

Жастықтың шертіледі күйі күнде,
Арманның арналмайды сыйы кімге?!
КазГУ-ім аспан ба едің? Мен бір құсың,
Білімнің шырқап келем биігінде [32].

Мұнда да өзі көрген, өзіне таныс құбылыстарға сүйсіну, соны дәріптеу басым. Бұл ақынның сол кездегі өзіндік ойы, жасаған тұжырымы. Бірақ философиялық лирика емес.

Әрине кез-келген ақынға философиялық ой толғау оңай дей алмаймыз. Онда табиғат лирикасындағыдай өзінің сезімін, көңіл-күйін ғана беріп қоя салмайды, философияға бару үшін қаламгерге оқырманды ойландыратын өмірлік тәжірибе,терең білім керек.

Поэзия жанрында қай халықта болмасын табиғат лирикасына соқпай кеткен ақынды кездестіру қиын. Әлем әдебиетінің тарихын парақтай отырып сонау ежелгі Мысырлықтар мен Вавилондықтардың да, Шумерлер мен антикалық дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармаларынан да әсем пейзажды, басқа да гимндер

мен көне жырлардың астарынан табиғат туралы толғаныстарды кездестіре аламыз. Ол ақындар үшін сұлулықты сезінудің, сол сезінген таным-түсінігін поэтикалық тілмен әдемілеп бейнелеудің бір тәсілі болып қалыптасып қалған еді. Әрине дәуірлер дүбірі, замана доңғалағы ауысқан сайын ол пайымдаулардың аздап та болса өзгеретіні белгілі. Бауыржан Жақып та өз өлеңдерінде табиғат анаға деген сүйіспеншілігін, оның әсемдігі мен тылсым сырларын өлең өріміне айналдырып, көңілге қонымды жырлар жазды. Ақынның алғашқы жырларының көбі негізінен өскен ортасы туған жеріне, ата мекеніне, ауыл тақырыбына арналған. «Бозторғай», «Ымырт», «Ауыл түні», «Көкпекті», «Табиғат спартакиядасы», «Көктем келсе...», «Таңсәріде», «Шешіліп ақ ақар шекпені», «Ақ нөсердің астында», «Түнгі Ертіс жағасында», «Жаңбырдан соң», «Шілденің ыстығы», «Күз», «Жаңа жылда жауған қар» деген лирикаларынан жас ақынның табиғаттың әр алуан өзгерістерін көркем бейнелеуге деген ұмтылысын аңғарамыз. Сол бозбала кезінің өзінде-ақ Бауыржанның қаламынан туған:

Бұлт – әже ақ кимешек киіп алып,
Тоқиды кемпірқосақ – алашасын, –

деген өлең тармақтарынан ұлттық дүниетанымдағы қарапайым көріністердің өзін сұлу суретке айналдыруға машықтана бастағаны анық байқалады [26]. Ақ кимешекті әжені бұлтқа, ал өзіміз күнде көріп жүрген кемпірқосақты алуан түсті алашамен салыстыра бейнелеуі ұтымды метафора екенін ешкім де теріске шығара алмақ емес. Бұл сол кезеңдегі жас ақын үшін үлкен жетістік болатын.

Ақындар тек қана жақсы өлең ғана тудырады, оларда қателесу, көркемдігі солғын шығарма болмайды деген түсінік жоқ. Қандай шығармашылық тұлға болса да оның шығармалары тек қана біркелкі ғажайып туындылардан тұрады деп кесіп айта алмаймыз. Шығармашылық – ол күрделі процесс. Кез-келген шығарманың өмірге келуі ол адам сезімінің толқынысынан ғана емес, оның ақыл-ойының да жемісі. Сондықтан да онда кейде мінсіз таза асыл туындылармен қатар бір қайнауы ішінде, шала дүниелердің де жүруі заңдылық. Ол шығармашыл тұлғаның көңіл-күйіне, шығармашылық қабілетінің сол кездегі деңгейіне, білімі мен ақыл-парасатына, керек болса сол күнгі оның психологиялық жағдайына да қатысты болатынын бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр. Мысалы, «Ақ нөсердің астында» деген лирикасында Бауыржан тың метафора табам деп өзінің негізгі ойын жоғалтып алған сияқты. Көз жеткізу үшін оқып көрелік:

Шежіресі шындықтың –
Фотограф бұл аспан.
Суреттері тірліктің
Тарихымен ұласқан.

Фотограф түсінді,
Жетті ме екен, талып үн?!
Мені де бір түсірді,
Жарқ еткізіп жарығын [18].

Мұнда біздіңше ешқандай да жаңалық жоқ. Найзағайдың жарқылын фотографқа теңеу ұтымды шыққан образды сурет дей алмаймыз. «Фотограф түсінді, Жетті ме екен, талып үн?!» деген екі тармақ келесі екі тармаққа ұйқас үшін ғана алынған сықылды. Әлсіз аллегория, мағынасы күңгірт. Бұл Бауыржан Жақыптың поэзия табалдырығын аттаған алғашқы адымдарындағы шалыс басқан тұстары. Қателік – ол өнер жолындағы сабақ, онан тағлым алу, өзіңді өзің қайрау, жаңа жетістіктерге қол созу шығармашылық тұлғаның басты міндеті.

Шығармашылық өнер ылғи да талмай ізденуді, жаңашылдықты талап етеді. Бауыржан да өз шығармашылық өнерінде үлкен биіктерге қол жеткізсе, шеберлігін қалыптастырса – ол оның сол өнер жолындағы талмай ізденуінің, оқып-тоқуының нәтижесі.

Ақынның көптеген өлеңдері өзін бағып-қаққан, өсірген, еркелеткен әжесіне арналады. Өзінің жақсы көрген адамына өлең арнау ертеден келе жатқан дәстүр. Оған А.С.Пушкиннің «Нянясын» мысалға келтірсек те жеткілікті шығар. Бауыржанның бір топ өлеңдері әжесіне деген сағыныштан туғанын аңғарамыз. Ақын өз көңіліндегі сағынышты поэзия тілімен образды түрде жап-жақсы жинақтап жеткізе алған. «Мәңгілік сағыныш» деген лирикасында жас ақын:

Отырушы едің ұршықпен
Уақытты қоса иіріп,

немесе,

Сен жоқта көңіл серги ме,
Сағындық аңсап, бұл шыным
Иесіз қалды төргі үйде,
Киелі сенің ұршығың, –

деген өлең мазмұнынан Бауыржанның ақындық қарымын, ойының тереңдеп, сөз талғауда үлкен жетістікке жете бастағанын байқаймыз [17].

Бауыржанөзініңлирикалықшығармаларында қарапайым адамдардың психологиялық болмысын, сулу да сырлы мінезін, адам жанының терең толғаныстарын шағын ғана детальдар арқылы ашып беруге шебер машықтанған ақын. Оның тоқсаныншы жылдардағы шығармаларына арқау болған адамдар өзі таныған, араласқан, күнде көріп жүрген таныстары, достары, ауылдастары. Бірақ солардың әр қайсысының тағдыры, олардың қоғамдағы орны ақын үшін ерекше. Мысалы, «Ескі арба» деген лирикасында:

Тірлік атты өткелден,
Тірілердің бәрі асар,
Шөбін шапқан көк белден,
Өтті өмірден қара шал.

Шөп таситын ой қырдан,
Жегіп алып торы атын.
Жүрген жері той-думан,
Әзіл-күлкі болатын, –

деп адамның мына пәни жалғанда мәңгілік емес екенін білсек те, соны күнде ұғып, «тірлік атты өткелден» әйтеуір бір асатынымызды пайымдап жүрсек те оның философиялық мәнін дәл танып, тереңіне ой жібере қоймағандаймыз. Ақын шағын лирикасында ауылдағы қарапайым ғана қарияның өмірден өткенін хабарлай келіп, оның сол ортадағы орнын, өзгеше болмысын, мінезін өлеңнің екі тармағына шеберлікпен сиғызып жіберген. Онан кейінгі өлең жолдарынан сол қарияны еске алу арқылы берілген ақынның іштейгі монологын, лирикалық кейіпкердің психологиялық толғанысын сезінеміз. Зерттеушілер психологизмнің басқа жанрларға қарағанда лирикада әлдеқайда басым болатынын дәлелдеп келеді. Бауыржанның мына шағын лирикасынан да екі адамның көңіл-күйін қатар тануға болады. Өлеңде айналасындағы адамдардың есінде өзінің әзіл-күлкісімен, аққөңіл ашық мінезімен есте қалған арбакеш шал мен сол қара шал арқылы өзінің өткенін сағына еске алып отырған ақынның өзі, яки лирикалық қаһарман бейнесі елес береді.

Ескі арбаның есімде,
Сағым бойлап жүзгені.
Сайын дала төсінде,
Сайрап жатыр іздері.

Жан-дүниеме енеді,
Сағыныштың сиқыры,
Құлағыма келеді,
Ескі арбаның шиқылы.

...Менің бала кезімдей,
Қайтып күндер қонар ма?!
Қара шалдың көзіндей,
Көрінеді сол арба [145].

Қоғам дегеннің өзі өзімізбен қатар өмір сүріп жүрген адамдар екеніне көз жеткіземіз. Ойға қаламыз, ақынмен бірге сағыныштың сырын бөлісеміз. Бауыржанның психологиялық лирикасы тек қана мұң, тек қан егілу емес. Оның ақындық сезімі бұл жерде терең де алуан қырлы, оны бір ғана сипаттамамен түсіндіре салу қиын.

Б. Жақыптың 1996 жылы шыққан «Айдындағы аспан» жыр жинағындағы өлеңдер ақынның тоқсаныншы жылдары әлдеқайда өскенін, әрбір құбылысты жай ғана суреттей салмай, айнала қоршаған ортадан өзіне ғана тән сыр түйіп, философиялық толғанысқа бара алатын қарымының бар екенін танытады. Оның бұл тұстағы табиғат лирикасының өзінен табиғат сұлулығына тамсанып, сұқтануды ғана емес, айнала тіршіліктің мәңгілік қозғалыста болатыны туралы философиялық толғанысын айқын танимыз. «Тірі бәрі» деген лирикасында:

Сурет көріп туған жер келбетінен,
Табиғат бесігінде тербетілем.
Жел жүгіріп барады су бетімен,
Су жүгіріп барады жер бітімен, –

деп өзі көзімен көрген құбылысты ақындық қиялымен өзгеше сипатта ойната суреттейді. [7] Жеңіл оқылады, жүрекке жылы тиеді. Кеңістіктегі жел мен судың қатар жүгіріп бара жатуы бір жағынан қозғалыстағы әсем паралеллизм, екінші жағынан айшықты аллегоря. Ал тіршіліктегі осынау үйлесімді үдерістің, әдемі суреттің соңын ақын түйіндей келіп оймақтай ойға айналдырады, содан мазмұны терең философиялық тұжырым жасайды.

...Қозғалыс бар үздіксіз сондықтан да,
Тіршілікте бәрі ояу, тірі бәрі. [7]

Рас өмір, тіршілік көзі ол – қозғалыс. Күллі әлем белгілі бір заңдылықпен шыркөбелек айналып тұрғанда қалай оны тірі емес дей аламыз. Бізге ғылым да солай үйреткен. Ақын соны әдемі жыр жолдамен көз алдымызға әкеліп отыр.

Қаламгер қай кезде болмасын көзімен көргенді, санасына түйгенді, өзін алаңдатқан мәселелерді, ойына қозғау салған проблемаларды жазады. Ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұстағы қоғамдағы өзгерістер, адамдардың

арасындағы қарым-қатынастардың бұзыла бастауы, экономикамыздың тұралап, күллі халық базар жағалап кеткен тоқсаныншы жылдардың шындығы қандай еді? Оны да Бауыржанның өлеңінен тауып алуға болады.

Жүре тыңдап ел сөзін жөнелгендер,
Көбеюде байлыққа кенелгендер,
Халық қамын ойлаудың орынына,
Өз күйлерін күйттеген өлермендер.

Түсіме енді арқарлар саны азайған,
Бала азайған! – деп жатыр, – мал азайған.
Көрдім және өңімде көңілі жүдеу,
Көбейгенін ааналар қаны азайған.

Қалаларға жастарым жатса ағылып,
Соқыр сезім серік боп, ақсақ үміт.
Білім алу орнына сол шіркіндер,
Көшелерді кезіп жүр ақша қуып, –

дейді [25]. Бұл біздің қоғам басынан өткізген сол тұстағы таза ақиқат шындық болатын. Ақын уайымы бұл жерде орынсыз дей алмаймыз. Жүрегі елім, жұртым, Отаным деп соққан әр бір азаматтың сол тұста болып жатқан келеңсіз оқиғаларға бей-жай қарауы мүмкін емес еді. Біздің поэзиямыздың тарихында бодандық кезеңде туған «Зар заман» деген кезең бар. Бұл қолынан келер қайран болмай өкінуден, іштейгі сарыуайымнан туған толғаныс, ащы запыран өксік, қанжауыр қайғының ізі болатын. Біздіңше сол зар заман толғауы әр дәуірде қайталанып отыратын сияқты. Тоқсаныншы жылдардағы ақындар поэзиясынан да аталған сарыуайымның арнасын нақты байқауға болады. Тәуелсіздігіміз баянды бола ма, егемен ел болып кете ала ма екенбіз, экономикамыз дамып, өзге елдердің қатарына қосыла аламыз ба деген мәселелер ол кезде кімді де болса толғантқаны рас. Ал сол күрделі кезеңдегі Б.Жақып өлеңдеріне назар аудара отырып, оның да іштей торығып, «Сатулы бәрі», «Бағасын өзің тарих бер», «Жауар бұлттай бауырын шыңға басқан», «Әлдекімдер зіркілдеп», «Күндер өтіп барады, күндер өтіп» «Ақырзаман» деген өлеңдерін сол сарыуайымның әсерімен жазғанының куәсі боламыз. Оған айналасында болып жатқан өзгерістер қатты әсер етеді. Жұрттың бәрінің сауда жасап, базар жағалап кеткенінен шошынған ақын «Сатулы бәрі» деген өлеңінде өз ойын былайша жеткізеді:

Сатулы бәрі бұл күнде,
Сол күйге халқым ұрынған.
Не дерсің заман шіркінге,
Бағасы күнде құбылған, –

деп сол кездегі өмірдің ақиқат шындығын жайып салады [21].

Бірақ ақынды ылғи да сарыуайымға салына берді десек артықтау болар. Елдегі экономикалық жағдайдың түзеліп, халық еңсесін көтере бастаған XXI ғасырдың басы Б.Жақыптың шығармашылық тақырыбына да өзгерістер әкелді. «Тәуелсіз Қазақстаным» деген өлеңі соның айғағы. Халық санасында ғасырлар бойы өшпей келе жатқан тәуелсіз ел болу арманын ақын былайша толғайды:

Ұрпаққа жетті өзгемей
бәз алыстағы үн.
Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!

Ұлы Отанымыздың өзге елдермен иық теңестіріп, егемен ел ретінде әлемге таныла бастауы, елдің экономикалық әлеуетінің дамуы, ұлттық санадағы оң өзгерістер, ұлт рухын көтеретін іргелі істердің жүзеге аса бастауы да ақын назарынан тыс қалмайды. Алғаш рет Байқоңыр айлағынан ғарышқа қазақ азаматының көтерілуі ақын шабытын оятып, отаншылдық рухы күшті жыр болып құйылады.

Бостандығымның күн санап,
асқақтап әні,
Нұрлы болашаққа рухымыз
бастап барады.
Ғаламға жайдың аспанға
қазақ ұшқанын,
Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!

Кеудені кернеген қуаныштан, еліне, жеріне деген мақтаныштан туған өлең асқақ пафоста жазылған.

Жаңа ғасыр белесінде Б. Жақып шығармашылығы жаңа биікке көтерілді, қаламынан болмысы бөлек жыр жолдары туды, жаңа тақырыптарды игере бастады. Елімізде бостандық алған діни таным-түсініктер, бұрын айтуға тиым салынған тарихи тақырыптар ақын санасында екшеліп, өлең болып туып жатты. «Қожа Ахмет Яссауи», «Қылует», «Сеңкібай қажы», «Шапырашты Наурызбай батыр», «Жамбылдың киесі» деген өлеңдерінде ақын өзін толғантқан халықтың ұлттық дүниетанымы мен тарихына қатысты мәселелерді көтереді. Бауыржан Наурызбай батыр туралы жырын дәстүрлі жеті, сегіз

буындағы жыр үлгісімен жазып шыққан. Бірақ көркемдігі жағынан тың теңеулер мен метафораларды үйлесімді етіп әдемі пайдаланады.

Бұлдыр да бұлдыр бұлт көшіп,
Бұлыңғыр жолды күрт кесіп,
Бұлағай заман болғанда.
Бұл орнынан жұрт көшіп,
Қалың қалмақ қаптаған,
Қазақтың жерін таптаған,
Қартының сүйегін күйретіп,
Қатынды шаштан сүйретіп,
Қызыл қарын баланы,
Найзасына түйретіп
Адымдап алға аттаған
Сонау бір қиын заманда, -

деген жыр жолдары сол баяғы көне жыр үлгісін еске салатыны жасырын емес. Яки, автор шығармасында Наурызбай бейнесін таныту үшін сол көне үлгіні әдейі таңдап алған. Бірақ автордың өзіне ғана тән стильдік ерекшелігі, сөз саптау тәсілі бірден байқалып тұрады. Әрине мұнан Бауыржан ежелгі жыр үлгісімен тағы бір батырлар жырын жазып шықты деген ой тумаса керек. Ондай жырды ақын жабайды да. Қазір ежелгі дәуірдегідей жыр, толғау, мысал өлеңді ешкімнің жазбайтыны белгілі. Оны ақындар жаза алмағандықтан емес, ондай жырдың пішіні қазіргі мазмұнға сәйкес келмейді. Кез-келген автар ондай жырды бүгінгі ойлы оқырманның қабылдамайтынын да жақсы түсінеді. Қазіргі поэзия ол – әсемдікпен астасқан әуезді дүние ғана емес, ойдың, білімнің поэзиясы. Сондықтан да ескі жырдың дәстүрлі ерекшеліктерін пішін жағынан да, мазмұн жағынан да өзгеше өрнекпен дамыту қазіргі поэзияның бір ерекшелігі деуімізге болады.

Бауыржан Жақып шығармаларының ішінде шоқтығы биік туындыларының бірі ол – «Абайдың қасқа бұлағы» лирикасы болып саналады. Бұл таза лирикалық толғаныстан, әдемі әсерден туған әсем де мазмұны терең өлең.

Абайдың Қасқабұлағы
Сағасы інжу-маржаннан
Жағасы жасыл пүліштен,
Тамшысы алтын, күмістен,
Жапырақ сүйген бетіңнен
Суыңнан сұлу гүл ішкен, –

деп деп басталатын өңшең айшықты метафоралардан басталатын өлең шумақтары расында да бір деммен оқылатын әдемі лирика. Ақын Қасқабұлақтың қазақтың даналары Абаймен, Әуезовпен қатысын сөз ете келіп, оның қасиетін барынша жан-жақты ашуға тырысқан.

Біздің қазақтың өлең жүйесі силлабикалық екені жалпыға аян. Ол бізде атам-заманнан келе жатқан дәстүрлі жүйе. Орыс әдебиетінде де силлабикалық жүйе фольклорынан бастап он сегізінші ғасырға дейін негізгі түр болып келген. Ұйқас, ырғақ мәселесі қазақ поэзиясында әлі күнге шейін басты мәселе болып табылады. Соңғы жылдары басқа халықтардың жыр үлгілеріне қарап қазақ өлең жүйесіне де өзгеріс енгізгісі келетін жаңашылдардың пайда бола бастағаны байқалады. Әрине жұмыр жер бетіндегі халық мидай араласқан мына заманда оны теріске шығаруға да болмас. Өйткені адамзат баласы қадым заманан бері бірінен бірі үйренуден, біріндегі жаңалықты екенші бір халықтың алуымен мәдениеті байып, дамып келеді. Дамуға тосқауыл қоюдың мүмкін емес екені белгілі. Бүгінгі күні орыс әдебиетінде баяғы Державин мен Радищев, Пушкин жазған силлабикалық жүйені, яғни ұйқасқа құрылған өлеңдерді «ұйқасты проза» деп атап жүр. Нағыз поэзия деп олар қай өлеңде троптар неғұрлым көп болса, соны ғана мойындаған жөн деген көзқарасты қолдауда. Олардың ойынша поэзияны поэзия ететін оның образдылық сипаты, былайша айтқанда, онда қолданылатын көркемдеуіш құралдардың молдығы.

Олай болса өлеңнің тек мазмұн жағынан ғана емес, форма жағынан да өзгеруі, сол тарапта әр бір ақынның ізденіс жасауы заңдылық. Қазір қазақ поэзиясында ұйқасынан мін таба қоятын өлеңді кездестіре қою қиын. Әсіресе қазіргі жас ақындар өлең ұйқасын керемет меңгеріп алған. Ал өлең мазмұнын прозалық үлгіге жақындатып беру тәсілі Бауыржан Жақып шығармаларынан да байқалады. Мысалы, ақынның соңғы жылдары жазған «Харпут тас қорғаны. Көне қала», «Евфрат өзені» өлеңдерінен соның ізін айқын аңғарамыз.

Хэттер салған іргетасын тас қорған,
Византия мен Ұрымға болған хас қорған.
Одан кейін Селжуктерден қалған бас қорған,
Мұра боп жеттің бүгінгі күнге Османнан.

Отырар, Сауран, Яссыны білесің бе Харпут,
Сақтар, ғұндар, түркілер ұрпағына құлақ түресің бе,
Харпут.
Әрбір келген адамды жүрегіңе сақтағаныңдай,
Мені де ойыңа алып жүресің бе, Харпут.
Сол үшін қалсын осы жыр есіңде, Харпут,

Немесе:

Менің бабаларымды көргенсің сен, Евфрат,
Ауыздығын алғанда атын суарғансың сен, Евфрат.
Солардың жалғасы болып сен маған келгенде,
Көзіңе жас іркіп қуанғансың сен, Евфрат [257].

Қазір қазақ поэзиясында да басқа елдердегі секілді өлең сөздің ешқандай өлшемдері мен формасына сәйкес келе бермейтін верлибрлер пайда бола бастаған секілді. Верлибр – деген фрацуздардың «vers libre» еркін өлең деген сөзінен шыққан. Оларда өлеңге тән ұйқас та, ырғақ та, қайталанып келіп отыратын өлшем де кездесе бермейді. Олардың өлеңге ұқсайтын бір жері тек қана бірінің үстіне бірінің текшеленіп өлең сықылды жазылуы. Бірақ оқығанда жай әншейін айтылатын ауызекі сөз сипатты. Мұның пайда болу себебі керемет ұйқасты өлеңдердің шектен тыс троптармен өрнектелуінен, сонымен қатар көп жазылуынан және арнайы әдебиеттанушылар болмаса басқа қарапайым адамдар үшін түсінікті болмай қалуынан деп ойлаймыз. Бұл жерде шектен асқан шеберлік пен өлеңнің әдемілігі, көркемдеуіш құралдардың молдығы өлеңнің мазмұнын тереңдетіп, көпшілік қауым оларды түсінбейтін халге жетуінде. Осыдан келіп өлең мазмұнын әдейі оңайлату, саналы түрде жалпыға түсінікті етіп жазу мақсатынан верлибрлер пайда бола бастады.

Ойымызды қорытындылай келгенде Бауыржан Жақып қаламынан өзі өмір сүріп отырған бүгінгі әлемдік өзгерістер, сол қоғамда өмір сүріп жатқан жеке адамның тағдыры, қоршаған орта, табиғат мәселелері қағыс қалмаған. Б. Жақып қазіргі қазақ лирикасының жаңа сапаға көтерілуіне, көркемдік жағынан кемелденіп, мазмұнының заман талабына сай дамуына үлес қосып жүрген көрнекті ақындарымыздың бірі.

Әдебиеттер

1 Жақып Б. Айдындағы аспан. – Алматы: Атамұра, 1996. – 192 бет.
2 Жақып Б. Уақыт ұршығы. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 264 б.
3 Жақыпов Б. Көзімнің нұры. – Алматы: Жалын, 1990.

References

1 Zhaқyp B. Ajdyndaғy aspan. – Almaty: Atamұra, 1996. – 192 bet.
2 Zhaқyp B. Uaқyt ұrshyғy. Өleңder, balladalar, pojemalar. – Almaty: zhazushy, 2004. – 264 b.
3 Zhaқypov B. Kөzimnің nұry. – Almaty: Zhalyn, 1990.

ҒТАХР 17.82.31

Мәдібаева Қ.Қ.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, ф. ғ. д,
Талдықорған қ., Қазақстан, e-mail: kapi-51@mail.ru

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ЖАБАЙЫ АЛМА» ПОВЕСІНДЕГІ АУЫЛ ТҰРМЫСЫН СУРЕТТЕУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мақалада көрнекті қазақ қаламгері Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесінің көркемдік ерекшелігі сарапталады. Шығармадағы өмір шындығы, дара характерлер, авторлық көркемдік ұстаным мәселелері нақтылы мәнде, драматизм, характер шындығы, кейіпкер сөзі т.б. талданып, қаламгерлік дара қолтаңба тұрғысында тың пайымдаулар жасалады. «Жабайы алма» белгілі бір кезеңдегі қазақ ауылының классикалық образын сомдаған көркем туынды есебінде бағаланған. Мақалада қазақ прозасындағы Ауыл концептінің Сайын Мұратбеков шығармаларында көркемдік өріске шығуы тұрғысында тың пайымдаулар жасалған. Жазушының нақтылы уақыт аясындағы ауыл тұрмысын адам тағдырлары, ұлттық бірегей сипаттар ауқымында күрделі психологиялық арнада ашу шеберлігі нақтылы саралауға тартылған. «Жабайы алма» повесінде қазақы өмір дағдыларының сұрапыл соғыс жылдарындағы қалпы көрініс тапса, жазушының «Кәментоғай», «Күсен, Күсеке», «Ұлтуған», «Менің қарындасым», «Отау үй» сынды туындыларында ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы ауыл өмірі, адам психологиясындағы уақыт таңбасы, рухани-әлеуметтік толғаныстар көркем баяндауға тартылды. Сайын Мұратбеков қазақ прозасын кесек әдеби тұлғалармен байытқандығы; жазушының жазу машығындағы өмірсүйгіштік аңсарымен назар аударатын дара характерлердің жасалу ерекшеліктері туралы автор қазіргі қазақ прозасының көркемдік әлеуеті контексінде ой дамытады.

Түйін сөздер: өмір шындығы, дара болмыс, типтік тұлға, ауыл концепті, ауыл бейнесі, соғыс шындығы, адамшылық қасиет, ұлттық болмыс, табиғат көріністері, жан күйі, диалог, көркемдік құрылым, портрет, характер, деталь, пейзаж, психологиялық күй, азаматтық ұстаным, адамгершілік, мұраттар, адам тағдыры, тарихи кезең.

Madibaeva K.K.

The concept of the artistic description of the Aul life by S. Muratbekov in the story «Wild apple tree»

On the basis of specific, careful study lead by Sayin Muratbekov «Zhabayy Alma» there were made an artistic justifications with characteristic style, and the author's position of the writer. The dramatic nature of life foundations of auls' inhabitants in the dashing war years were descrived in the story «Zhabayy Alma.» In the article, absorbed the artistic aspects of the concept village in the works of the writer SainMuratbekov, and in General the development of the Kazakh fiction. The skill of the writer in describing the life of the Village in a specific time space; uncovering the psychological conditions of village inhabitants and national peculiarities are considered as creative individualism, style, unique handwriting of the author. In the novel «wild Apple» describes the fate of the people, the life of the village inhabitants in time of war; and in the works «Kamentogai», «Kusen, Kuseke», «Otauuy», «Raigul», «My sister» the author is concerned the life of his contemporaries, the life of the village inhabitants the 60-ies, 70-ies of XX century, their moral searches, humanistic foundations. The works of SainMuratbekov different distinctive specific themes – the Village and its inhabitants in a temporary space. The authors stop attention to the artistic development of Kazakh prose, based on a particularly realistic, particularly lyrical proizvedenii-SainMuratbekov, which are filled with highly dramatic.

Key words: reality, identity, typical personality, concept Aul, biographies, wartime, morality, national identity, landscape, psychologism, dialogue, artistic structure, portrait, image, detail, civic position, moral quest, human destinies, historical time.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Мадибаева К.К.

Концепция художественного описания быта Аула С. Муратбекова в повести «Дикая яблоня»

На основе конкретного, пристального изучения повести Сайна Муратбекова «Жабайы алма» сделаны художественые обоснования характерны стилью, авторской позиции писателя, драматизм жизненных устоев аульчан в лихие военные годы в повести «Жабайы алма».

Қаламгердің көркем шығармасы мен кейіпкерлер тілінің қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардан тұратындығы сөзсіз. Шығармада кейіпкерлердің эмоциясы қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардан тек қана сөйлесушілердің не айтып, нені мезгеп тұрғанын ғана емес, сонымен бірге олардың жасаған әрбір қимылдары мен іс-әрекеттерінен, ым-ишараларынан көңіл-күйінің қандай күйде, жағдайда екенін, яғни оның ашулы, қуанышты, жақтырғандығы мен жақтырмағандығын, ұялғанын, қайғылы екенін білуге болады. Адам баласы табиғи жолмен берілген мұндай табиғи қасиеттерді жасыра алмайды, қанша жасырмақ болғанымен оның астарында табиғи қасиеті жатады. Мысалы, қуаныштан жүрегі жарылайын деп тұрған адам өз қуанышын қанша жасырғанымен, оның от шашып, сәулеленіп тұрған жанарынан бәрібір қуаныш ізін байқауға болады. Ал қалған эмоцияға байланысты бейвербалды амалдар да осылай.

Сыртқы дүние заттары мен құбылыстар адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық үрдістердің түрін сезім деп атайды. Көптеген ұнамды және ұнамсыз сезімдерді туғызып жек көрушілік, шошыну, абыржу, наздану т.б. осындай сезімдер мен эмоциялардың сан алуан түрлері күнделікті тұрмыста адам бойынан көрініс тауып отыратыны белгілі. Сезімдер мен эмоциялардың адамның практикалық әрекетінде алатын орны зор.

Жағымды эмоциялық көңіл-күй барынша өнімді жұмыс істеуге жағдай жасайды, ол адамға «кереметтей күш-қуат» береді, мұндайда адам ешбір шаршап-шалдығу дегенді білмейді. Адамның жан-дүниесінің шарықтап жан-жақты жетілуінің қажетті шартты сезімдерінің байлығы. Сезімнің қораш, солғын болуы адам өмірін де күңгірт, мардымсыз етіп жібереді.

Көптеген ғалымдар өз ғылыми зерттеулерінде бейвербалды компоненттердің эмоцияға тәуелді болуына байланысты эмоцияларды төмендегіше бөледі: позитивті, яғни жағымды эмоциялар (күлу, сыпайы түрде сөйлеу т.б.), негативті-агрессивтік (ашулана сөйлеу) және қорқу, депрессия қалыбын танытатын негативті-астеникалық (көз қырын тайдыру, жылау т.б.). Ол осы аталған топтарды пайызға шағып, олардың қолданысына көңіл аударған. Ғалымның есептеуі бойынша негативті-астеникалық бейвербалды амалдар 28,5%-ға, позитивті бейвербалды амалдар 22,8%-ға, нейтралды бейвербалды амалдар 34,2%-ға, негативті-агрессивтік бейвербалды амалдар 44,5%-ға жеткен.Осы айтылған эмоциялардың барлығына ортақ басты бір ерекшелігі оларда әр түрлі мәнерлі қозғалыстардың болып отыратындығында.

Эмоция сөзінің шығу төркіні латын тіліндегі «emoure» етістігі арқылы жасалған. Бұл толқыту (возбуждать, волновать) деген ұғымды білдіреді. Сөз сөйлеушінің ойымен қатар, оның әр түрлі психикалық толқуларын білдіреді. Эмоцияның қазақша мағынасы толқу, қуаныш белгісі деген ұғымды білдіреді.

Эмоция деп айналадағы жағымсыз қатынастың сәулеленуін айтамыз. Эмоциялар дүниедегі шындықтың жүйкеде сәулеленуінің айрықша бір түрі. Эмоция адамның сыртқы келбеті, бет әлпеті, дауысы арқылы айқын көрінеді. Сезім жалпы көңіл-күйді, ал эмоция сол көңіл-күйдің белгілі бір жағдайға қатты әсерленуін білдіреді. Әрине, адамдардың эмоциялары бірдей болмайды, себебі олардың айналасындағы зат, құбылыстарға қатысы бірдей емес. Әр адамның мінезіне, олардың басынан кешкен тәжірибесіне қарай сыртқы дүниенің әсеріне жауап қайтаруы түрліше болады. Адам эмоцияларының бір-бірінен айырмашылығы сезімдердің күш жағынан, әрекет ету мерзімінің уақыт мөлшері жағынан, олардың қимылдарынан, бет әлпетінен білініп, көрініп отырады. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде *эмоциналдылық* терминінің аяси кеңейе түседі.

Проза мен поэтикаға байланысты бірқатар еңбектерде *эмоционалдылық* пен *экспрессия* ұғымдары синонимдернемесе фразеологиялық бірліктердің функционалды-стилистикалық сипаты мен сөйлем семантикасына қатысты тепе-тең шамаларретінде қарастырылып келсе, ауызекі сөйлеу т.б. семантикалық қолданыстарды талдау барысында *эмоционалдылық* пен *бағалауыштық* бірліктер біртұтас бірліктесөз етіледі. Ал эмоция ұғымын кең мағынада түсінетін ғалымдар *эмоционалдылық* категориясының ұғымына адам эмоциясын сипаттау және білдіру мақсатында қолданылатын бүкіл тілдік амалдардың жиынтығын жатқызады. Эмоционалдылық категориясына қатысты бірқатар еңбектерді шолу барысында аталмыш бірліктің шекарасы мен құрамы төменгідей жүйелілікте көрініс тапқанын көруге болады:

1. Белгілі бір эмоцияны, сезімді, көңіл-күйді білдіретін сөздер (*қуаныш, мұң, жақсы көру, қорқыныш* т.б.).

2. Белгілі бір нәрсеге немесе құбылысқа деген жеке-дара субъекттіңнемесе қоғамның қатынасын білдіретін эмоционалды-бағалауыш-

тық лексика (*жауыз, тамаша, жақсы, жаман, сарań* т.б.).

3. Еркелету, қомсыну, үлкейту, кішірейту белгілерін білдіретін жұрнақтар арқылы жасалған сөздер (*апатай, балақай, жігітсымақ, байеке* т.б.).

4. Эмоционалды және экспрессивті бояулы тура мағынасындағы сөздер(синонимдер, омонимдер, антонимдер, варваризмдер, архаизмдер) және ауыс мағына негізіндегі эмоциялы сөздер (метафора, эвфемизм, эпитет, теңеу, мысқыл).

5. Белгілі бір затқа, құбылысқа, іс-әрекетке, күй-жағдайға тән белгініңең жоғарғы дәрежесін білдіретін күшейткіш сөздер (*нөсер, қарқылдап күлу, тарс ете қалу*).

Көптеген жағдайда ғалымдар тарапынан осы эмоционалдық бірліктер сөз етілгенде, экспрессия категориясы да назардан тыс қалмайды. Аталмыш категорияларды тануға бағытталған еңбектерде «эмоционалдылық» және «экспрессия» деген терминдермен қатар, «эмоционалды-экспрессивтік», «экспрессивтік-эмоционалды» деген терминдер де ұшырасады. Ауызекі қолданыстағы экспрессивті лексиканы арнайы зерттеген ғалым Н. Лукьянова«Экспрессивная лексика разговорного употребления: проблемы семантики» (1986 г.) атты еңбегінде былай деп жазады: «Если принять в качестве исходного тезис о том, что экспрессивная функция связана с выражением эмоций и чувств, то необходимо принять и второй постулат, логический вытекающий из первого. Экспрессивные лексические единицы, выражая эмоции говорящих лиц, являются эмоциональными» [1, 22]. Дегенмен, әрі қарай нақты деректерді келтіре отыра, ол барлық экспрессивтік бірліктер эмоционалды бола бермейтіндігін баса айтады.

Экспрессивтіліккатегориясытілбірліктерінің экспрессивтік стилистикалық қызметін анықтауда басшылыққа алынатын негізгі ұғым болып табылады. Ол – тіл бірліктерінің коммуникативтік мақсат-міндеттен туындайтын белгілерінің стилистикалық жиынтығы. Экспрессивтілік белгілі бір тіл бірліктерінің қызметін белсендіру арқылы сөйлеушінің психикалық жай-күйін айқын көрсетіп, сөздің әсер ету әлеуетін арттырады. Экспрессивтілік тілде эмоционалды, бағалауыштық, қарқындылық, көркемдеуіштік тағы басқа мағыналық элементтердің интегративтік жиынтығы болып, ол нақты контексте жүзеге асып, контексте түсіндірілетіндіктен, ол көпқырлы, күрделі құбылыс болып табылады.

Қазақ тілінде эмоционалды сөздерді қимылды, қимылдың санын, заттың атауын, санын білдіретін және адамның көңіл-күйіне байланысты шыққан сөздер деп, лексика-семантикалық топқа бөліп, одан әрі іштей бірнеше айырушы (диференциалды) семаларға жіктеп қарауға болады. Қимылдың білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары.

Қимыл-қалпын білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары. Қаламгер жазушының шығармаларында кездесетін эмоционалды сөздердің өзін жалпы адамға қатыстылығы, жан-жануарларға қатысты деп жалпылап және олардың кейбір дене мүшесінің қимыл-қалпын білдіретіндер деп жалқылап іштей шағын екі топқа жіктеп қараймыз. Адамға қатысты:*бұраңда, бұрти, бұртаңда, қипақта, қопаңда, мелши, салбыра, шалжи, шошаңда* т.б. Мысалы: – Мұқтар үккен масағын шала қуырып қара бақырдың бұрқ етуін аңдып *бұртиып* отыр [5, 69]. Мұқтар дүмбілез егінді жұлдың деп ұрсады-ау деген қауыппен *қипақтап* біраз тұрды да Бөкемнің жүзіне күлкі үйрілген соң ыржалақтап қосқа жүгірді. Ыстық сүт пен дүмбіл бидайды көргенде: – Бәсе, Бекбау тұқымы екенің рас болса, ұрлықсыз жүрмесең керек еді, – деп Бөкем аспазымыздың қолының пысықтығын да *қағыта* кетті. – Қара қостан дәм татпай кетем бе деп қорқып едім. – Сосын бізбен қатар отырып бидайға қолын созды, темір күрекшеге құйып берген сүттен де тартынған жоқ. Жаратқан сопақша бетіне шақтап қана жаспырған қапталы қушықтау жарғақ мұрынның жотасына*салбырап* шық жинала бастаған екен, дүмбіл бидай, ыстық сүт бастыққа да жағатын тәрізді [5, 72].

Адамның кейбір дене мүшесінің қимыл-қалпын білдіретін лексика-семантикалық топтар: *бұлтың, шұнти былғаң, қылжаң*т.б. Мысалы: – Қарағай мен шырша ымыртта ғана, жел тұрмаса да үн қатады, қыр астынан жеткен сыбызғы сазындай мұңға бөлейтін тәтті бір сыңсу. – Темен...Еркелету ме, әлде еріншектік пе, адам атын ауыз толтырып ежіктеп жатпай жармысынан кесіп тастап *шұнтита* салатын әдетіміз бар. Темірбекті – Темен, Қажыбекті – Қажөк, Әділбекті – Әлөк, Болатбекті – Болаш, Мырзакелдіні – Мырзөк, тіпті шал екеш Құмарбек те Кәмөк атанып, толық есімін жаназасында ғана естіп кетті, жеңгеміз Күлпашты – Күпай дй салатынбыз... Айта берсек Береговой атанған да бар. Космонавт болсын деп сәбиге әдейі қойған ба десем, бұл да *қылжақ* есім боп шықты [5, 137].

Еркелету мәнінде қолданылатын эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары.

Олардың мағынасына қарай іштей бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады.

Бір нәрсеге теңеу арқылы еркелете қолданылатын эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық таптары:*адалым-ай, айбарым, айдарлым, айым, алақайым, алтыным, аңқауым-ай, арысым, аспаным, балапаным, жаным, жарқыным, жарығым, жарықтығым, жолбарысым, көгершінім, көлеңкем, күнім, қалқам, қалқатайым, қалқаш, қанатым-ай, қарағым, қарашығым, қозым, қорғаным-ай, қошақаным, құлыным, қымбаттым, періштем-ау, сабазым, сәулем, тарланым-ай, шүкірім, шырағым, шыбыным, шырайлым, шырақтарым т.*б. Мысалы: – Жылап-еңіреп жөнелген жігіт қатынын тірі көргенде жүрегі орнына түсіп, қуанғанынан: – Айналдым! Аю таласа таласын, қайнағаннан аман қалғаның қандай жақсы болған!-депті [5, 188]. – Құлыным,тұра ғой, ел көшіп кетті, сен жұртта қалдың,-деген апамның дауысын естіп көзімді ашып алғанда Асылбек ағам есіктен кіріп келе жатыр екен [5, 227]. Экзаменатор қасындағы қара жігітке қырсықты ма, қалған екі сұрағымды айтқызбай «Емтихан пашпыртына» «Отлично» деген бағаны қойып берді де тағы да көзіме қадалып отырып: – Айналайын, қалған сынақтардан құлап қалып жүрме, сен оқитын бала екенсің, – деді [5, 246]. – Қайным-ау, мен сені әлі күтіп жүрмін ғой, қашан аласың? – дегенде кірерге тесік таппай, Түрленбай ағамның алдында кінәлі болған адамдай бетіне қарай алмай, ақ тер, көк терге түсетін едім... [5, 257]. – Қарағым-ай, саған қимай жүргенде жеңгеңді алланың өзі алып кетті ғой! – деп кемсеңдеп жылады...[5, 257].

Бұл келтірілген мысалдардағы сөздер табиғаттағы қандай да бір затқа теңей қолданылып, адамның ішкі эмоциясын білдіріп тұр.

Қорыта келгенде, эмоционалды (эмотив-экспрессив) сөздердің категорияларын адамның қоршаған болмысқа деген әртүрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін сөздер – «эмотив» сөздер деп, адамның қоршаған ортаға деген әртүрлі әсерін білдіретін эмоцияның (кейде олар қатыспайды), сезімнің, еріктің қатысуы негізінде тілдің көркемдеуші құралы арқылы бейнеленетін сөздер – «экспрессив» сөздер деп анықтаймыз. Сондай-ақ,экспрессивтілік белгілі бір тіл бірліктерінің қызметін белсендіру арқылы сөйлеушінің психикалық жай-күйін айқын көрсетіп, сөздің әсер ету әлеуетін арттырады. Экспрессивтілік тілде эмоционалды, бағалауыштық, қарқындылық, көркемдеуіштік тағы басқа мағыналық элементтердің интегративтік жиынтығы болып, ол нақты контексте жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1 Лукянова Н.А. О термине экспрессив и о функциях экспрессивов русского языка // Актуальные проблемы лексикологии и словооброзования. Сборник научных трудов. – Аып. XI. – Новосибирск, НГУ, 1980.
2 Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата, 1972.
3 Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. II бөлім (лексика). – Алматы, 1955.
4 Есенов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер. – Алматы,1969.
5 Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі. Роман-эссе. – Ана тілі, 2013.

References

1 Lukyanova N.A. O termine ehkspressiv i o funkciyah ehkspressivov russkogo yazyka // Aktual'nye problemy leksikologii i slovoobrozovaniya. Sbornik nauchnyh trudov. – Ayp. HI. – Novosibirsk, NGU, 1980.
2 Dzhunisbekov A. Glasnye kazahskogo yazyka. – Alma-Ata, 1972.
3 Dosqaraev J. Qazaq tiliniñ jergilikti erekşelikteri. II bölim (leksïka). – Almatı, 1955.
4 Esenov Q. Qazirgi qazaq tilindegi şarttı jäne qarsılıqtı bağınıñqı söylemder. – Almatı, 1969.
5 Isqaq Q. Kelmes künder elesi. Roman-ésse. – Ana tili, 2013.

МРНТИ 19.45.11.

Итжанова Н.Б.,

преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: nazim.i.b10gmail.com

ОСКОРБЛЕНИЕ КАК РЕЧЕВОЙ АКТ АГРЕССИИ

В статье рассматриваются основные структурные компоненты и разновидности оскорблений, имеющие различную языковую структуру в восклицательных и побудительных предложениях. Автор уделяет внимание тому, что оскорбление является единственным исследованным речевым жанром, имеющим прямое отношение к речевой агрессии. Также в статье выявляются наиболее распространенные формы оскорблений по отношению к адресату и их воздействию на него. Таким образом, оскорбление является оценочным речевым жанром, коммуникативная цель которых – «изменить самочувствие участников общения, соотнося их поступки, качества и все другие манифестации с принятой в данном обществе шкалой ценностей».

Ключевые слова: оскорбление, речевой акт, речевой жанр, агрессия, структурная формула, разновидность.

Itzhanova N.B.

Insult as a speech act of aggression

The article considers the main structural components and varieties of insults, which have a different language structure in exclamation and motivation. The author pays attention to the fact that the insult is the only investigated speech genre, directly related to verbal aggression. And also the article reveals the most common forms of insults to the addressee and their impact on him. Thus, the insult is an evaluative speech genre, the communicative goal of which is «to change the feelings of the participants in communication, correlating their actions, qualities and all other manifestations with the scale of values adopted in the society».

Key words: insult, speech act, speech genre, aggression, structural formula, variety.

Итжанова Н.Б.

Жәбірлеу агрессияның сөйлеу актісі ретінде

Бұл мақалада түрлі тілдік құрылымы бар сұраулы және бұйрықты сөйлемдердегі жәбірлеудің негізгі құрылымдық компоненттері мен өзгешеліктері қарастырылады. Автор жәбірлеудің сөйлеу агресссиясымен тікелей қатысты жалғыз зерттелген сөйлеу жанры екенін ерекше атап өтеді. Сонымен қатар мақалада көп таралған жәбірлеу формаларыныңадресатқа қатысы мен ықпалы сипатталады. Коммуникативтік мақсаты – сөйлеу актісіне қатысушылардың көңіл-күйін, олардың іс-әрекеттері мен басқа да қоғамдық құндылықтармен байланыстыр өзгерту болып табылатын жәбірлеу бағалау негізіндегі сөйлеу жанрларының бірі.

Түйін сөздер: жәбірлеу, сөйлеу акті, сөйлеу жанры, агрессия, құрылымдық формуласы, өзгешелік.

Оскорбление является одной из наиболее часто диагностируемых формречевой агрессии в социальной среде.

В большинстве случаев оскорбление реализует явную и сильно выраженную речевую агрессию, поскольку практически всегда оно воспринимается как однозначно агрессивное высказывание.

Данное положение подтверждают также определения понятия «оскорбление» в различных источниках. Например, в «Словаре русского языка» С.И. Ожегова [1, 421] оскорбить означает

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

«тяжело обидеть, крайне унизить». «Словарь синонимов русского языка» З.Е. Александровой [2, 292] также соотносит оскорбление с понятиями «обида» и «унижение». Кроме того, оскорбление является, вероятно, наиболее типичным речевым жанром, в котором употребляется инвектива.

Структурная формула оскорбления предельно проста: «Ты – Х». При этом местоимение «ты» может опускаться. Вторая часть оскорбления «Х» определяет смысловое наполнение оскорбительного высказывания: *Ты не мент, ты – мусор* (Аргументы и Факты, №7, 2010),*Не все так продажны как наш презренный президент* (Аргументы и Факты, №7, 2010), *Киевские власти в лице Порошенко и Яценюка – жалкие и слабые фигуры, нет никакого смысла принимать их всерьез, они делают только то, что им прикажут извне.* (РИА Новости, 25.03.2015), *Ангела Меркель и Франсуа Олланд поставили на Минские соглашения свой политический авторитет и, конечно, не позволят «какому-то» Порошенко портить им имидж, репутацию и бизнес с Россией* (РИА Новости, 25.03.2015).

С лексической точки зрения, это различные – обидные, неприятные для адресата – эмоционально-оценочные слова с отрицательной (в том числе, окказионально негативной) семантикой вплоть до нецензурной брани (мата). В зависимости от степени осознанности и целенаправленности агрессивного высказывания в них господствуют либо эмоциональность, либо оценка. При этом слово может употребляться как в прямом («негодяй», «подлец» и т.п.), так и в переносном (метафорическом) значении («свинья», «дуб» и т.п.).

Как правило, в одном предложении используется одно агрессивное слово, чаще всего существительное. Иногда, для усиления негатива, оно может использоваться вместе с прилагательным в роли определения – форма словосочетания («овца паршивая»; «дубина стоеросовая»; «глупая курица» и т.п.).

Кроме того, в некоторых случаях можно услышать оскорбительные восклицания*(«Марадона высунул голову из машины и заорал: «Ну ты, придурок!»* (Советский спорт, 05.21.2013); «*А вам не приходило в голову, что на противоположном берегу такие же идиоты, как вы, построят такую же дрянь, как вы, и никакого вида уже не будет?*» (Известия, 02.20.2011) и т.п.). Дополнительным дифференциальным признаком является здесь лексическая наполняемость – усилительных частиц («ну») наличие восклицательных местоимений («такой»).

Оскорбление является оценочным (по классификации Т.В. Шмелевой) речевым жанром, коммуникативная цель которых – «изменить самочувствие участников общения, соотнося их поступки, качества и все другие манифестации с принятой в данном обществе шкалой ценностей» [3, 92].

Поскольку основным жанрообразующим признаком оскорбления является фактор адресата, то в качестве коммуникативной задачи данного речевого жанра можно рассматривать изменение (в отрицательную сторону) самочувствия адресата – объекта оскорбления, понижение его социального статуса.

В качестве способов осуществления этой функции в оскорблении В.И. Жельвис выделяет следующие: простое сопоставление имени адресата с обсценными (непристойными) наименованиями («дурацкий»); метафорический перенос на адресата названия животного («козел»); обвинение в нарушении социального табу («проститутка»); употреблениесниженного вокабуляра как выразителяотрицательного отношения к адресату («харю отрастил») [4, 100].

Оскорбление является, вероятно, одним из наиболее типичных речевых жанров, которые в различных речевых ситуациях могут функционировать и как проявления агрессивного речевого поведения, и как целенаправленная речевая деятельность. На основании этого можно выделить две разновидности оскорблений, каждая из которых была тем или иным образом зафиксирована в речевом поведении говорящего:

1. Защитное оскорбление – чаще всего ответ на предшествующее проявление агрессии, своеобразная «защитная реакция». В такого рода высказывании доминирует эмоциональность («дурак», «идиот», «псих», «больной», «скотина» и т.п.) и обычно отсутствует объективная характеристика адресата. Если в нем и выражается оценка, то это скорее косвенное порицание конкретного действия или поступка адресата, а не его личности в целом. Функцией защитного оскорбления является, по определению В.И. Жельвиса «тактический выигрыш» [4, 69] – эмоциональный катарсис, выплеск негативных эмоций.

2. Намеренное оскорбление – реализует целенаправленную речевую агрессию, в отличие от защитного оскорбления, предполагает более объективную оценку внешности или качеств собеседника и, следовательно, является более действенным. Реже используются слова первой группы оскорблений («дурак», «псих», «идиот»

и т.п.). Чаще всего это слова, содержащие отрицательную характеристику или негативную оценку адресата («жирдяй», «нищий», «коротышка»). В этом случае их употребление мотивируется заключенным в таких словах очевидным для всех участников речевой ситуации явно негативным значением.

К намеренным оскорблениям можно отнести также обидные прозвища – производные от фамилий, также имеющие целью оскорбить и разозлить партнера (Путин – *«Пузырь путиномики лопнул»* (http://tengrinews.kz, 21.12.2014)).

По отношению к адресату и способу воздействия на него можно выделить следующие разновидности оскорблений:

1. Прямое – оскорбление, непосредственно воздействующее на личность адресата (*«Вы не вторая жена. Вы – содержанка!»* (365info.kz, 28.04.15), *«Иными словами вы обычная лошадь. Безмолвное животное.»* (365info.kz, 28.04.15) и т.п.). Интересную особенность таких оскорблений отмечает В.И. Жельвис: «если слово в роли оскорбления сохраняет свое лексическое значение и обладает яркой образностью, то такое оскорбление обладает большей степенью воздействия на адресата» (ср., например, прямые оскорбления «свинья» и «негодяй») [4, 39].

2. Косвенное оскорбление – можно рассматривать как смягченную разновидность этого жанра. Чаще всего это оценочное высказывание, построенное на приеме умолчания, когда оценочное слово заменяется указательным или определительным местоимениями («Сам такой»; «Это ты о себе сказал!» и т.п.). Как правило, его употребление наблюдается среди людей с достаточно высоким уровнем социализации агрессии и, соответственно, более высокой культурой речевого поведения. Использование такого оскорбления человеком, находящимся на явно низком уровне социализации речевой агрессии, является чаще эпизодическим и выполняет функцию, которую можно определить как «стратегический выигрыш» [4, 69] – бессознательное оттягивание времени на обдумывание дальнейшей речевой деятельности путем отсрочки конкретного ответа.

3. Опосредованное – косвенное, непрямое оскорбление, направленное на отдельные составляющие образа адресата – внешность, черты характера, образ жизни, принадлежащие предметы и т.п. Очень часто такие оскорбления сопутствуют враждебному замечанию. Пример – агрессивное высказывание адресанта в адрес мешающего ему товарища: «*Так что США будут властвовать над старушкой Европой, объятой страхом и религиозным противостоянием.*» (Комсомольская правда, 11.01.2015).

Оскорбления не следует путать со внешне сходными по форме и ситуациям употребления высказываниями. Основное отличие таких высказываний от оскорблений является отсутствие у говорящего агрессивного намерения и адекватное их восприятие адресатом. К подобного рода высказываниям, по нашему мнению, относятся:

а) необидные прозвища, «клички» – существуют практически в любой, даже самой высоко организованной речевой среде; эмоционально нейтральны; их употребление имеет целью не оскорбление, а называние, обозначение адресата, выявление его отличительных признаков, выделения из ряда подобных;

б) ритуальные обращения–бытуют в определенной, чаще всего замкнутой речевой среде, например, в некоторых молодежных неформальных объединениях, группировках («фашисты», «сепаратисты», «байкеры» и пр.); имеют положительные коннотации; целью таких обращений является узнавание друг другом членов данной языковой группы. Примеры: слово «москаля», которое можно употребить как оскорбление.

Литература

1 Ожегова С.И. Словарь русского языка. – М.: Оникс, Мир и Образование, 1990. − 1200 с.
2 Александрова З.Е. Словарь синонимов русского языка. – М.: Русский язык, 2001. – 568 с.
3 Шмелева Т.В. Модель речевого жанра // Жанры речи. − Саратов: Изд. ГосУНЦ «Колледж», 1997. − С. 88-98.
4 Жельвис В.И. Поле брани. Сквернословие как социальная проблема в языках и культурах мира. – М.: Ладомир, 1997. – 453 с.

References

1 Ojegova S.I. Slovarrusskogoyazika. – M.Oniks, Mir iObrazovanie, 1990. − 1200 s.
2 Aleksandrova Z.E. Slovarsinonimovrusskogoyazika. – M.: Russkiiyazik, 2001. – 568 s.
3 Shmeleva T.V. Model rechevogojanra. // Janrirechi. – Saratov: Izd. GosUNC «Kolledj», 1997. − S. 88-98.
4 Jelvis V.I. Pole brani. Skvernosloviekaksocialnayaproblema v yazikahikulturahmira. – M.: Ladomir, 1997. – 453 s.

ҒТАХР 16.21.51

Қожахметова Ф.Б.[1], Тұңғышбаева Ғ.Ж.[2], Абдықадырова А.Р.[3],

С. Асфендиярав атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің
[1]оқытушысы, ф. ғ. к., [2]аға оқытушы, ф. ғ. м., [3]аға оқытушы, п. ғ. м., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: kozhakhmetova.farida@mail.ru; galiya503@gmail.com; tauke04@mail.ru

«ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІН» ЖАСАУДАҒЫ КӘСІП, ЗАТ, САН АТАУЛАРЫ МЕН КІРМЕ СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ (Т. Ізтілеуов шығармашылығы бойынша)

Мақалада ғаламның тілдік бейнесін айқындауда кез-келген көркем шығармадағы дүниетанымдық тілдік бірліктердің кейіпкер образын ашуға қызмет ететініндігі туралы сөз етіледі. Адам баласы ес біле бастағаннан ақиқат өмірге бейімделуі үшін өзін қоршаған ортаның болмысы мен өмірлік тәжірибесі туралы мәдени ақпараттардың жадтағы қорын жинақтай бастайтыны, осы түрлі білімдер арқылы тұлғаның бойында ғаламның тілдік бейнесі жасалатындығы қарастырылады. Мақалада Тұрмағамбет Ізтілеуов дискурсында ғаламның тілдік бейнесін жасаушы кәсіп, зат, сан атаулары мен мамандық атаулары, ұлтаралық қатынас негізінде пайда болған кірме сөздер қолданысының танымдық мәні нақты тілдік деректермен дәйектеледі. Сонымен қатар, зерттеу жұмысымызда ақын шығармаларының тілінде дәстүрлі көркемдік тәсілдерді қалай пайдаланғаны, өз жанына жалпыхалықтық тілге қандай өзгеріс әкелгендігі қарастырылады.

Түйін сөздер: дискурс, ғаламның тілдік бейнесі, тілдік тұлға, аялық білім, лингвомәдени бірліктер, автордың прагматикалық ұстанымы.

Kozhakhmetova F.B.,Tungushbaeva G.J., Abdykadirova A.R.

Cognitive meaning of the name of the subject, profession, numbers of the formation of the language picture of the world (on the works of T. Iztileuov)

This article is devoted to study individually-authorial world perception features, reflected on the material of T.Iztileuov's fiction works. As it is generally known, the world view in the artistic text is created by language means, here it reflects the individual world view in the writer's consciousness and it is realized in the selection of elements of artistic work maintenance, language, because the question is about literary work, where language serves as a means of creation of the artistic world. It is considered, how the originality of the national picture of the world, basic features of national mentality of the Kazakh people, and also individually-authorial world view of the writer are reflected in the works of T.Iztileuov. Also language units, performing the characterizing duty, thus answering the disclosure of the image of the hero are studied in it.

Key words: linguistic picture of the world, language personality, cognitive paradigm, linguacultural, pragmatic adjustment of the author.

Кожахметова Ф.Б., Тунгушбаева Г.Ж., Абдыкадырова А.Р.

Познавательное значение названий предмета, профессии, чисел образовании языковой картины мира (по творчеству Т. Изтелеуова)

Данная статья посвящена изучению особенностей индивидуального авторского мировосприятия в художественных произведениях Т. Изтилеуова. Как известно, картина мира в художественном тексте создается языковыми средствами, при этом она отражает

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

индивидуальную картину мира в сознании писателя и воплощается в отборе элементов содержания художественного произведения, языковых средств, а также в индивидуальном использовании образных средств. В статье рассматривается индивидуально-авторская картина мира, отраженная в художественном тексте, она носит статус художественной и языковой, так как речь идет о литературном творчестве, где средством создания художественного мира служит язык. Основываясь на этом, на языке Т.Изтилеуова отражается познавательный аспект вводных слов и наименование специальностей, цифр и предметов в языковой картине мира. Также рассмотрено, каким образом в художественной картине мира произведений отражаются своеобразие национальной картины мира, основные черты национального менталитета казахского народа, а также индивидуально-авторское мировоззрение писателя.

Ключевые слова: дискурс, языковая картина мира, языковая личность, лингвокультуремы, фоновое знание, прагматическая установка автора.

Ғаламның тілдік бейнесін айқындауда кезкелген көркем шығармадағы дүниетанымдық тілдік бірліктердің кейіпкер образын ашуға қызмет ететініндігі заңды құбылыс. Адам баласы ес біле бастағаннан ақиқат өмірге бейімделуі үшін өзін қоршаған ортаның болмысы мен өмірлік тәжірибесі туралы мәдени ақпараттардың жадтағы қорын жинақтай бастайды. Осы түрлі білімдер арқылы тұлғаның бойында ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Көркем шығарма түрлі тілдік тәсілдердің көмегі арқылы ғаламның көркем бейнесін жасайды. Оны қабылдау ақынның жеке тілдік дүниесі арқылы суреттелетін ғалам бейнесін түсінбей жүзеге аспайды. *Ғалам бейнесі* деген ұғым адамның қоршаған ғалам жайлы көзқарастарын зерттеуге құрылады. Қоршаған дүние – адам мен оның ортасының өзара байланысы, ал ғалам бейнесі – «адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өңдеудің нәтижесі» [1, 16]. Ғалам бейнесі «тұрақсыз», үнемі өзгерісте болатын» құбылыс. Онда адамдардың өзара түсінісушілігін қамтамасыз ететін жалпыхалықтық элементтер бар.

Ғаламның тілдік бейнесіне «тілдің ішкі формасы, сөйлем, сөздің мағыналық жағының өзгеруі, оның ауыспалы мағынада қолданылуы, эмоционалды-экспрессивтік реңктер» және т.б. жатады.

Яғни, адамдар тілдің көмегімен өздерін қоршаған дүниеден өзге, өз танымына сәйкес ерекше дүние қалыптастырады.

Зерттеу нысанамызға алып отырған Тұрмағамбет шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген қатынасын суреттеп, ұлтымызға тән ойлау процесінің негізгі ерекшеліктерінен хабар берері хақ.

Ғаламның тілдік бейне – көріністері әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, әр халықтың дүние – ғаламның түрлі түсін өзінше мүшелей тануына, ол үзіктерді өзінше бейнелеп атауына байланысты тіл көркем мәтін тілінде өзгеше болып өріледі. [2, 65]. Тілдік ұжым мүшесі – жеке адам өз тіршілігінің әр сәтін ой елегінен қайыра өткізіп, өзінше ой түйіп, қорытынды жасағанда өзі өкілі болып отырған тіл иесі (халықтың/этностың) ғасырлар бойы сұрыптап жинаған білімдерінің жиынтығын санасына өлшем етеді. Ғаламның тілдік бейнесінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, жөн-жосығы сияқты ұлттық-мәдени қазыналықтары да, адамның күллі әлем, ғалам жайлы түсініктері және сол әлемнен адамның өз орнын табуға деген талпынысы да, адамдар асындағы қарым-қатынас та көрініс тауып жатады.

Демек, ғалам бейнесі мен тіл өзара күрделі қарым қатынаста болады. Тіл әр ұлттың дүниені игерудегі тәжірибесін сипаттап, бейнелеудің тәсілі қызметін атқарады. Екіншіден, бұл тәжірибе тек сипатталып қана қоймай, тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Осылайша әр елде шындық болмысты игерудің ұлттық ерекшеліктері жинақталып, тіл болмысты қабылдау, сезіну тәсілдерінің біріне айналып, сол тілде сөйлейтін ұлт өкілдерін өзара жақындастырады. Осымен байланысты ғаламның тілдік бейнесін жасауда мамандық атауларының атқаратын өзіндік ролі бар.

Қазіргі таңда қолданылатын кәсіп атауларының кейбірінің бұрын болмағанын немесе ертедегі кәсіп атауларының қазір көбіне кездеспейтінін еске алсақ, тіл мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастың кәсіп атауларын білдіретін лексиканың пайда болуы немесе жоғалып кетуіне әсерін тигізетінін көруімізге болады.

Тұрмағамбет дискурсында адамдардың айналысатын кәсібінің атауларын білдіретін танымдық бірліктердің жасалуы лингвистикалық қызығушылық туғызады.

Ақын тілінде ғаламның (шындық болмыс) тілдік бейнесін жасауға ат салысатын *мирақор* «әкімдердің атын бағушы», *бекауыл* «той табақшысы», *батағөй* «бата беруші», *шоры* «қызметкер әйел, үй қызметшісі», *сейіс* «ат күтуші адам», *жаду* «сиқыршы, жәдігөй», *дарға* керуен басы», *шабарман, түйеші, қасапшы*, *қайықшы, бағбан, үкама* «балшы», *мірғазап* «жазалаушы», *сардар* «әскерді бақылаушы бастық», *бажақ* «жол бастаушы», *баяр* «қожа, басқарушы», *қазы* «үкім, билік шығарушы», *найып* «мұрагер», *тубегі* «ту ұстаушы әскери басшы», *сопасалар* «әскери қолбасшы», *атар* «атарман» т.б. лингвокультуремалары жаугершілік заманнан мағлұмат береді және мал шаруашылығымен айналысқан ұлт тұрмысында кездесетін кәсіп атауларын білдіреді. Олар нетізінен түбірге -шы, -ші, -қор, -гер жұрнақтарының жалгануы арқылы жасалып тұрғаны байқалады.

Мысалы, ақын шығармаларында кездесетін араб, парсы тілдерінен енген сөздер де ғалам бейнесін жасауға ат салысады. Қолданылу тұрғысынан Тұрмағамбет лексиконындағы ең жиі қолданылатын тегі жағынан парсы-ирандық, бірақ әбден сіңісіп, қазақтың төл сөзі болып кеткен *амал, бақ, зейін, ақыл, дәурен, айбат, дүние, сабыр, мәртебе, ықпал, ілім, талап, ырыс, ниет*, *ой, қадір, уағда*, *өсиет*, *қанағат*, *дәулет*, *қаһар*, *қасірет, уайым*, *қайғы, үкім, қаза, ажал, зұлмат, қиянат, пейіл*, *асылық, ізет*, *мирас, ықылас, қуат* төрізді абстракт ұғым атаулары және *-лық, -шылық* жұрнақтары арқылы араб-парсы түбірлерінен жасалған *зұлымдық, аманшылық, заманшылық, жарамшылық, жаманшылық, адалшылық, табаршылық, мақтаншылық, қараншылық, ақылшылық, алаңшылық, әділеттік*, *адамдық* тәрізді сөздер мен сын-сипатты білдіретін *арам, қас, абзал, сабырды, бапты, жігерлі* т.б., сондай-ақ оқу мәдениет саласына қатысты *хат, қалам, медресе, нақылият*, *насихат*, *ғалым, ілім, бәйіт*, *дастан* тәрізді адамды сан алуан жақтан бейнелейтін сөздерді де Тұрмағамбет әр түрлі мақсатпен еркін және жиі қолданған. Себебі бұлар халық тіліне Абай, Тұрмағамбет тектес тілдік тұлғалардың танымдық, шығармашылық, мұрасы негізінде еніп, поэтикалық, стилистикалық тұрғыдан мәнмазмұны айқындалып, жалпы тілдік қолданыс тапқан, сіңген. Бұл арада ерекше назар аударатын бір жай – шығыс текті сөздердің Тұрмағамбетте жиі қолданылуы кездейсоқ құбылыс емес.

Б.А. Серебренниковтың пікірінше, кез-келген кірме сөздің пайда болуы ғалам бейнесіндегі болып өткен немесе болып жатқан өзгерістерден хабар береді. Жаңа ұғымды басқа тілден енуіне байланысты ғалам бейнесі кеңи түседі [3, 85]. Біз де осы пікірмен келісеміз. Өйткені ақын тіліндегі кірме сөздердің ұлттық санадағы ғалам бейнесіне өзгеріс әкелмей қоймайтыны түсінікті жай. Сондықтан, кірме сөздер ғалам бейнесінің қалыптасуы мен дамуына әсер етеді. Басқа тілден сөздердің енуіне ұлтаралық мәдени және тарихи жақындасудың себеп болатыны белгілі [1, 32].

Тұрмағамбет халық тіліне енбеген, көбінесе діни мазмұнды немесе абстракт ұғым атауы болып келетін *сопы, иман*, *молда, дұға, намаз*, *зиярат*, *иншалла*, *халифат*, *хұтпа, хақ, күпірлік*, *аят-хадис*, *пәни* сияқты араб сөздерін едәуір мол қолданып, өлең тіліне таңдай білген.

Таза «қазақы» өлеңдерінде Тұрмағамбет араб және парсы сөздерін белгілібір стильдік мақсатпен әдейі таңдап алады. Мысалы: *Өтініш осылайша айтқан кезде, Қозғалтып қасқыр көңілін пәруәрдігер,* – деген өлең жолдарында *құдай*, *алла, тәңірі* деген синонимдердің біреуі де келмей, төрт буынды сирек сөз *пәруәрдігер* деген парсы тұлғасы қолданылып тұр.

Ақын тілінде құдайдың бірнеше атаулары: қазақтың исламға дейінгі жалпы түріктік *тәңірі*сі де, парсының *құдай-ы* да, арабтың *алла-сы* да, *жаппар-ы* да, *қадыр һақ-ы* да синонимдік қатар ретінде жатсынбай пайдаланылған. Ақын енді бірде:

Ұят сөз ондайынша аузыңа алма,
Ақ білед пенделердің еткен айыбын –

деп, *құдай* сөзінің орнына көп мағыналы *ақ* сөзін қолданады.

Сонымен бірге Тұрмағамбет шығармашылығында қолданылған кейбір шығыс сөздері сол кездегі жалпыхалықтық тілге де енбеген, кейін де қалыптаспаған элементтер болып табылады. Оларға *ағызаз, мәруәт*, *әбиәт*, *тәпсилан, пәрзәқ, харап*, *хилаң, хаста* т.б. сөздерді жатқызамыз.

Келтірілген мысалдарға талдау жасай отырып, адамдардың айналысатын кәсібінің атауларын білдіретін лексика мен кірме сөздердің де ғаламның тілдік бейнесін айқындаушы танымдық индикаторлар екеніне көз жеткізуге болады. Кумулятивтік қасиет тіл білімінде заттардың атауы (номинация) мен олар туралы белгілерден (уәж) де танылады. Өйткені, әр зат деп танылатын атаудың өзінде халықтың тарихи дамуындағы күнкөріс тәжірибесінің өзі ат қоюдағы ұлттық дүниетанымдық ой-өрісі бейнеленеді. Затты атау (номинациялау)

өмірдің шындығын бейнелейтін тіл деректерінің қалпын құрайды, ал оның аталуына себеп болған жағдайлар (заттың ішкі, сыртқы қасиеттері, халықтық наным-сенім, салт-дәстүрлер) сол заттың айрықша қызметін танытып, өзгелерден ерекшелігін ажыратады. Осыдан кейін ғана ол зат атауға ие болады. Затты танудағы осындай белгілерді *уәждер* деп атаймыз.

Заттық мәдениет жайлы Р.Г.Ахметьянов: «материалдық мәдениет атаулары адам қызметінің басты материалды игілікті өндіру жағын белгілейді, яғни тамақ, киім, баспана т.б. оларды талдау халықтың тарихын оқу үшін аса маңызды көңіл аударарлық жай болып саналады», – деген пікір айтса [4, 17], профессор Ж.Манкеева: «Заттық мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшеліктеріне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде, кумулятивтік қызметі негізінде саналған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары», – деп ой түйіндейді [5, 14].

Тұрмағамбет тілінде заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, әсемдік бұйымдары, жиһаз атаулары, жаугершілікке байланысты лингвомәдени бірліктер т.б. кездеседі.

Бірде табиғат, енді бірде жанды, жансыз дүниенің жаратылысына, тағы бірде адам өмірінің тірлігінен туған ұғымдарға телінген «төрт» сияқты басқа да сандар сөзді астарлап, бейнелеп, тұспалдап және ықшамдап айтудың негізінде нақтылы заттық мағына алып, тірі образға, суретке айналып кеткен. Мысалы, Тұрмағамбет тілінде:

Тұрған соң туралықтың туын тұтып
Даңқы оның кетті дүние төрт бұрышына

Осы мысалда «дүниенің төрт бұрышы» деген тіркестегі «төрт» сан есімі төрт бағыттың жиынтық атауы ретінде қолданылады. Әйтсе де, әдеби тілде оның «шар тарап» деген екінші атауы бар. «Шар» – парсы сөзі – төрт деген ұғымды білдіреді. Бұл тіркестің мағынасы – «дүниенің төрт тарабы» – шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік.

Мысалы, Тұрмағамбет тілінде *Үш тоғыз тарту берді төрт түліктен, Гауһар, дүр, көп берді зат әр мүліктен* немесе *Үш тоғыз елшілерге берді тұлпар, Тағалы тұяқтары тасты қырқар* деген жолдардағы *үш тоғыз* этноатауының негізіндегі халықтық ұғымның сыры *тоғыз* санының қасиетін танытумен қатар, жұрт өмірінде кең етек алған сыйлық тарту мен айып төлеудегі ғұрыптың ерекше сипатын көрсетеді. Халқымызда *тоғызға* байланысты бірнеше түсініктер бар. Мысалы, қазақ қызы тұрмысқа шыққанда бірнеше тоғыздан жасау жасайды. Айталық оған тоғыз көрпе, тоғыз қасық, тоғыз шыны-аяқ, тағы басқа үй мүліктері, киім-кешек сияқты дүниелер жатуы мүмкін. Ал жігіт қалыңдығына құда түскенде бірнеше тоғыздан тұратын қалыңмал береді. *«Тоғыз сәлемдеме»* – тоғыз түрлі заттан тұратын ерекше жолданған сәлемдеменің түрі болумен қатар, барлықтың, байлықтың белгісінің нышаны [6, 62]. Академик І.Кеңесбаев *тоғыз* лексемасына байланысты: «Тоғыз сөзінің қазақтың ескі салтынан орын тепкенін, бір рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге төлейтін сыйлығының, кейде айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі толық айқындайды: Қазақтың өте бір сүйіп ойнайтын ойыны «Тоғызқұмалақты» алсақ, оның ойын тәртібінде «ұту» («айып алу»), «ұтылу» («айып тарту», «айып төлеу») мағынасы бар десе [7, 615], ғалым Ә.Қайдар «Тоғыз тарту – халқымыздың көне дәстүрінде жиі қолданылып келген сыйлық пен айып өлшемі. Тоғыз тарту әдеті, оның мөлшері қазақ арасында әр түрлі болып келген: ол көбінесе айыптың құнның ауыр-жеңілдігіне, сыйдың қымбат-арзандығына байланысты өзгеріп отырған» деп толықтыра түседі [8, 47]. Үш тоғыз – әрқайсысы тоғыздан тұратын үш топ сыйлық, айыбы, сыйлығы. Үлкен жиын тойларда, ат бәйгесіне, сондай-ақ әр түрлі даушарда (барымтада, жер дауы, жесір дауында, құн төлеуде т.б.) бір тоғыздан үш тоғызға дейін сыйлық тартылып, айып төленетін болған [9, 52]. Ақын тіліндегі «үш тоғыз тарту» тұрақты тіркесі о баста рухани өмірдің осы көрінісінен туындаса керек. Яғни заттың атауы ең алдымен уәжде қалыптасып, кейіннен сөз арқылы танылады.

Тоғыз беру дәстүрі – тек қазақ халқына ғана тән емес, жалпы Шығыс халықтарының көпшілігіне ортақ ұғым деп ойлаймыз. Себебі, өзбек халқында үйлену тойы үстінде қонақ әйелдерге тартылатын тоғыз түрлі тағамды «тоққиз тобақ» десе, той жасаушының үйіне «туққиз – туққиз» сыйлық әкелу рәсімі кездеседі, қырғыздарда «тоғуз» беру тоғыз бас малдың мөлшерін білдіреді, ал татарларда қалыңдыққа берілетін тоғыз түрлі сыйлық түрінде танылады, ал, саха халықтары қалың мал үшін

төленетін «тоғыз жылқы, тоғыз өгіз, тоғыз сиырды» «сылғи тоғуса» деп атайды. Мұндай жөн-жоралғылар қарашай, балқар, түркімен, моңғол, парсы халықтарында да ұшырайды [10, 79]. Жалпы түркі тектес халықтарындағы «тоғыз тарту» ұғымының қай кезде және не себепті шыққандығы туралы нақты дерек жоқ.

Демек, тоғыз саны белгілібір бүтіндікті, тұтастықты, әлемнің үш бірлігінің – жоғарғы, ортаңғы, төменгі қосындысын білдіріп, халық ұғымында барлық нәрсенің толыққандылығын, баяндылығын көрсетеді. Тіліміздегі *тоғыз тұрып, тоғыз айып тартты, тоғыз жолдың торабы*, *тоғыз көзді кіреуке, тоғыз қатынның толғағы қатар келді*, *тоғыз қырлы* т.б. тұрақты тіркестері мен жоғарғы келтірген мәліметтерге қарағанда тоғыз толыққанды, тұтастық символы болады деп топшылауға болады.

Әдебиеттер

1 Снасапова Г. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Фил. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. − Алматы, 2003.– 34 б.

2 Маслова В.А. Лингвокультурология: Учебное пособие. − Москва, 2001. − 264 с.

3 Серебренников Б.А. Языковая картина мира. − Москва, 1972. − 285 с.

4 Ахметьянов Р.Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков. − Москва, 1978. − 170 с.

5 Манкеева Ж. Қазақтілінің заттық мәденилексикасы. Фил. ғылым. док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. − Алматы, 1997.– 50 б.

6 Сейілхан А.Қ. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Фил. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. − Алматы, 2001.– 32 б.

7 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. − Алматы, 1997. – 617 б.

8 Қайдар Ә.Т Қазақ тілінің өзекті мәселелері. − Алматы, 1998. – 347 б.

9 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. – 252 б.

10 Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989. – 379 с.

References

1 Snasapova G. Ğ.Müsirepovtiñ «Ulpan» povesindegi lïngvomädenï birlikter. Fïl. ğılım. kand. ğılımï därejesin alw üşin dayındalğan dïssertacïyasınıñ avtoreferatı. − Almatı, 2003.– 34 b.

2 Maslova V.A. Lïngvokwltwrologïya: Wçebnoe posobïe. − Moskva, 2001. − 264 s.

3 Serebrennïkov B.A. Yazıkovaya kartïna mïra. − Moskva, 1972. − 285 s.

4 Axmetyanov R.G. Sravnïtelnoe ïssledovanïe tatarskogo ï çwvaşskogo yazıkov. − Moskva, 1978. − 170 s.

5 Mankeeva J. Qazaqtiliniñ zattıq mädenïleksïkası. Fïl. ğılım. dok. ğılımï därejesin alw üşin dayındalğan dïssertacïyasınıñ avtoreferatı. − Almatı, 1997.– 50 b.

6 Seyilxan A.Q. Qazak tilindegi étnografïzmderdiñ lïngvomädenïettanımdıq mäni. Fïl. ğılım. kand. ğılımï därejesin alw üşin dayındalğan dïssertacïyasınıñ avtoreferatı. − Almatı, 2001.– 32 b.

7 Keñesbaev I. Qazaq tiliniñ frazeologïyalıq sözdigi. − Almatı, 1997. – 617 b.

8 Qaydar Ä.T Qazaq tiliniñ özekti mäseleleri. − Almatı, 1998. – 347 b.

9 Wälïev N. Frazeologïya jäne tildik norma. – Almatı, 1998. – 252 b.

10 Janpeyisov E.N. Étnokwltwrnaya leksïka kazaxskogo yazıka. – Almatı, 1989. – 379 s.

МРНТИ 16.21.51

Ли Э.В.,

к. ф. н. доцент, ак. профессор
Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан, e-mail: emmaviclee@yandex.ru

СЕМАНТИЧЕСКИЕ СВЯЗИ СЛОВ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

Особенностью семантической организации художественного текста является выявление семантической связи слов и их семантической сопряжённости, что образует семантическую близость более крупного объединения слов в тематические группы. При этом всегда важно выявить полный набор семантико-стилистических особенностей, приобретаемых словом в произведении. Кроме того, важно изучение как проявлений особенностей отдельных слов, так и изучение тематических групп слов в тексте, так как именно особенности отдельных слов нередко создают в произведении своеобразный стилистический колорит и именно от них зависит возникновение тематических групп.

Ключевые слова: семантическая связь слов, семантическая сопряжённость, ассоциативная соотнесённость, тематическая группа, символическое значение, эмоционально-экспрессивная нагрузка.

Li E.V.

Semantic links of words in the work of art

A feature of the semantic organization of the art text is the identification of the semantic link of words and their semantic associates which forms semantic similarity of larger combination of words in theme groups. At the same time it is always important to reveal a full set of the semantic-stylistic features acquired by the word in the work. Besides, studying both the manifestations of the peculiarities of individual words and thematic groups of words in the text is important as features of individual words often create a peculiar stylistic coloring in the work and it is from them that the emergence of thematic groups depends.

Key words: semantic link of words, semantic associability, associative correlation, theme group, symbolical meaning, emotional and expressional loading.

Ли Э.В.

Көркем шығармадағы семантикалық сөздердің байланысы

Көркем мәтіндердің семантикалық ұйымдастырылу ерекшелігі, сөздердің семантикалық жақтан байланысы және семантикалық жақындығы үлкен тақырыптық әрекетті құрады. Осыған қарамастан, оның толық сематикалық-стилистикалық ерекшелігін шығармалардан алынған сөздерден жинақтап біріктіру жолдары берілген. Сонымен қатар кейбір сөздердің шығу тарихы және олардың шығармадағы берілу жолдары шығармаға өздігінше ерекше көрініс береді, осыған негізделіп тақырыптық топтар құру талданған.

Түйін сөздер: сөздердің семантикалық байланысы, семантикалық жақындығы, ассоциативтік қатысы, ақырыптық топ, символдық мәні, эмоционалды және экспрессивті жүктеме.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Изучение художественного произведения предполагает, что основное внимание нужно уделять наблюдениям над семантической организацией текста, которая предполагает семантическую связь слов и их семантическую сопряженность. Семантическая связь опирается на реализацию семантической валентности слов, тогда как семантическая сопряженность – это отнесенность слов к одной тематической группе, а также смысловая близость самих групп, которая отражает контактирование в реальной действительности явлений, обозначаемых анализируемыми словами. Смысловая близость обусловлена экстралингвистически, так как явления, называемые словами разных групп, могут контактировать в действительности [1].

Исследуя текст, важно выявить полный набор семантико-стилистических особенностей, приобретаемых словом в произведении. Поэтому в тематические группы, во-первых, объединяются слова по их прямым общеупотребительным значениям и, во-вторых, по контекстуально обусловленным, то есть начальной точкой рассуждений для нас является прямое общеупотребительное значение, представленное в толковых словарях. Следовательно, в центре группы располагаются наиболее употребительные слова, их окружают слова, менее употребительные, тяготеющие к периферии, к которым можно отнести стилистически маркированные единицы и единицы, вовлеченные в данную группу из других тематических групп [2].

Попытаемся показать особенности семантической организации текста на примере анализа лексики в рассказе В. Набокова «Сказка». Изучение лексического состава художественного произведения необходимо проводить таким образом, чтобы можно было учесть семантические связи слов, их семантическое взаимодействие. В силу тематической или ассоциативной соотнесенности слова объединяются в определенные тематические группы. Следовательно, важно изучение как проявлений особенностей отдельных слов, так и изучение тематических групп слов в анализируемом художественном тексте, так как именно особенности отдельных слов нередко создают в произведении своеобразный стилистический колорит.

Многие исследователи творчества В.Набокова отмечают, что его произведения – это поток самых неожиданных стилистических, психологических, художественных находок [3, 404]. В анализируемом рассказе носителями образности становятся все стороны лексико-грамматической природы слова, получающие в контексте различное образно-эстетическое использование. Лексика рассказа полностью соответствует одной из проблем, всегда интересовавшей писателя, – проблеме реального и ирреального, их соотношения, связи. Во многих произведениях В.Набокова эти два момента настолько тесно переплетаются друг с другом, что трудно ощутить ту грань, которая их отделяет.

Уже само название рассказа «Сказка» даёт возможность читателю предположить наличие чего-то волшебного, чудесного в произведении. Не менее значима и первая фраза: «*Фантазия, трепет, восторг фантазии…*», что как бы подтверждает первое предположение читателя. Внимание читателя останавливает и второе предложение: «*Эрвин хорошо это знал*». И дальше становится известным, что дважды в день герой садился в трамвай и «*набирал гарем*». Нерешительный от природы, Эрвин только один раз подошёл на улице к женщине, и та тихо сказала ему: «*Как вам не стыдно… Подите прочь*» [4, 309]. Этого оказалось достаточно, и герой научился тайно, только в своих фантазиях подбирать себе женщин. Это происходило каждый день и стало привычным занятием.

Фонология арқылы лингвистикаға инвариант ұғымы кірді, онда фонема инвариант ретінде, ал оның дыбыстық қайта айтылуы вариант ретінде сипатталады. В.М. Солнцев варианттар мен инварианттардың шекарасын өте дәл сипаттап береді, ол лингвистикада вариативтілік (варианттылық) ұғымы екі жақты қолданылады деп жазады: «Біріншіден, кез келген тілдік өзгерушіліктің, модификацияның сипаттамасы ретінде, яғни эволюция нәтижесі болуы мүмкін, түрлі тілдік құралдарды ұқсас немесе бір құбылыстарды білдіру үшін пайдалану». Бұлай түсінген жағдайда вариативтілікті инварианттылыққа қарама қайшы қою қажеттілігі жойылады. Екіншіден, вариативтілік ұғымы синхрониядағы тіл бірліктерінің өмір сүру және қолданылу тәсілінің сипаты ретінде қолданылады. Осы екінші жағдайда, әсіресе фонологиялық зерттеулерде варианталу ұғымы инвариантты, өзгермейтін ұғым аясында түсініледі. Бұл жерде «вариант» терминіне «инвариант» термині сәйкес келеді. Вариативтілік туралы осы екінші ұғымды қолдану кейіннен фонологиядан лингвистиканың басқа да салаларына ауысты [6, 32].

Орыс тіл білімінде дәстүрлі түрде «инвариант» деп «бір мәннің (мысалы, сол бір бірліктің) нақты модификациясы – вариантынан ауытқыған дерексіз мағынасы» түсініледі [7, 60], сондықтан біздің зерттеу пәнімізге «инвариант» терминін қолдану келмейді. Айта кету керек, вариант және инвариант ұғымдарын кез келген тілдік бірліктерге ауыстырған Л. Ельмслев болатын.

Тіл зерттеушісі М.Я. Блох «вариативтілік» терминін өзін өзі түсіндіретін атаулар класына жатқызады (түсіндірме терминдерге) және сөздікте синонимдік тәсілге сәйкес анықталады, мысалы, «жекелей өзгерушілік», «түр өзгерушілікке қабілеттілік», «түр өзгеру процесі» [8, 14].

Фонология саласынан тілдің басқа қабаттарына вариативтілік кеңінен таралып кетті, себебі К.С. Горбачевичтің анықтауынша, «форманың вариант-талуы – бұл тілдік эволюцияның объективті және ажырамас салдары. Тіл біртіндеп дамып жетіледі. «Тіл өздігінен өзгереді» деген парадокс бекер айтылмаса керек. Бұл мағынада варианттылықтың болуы, яғни ескі және жаңа сапаның болу деңгейі, зиянсыз емес, керек десеңіз пайдалы. Варианттар бізге жаңа формаға үйренуге көмектеседі, норманың жылжуын, ауытқуын білдірмей жібереді» [9, 25]. Грамматика саласында вариантқа қайта фразалаудың кез келген фактілерін кіргізе салуға болмайды, сондай-ақ синтаксис саласында да – кез келген синтаксистік тұлға семантикалық тұрғыдан эквивалентті бола алмайды.

Лингвистикадағы тілдік варианттарды топтастырудың неғұрлым ортақ принципі олардың жүйелі айқындалған және прагматикалық айқындалған түрде жіктелуі екендігін мойындау керек. Прагматикалық айқындалған вариант типтерінің бірі ретінде тым көпқырлы, себебі, айналып келгенде, олардың экстралингвистикалық факторларын айқындайтын әр түрлілікті бейнелейді. Мұндай варианттарға әлеуметтік, жас ерекшелік, гендерлік, аумақтық, хронологиялық, стилистикалық, коммуникативті-жағдаяттық варианттар жатқызылады.

Варианттарды белгілері мен типтері бойынша топтастыруға ұмтылу көбіне стихиялық және жеке сипат алады. Мысалы, К. Маттайер варианттарды мынадай белгілері бойынша шектеуге құрылған топтастыру ұсынады: «тілдердің деңгейі, тіл сатылары, яғни жағдаят және контекс типтері бойынша, коммуникативтік қызмет, пайда болуы бойынша» [10, 12].

Тілдің басқа деңгейлеріне варианттардың кең таралуы көптеген сұрақтардың туындауына әкеп соқтырды, оларға өз еңбектерінде төмендегідей көптеген ғалымдар жауап беруге тырысты: О.С. Ахманова, В.С. Гак, К.С. Горбачевич, Л.П. Жу-

ковская, В.Н. Ярцева, Н.Н. Семенюк және т.б., алайда қазіргі зерттеушілердің пікірінше, «вариант ұғымы варианталудың түрлері үшін де (формалды, семантикалық, құрылымдық, функционалдық, прагматикалық айқындалған және т.б.), тілдің түрлі деңгейлері мен аспектілері үшін де әлі күнге дейін нақтыланбаған» [11, 9].

Тіл білімінде варианталудың екі типі бір-біріне қарама-қарсы қойылады – лексикалық және грамматикалық (немесе морфологиялық), олар бірліктің жүйелі модификациясының міндеттілік / міндеттілік емес, варианттар санының реттеушілік / бейреттеушілік, варианталу шекараларының қатаңдық / бейқатаңдық және т.б. белгілері бойынша ажыратылады. «Айрықша ажыратылатыны лексика, сөзжасам және синтаксис бірліктерін біріктіретін варианталудың деңгей аралық типі (бір денотатты білдіруге арналған әр түрлі құрылымдық бірліктердің варианталуы)» [12, 13].

Варианттар толық және толық емес болады. Варианттардың бірінші типі айтылу, екпін секілді формалды көрсеткіштермен ажыратылса, екінші типі функционалды жағынан ажыратылады, яғни сөз варианттары жалпы қолданылатын арнайы кәсіптік салада және әдеби нормадан тыс өмір сүре алады.

Варианттардың қазіргі жағдайы және ары қарайғы зерттеу келешегі Н.С. Бабенко, Э.Ф. Володарская, Е.И. Кириленко, Т.Б. Крючкова, О.Н. Селиверстова, Н.Н. Семенюк секілді авторлардың бірігуімін жарық көрген «Варианттылық теориясы: қазіргі жағдайы және кейбір зерттеудің болашақ бағдары» деп аталатын мақалада көрінеді. Зерттеушілер варианттардың пайда болу тарихы мен зерттелуін қазіргі орыс тілі материалдары негізінде қарастырып, варианттарды тіл біліміндегі жетекші ұғымдардың бірі ретінде мұқият жан-жақты талдау жасайды. Жұмыс авторлары вариативтілік құбылысын зерттеудің стихиялылығы (кездейсоқтылығы) тілдік варианталуды зерттеудің XX ғасырдағы түрлі лингвистика бағыттарында маңызды рөл атқарғандығынан, «...мұнымен қоса осы проблематиканы қарастырудың кейбір нәтижелері куә болғандай, көптеген түрлі кездейсоқ қалыптасқан бағыттарда орын алуымен» деп түсіндіреді.

Соңғы онжылдықта вариативтілік терминология саласында арнайы зерттеу пәніне айналды. Қандай да бір терминді таңдауда күрделі мәселелерге алып келген терминологиядағы аса кең вариативтілікті бірқатар ғалымдар атап көрсетеді. Терминологиядағы варианттарды зерттеудің өзектілігіне келетін болсақ, өз зерттеуінде К.Я. Авербух көрсеткендей: «Әзірге терминологиялық теорияның «ғимаратын» соғуға негіз болатындай іргелі идея жоқ. Алайда терминдер мен терминтануды ретке келтіру және стандарттау әрекеті де арнайы кәсіптік қатынас саласындағы вариативтілікпен күрес астарында пайда болғандығын еске түсірейік, олардың материалдық көрінісі синонимия, полисемия және омонимия болды. Бұған қоса, кез келген құбылыспен тиімді күрес бұл құбылыстың табиғатының зерттелу жағдайында ғана мүмкін болады, сондықтан да вариативтілік теориясы терминнің жалпы теориясы пайда болатын фундамент, іргетас болу мүмкіндігіне толық негіз бар деп пайымдауға болады» [13, 192-194].

Терминтануда сонымен бірге терминологиялық варианттардың бірнеше топтастыруы бар, мысалы, Л.С. Фролова толықтырған В.М. Лейчиктің топтастыруы, С.В. Гринев пен В.А. Татариновтың топтастыруы.

Қазіргі қазақ тіліндегі тілдік бірліктер мен нормалардың варианттылығын зерттеуге зор үлес қосқан қазақстандық лингвистердің бірқатарын атап өткен жөн. Олар С. Бизақов, А. Болғанбаев, А.И. Ысқақов, С.К. Кеңесбаев, Г.Г. Мұсабаев, Ш. Сарыбаев, Р. Сыздық, И.К. Ұйықбаев, К.Ш. Хусаин, т.б.

1997 жылы С. Бизақов қазақ тіліндегі варианттылық мәселелерінің жеткіліксіз қарастырылғандығын айта келе, төмендегідей себептерін келтіреді: «а) жазу дәстүрінде баспа ісінің «дамымаушылығы» жергілікті говорлардың әдеби тіл нормасы тұрғысынан жүйелендірілуін күрделендірді. Жаңа әлеуметтік жағдайларда ұлттық тілдің жан-жақты дамуы, стилистикалық формалардың қалыптасуы говорлардың даму мүмкіншілігін тарылтты. Бұның барлығы тілдегі сапалы түрде ерекшеленетін варианттардың азаюына жақсы жағдай жасады; б) вариативтілік мәселесі лингвистикалық сұрақтардың кең ауқымды байланысты қарастырылатындықтан, ол басқа да бірқатар құбылыстарды алдын ала зерттеуді талап етеді».

Түркі, семит және үндіеуропа тілдеріндегі метатеза мен түбір вариативтілігі туралы мәселелерді шешуге арналған жұмысында К.Ш. Хусаин былай деп көрсетеді: «Бір мазмұнды бірақ екі түрлі формалардан тұратын тілдік бірліктердің вариативтілігі лингвистикалық әдебиетте форманың артықшылығы және жаңа бірліктер жасаудағы тілдің даму процесіндегі мүмкіндіктерін жүзеге асыру тәсілі ретінде қарастырылады. Форманың артықшылығы тұр-

ғысында вариативтілік коммуникацияның негізгі заңдарына қайшы келеді, себебі дыбысталу мен мағынаның бірлігін, әр түрлі жасалған туынды сөздер арасындағы фонематикалық қатынасты бұзады, семантикалық тұрақтылықты формалды білдіру көптілігіне ықпал етеді». Оның пікірінше, «вариативтілік сипатының өзгеруі барлық тіл деңгейлерінде болуы мүмкін» [14, 174].

Сөйтіп, әдебиеттерді аналитикалық шолу көрсетіп отырғандай, вариант және вариативтілік лингвистикада кең көлемде зерттеулер мен әр түрлі тұрғыдан қарастырыла алады. Бір дереккөздерде вариативлік сөйлеу құбылысы деп қарастырылса, енді біреулерінде тілге тән социолингвистикалық фактор ретінде түсіндіріледі (әр түрлі тіл варианттары). Сондықтан да Л.П. Крысиннің мына пікірін әбден орынды деуге болады, варианттарды зерттеудің қызықтылығы мен маңыздылығы «тек тілдің қолданылуының әлеуметтік факторларға тәуелділігі туралы тезистің иллюстрациясы ғана емес, әдеби тілдердің көпшілігіне тән вариативтілік олардың дамуы жолындағы кедергі емес, қалыпты құбылыс, оның негізі тіл жүйесінің маңызды қасиеттерінде және оның қарым-қатынас құралы ретінде қолданылу сипатында жатыр. Тіл – жүйе ретінде де, норма ретінде де, сөйлеу ретінде де гетерогенді». Енді біреулері вариативтілікті мәтіндегі, яғни жазба деректердегі әр түрлі оқылуы деп түсінеді. Әр түрлі қырынан қарастырылуының жағымды және жағымсыз жақтары да бар, ал оларды таңдау зерттеуші іріктеп алатын нақты талдау материалына байланысты.

Сонымен, қазіргі кең көлемдегі түсінікте вариативтілік құбылыстардың сипаты бойынша айтарлықтай әр түрлі спектрді қамтиды, оларға төмендегідей айқындалған варианттану жатады:

- интралингвистикалық себептермен, мысалы, бір тілдің жүйесіндегі тілдік бірліктердің эволюциялық дамуы сияқты;
- тілдік қатынас және қостілділік секілді экстралингвистикалық себептермен;
- тілдің өмір сүруінің жекелеген формалары: әдеби тілдің әр түрлі тіл варианттармен бірге өмір сүруі;
- тілдің ұлттық-аумақтық түрлері: әдеби тіл және диалектілер.

Сондай-ақ варианттар мен вариативтілік құбылыстарын зерттейтін бағыттардың анықтамасына да назар аудару керек, себебі осы лингвистика саласын білдіретін бірнеше терминдер бар, олардың зерттеу категориялары варианттар және әлбетте вариативтілік құбылысы болып табылады. Мысалы, ортология, варианттылық теориясы, вариология, вариантология секілді терминдер кездеседі.

Әдебиеттер

1 Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. –Алматы, 1967. – 3 б.

2 Фирсова Н.М. Языковая варитивность и национально-культурная специфика речевого общения в испанском языке. – М.: Изд. РУДН, 2000. – 128 с.

3 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

5 Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике. – М.: Азбуковники, 2001. – 640 с.

6 Солнцев В.М. Вариативность как общее свойство языковой системы // ВЯ. – 1984. –№2. – С. 32.

7 Русский язык. Энциклопедия / Гл. ред. Ю.Н. Караулов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Большая Российская энциклопедия; Дрофа, 1997. – 703 с.

8 Проблемы языковой вариативности / Сборник обзоров. – М., 1990. – 189 с.

9 Горбачевич К.С. Нормы современного русского литературного языка. – М.: Просвещение, 1989. – 208 с.

10 Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке. – М.: Логос, 2003. – 304 с.

11 Бабенко Н.С., Володарская Э.Ф., Кириленко Е.И., Крючкова Т.Б., Селиверстова О.Н., Семенюк Н.Н. К теории вариантности: современное состояние и некоторые перспективы изучения // Вопросы филологии. – 2000. – №2(5). – С. 9.

12 Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. – Алматы: Ғылым, 1997. – 208 б.

13 Авербух К.Я. Манифест современной терминологии // Мат. межд. научно-практ. конф. «Коммуникация: теория и практика в различных социальных контекстах «Коммуникация – 2002». – Пятигорск: Изд-во ПГЛУ, 2002. – Ч. 1. – С. 192-194.

14 Хусаин К.Ш. К вопросу о метатезе и вариативности корня (на материале тюркских, семитских и индоевропейских языков) // Вестник КазГУ. Серия филол. – 2001. – № 50. – С. 174.

References

1 Yiykbaev I. Qazirgi qazaq tilindegi varianttylyq problemasy. –Almaty, 1967. – 3 b.

2 Firsova N.M. Yazykovaya varitivnost' i nacional'no-kul'turnaya specifika rechevogo obshcheniya v ispanskom yazyke. – M.: Izd. RUDN, 2000. – 128 s.

3 Sulejmenova E.D., Shajmerdenova N.ZH. Slovar' sociolingvisticheskih terminov. – Almaty: Qazaq universiteti, 2002. – 170 s.

4 Ahanov K. Til biliminin negizderi. – Almaty: Sanat, 1993. – 496 b.

5 Anglo-russkij slovar' po lingvistike i semiotike. – M.: Azbukovniki, 2001. – 640 s.

6 Solncev V.M. Variativnost' kak obshchee svojstvo yazykovoj sistemy // VYA. – 1984. –№2. – S. 32.

7 Russkij yazyk. EHnciklopediya / Gl. red. Yu.N. Karaulov. – 2-e izd., pererab. i dop. – M.: Bol'shaya Rossijskaya ehnciklopediya; Drofa, 1997. – 703 s.

8 Problemy yazykovoj variativnosti / Sbornik obzorov. – M., 1990. – 189 s.

9 Gorbachevich K.S. Normy sovremennogo russkogo literaturnogo yazyka. – M.: Prosveshchenie, 1989. – 208 s.

10 Valgina N.S. Aktivnye processy v sovremennom russkom yazyke. – M.: Logos, 2003. – 304 s.

11 Babenko N.S., Volodarskaya EH.F., Kirilenko E.I., Kryuchkova T.B., Seliverstova O.N., Semenyuk N.N. K teorii variantnosti: sovremennoe sostoyanie i nekotorye perspektivy izucheniya // Voprosy filologii. – 2000. – №2(5). – S. 9.

12 Bizaqov S. Tildik norma zhane varianttylyq. – Almaty: Gylym, 1997. – 208 b.

13 Averbuh K.YA. Manifest sovremennoj terminologii // Mat. mezhd. nauchno-prakt. konf. «Kommunikaciya: teoriya i praktika v razlichnyh social'nyh kontekstah «Kommunikaciya – 2002». – Pyatigorsk: Izd-vo PGLU, 2002. – CH. 1. – S. 192-194.

14 Husain K.SH. K voprosu o metateze i variativnosti kornya (na materiale tyurkskih, semitskih i indoevropejskih yazykov) // Vestnik KazGU. Seriya filol. – 2001. – № 50. – S. 174.

IRSTI 16.21.65

Mussabekova U.E.[1], Taubayev Zh.T.[2],

[2]Doctor of Philological science, professor, [2]3rd year PhD student
of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: zharasxiansheng@mail.ru

SIGNIFICANCE OF DISCOURSE ANALYSIS AND PRAGMALINGUISTICS IN MODERN LINGUISTICS

The article considers modern research directions of modern linguistics such as discourse-analysis, pragmalinguistics and their interrelation, relevance. There is given comprehensive literature review of scientists, linguists who dealt with discourse, discourse analysis and pragmalinguistics. In addition to this, authors give their own standpoints and conclusions concerning these two notions. Author mentions about similarities of discourse analysis and pragmalinguistcs , moreover one of the main tasks of pragmalinguistics is to reveal the nature of discourse / text. In other words, pragmalinguistics take into account all problems of discourse and text. The relevance of discourse analysis and pragmalinguistics lays on the fact that they are used within or under the latest, modern anthropocentric paradigm, by investigating discourse / text we can understand a person's cognitive structure, outlook, worldview. pragmalinguistics investigates how a language unit can influence on a certain audience. Thereby, above-mentioned two scientific directions play an important role and relevant to linguistics.

Key words: discourse, discourse analysis, pragmalinguistics, anthropocentric paradigm.

Мусабекова У.Е., Таубаев Ж.Т.

Дискурс-талдау мен прагмалингвистиканың қазіргі лингвистикадағы маңыздылығы

Берілген мақала лингвистикадағы жаңа зерттеу бағыттары болып саналатын дискурс-талдау мен прагмалингвистиканың өзара байланысын, маңыздылығын қарастырады. Дискурс-талдау мен прагмалингвистика жайлы отандық және шетедік зерттеген ғалымдар жайлы жаң-жақты ақпараттар беріліп, өз тараптарынан аталған ұғымдарға өз қорытындыларын жасайды. Прагмалингвистика мен дискурс-талдау арасындағы ұқсастықтары анықталады, тіпті прагмалингвистиканың негізгі мақсаты дискурс пен мәтіннің табиғатын ашу, оларға қатысты бүкіл мәселелерді шешу екендігі дәлелденіп айтылады. Автор аталған ғылыми зерттеу бағыттарының маңыздылығы, өзектілігі ретінде олардың лингвистиканың ең соңғы антропоөзектілік парадигмасына сәйкес жүзеге асатыны, дискурс-талдауда тілдік бірліктер арқылы адамның когнитивті дүниетанымын, әлемді қабылдауын, ой-өрісін анықтауға болатыны туралы ой қозғайды. Ал прагмалингвистика арқылы, тілдік бірліктер арқылы өзге аудиторияға ықпал етуге болатыны айтылады. Яғни, осылайша екі зерттеу бағыты қазіргі лингвистикада үлкен орын ала отырып, өзінің маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: дискурс, дискурс-талдау, прагмалингвистика, антропоцентрикалық парадигма.

Мусабекова У.Е., Таубаев Ж. Т.

Значимость дискурс-анализа и прагмалингвистики в современной лингвистике

Данная статья рассматривает новые исследовательские направления современной лингвистики, такие как дискурс-анализ и прагмалингвистика, их взаимосвязь и значимость. Дан всесторонний литературный обзор ученых, лингвистов, которые тщательно изучали дискурс, дискурс-анализ и прагмалингвистику. Автор даёт свои трактовки, умозаключения относительно этих понятий. Были выявлены схожие факторы дискурса-анализа и прагмалингвистики, более того одной из главных целей прагмалингвистики является выявление природы дискурса и

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

текста. Иными словами прагмалингвистика берёт на себя все вопросы, проблемы дискурса и текста. Автор в качестве значимости дискурс-анализа и прагмалингвистики оговаривают что они рассматриваются в рамках новейшей антропоцентрической парадигмы, дискурс-анализ исследуя тексты выявляет когнитивные структуры, мировоззрения, кругозор языковой личности. В свою очередь прагмалингвистика исследует способы воздействия на определенную аудиторию по средством языковых знаков. Таким образом, эти два направления занимают особую роль и являются значимым для современной лингвистики.

Ключевые слова: дискурс, дискурс-анализ, прагмалингвистика, антропоцентрическая парадигма.

We are aware of that there were a number of paradigm in linguistics from historical linguistics. There were comparative, structural, systemic. But nowadays the latest paradigm is anthropocentric. It investigates not language separately that used to do in the past. In studies real language with regard to human being. And in this circumstance we need to study words, sayings of people with their aims, intentions. So, with this issue deals Discourse analysis and pragmalinguistics.

At present time discourse, discourse analysis, pragmalinguistics play key role in modern linguistics. Because they are studied within the anthropocentric paradigm which the latest paradigm and directed to investigate language with it's owner. E.D. Suleimenova defines discourse as «one of the main object of modern linguistics, discourse theory – is the mean to bring language up to the real interaction with the help of discourse analysis» [1, 64-66]. It shows one more time that investigating discourse with discourse analysis is crucially important to modern linguistics. Because by examining it, you investigate entirely person's ideas, intentions and cognitive processes that take place in human being's mind. First of all, let me expand on what is discourse and discourse analysis.

There are a range of scientists, linguists who investigated discourse and discourse analysis such as J. Ostin, T. van Dijk, O.S. Issers, A.E. Karlinski, N. Arutunova. An important theory of discourse is cognitive-oriented analysis directed to mental structure, mechanisms, strategies which are relevant in producing and understanding speech and text [2, 53].

Discourse has very broad meaning and definitions because of four directions of defining it – formal, functional, situational and cognitive. From formal point of view «discourse is a language more than sentence. Correspondingly discourse is the semantic cohesion of two or more sentences» [3, 154,]. Functional way of explaining discourse shows that it is any «language use» and situational means that it should be to be considered in social-cultural context [4, 67]. So we see that discourse is the cohesion of two or more sentences (written) or real language use (spoken) that should be scrutinized in social-cultural context (situation).

We smoothly move from defining the term discourse to the discourse analysis. According to M.L. Makarov «Discourse analysis studies socio-cultural, interactive sides of language conversation including even trivial written text» [4, 88]. E.S. Kubriyakova points out «Discourse analysis – is the text analysis not only texts, but also speech acts where we can analyze language semantics of different speech units. It would be insufficient without considering cognitive categories, because semantics of the words closely connected with the cognitive structures. Discourse analyses on the base of sending information to an addressee, on-line. In order to understand not all information is used, just classified information; secondly, to activate knowledge in the mind of addressee the sending text / speech production must have some language signals and the text must be structured with special rules («own» lexicon and «own» grammar)» [5, 20].

On the base of above mentioned definitions we think that in Discourse analysis (in analyzing speech production) there are three main principles:

1) analysis of cognitive structure which provides adequate data processing;

2) analysis language and speech semantics of speech units:

3) analysis of speech form an interpreter's position (interrelation between addresser's information intention and addressee's understanding that intention).

It enables us to understand discourse analysis investigates not only text / speech but also cognitive, mental processes that take place in human being's mind. Because under every word lays outlook, worldview, cognitive conception.

Nowadays there are different definitions of pragmalinguistics (pragmatics): the first one – Charles Morris's semantics – syntax – pragmatics; the second one – radical pragmatics, that means relationship between linguistics and pragmatics within the framework of the cognitive level. Even here we can

understand that discourse analysis and pragmalinguistics have deep relationship.

Pragmalinguistics was investigated by outstanding scientists such as A. Fetzer, T. van Dijk, Ch. Morris, J. Searle, J. Ostin, R. Vanderveken, I.P. Susov, V.V. Bagdanov, V.N. Komissarov, M.A. Danilova, Z.Sh. Ernazarova, G.A. Mashinbayeva, L.M. Shaikenova, D.A. Alkebayeva, A.Zh. Amanbayeva, K. Esenova and others.

According to I.P. Susov «Pragmalinguistics can be defined as a branch of linguistics, which studies usage of natural language by people as a mean of social action and interaction in real situation on the base of special system of rules, postulates and strategies. It is like a grammar of speech behaviour of people in society» [6, 17]. So that means the author considers Pragmalinguistics as a branch of linguistics which investigates how a person uses language in different social situations and demonstrates that it is the grammar of human being's speech act which is used in different situation.

The object of pragmalinguistcs (pragmatics) is speech acts and Grice's cooperative principles . As we probably know speech acts comprise three stages: locutionary (uttering words), illocutionary (directing intentions with the help of performative verbs) and perlocutionary (it is the expected result). But J. Searle did not add perlocutionary act to the speech act. According to V.V. Bogdanov's opinion: «the problem lays on not concerning perlocutionary act belongs to linguistic or not. The issue is that in linguistic theory (especially in pragmatics) there is no any rules that can guarantee 100 percent realization of perlocutionary act» [7, 38].

V.N. Komissarov defines pragmalinguistics or process of influencing speech acts as «receptors by receiving information relates with the text. It is called pragmatic relation. A person may get just intellectual knowledge form the text. Secondly, information affects on receptor's feeling and may create emotional reaction. He calls it as pragmatic aspect (or pragmatic power of the text)» [8, 209].

In Kazakh linguistics, Z.Sh. Ernazarova mentions that «pragmatics is the science which investigates relationship of dynamic text / discourse with the creator of it» [9, 200]. G.A. Mashibayeva points out: «pragmalinguistics is the branch that teaches true based communication, substantial – functional peculiarities of language. Moreover it teaches how to share information, ideas with the help of verbal and nonverbal language approaches» [10, 7].

If Pragmalinguistcs deals with speech acts, the realization of speech acts are performatives / performative verbs. According to M.A. Danilova «Performatives are realized with this structure I + performative verb + addressee name» [11, 47]. Performative sentence is different from ordinary sentence because of this fact: the ordinary sentence conveys only information, description, utterance, whereas in contrast performative sentence conveys how to react and affect. Regarding this case L.M. Shaikenova points out «In speech act theory performatives are action oriented utterance». Examples for them could be war proclaim, declaration, begging apologize, military orders and others [12, 25]. In fact, we use performatives to influence on someone. For example, I sentence you for 25 years. I beg you pardon. I will forgive your betrayal.

The main form of communication is discourse and text. pragmalinguistics examines communication acts of people in two forms: spoken (discourse) and written (text). Thereby discourse theory and text theory identifies the main aim of pragmalinguistics. That's why Pragmalinguistics take all issues of discourse, text theories as it's purpose. The main aim is to discover, make clear the nature of discourse and text.

As we understand discourse analysis and pragmalinguistics are closely connected and even more one of the main tasks of pragmalinguistics is to discover the nature of discourse. That they are inseparable at present time. This good combination is one of the main directions of modern linguistics and plays crucially important role in Linguistics. Firstly, in correspondence with anthropocentric paradigm, they investigate language elements with it's owner not separately. Particularly, discourse analysis studies how the cognitive processes that take place in human's mind. So, discourse analysis investigation deals with not only with the text or oral information, but also cognitive perceptions of the people. That means it is person-oriented. When we understand that how people produce words due to a certain outlook, worldview, then we need to clarify how that cognitive, world view oriented words must influence, affect on something. Hence, we rely on pragmalinguistics, because it studies how express intentions, influence, agitate, convince somebody about something. Especially it is used in political discourse. IN comparison with the past, now there are many talk shows, TV shows, political debates, discussions concerning different problematic questions where scientists need to analyze discourse and understand how to attract people's attentions , as a result to persuade the audience.

Литература

1 Сулейменова Э.Д. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики // Современные проблемы дискурса: теория и практика: Международная научно-практическая конференция. – Алматы: КазУМО и МЯ, 2006. – С. 64-66

2 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. – Изд. 3-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2003. – 284 с.

3 Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: Изд-во МГУ, 1976. – 170 с.

4 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с.

5 Кубрякова Е.С. О понятиях дискурса и дискурсивного анализа в современной лингвистике // Дискурс, речь и речевая деятельность: функциональные и структурные аспекты. – М.: МГУ имени М.В. Ломоносова, 2000. – С. 7-25

6 Сусов И.П. Лингвистическая прагматика. – М.: Восток-Запад, 2006. – 200 с.

7 Богданов В.В. Речевое общение. Прагматические и семантические аспекты: учеб. Пос. – Л.: ЛГУ, 1991. – 87 с

8 Комиссаров В.Н. Теория перевода. – М.: Высшая школа, 2004. – 253 с.

9 Ерназарова С.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксисінің бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол.ғыл.док. ...дис. – Алматы, 2001. – 246 б.

10 Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2007. – 125 б.

11 Данилова М.А. Речевые акты в текстах евангельских притч: дис. ...канд.фил.наук. – Алматы, 2008. – 222с

12 Шайкенова Л.М. Функционально-семантическое описание ментальных перфомативов: дис. ...канд.филол. наук. – Алматы, 1999. – 130 б.

References

1 Suleimenova E.D. Diskurs v diskurse kazakhstnaskoi lingvistiki // Sovremennie problemi diskursa: teoria i praktika: Mezhdunarodnaya nauchno-teoreticheskaya konferencia. – Almaty: KazUMO I MIYA, 2006. – S. 64-66

2 Issers O.S. Kommunikativnie strategii i taktiki russkoi rechi. – Izd. 3-e, stereotipnoe. – M.: Editorial URSS, 2003. – 284 s.

3 Zvegincev V.A. Predlozhenie i ego otnoshenie k yaziku i rechi. – M.: Izd-vo MGU, 1976. – 170 s.

4 Makarov M.L. Osnovi teorii diskursa. – M.: ITDGK «Gnozis», 2003. – 280 s.

5 Kubriyakova E.S. O poniyatiyakh diskursa i diskursivnogo analiza v sovremennoi lingvistike // Diskurs, rech i rechevaya deietelnost': funkcionalnie I strukturnie aspekti. – M.: MGU imeni M.V. Lomonosova, 2000. – S. 7-25

6 Susov I.P. Lingvisticheskaya pragmatika. – M.: Vostok-Zapad, 2006. – 200 s.

7 Bogdanov V.V. Rechevoe obchenie. Pragmaticheskie I semanticheskie aspekti: ucheb. pos. – L.: LGU, 1991. – 87 s.

8 Komissarov V.N. Teoriya perevoda. – M.: Visshaya shkola, 2004. – 253 s.

9 Ernazarova S.Sh. Kazakh soileu tili sintaksisinin birlikterinin pragmatikalik negizderi: philol.gil.dok. …dis. – Almaty, 2001. – 246 b.

10 Mashinbaeva G.A. Teledidar tilinin lingvopragmatikalik aspektileri. gil.kand.diss. – Almaty, 2007. – 125 b.

11 Danilova M.A. Recheviye akti v tekstakh evangelskikh pritch: dis. …kand.phil.nauk. – Almaty, 2008. – 222 s.

12 Shaikenova L.M. Funcionalno-semanticheskoe opisanie mentalnikh performativov: dis. …kand. philol. nauk. – Almaty, 1999. – 130 b.

ҒТАХР 16.21.55

Оданова С.А.[1], Абишова Р.А.[2],

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
[1]профессоры, [2]2 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: abaiqyzy@mail.ru

ЖАРНАМА ДИСКУРСЫНЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Соңғы жиырма бес жыл ішіндеелімізде нарықтық қатынастарға негізделген жүйе қалыптаса бастағаннан бері жарнама қоғамдық өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналды. Осы кезеңнен бастап жарнама тілін зерттеу тіл білімі ғылымында да алға қойылды. Жарнама қоғамның барлық сферасына ене отырып, оның әлеуметтік институтына және онда өмір сүріп отырған адамдар өміріне белсенді түрде әсер етуде. Қазіргі таңда жарнама берілу жолына қарай тележарнама, радиожарнама, баспа жарнамасы, көше жарнамалары және желілік жарнама болып бөлінеді.

Тіл біліміндегі бағалауыштық мән әртүрлі тіл деңгейлерінде көрініс тауып коммуниканттардың көздеген мақсатына жетуіне қызмет етеді. Жарнама мәтінінде бағалауыштық мәнді беретін ең негізгі бірліктер – сөз таптары.Жарнама тілінің бағалауыштық мәнді беруінде стилистикалық аспектісі тұрғысынан көркемдегіш құралдар жарнаманың құндылығын арттырып, ішкі бояуын аша түседі. Эпитет, метафора және оның түрлері, теңеу, сөзойнатым («каламбур» терминін «сөзойнатым» деп алғанды жөн көрдік), шендестіру, салыстыру, кейіптеу сынды көркемдегіш құралдар актив түрде қолданылып, қазақ тілді жарнамалардың мәтінінде ұтымды қолданылған.

Түйін сөздер: жарнама, жарнама мәтіні, жарнама тілі, тележарнама, бағалауыштық мән, сын есімдер.

Odanova S.A., Abishova R.A.

Stylistic aspect of advertising discourse

Since the period of the year of independence the language of advertizing has been considered in Kazakh linguistics. This is because in this period the republic passed to market society. Now the life of the modern person is inconceivable without advertizing background which is more and more obvious, more active and acting. Advertizing which has already penetrated and is getting into all spheres of society actively influences its social institutes and has considerable impact on social behavior of the people living in it.

The evaluative meaning in linguistics is reflected in different language levels and it is used to achieve the objectives of the communicants. The most basic units forming the evaluative meaning are parts of speech. Adjective is a derivative way of conveying evaluative value in advertising in the Kazakh language. The categories of comparative degree of adjectives, lexical groups are owners of the evaluation value of any kind of advertising. The article is an analysis of a group of words, which are considered an integral part of society with evaluation value made by using the adjective and it shows the findings which were made by scientists.

Key words: advertising, ad text, the language of advertising, television advertising, estimated value, style.

Оданова С.А., Абишова Р.А.

Стилистический аспект рекламного дискурса

С начала периода независимости в казахской лингвистике рассматривается язык рекламы. В этот период наша республика перешла на путь капитализма. Сейчас жизнь современного человека немыслима без рекламного фона, который является все более очевидным, более активным и действующим. Реклама, проникшая и проникающая во все сферы общества, активно

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

воздействует на его социальные институты и оказывает значительное влияние на социальное поведение живущих в нем людей.

Оценочное значение в языкознании отражается в разных языковых уровнях и служат для достижения целей коммуникантов. Самыми основными единицами, формирующих оценочное значение, являются части речи. Имя прилагательное – самый производный путь передачи оценочного значения в рекламах на казахском языке. Категории сравнительной степени имен прилагательных, лексические группы являются обладателями оценочного значения любого вида рекламы. В статье делается разбор на группы слов, которые считаются неотъемлимой частью общества, с оценочными значениями, сделанные с помощью имени прилагательного и были сделаны научные выводы.

Ключевые слова: реклама, текст объявления, язык рекламы, телевизионная реклама, оценочная стоимость, стиль.

Жарнама мәтінінің әрекет ету механизмін қарастыруға жақындау психологтардың тарапынан қарапайым түсіндіріледі. Жарнамалық хабарлама көрермен көз алдына тауар бейнесімен байланысатын оң эмоцияны индукциялайды. Бәріне белгілі болғандай, жақсы жарнама санадан тыс (бұлыңғыр) әсер етеді, мүлдем логикалық сендіруді қажет етпейді. Бұл әрекет етудің негізінде бәрінен бұрын адам психикасының ойлау және эмоционалды өзегіне бағытталған тілдік айла жатыр. Жарнама тілі – бұл «адресаттың когнитивті және мінез-құлықтық қызметіне жасырын әсер ету мақсатында нақты бір ресурстарды қолдану жолдарымен» жасалатын, мифтер, нышандар, бейнелер.

Бұл адамның психологиялық ерекшелігімен байланысты сөздің екі есе әсер етуі нәтижесінде болады: «Мисөздіекітүрліжағдайдақабылдайды: рационалды-логикалық; және эмоциналды-бейнелі. Көп сөздер жасырын бағалауыштық компонент ұстайды: «жақсы», «жаман». Сонымен бірге олар нақты ассоциациялық көру, есту және сезу әрекеттерін тудырады. Сөзбен арбау арқылы адам санасында өздері түсінбейтін жақсы немесе жаман түсініктер қалыптастыруға болады. Бұл сөздер «итеру» немесе «шақыру» [1, 232]. Оларды дұрыс қолдана білу тұтынушыға жарнаманың әсерін арттырады.

Жарнаманың бағалауыштық тілінен «жай ғана қысым туады, бірақ қысымның әрекеті сезілмеуі де мүмкін», міне, сол себептенде жарнама мәтінінен адресатпен алынған барлық ақпарат тура бағалауға ұшырамайды және ешқандай қарсылық тудырмайды, нәтижесінде оның ары қарайғы шешімі мен әрекеті оның жекеменшігі ретінде қабылданады.

Бұл функциялардың барлығы адамның ойлауына, сезіміне, қатынасы мен мінезіне әсер ететін, ерекше экспрессивті образдылығымен және модальдылығымен ерекшеленетін, жарнама мәтінінде оның тілімен жүзеге асырылады, яғни лексиканың, синтаксистік құрылымы мен стилистикалық тәсілдердің деңгейінде қадағаланады.

Жарнама тілінің мәнерлілік тәсілдеріне мыналарды жатқызуға болады:

1) оң бағалауыштық семантикалы эмоционалды-бағалауыштық лексика;

2) оң бағалаудағы гиперболаларды қолдану тәсілдері: сын есімнің асырмалы шырайы мен үстулер, күшейткіш үстеулер мен шылаулар, сапаны арттыру морфемалары, жалпылама есімдіктер, жоғары стильге тән лексика, ауызекі тілдегі гиперболалар;

3) сәндік сөздер;

4) шет ел сөздері, тіл айналымы мен нақыл сөздер;

5) диалект сөздер мен айналымдар;

6) синтаксис ерекшелігі: эмоционалды инверсия, парцелляция, аяқталмаған сөйлемдер, шешендік сұраулар мен лепті сөздер;

7) барлық деңгейлерді қайталау: фонетикалық, морфемалық, лексикалық, синтаксистік;

8) сөз ойыны, метафоралар, салыстырулар, авторлық қосарланған сөз тіркестері мен стильдің басқа лексикалық бейнелері;

9) стилистикалық боялған лексика: қарапайым сөздер, жаргон, жоғары стиль [2, 252].

Қазақ тілді жарнамалардың мәтіні көп жағдайда орыс тілінен аударма болып келеді. Соның салдарынан мәтіндегі ой қазақи оймен үйлеспей, жарнамадағы жарнамаланып отырған тауардың табиғаты ашылмай, халыққа жетпей жатады. Төмендегі қытай қазақтарының шаш сабынды жарнамалаған бейнеролигіндегі жарнама мәтініне назар аударайық: «Ақ шағала» шаш сабынының жарнама мәтіні: «Көркемдігі көз байлаған сайын даланың төрінен жұпар иісті дәрі шөбінен жасалған, жусаңыз шашыңызға нәр беретін, көркіңізге өзгеше сән беретін «Ақ шағала» маркалы шаш сабынын іздесеңіз, құлан шашыңыз жібектей судырап, ажарыңызды аша

түседі.Сүмбіл шашыңыздың сенімді серігі, сұлу сымбатыңыздың көрігі, арулардың арманы – «Ақшағала» шаш сабыны». Көркемдегіш құралдар мен қазақ тілінің сұлулығына толы бұл жарнаманың біздің халқымыздың рухани жан дүниесі жақындығын бір оқығаннанақ байқауға болады. Жарнама мәтінінде *сайын дала, жұпар иісті, құлан шашыңыз, сүмбіл шашыңыз, сұлу сымбатыңыз* сынды эпитеттерді орынды қолданып, жарнамадағы бағалауыштық қызметті атқаруда бағалауыштық мәнге ие болып тұр. Жарнамаланып отырған «Ақ шағала» шаш сабынының қасиетін эпитеттердің бағалауыштық мәнге ие болуы арқылы ашып тұр.

Жарнама мәтініндегі *қайталаудың* қолданылуы жарнамаланатын тауардың ерекше қасиетін ашып, танытады. Бағалауыштық мәнге ие бола отырып, қайталаулар тауардың сапалық ерекшелігін көрсетеді. Мәселен «Сникерс» шоколадының жарнама мәтіні: «*Жер жаңғақ*! *Жер жаңғақ* карамельде. *Жер жаңғақ* шоколадта. *Жер жаңғақ* нугада. *Жер жаңғақ* әр жерде. Сникерс – *жер жаңғаққа* лық толы. Ол кез келген аштықты жеңеді. Сникерс: Ашыққан сен – сен емессің». Бұл 7 сөйлемнен тұратын жарнама мәтінінде 6 рет *жер жаңғақ* лексемасын қолданған. Осы арқылы жарнамада мәтініндегі әрбір сөзге бағалауыштық мән үстеп тұр. Осы лексеманы бір рет қана «жер жаңғақ шоколадта, карамельде, нугада, әр жерде» деп қолданса, оның мәтіндегі бағалауыштық қызметі, көркемдік бояуы төменірек болатын еді. Бұл сөз басындағы қайталаудың бағалауыштық қызметінің ауқымы кең екендігін көрсетіп тұр. Сондай-ақ «Coca cola»сусынының жарнама мәтінінде:

«Мейрам келе жатыр
Мейрам келе жатыр/6рет
Шаттыққа толы дәмі сергітеді
Нағыз мейрамның дәміне не жетеді?!

Жаңа жыл «Coca cola»-мен таңғажайып өтпек!» жарнама мәтінінде де «Мейрам келе жатыр» сөйлемі 8рет қайталана отырып, жарнаманың бағалауыштық қызметін атқарып тұр. Сөз соңындағы қайталаудың бағалауыштық мәнін танытатын мына бір жарнама мәтініне назар аударайық: «*Оян!* Бүгін табиғат ұйқысынан тұрады. Махаббат пен жақсылықты *оят!* Жылу мен қуанышты *оят*! Наурызбен шаттық *оянсын!* «Coca-cola». Бақытыңа жол аш!». «Оян, оят» етістігін қайта-қайта қолдану арқылы жаңа уақыттың басталғанын, жаңа мезгілдің келгенін таныта отырып, халықтың сонау тарих толқындарынан бері келе жатқан «Оян, қазақ» түсінігін қайта жаңғыртқандай әсер қалдырады. Және бұл сөз соңындағы қайталаудың бағалауыштық мәнінің нәтижеге жеткенін көрсетеді.

Салыстыру – жарнамадағы мәтінінде қолданылатын ең басты көркемдік әдістердің бірі. Себебі жарнаманың өзі бір заттың екінші бір заттан жақсы екендігін дәлелдеуге ұмтылады. Және мәтіндерде де логикалық тұрғыдан салыстырулар байқалады. Бұл сөйлемдер қарсылықты мәнді сөйлемдердің үлгісінде құрылады. Мәселен: қақ кетіргіш «Калгон»-ның жарнамасында: «Кір жуушы машиналар ма? Мен олар туралы бәрін білемін.*Мынау жақсы жұмыс істейді.Ал мынаны жөндеуге болмайды. Оны қаспақ басты.* Басқа машина жап жаңа болып қалды. Өйткені оның ішінде «Калгон» пайдаланды. Ол барлық өмірлік қажетті бөлшектерді сақтайды: жылыту элементі насос пен барабан. Осыған байланысты «Калгонды» жетекші өндірушілер ұсынады. Машина ұзақ уақыт қызмет атқарсын!». Осы арқылы жарнамаланушы тауардың бағасын асырып, келесі бір тауардың бағасын түсіріп тұр. «Дирол» сағызының жарнамасында: ««Дирол»-дың достары, «Дирол»-дың *жаңа қаптамасын* ашқан оңай дейді ғой?! Қақпақты ысырсаң болғаны. Керемет! Тексереміз бе? Тәжірибе өткізейік?! «Дирол»-ды жүгіріп бара жатқанда ашқан оңай ма екен? Көрейік?! Әп сәтте ашылу!». Осы жарнама мәтінінде жарнамаланып отырған сағызды басқа сағыз түрімен, осы сағыздың өзімеен, тура айтқанда бұрынғы, осыған дейінгі сағыз қорапшасымен салыстыруда. Бұны *іштей салыстыру* деп тануға болады. Салыстыру әдісінің бағалауыштық қызметі өте зор екендігін барлық жарнамаларда дерлік қолданылуынан байқауға болады.

Көркемдегіш құралдардың бір түрі кейіптеудің жарнама мәтінін жасауда сирек кездесетінін жарнама мәтіндерін талдау барысында көз жеткіздік. «Кока-кола» сусынының: «Оян! Бүгін табиғат ұйқысынан тұрады. Махаббат пен жақсылықты оят! Жылу мен қуанышты оят! Наурызбен шаттық оянсын! «Coca-cola». Бақытыңа жол аш!» деген мәтінге құрылған жарнамасы тұнып тұрған кейіптеуге құрылған. «Бүгін табиғат ұйқысынан тұрады» деп адамарға тән әрекертті табиғатқа телиді, сондай-ақ «Махаббат пен жақсылықты *оят,* Жылу мен қуанышты *оят,* Наурызбен шаттық *оян*сын» сөйлемдерінде де кейіптеу құбылыстары байқалады. Себебі адамдар ұйқысынан оянғандай табиғатты да, жақсылық пен шаттықты да, махаббат пен жылулықты да ұйқысынан оятады. Осы су-

сынның келесі жарнама мәтінінде: «Аңызға айналған шыны бөтелке! *Аңыздан дәм тат!»* жарнама мәтінінде «аңыздан дәм тат» қолданысы да кейіптеудің көрінісі. Аңызды оқуға болады, бірақ оны жеуге немесе ішуге болмайтыны анық. Аталған сусынның тағы бір жарнама мәтінінде: «...Шаттыққа толы дәмі сергітеді, Нағыз мейрамның дәміне не жетеді?!» деп басталатын жарнама мәтініндегі «мейрамның дәмі» қолданысы да кейіптеудің үлгісі.

Жарнама мәтіндерінде бағалауыштық мәнді беруде *сөздің тура және ауыс мағыналарының* да қызметі кездеседі. Мәселен, «Чистая линия» кремінің жарнама мәтінінде: «Байкал қорығында ерекше шөптер өседі. «Чистая линия» институтында біз ең бағалысын таңдап алдық. Байкал томаға шөбі әжімдерге қарсы әрекет етеді. Мүк – жастықтың қайнар көзі. Осылардың қоспасымен біз жаңа «Чистая линия» 55 жастан кремдерін жасап шығардық. Күндізгі, түнгі және қабаққа арналған. Томаға шөп беттің терісін тартады, мүк теріге сіңеді. «Чистая линия» фитотерапия – сіздің теріңіздің әдемілігі мен балғындығы. Бұл менің сүйікті кремім». Осы мәтіндегі «қайнар көзі» тіркесіндегі *«көзі»* ауыс мағынада тұр. Сондай-ақ бағалауыштық мәнді білдіретін сын есімдер: *ерекше, бағалы,сүйікті* және *қарсы әрекет етеді, тартады, сіңеді* сынды етістіктер кездеседі.

Жарнамадағы мәнерлі және көлемді троптардың бірі – метафора. Метафора – жарнамалық мәтіннің бағалауыштық мәнін беруде айтарлықтай жиі қолданылатын негізгі мәнерлі тәсілдерінің бірі. Метафораны тілдік және көркемдік, жеке-авторлық деп бөлу кеңінен танымал. Кез-келген мәтін секілді жарнамалық мәтін өшірілген және бейнелі тілдік метафоралардан болуы мүмкін. «»Оливье» салатына майонез қажет, бірақ әдеттегідей емес, «Оливьез».«Оливьез» – *салаттың патшасы».* Майонез маңызды тұлға ретінде келтіріледі, соның салдарынан ерекше дәмді салат дайындалады. *Салат патшасы* деген тіркестің өзі оң коннотация туғызады: «Оливьез» майонезі – басқалардың ішіндегі үздігі (футбол патшасы, вальс патшасы т.б.). «Принцесса Нури» шәйінің жарнамасындағы бағалауыштық метафора прагматикалық түсінікті: ««Принцесса Нури» шәйі – *күн түйіршіктерінің қуаты*». Жарнамаланушы өнім шәйдің әрбір түйіршігін күнмен, сәуле қуатымен салыстырады. Күн бейнесі жарықпен, жылумен, жинақылықпен беріледі. Басқа маркаларды жарнама жасаушылар сусынды әдетте, хош иісті, қанық тұнба мен кремет жқпар иісті деп ұсынады. Осы жарнама мәтінінің астарында жарнамаланатын тауардың маңыздылығы, қажеттілігі, өте бағалылығы ашық көрініп тұрады.

Жарнама мәтіндерінің авторлары жарнамаланатын өнімді айшықтау мақсатында оның жетістіктерін метафораға жақын болатын ұрандербестеуді пайдаланады.

«Жарайсың, Балтимор»,
Тұздықты жақсы дайындайды!
Өзі неге келмеді?
Ол әркезде шақырылған қонақ.
«Балтимор» – қалаулы қонақ»,

Бұл жарнамада «Балтимор» тұздығы дербестеніп тұр. Оған адами қасиеттер беріліп тұр: жақсы ие, қалаулы қонақ. Жарнама жасаушылардың ойынша, өнімнің сапасы соншалықты жоғары, оған тірі зат ретінде қарайды: өзі неге келмеді?

«Comet» ұнтағының жарнамасы да дербестенеді.

««Comet» тазалағыш ұнтағы кез-келген кірді кетіреді; басқалардың күші жетпейтінді тазартады». «Comet» ұнтағы адамға тән сапамен берілген: *ол еңбекқор, жинақы, шаруашыл».*

Қанық үлгідегі дербестенуді «Я» шырынынан кездестіруге болады:

«*Бұл менің құрбым,* ал мына «Я» жұмсақ мәйегімен». Менде жемістер өте көп, яғни дәмі мен дәрумендері көбірек, сондықтан ол мені ешнәрсеге ауыстырмайды. «Я» шырыны. Сапасы өзі үшін сөйлейді».

Жандыны пайдалану оң эмоция тудырады, шырынды ешқашанда ешнәрсеге айырбастамайтын сүйікті адамымен салыстырады. Осы сапаларды елестете отырып, жарнамаланатын өнімнің атынан нәтижеге қол жеткізеді. Осы жарнаманың ұранында «сапа» түсінігі метафорланады, оған адами қасиеттер берілгеносы өнімнің сапасының жоғарылығы соншалықты, өзі үшін сөйлей алады.

Сарапталынған жарнамалық мәтіндердегі метафораларды метафоралық ауыспалығына байланысты шартты түрде бес топқа бөлуге болады:

1. Антропоморфты метафора. Донор-саласы «Адам» семантикалық саласы болып табылады. Метафоралық ауысу: адам – зат: «ФРИДЕРМ – Сіздің *шашыңыздың дәрігері*», «СУПРИМАЛОР – *денсаулығыңыздың серігі*», «ЦИТОВИР – вирустарды жеңуші», «Суыққа қарсы үштік. Басты рөлде: КСИМЕЛИН, БРОМГЕКСИН, ГЕВАДАЛ».

2. Заттық метафора. Донорлы саласы «Зат» семантикалық саласы болып табылады. Метафоралық ауысу заттан затқа ауысу түрінде жүреді: «ТРИОВИТ – *Сіздің қорғаушы қалқаныңыз!*», НИТРОМИНТ. Ауыру кезіндегі Сіздің құтқарушы шеңберіңіз».

3. Физикалық метафора. «Физикалық әлем» семантикалық саласы болып табылатын донор-сала. Метафорлық ауысу былай жүзеге асырылады:

1) табиғи құбылыстан затқа: «САНА-СОЛ. Денсаулық пен Күн», «АКТОВЕГИН – өмір қуаты»;

2) табиғи құбылыстан физиологиялық күйге: НИТРОМИНТ. Ауыру кезіндегі Сіздің құтқарушы шеңберіңіз». Әрі қарай жарнамада ауырудың толқыны жөнінде ақпарат беріледі (соңғы мысал – кейіптеу, заттан адамға метафоралық ауысу);

3) адамдармен жасалынған әрекеттен затқа: «ВУКА ВУКА. Белсіздікке африкалық тұрғыдан соққы беру», «КЛАРИСЕНС. Аллергияның кез-келген түріне қирата соққы беру», «ВИТРУМ – денсаулық жеңіл қадам басу».

Сәтті шыққан антропоморфты, заттық және физикалық метафоралар анық және есте тез сақталынады. Олар жарнамаланып отырған зат жөнінде, оның қасиеті мен күтілетін емдік әсері жөнінде нақты-сезімтал түсінік береді, бірақ, басқа да шығармашылық табыстар секілді сирек кездеседі.

4. Психикалық метафора. «Психикалық әлем» семантикалық саласы болып табылатын донор-саласы. Метафоралық ауысу психикалық әлем нысанынан затқа ауысу арқылы жүзеге асырылады: «РИМАДИЛ. Шынайы жәрдем», «ОВЕСТИН – қарапайым шешім», «ЛОМИЛАН – онымен аллергияны ұмытасың, сенің қорғаушың».

Психикалық метафора жиі кездеседі, әйтседе, образдылығы азырақ, образды мағынаны жиі қолданғаннан сөз өшіріледі. Мәселе сонда, сәтті жолды таба отырып, жарнама оның сансыз санын бірақ рет пайдаланады. Осындай сүйікті метафоралардың бірі – «дәрі – мәселенің шешімі» – адресаттың назарын аударатын ешбір қасиеті болмаса да, әрбір екінші жарнамада қолданылады. Алайда психикалық метафора саласында өз орындары бар, мысалы: «МИЛАНА – Ресейдің нәзік секторы», «МУЛЬТИ-ТАБС – ақылды дәрумендер», «МАГНЕ B_6 – күнделікті үйлесім».

5. Абстрактылы метафора. «Абстракция» семантикалық саласы болып табылатын донор-саласы. Метафоралық ауысу абстарктылық түсініктен затқа ауысу арқылы жүзеге асырылады: «АКТОВЕГИН – өмір мәні», «ВИТАМАКС – өмірдің жаңа шегі».

Жоғарыда көрсеткеніміздей, метафоралық ауысулар жарнамада жалпы тілдік заңдылық бойынша іске асырылады: «Тектік және түрлік семаларды қалпына келтіру және потенциалды семаларды өзекті ету». Алайда жүйелі метафоралық ауысулар тілдік ауысулармен сәйкес келмейді. Тілде жүйелі ауысулар заттан психикалық әлемнің нысанына немесе абстрактылыққа ауысу болып табылады.

Жарнамалық метафора – жарнама затын жаңаша таныстыруға мүмкіндік беретін, оның жақсы жақтарын көрсететін, жарнамаланатын марканы есте сақтауға себеп болатын мықты мәнерлі тәсіл. Сондықтанда жарнамалық метафора көп жағдайда «фирманың айқай-ұраны» – жарнама ұранына орналастырылады.

Мәтіннің ерекше үндестігі онда стилистикалық бояудың және эмоционалды-бағалауыштық лексиканың болуының арқасында жасалады.

Жарнамалық мәтіндерде қолданылатын барлық экспрессивті-эмоционалды тәсілдер қатысымдық-прагматикалық мақсатпен тығыз байланысты бағалауыштық модальды береді. Эмоционалды-бағалауыштық әлеует арқылы лексика, стилистикалық тәсілдер және синтаксистік құрылымдар көмегімен жасалатын жарнамалық мәтіндегі бағалау мен эмоцияның семантикалық модальдық алаңы анық көрсетілген қатысымдық-прагматикалық бағытқа ие, адресатты сендіруге ұмтылу, нақты бір әрекетке тарту, жарнамаланатын өнімді алу немесе фирма қызметіне жүгіну. Жарнама жасаушылары жарнаманың негізгі тағайындауларын орындай отырып, негізгі сөздер, ұрандар мен кескіндер арқылы тілдің мәнерлі тәсілдері арқылы эмоционалдық деңгейде әрекет етуге тырысады.

Әдебиеттер

1 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – Москва, 1985. – 232 с.
2 Дымшиц, Михаил Наумович. Манипулирование покупателем. – Москва: Омега, 2004. – 252 с.
3 Тележарнамалардағы жарнама мәтіндері.

References

1 Vol'f E.M. Funkcional'naya semantika ocenki. – Moskva, 1985. – 232 s.
2 Dymshic, Mihail Naumovich. Manipulirovanie pokupatelem. – Moskva: Omega, 2004. – 252 s.
3 Telezharnamalardağy zharnama mətinderi.

МРНТИ 16.21.51

Онгарбаева М.С.[1], Таева Р.М.[2], Зуева Н.Ю.[3], Алимбаева А.Т.[4],

[1,4]магистр, [2,3]к. ф. н., доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан
e-mail: trmeru16@mail.ru; rozt@mail.ru; nataliazueva@rambler.ru

К ВОПРОСУ СОПОСТАВИТЕЛЬНОГО АНАЛИЗА КОНЦЕПТОВ

В статье описывается лингвокультурологическая специфика понятия «семья» и «брак» в паремиях в казахском и английском языках. Объектом исследования являются пословицы, вербализующие понятия отбасы/семья и неке/брак. Предметом исследования является анализ лингвокультурологических особенностей пословиц о семье и браке, которые представляют особый интерес для изучения культурной идентичности, поскольку паремиологические единицы, содержать кросс-языковые различия не только на «семантическом» уровне, но и на его втором, «коннотативный уровень». Проанализированы более 200 пословиц казахского и английского языков.

Ключевые слова: концепт, лингвокультурология, семья, брак, язык, культура, сравнительный анализ, пословицы, культурные ценности.

Ongarbaeva M.S., Taeva R.M., Zueva N.YU., Alimbaeva A.T.

To the question of the comparative analysis of concepts

The purpose of this work is to give a comprehensive description for linguacultural specifics of a concepts «family» and «marriage» at paremiological level in Kazakh and English languages. Object of the study are proverbs verbalizing the concepts of отбасы/family and неке/marriage. Subject of the research is the analysis of linguacultural characteristics of proverbs about family and marriage in Kazakh and English languages Proverbs are of particular interest for the study of cultural identity, as they relate to such units, which may contain cross-language differences not only at the «semantic» level – reflecting realities, but also at its second,» connotative floor». There were analyzed over than 200 proverbs of Kazakh and English Languages.

Key words: concept, linguoculture, family, marriage, language, culture, comparative analysis, proverbs, cultural values.

Онгарбаева М.С., Таева Р.М., Зуева Н.Ю., Алимбаева А.Т.

Концепттердің салғастырмалы талдау мәселесі

Мақалада «отбасы» және «неке» лингвомәдени ұғымының қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ерекшеліктері қаралады. Зерттеудің объектісі отбасы/семья және неке/брак атты вербалды ұғымдар мен мақал-мәтелдер болып табылады. Зерттеу нысаны отбасы мен неке туралы мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін талдау болып табылады, бұл мәдени бірлікті зерделеуге ерекше қызықтырады, өйткені паремиологиялық тек қана тіларалық айырмашылықтарды ғана емес сонымен қатар коннотативті деңгейде де қарастырылады.Қазақ және ағылшын тілдеріндегі 200-ден астам мақал-мәтелдер талданып, салыстырылды.

Түйін сөздер: концепт, лингвомәдениет, отбасы, неке, тіл, мәдениет, салғастырмалы талдау, мақалалар, мәдени құндылықтар.

Концепты-универсалии НЕКЕ/MARRIAGE и ОТБАСЫ/FAMILY, являющиеся ключевыми ориентирами человеческого поведения в социуме, относятся к одним из важнейших в психологии взаимоотношения людей. Исследования в области вербализации аналогичных базовых

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

концептов на материале разных языков представляют несомненный интерес, поскольку они способствуют не только выявлению этнокультурологических особенностей их языковой репрезентации, но и более глубокому проникновению в структуру общечеловеческих представлений о внутреннем мире человека.

Известно, что институт брака и семьи является одним из наиболее неотъемлемых элементов культуры и его основополагающая общественная роль влияет на формирование индивида в условиях этнокультурной, социальной и психологической адаптации в лингвокультурном сообществе. В связи с этим концепты *НЕКЕ/MARRIAGE* и *ОТБАСЫ/FAMILY* представляют собой этническую и понятийно-языковую целостность самосознания, отражающую взаимосвязь языка и мышления, что позволяет обратиться к национальным и этноспецифичным аспектам языковой картины мира носителей той или иной культуры.

Особый интерес для изучения национально-культурной специфики концепта представляют пословицы и поговорки, так как они относятся к таким единицам языка, которые «могут содержать межъязыковые отличия не только на уровне «первого семантического этажа» – уровне, отражаемых ими реалий, но и на уровне своего второго, «коннотативного этажа», отсылая к «морали» – представлениям говорящих об этических, деонтических и прочих нормах...» [1, 2].

При этом основным направлением анализа пословиц является сопоставительный подход. Сопоставительное лингвокультурологическое исследование паремиологического состава двух принадлежащих разным структурам и семьям языков дает возможность выявить универсальное и культурно-национальное в семантике пословиц, охарактеризовать особенности миропонимания народа, поскольку пословицы заключают в себе в культурно-национальную информацию и как продукт человеческой речи сохраняют, воспроизводят и передают менталитет народа, его культуру. В паремиях закреплены оценки и суждения сфер жизни человека, таких как работа, дом, семья, любовь, ненависть, страх, красота и мн.др.

Сопоставительное исследование пословиц, объективирующих концепты *НЕКЕ/MARRIAGE* и *ОТБАСЫ/FAMILY*, важно как с точки теоретической значимости, так и с практической, поскольку полновесное использование языка как средства межкультурной коммуникации является предпосылкой взаимопонимания между носителями разных лингвокультур.

Проблемам семьи, брака и родственных отношений посвящено немало работ казахстанских ученых, особое место занимает труд Х. Аргынбаева «Казахская семья», где собраны материалы этнографических экспедиций более чем 20-летнего исследования [3].

Материалом для нашего исследования послужили пословицы, репрезентирующие концепты *НЕКЕ/MARRIAGE*и *ОТБАСЫ/FAMILY* в английском и казахском языках, которые были отобраны на основе метода сплошной выборки из веб-ресурсов ифразеографических источников [4].

Для выделения ключевых идей, связанных с браком и семьей в казахской лингвокультуре, было рассмотрено свыше 180 паремий. В ходе анализа было выделено 23 представления о семье и брачном союзе, наиболее широко представленные в казахском паремиологическом сознании. Ниже представим некоторые из них:

1. Семья и родственники символизируют надежное место, где всегда можно найти любовь и поддержку близких людей (*Әпкенің үйі – кең жайлау, ағаның үйі – ақ жайлау. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар. Отан-қуат, отбасы-шуақ; Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің, Ағайын бір өліде, бір тіріде керек. Ағайын тату болса, аткөп, Абысын тату болса, ас көп; Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық)* – 7.

2. Терпимое отношение к плохой родне, несмотря на ссоры и конфликты между родственниками, необходимость оставаться на их стороне. Огромное значение уделяется поддерживанию хороших отношений с родственниками – (*Туғаныңмен сыйыспасаң, кең дүниеге сыймассың; ЫРыс қашса да туыс қашпайды; Жаман да болса ағамыз, жақсыны қайдан табамыз; Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп; Жақыныңды жат етсең, жатқа күлкі боларсың; Ағайын бірде араз, бірде тату; Ағайында өкпе бар да, кек жоқ; Семья сәні – сыйластық, достық сәні – қимастық; Мал қонысын іздейді, ер туысын іздейді, «Сіз», «біз» – деген жылы сөз ағайынға жарасар*) – 8.

3. Негативное влияние плохого нрава женщины на супруга, приносящее в дом беды и несчастья и наоборот (*Ердің атын не аты шығарар не жары шығарар. Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас. Жақсы қатын жарының жақсысын асырар жаманын жасырар. Білімді әйел басыңа қарайды. Жақсы қатын жүн қарыз алады, жаман қатын су қарыз алады; Жақсы*

әйел жаман еркекті түзетеді; Жаман қатын байына жалғыз атын сойғызар, жақсы қатын жолдасын жоқтан құрап тойғызар) – 7.

4. Женщина является хранительницей домашнего очага, *создающая тепло и уют в доме (Қатыны жоқ үй – жетім; Атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз; Әйел – үйдің көркі, еркек – тенздің көркі)* – 3.

5. У плохой жены беспорядки в домашнем хозяйстве. (*Жалқау қатынның төсегі тал түске дейін жиналмас; Салақ қатынның үйінен, сабақты ине табылмас*) – 2.

6. Многоженство приносит одни хлопоты и проблемы (*Екі қатын алғанның – құлағы тынбас, есекке мінгеннің – аяғы тынбас; Екі қатын алыпсың, бір пәлеге қалыпсың*) – 2.

7. Нежелательно становится между мужем и женой (*Ерлі-зайыптының ортасына есі кеткен отырар*) – 1.

8. После свадьбы супруг становится ближе, чем родители (*Ата-анадан жар жақын; Жан қимақ бар, жар қимақ жоқ*) – 2.

Свидетельством актуальности проблем, связанных с концептами *брак* и *семья* для ценностной картины мира английской лингвокультуры, является значительное количество пословиц, используемых для вербализации данных концептов. В ходе анализа было выделено 23 представления о браке и семейных отношениях. Общее количество пословиц составило свыше 170. Некоторые из них:

1) Стараться не ссориться и искать пути примирения для сохранения брака. *Leave a poem on her kitchen table after a quarrel; similarity, put a love note in his lunch box. Never yell at each other unless the house is on fire. Never both be angry at the same time. Neglect the whole world rather than each other. If you have to criticize, do it lovingly. A compliment a day keeps the divorce away* – (13)

2) И в счастье, и в беде всегда поддерживать друг друга. *Share each other's joy, feel each other's pains. In marriage, tears and smiles make the music of life; dress-up and have fun together outside, undress and have fun together inside. Two persons living in a holy matrimony must avoid slipping into blasphemy, despond and apathy* – (10)

3) Закрывать глаза на недостатки и уметь прощать ошибки друг друга. *You can love and be angry at the same time, wink at her after the quarrel. No one is perfect; forget each other`s faults. The peculiar quality of fussy person is to see the faults of the others and to forget his own. Keep your eyes wide open before marriage, half shut afterwards. The greatest secret of successful marriage is to treat all disasters as incidents and none of the incidents as disasters* – (11)

4) В браке муж и жена объединяются и противостоят всем невзгодам. *Marriage resembles a pair of shears, so joined that they cannot be separated; often moving in opposite directions, yet always pushing any one who comes between them* – (7)

5) Ради счастья в браке нужно бороться и учиться этому. *How to be happily married can never be fully taught, but only be learnt. It takes two to make a marriage a success and only one for failure. In marriage, becoming together is beginning, keeping together is progress, and working together is a sweet home. To marry is to halve your rights and double your duties* – (12)

6) Хороший отец – это глава семьи, отвечающий за воспитание и благополучие детей. *Like father, like son. Many a good father has but a bad son. One father is more than a hundred schoolmasters. A miserly father makes a prodigal son. Father should remember that one day his son will follow his example instead of his advice* – (9)

7) Флирт между супругами. *Develop your own secret code to tell your preparedness and to know other's confirmation for the love on bed* – (3).

В казахском и английском сознании прочно укрепилось понимание того что именно женщина создает домашний уют и от нее зависит благополучие семьи (например, *Үйді қырық еркек толтыра алмайд, Menmakehouses, women*makehome), но в казахском браке не затрагиваются интимные отношения супругов. Упоминается о ролях, которые должны выполнять муж и жена, в то время как в английских пословицах мы видим умение поддерживать друг друга и бороться за семейное счастье и любовь (*Marriages maybe made in heaven, but the yhavetobeworkedout of earth*). В казахском корпусе паремий, в отличие от английского, отсутствуют пословицы, связные с флиртом (*Never bring up past mistakes, and so also never go to bed with an argument unsettled*).

В большом количестве английских пословицподчеркивается важность сохранения любви в супружеских взаимоотношениях для обретения счастья в браке (например, *Countoneachother`sstrength; forgiveeachother `sweaknesses*). В казахском языковом сознании не зафиксированы пословицы, выражающие способы решения конфликтов между супругами и пути достижения любви и гармонии в браке.

При выборе жены в двух лингвокультурах супруг ставит в пример мать невесты (в казахском фонде паремий – *Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал, в английском* фонде паремий

– *Take* ***vine of agoodsoil, and a wife of agoodmother***). Так, роль женщины является более важной, нежели роль мужа в двух лингвокультурах (в казахском языке – *Жақсы әйел ырыс, жаман әйел ұрыс,* в английском языке – *Agoodwifemakesagoodhusband*).

Разное видение указанного фрагмента действительности представителями двух разных языковых сообществ тесно связано с особенностями культуры и исторического развития народов – носителей данных языков. У носителей казахского языка особенно сильно подчеркивается поддерживание близких отношений с родичами, в то время как в английских пословицах упоминаются отношения внутри одной семьи (например, *Қарға тамырды қазақпыз, сұраса келе қарын бөле болып шығамыз, Nogardenis with outitsweeds.*). Для казахов *отбасы* носит некий коллективный характер, а у англичан *family* (семья) рассматривается с точки зрения родителей и детей как одно целое.

Что касается общих особенностей, в пословицах упоминается важность материального положения молодожен (в казахском фонде паремий – *Теңін тапса, тегін бер,* в английском фонде паремий – *First thrive and the nwife*). В казахском сознании отсутствует резко негативная оценка разногласий, неизбежно возникающих в браке.

В казахской культуре личная свобода не имеет такой большой ценности, поэтому в сознании не отражена идея о том, что брак ограничивает свободу. Кроме того, в сознании представителей англоязычного сообщества нет установки свойственной казахскому сознанию о том, что любой брак лучше одиночества (*Жалға шағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас*).

В английской лингвокультуре брак – это союз мужчины и женщины, которые противостоят всем невзгодам и бедам вместе, в то время как в казахском браке отводится каждому супругу своя роль, также большее внимание уделяется воспитанию детей, нежели поддерживанию отношений между супругами (например, *Баланы жастан, әйелді бастан*). В казахском языке много пословиц о любви к детям, которые являются счастьем в жизни (*Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар*). Следует также отметить факт существования в казахской культуре феномена многоженства, который отсутствует в английской лингвокультуре (в казахском фонде паремий – *Екі қатын алыпсың, бір пәлеге қалыпсың*).

В казахских пословицах встречаются метафоры связанные с животными так как казахи являются кочевниками и скот являлся основным пропитанием и служил материалом для строительства юрт, нами были зафиксированы следующие пословицы с животными например: *Тайдың мінгені білінбес,баланың істегені білінбес; Мал қонысын іздейді, ер туысын іздейді.*

Тем не менее, складывается впечатление, что для казахского менталитета брак и семья значат больше, чем для английского: даже в количественном плане преимущество пословиц о семье отмечается именно в казахском языке. В английском языке преобладают паремии о семейной жизни, общих целях и устремлениях.

Кроме того, в английских пословицах идея о том, что брак дается свыше выражена в английском языке пословицей: *Marriagesaremade in heavens*. Как в казахской, так и английской паремиологии брак и семья имеют положительную и негативную оценку: брак приносит счастье и любовь с одной стороны, а с другой доставляет хлопоты и проблемы, связанные с разочарованиями и страданиями членов семьи.

Сопоставительный анализ языковых средств, используемых для описания семейных отношений и брачного союза представителями анализируемых языковых культур, позволил выявить особенности восприятия этих явлений носителями казахской и английской лингвокультур.

Казахским языковым сознанием семья и брак оцениваются более позитивно, о чем свидетельствуют пословицы о любви к детям и родственникам. Положительная оценка присутствует в 43% казахских и только в 19% английских паремий. Отрицательная оценка содержится в относительно большем количестве английских пословиц (51%) по сравнению с казахскими паремиями (12%).

Литература

1 Воркачев С.Г. Этносемантика паремии: сопоставительный анализ метафоризированных показателей безразличия в русском и испанском языках // Языковая личность: культурные концепты / Сб. науч. тр. – Волгоград; Архангельск: Перемена, 1996. – С. 16-25.

2 Антология концептов / Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. – Том 1. – Волгоград: Парадигма, 2005. – 352 с.

3 Аргынбаев Х.А. Казахская семья (на каз. языке). – Алматы: Кайнар, 1996. – 288 с.
4 Elizabeth Knowles Little Oxford Dictionary of Proverbs Oxford University Press, USA; 1 edition (December 3, 2009) 432 p.
5 Пословицы и поговорки. – Мн.: Харвест,2007. – 320 с. (Золотая коллекция).
6 «Ақылдыңкөзі» Мақал мәтелдер Құрастырған Қ.Саттарова. – Алматы: Жазушы, 1990. – 160 б.
7 Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдер / Жалпы ред. басқ. профессор С. Садырбайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 230 б.

References

1 Vorkachev S.G. EHtnosemantika paremii: sopostavitel'nyj analiz metaforizirovannyh pokazatelej bezrazlichiya v russkom i ispanskom yazykah // YAzykovaya lichnost': kul'turnye koncepty / Sb. nauch. tr. – Volgograd; Arhangel'sk: Peremena, 1996. – S. 16-25.
2 Antologiya konceptov / Pod red. V.I. Karasika, I.A. Sternina. – Tom 1. – Volgograd: Paradigma, 2005. – 352 c.
3 Argynbaev H.A. Kazahskaya sem'ya (na kaz. yazyke). – Almaty: Kajnar, 1996. – 288 s.
4 Elizabeth Knowles Little Oxford Dictionary of Proverbs Oxford University Press, USA; 1 edition (December 3, 2009) 432 p.
5 Poslovicy i pogovorki. – Mn.: Harvest,2007. – 320 s. (Zolotaya kollekciya).
6 «Aqıldıñközi» Maqal mätelder Qurastırğan Q.Sattarova. – Almatı: Jazwşı, 1990. – 160 b.
7 Qazaq xalqınıñ maqaldarı men mätelder / Jalpı red. basq. professor S. Sadırbayulı. – Almatı: Qazaq wnïversïteti, 2012. – 230 b.

ҒТАХР 16.21.45

Сағындықұлы Б.[1], Құлжанова Б.Р.[2],

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]профессоры, ф. ғ. д., [2]доценті, ф. ғ. к., Алматы қ. Қазақстан,
e-mail: Bahit777@mail.ru; Berikbay.sagyndykuly@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ БАРЫС СЕПТІГІ ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Септік жалғауларының ішіде барыс септігі жалғауларының формалары өте көп. Бұлар қазіргі түркі тілдеріндегі және көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі архаикалық формалар болып екіге жарылады. Түркологтардың барлығы бұл тілдік элементтердің ескіден келе жатқандығын және бір бөлегінің жаңадан пайда болғандығын мойындап, олардың этимологиясы туралы әр түрлі болжамдар жасады. Жаңа этимология барыс септігі жалғауларының формалары қаншалықты көп болғанымен, олардың бір-ақ негізден шыққандығын дәлелдеп шықты. Үнемдеу заңының ықпалы, жылысу, сіңісу, қатаңдардың ұяңдануы сияқты толып жатқан фоно-морфо-семантикалық құбылыстар о бастағы әдепкі форманы адам танығысыздай дәрежеге жеткізген. Мақалада қай форма қай формадан шыққандығы нақты дәлелденеді.

Түйін сөздер: формалар, барыс септігі, этимология, үнемдеу заңы, жылысу.

Sagyndykuly B., Kulzhanova B.

New etymology of suffixes of dative case in the Turkic languages

There are many forms of the suffixes of dative case in grammatical cases. There are classified as archaic forms in modern Turkic languages and in the language of the ancient Turkic manuscripts as well. Turkologists admitted that these elements had a root from the ancient times and a part of it appeared recently and suggested various hypotheses about their etymology. New etymology proved that dative case has one basis in spite of different suffixes of the case. Many phono-morpho and semantic phenomena such as the influence of the linguistic economy, linguistic drift, assimilation and the change of voiceless consonants into the voiced have completely change the original form.

Key words: forms, dative case, etymology, law of economy, linguistic economy, linguistic drift.

Сагындыкулы Б., Кулжанова Б.

Новая этимология окончания дательного падежа в тюркских языках

Из падежных окончаний дательный падеж имеет множество форм. Различаются архаические формы в современных тюркских языках и языке древнетюркских письменных памятников. Тюркологи признают, что эти языковые элементы очень древние, но некоторые из них появились недавно. Они по-разному прогнозируют этимологию этих форм. Новая этимология доказала, что хотя окончания дательного падежа имеет много форм, они вышли из одной основы. Многие фоно-морфо-семантические явления как влияние закона экономии, лингвистические дрейфы, усвоение и озвончение глухих согласных кардинально изменили изначальную форму. В статье рассказывается, как появились эти формы.

Ключевые слова: формы, дательный падеж, этимология, закон экономии, лингвистический дрейф.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Барыс септіктегі сөз, негізінде, істің, қимылдың кімге, неменеге, қай жерге бағытталғандығын білдіреді. Бағыт, бағдарды білдіру – оның ең негізгі мағынасы. Ал қалған мағыналары оның негізгі мағынасының әр түрлі көрінісі есепті. Әлбетте, септік жалғаулы сөздің белгілі бір грамматикалық мағынаны аңғартуы – оны өзіне тәуелді етіп, бағындырып тұратын сөздің лексика-грамматикалық мәніне де белгілі бір дәрежеде қатысты болады. Сол үшін де сөйлемде белгілі бір сөзбен бағыныңқылық қатыста айтылуына байланыста барыс септіктегі сөздің грамматикалық өңінің құбылып отыруы – әбден заңды жағдай. Сонымен бірге септік жалғауы жалғанып отырған сөздің өз мағынасының да септік жалғауының мағыналық реңін түрлендіруге едәуір әсері болады» [1, 58-59]. Септік жалғаулы сөздің мағыналық белгісінің түрліше болуы осындай жағдайларға байланысты.

Түркологтар барыс септігінің барлық жалғауларын екіге бөліп қарастырады:1) қазіргі тілдерде – ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е, -на/-не; 2) көне түркі жазба ескерткіштерінде – ғару/-герү, -қару/-керү, -ру/-рү, -ға/-ге, -йа/-йе, -а/-е.

Барлық түркі тілдеріндегі барыс септігінің көне және жаңа формаларының жиынтығын былайша топтастыруға болады: -қарун/-керүн, -ғарун/-герүн, -қару/-керү, -ғару/-герү, -қар/-кер, -ғар/-гер, -қа/-ке, -ға/-ге, -йа/-йе, -ha/-he, -арун/-ерүн, -ару/-ерү>-ар/-ер, -а/-е, -ару/-ерү>-ру/-рү.

Барыс септігі жалғауларының жоғарыда санамаланған формалары туралы түркологтар сан алуан пікір білдірген. Солардың басты-бастыларына тоқталалық.

Қыпшақ және қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерде, сондай-ақ Сібір, Алтай тілдерінде барыс септік тұлғасы -қа/-ке, -ға/-ге (немесе оның варианттары), оғыз тобындағы тілдерде және чуваш тілінде -а/-йа. Қазақ тілінде егер сөз тәуелдік жалғаулы болса, қ, к, ғ, г дыбыстары түсіп қалады да -а/-е түрінде жалғанады.

Осы екі түрлі форманың қайсысы ескі деген сұраққа аса көрнекті түрколог Г. Рамстедт бүкіл алтай тілдерін өзара салыстыра келе -а/-йа деп жауап қайтарады [2, 39]. Б.А. Серебренников пен К.Г. Менгес те барыс септіктің -а көрсеткішін ең ескі деп есептейді. Олардың ойынша, екінші бір барыс септігінің мағынасын беретін қ элементі ежелгі дәуірде-ақ -а формасымен бірігіп күрделенген.

Бұған керісінше, О.Бетлингк пен А.М. Щербак -қа/-ке, -ға/-ге формасын ежелгі деп таниды. Оғыз тілдеріндегі -а/-е көрсеткіші тарихи даму барысында бірте-бірте қалыптасқан деген болжам жасайды. Қазіргі түркі тілдерінде аса жиі қолданылатын барыс септігінің бұл формалары, сөйтіп, этимологиялық жағынан әлге дейін дұрыс шешімін таба алған жоқ.

Бұдан кейін түркологтар барыс септігінің -қару/-керү, -ғару/-герү, -ару/-ерү формаларына ерекше назар аударды. Бұл жалғаулар орхон-енисей жазбаларында жиі кездескенімен, кейінгі дәуірлерде, тіпті орта ғасырларда-ақ, жойылып кетті. *Ілгері, жоғары, шеткері, сыртқары, ішкері* сияқты үстеулердің құрамында ғана сақталып қалды. Дауыссызға біткен түбірлерге -ару/-ерү түрінде, дауыстыға біткен түбірлерге -қару/-керү, -ғару/-герү түрінде жалғанады.

В.В. Радлов бұл форманы алғашқысы -қа – барыс септігінің элементі болса, соңғысы -ру үстеу жасайтын құранды аффикс деп есептеді. Кейін ол үстеу құрамынан бөлініп шығып, барыс септік жалғауы қызметін атқаратын болған. С.Е. Малов та осы пікірге қосылады. Ол -ру формасын өте ескі дәуірдің қалдығы деп түсінеді. Э.В. Севортян екеуін де -қа-ны да, -ру-ды да барыс септігінің жалғауы деп түсінеді. К. Каримов барыс септігінің жалғауы қара – (көр) көсемшесінен шығуы мүмкін десе, Н.П. Дыренкова мен А.З. Абдуллаев қар (қол) сөзінен пайда болған деп жорамалдайды. А.М. Щербак -қару/-ғару формативін екіге бөліп-жарып қарамайды, біртұтас бірлік деп түсінеді. Ол барыс септігінің формасы -қа/-ға-ны үнемдеу құбылысының заңдылықтарынан кейінірек пайда болған элемент деп таниды. Мынадай кесте ұсынылды: -ғару>-ғар>-ға>-а [3, 48-49]. Шындығында, -ға жалғауынан -а жалғауы пайда болмайды. Соңғы форма – көненің қалдығы.

Түркологияда жемісті еңбек еткен үлкен ғалымдардың бірі А.М. Щербак былай деп жазады: «Көрнекті ғалымдардың бірі М. Левицкий көне түркі тілінде бір ғана түпкітектен тараған барыс септігі қызметін атқаратын -ра/-рә, -ру/-рү, -ры/-ри формаларының өмір сүргендігін түркологияда тұңғыш рет мәлімдеді. Моңғол тілдерімен салыстыра келіп, мұндай септік формалары бар екендігін ірі ғалымдар В. Котвич, К. Брокельман және Г. Рамстедт мойындады. Осыдан кейін арнайы тарихи-грамматикалық зерттеулер жүргізіле бастады. Алайда *асра* (астына қарай), *ичра* (ішіне қарай), *өңрә* (анда), *соңра* (соңына қарай), *үзра* (үстіне қарай) сияқты үстеулердің, *йүрәкра* (жүрекке), *башра* (басқа, басына), *көзрә* (көзге, көзіне), *түбрә* (түпке, түбіне) сияқты есімдердің құрамына жіті назар аударғанда, олардың

бірқатарының көсемшенің түбірге тұтасуы негізінде, бірқатары *ара* сөзінің кірігуі негізінде қалыптасқандығы анықталды. Оның үстіне -ры көрсеткіші орхон-енисей жазбаларында, көне ұйғыр текстерінде ұшырамайды. Иран тілдерінде -ры өзге мағыналарымен қатар бағыт, беталыс мағынасын да береді. Махмуд Қашғари сөздігі мен көне түрік текстерінде ұшырайтын -ра, сірә, парсы тілінен ауысқан элемент болуы да мүмкін» (9. 42-43-б.).

Сондай-ақ -ру/-рү, -ры/-ри формаларының барыс септігі жалғауы болу ықтималдығы күмәнді. Біріншіден, -ғару формасының -ға және -ру бөлшектеріне бөлінетінін айғақтайтындай тура немесе жанама бірде-бір факт жоқ. Екіншіден, *кеңрү* (кең), *бекрү* (берік), *йандру* (қайтадан), *өрү* (жоғары), *утру* (қарама-қарсы) сияқты үстеулер мен шылаулардың құрамындағы -ру көсемшенің түбірге сіңісуі нәтижесінде пайда болғандығы дәлелдеуді қажет етпейді. Ата тілде барыс септігінің -ра/-рә, -ру/-рү, -ры/-ри формалары болғандығына жеткілікті дәрежеде тілдік фактілер жоқ [3, 44]. Түркологиядағы барыс септігінің формалары жайындағы бүкіл зерттеулерді шоли қарағанда мынаны анық аңғарамыз: барыс септігінің этимологиясы ашылмаған. Біз өз тарапымыздан жаңаша этимологиялық болжам (гипотеза) ұсынамыз. Бұған тарихи жазбаларда сақталып қалған бір ғана сөз көмекке келіп отыр. Ол – ташқарун. Оған «Көне түркі сөздігінде» мынадай анықтама берілген: *снаружи, вне, в стороне*: Кенә *ташқарун* қалмасун биллүг болсун Ким күнтүнки булуңда Барақа дегән бир йер бар турур (ДТС, 540) [4]. (Және тысқары қалмасын, жұртқа белгілі болсын, оңтүстік аймақта Барақа деген бір жер бар).

Көне түркі тіліндегі ташқарун сөзінің қазақ тіліндегі баламасы – тысқары. Үстеуге айналған бұл сөзге «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: 1. Сырт жерде, далада. 2. Алыста, қашық жерде, аулақта. 3. Шет, бөлек, сырт, тыс. «Көне түркі сөздігінде» (Древнетюркский словарь) осы үстеуге қатысы бар мынадай сөзформалар кездеседі:

таш 1. *внешний вид, облик; наружная, внешняя сторона.*

2. *наружный внешний; верхний (об одежде)*.

3. *в служ. знач. Послелог а) кроме, вне; б) около*.

ташық – *выходить, выступать, отправляться в поход.* Ер евдин ташықты (ДТС, 540) (Ер үйден сыртқа шықты)

ташқару *наружу.*

Теріп алынған сөздерді өзара салыстырсақ ең алдымен мынаны байқаймыз: түпкітек *ташқарун сөз формасынан соңғы н дауыссызы түсіріліп айтылып (элизияға ұшырап), біртебірте ташқару үстеуі қалыптасқан. Ташық және ташқару сөзформаларын өзара салыстырғанда негіздегі қ дауыссызының қосымшаға ауысқаны аңғарылады: ташық+ару>таш+қару. Сондай-ақ осы үстеудің толық формасы ташық+арун>таш+қарун түрінде түбір мен қосымшаға бөлінеді.

Сонда бұл қосымшалардың алғашқы формасы *арун және *ару екендігі нақты факті арқылы анықталып отыр. Ал қарун мен қару – екінші дәрежелі туынды форма, тілдік өмірге қ қатаң дауыссызының жылысуы нәтижесінде кейін келген: қ+арун, қ+ару.

Көне түркі тілі материалдарынан тағы бір мысал келтірелік.

илик: ең илик *прежде всего, самый первый раз.*

илк *прежде, вначале;* илк сен барғыл вначале ты иди (ДТС, 208).

илгәрү *вперед (~на восток)*, илгәри кетти он ушел вперед (~на восток) (ДТС, 208).

Қазақ тілінде ілгері *алға, алдыңғы жаққа* (ҚТТС, 10-том, 430-б.) [5]. деген мағына береді. Яғни XI ғасырдағы лексикалық мағынасынан анау айтқандай алшақтай қоймаған. Алға сөзформасының түбірі ал, ескі *илк* сөзформасының түбірі *ил* – сингармониялық варианттар. Сөз басындағы а~и сәйкестігі – ішкі флекция қалдығы болуы да мүмкін. Ішкі флекция ілгері дәуірлерде сөздердің лексикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық мағыналарын құбылтып, сөзжасам процесіне қатысып отырған. Осы себепті ал мен ил-дің арасында азын-аулақ айырмашылық болуы заңды.

Көне түркілік ил+ик пен ил+к түбір мен қосымшаға бөлінеді, бірақ жұрнақ түбірге сол кездің өзінде-ақ әбден сіңісіп кеткен. Илк туынды түбіріне (негізге) -әрү жалғауы жалғанғанда негіздегі к ұяңданып, қосымшаға ауысқан. Осыдан келіп ил+гәрү кейінгі дәуірлерде басқаша жіктелетін болған. Анығырақ айтқанда, -гәрү жұрнағы тілдік өмірге келіп, тұрақтанған. Орхон-енисей ескерткіштерінде көп ұшырайтын -қару мен -гәрү осындай, жоғарыда баяндалғандай, жолдармен пайда болған.

Бұл жалғаудың – барыс жалғауының одан әрі дамуына, өзгеріп, құбылуына үнемдеу заңының ықпалы өте күшті болған. -қару/-ғару, -кәрү/-гәрү формаларының құрамындағы у мен ү элизияға ұшырап, жойылып кетеді де, жалғау тұлғалары

одан әрі ықшамдалады: (-қару/-ғару>)-қар/-ғар мен – (-кәрү/-гәрү>)-кәр/-гәр көрсеткіштері барыс септігінің функциялық қызметін атқара бастайды.

Бұл жайында А.М.Щербактың пікірі мына төмендегідей: «В отличие от аффикса -ғару~-қару аффикс -ғар~-қар, присоединяемый обычно к местоимениям, часто встречается не только в наречиях, но и в падежной парадигме, ср. др.-тюрк. *Аңар көрү билиң* «взирайте на нее» (КТ II), *муңар тегир улуғлуқ* «этого [человек] коснется величие» (МК I 352); кум.буғар «этому», *шуғар* «тому», оғар тому; ног. (қараноч) *мағар* «мне», *сағар* «тебе», *буғар* «этому», *оғар* «тому», хак. (качинск) *чоғар* «наверх», «вверх», *часхар* «к весне», *күскәр* «к осени» и. т. п. Аффикс -ғар~-қар – дальнейшее развитие аффикса -ғару~-қару» (9. 47-49-б.).

Біздің заманымызда қ, ғ, к, г дыбыстарынан басталатын кез келген жұрнақ пен жалғау көне замандарда дәл осы дыбыстардан басталмаған. Басқаша айтқанда, тарихи даму барысында қ, ғ, к, г дауыссыздары түбірлер мен негіздерден жұрнақтар мен жалғауларға жылысып отырған. Осы себепті –ғар мен -қар-ды ғ, қ мен ар-дың қосындысы деп қараймыз: -ғ+ар және -қ+ар. Сонда –ар жалғауының тіл тарихында өмір сүргендегі анықталады. Мұның қалдықтары қазіргі тілдерде сақталып қалған. Мысалы қарайым тілінде үшінші жақтағы жіктеу есімдігіне -ар формасында жалғанады: ан+ар. Мұндағы ан – үшінші жақ жіктеу есімдігінің көне формасы. Татар диалектілерінде – улым+ар+ға (менің ұлыма), үзім+әр+ге (менің өзіме). Бұл ретте барыс септігінің көне формасы -әр/-ар мен жаңа формасы -ға/-ге бір-біріне сіңісіп кірігіп кеткен.

Енді жоғарыда баяндалған пікірлерді қорытып көрелік. Бұл үшін ең алғаш әңгімеленген ташқарун сөзформасына қайтадан тоқталуға тура келеді. Бұл үстеу өз заманында толық мағыналы ташық және арун сөздерінің бірігіп сіңісуінен пайда болған: ташық+арун>ташқарун. Мұндағы таш – түбір; -ық – сөз жасайтын жұрнақ; -ар – ежелгі дәуірлерде бағыт, беталысты білдіретін жалғау, тарихқа белгісіз кезеңде бұрынғы лексикалық мағынасы күңгірттеніп, дерексізденіп, бірте-бірте қосымшаға айналып кеткен сөзформа; -ун – есім жасайтын жұрнақ. Олай болса, ар бір замандарда толық мағыналы есім болған екен. Оның бағыт, беталысты білдіретін жалғауға айналуы – кейінгі замандардың ықпалы. -ар–дың одан әрі дамып, негізінде оғыз тілдерінде, сондай-ақ алтай, хақас, шор т.б. тілдерде ықшамдалып а-ға айналуы – эволюция жемісі. Үнемдеу заңының әсерінен ықшамдалған барыс септігінің -а жалғауы дауыссыздардан кейін осы күйінде (*адам+а*) дауыстылардан кейін -йа күйінде (*маса+йа* «столға») жалғанады. Мұндағы й – эпентеза: маса+й+а.

Сонымен барыс септігінің аса ежелгі заманғы -арун формасын алғашқы деп танысақ, -қарун формасын екінші – одан кейінгі тұлға деп пайымдаймыз. Даму кестесі мынадай:

1. арун>ару>ар>а; ерүн>ерү>ер>е.

2. қарун>қару>қар>қа; керүн>керү>кер>ке.

Барыс септігінің көне және осы заманғы формалары қаншалықты көп болғанымен, түпкітегі бір-ақ тұлғаға барып тіреледі. Ол – *-ар. Қазіргі қолданыстағы -қа, -ке, -ға, -ге екі бөлшектен тұрады: -қ+а, -к+е, -ғ+а, -г+е. Мына лексикалық бірліктерге назар аударалық:

ас – *биіктеу, ұзару, жоғары көтерілу*

ас+ық *бір заттың белгілі бір нысанадан, биіктіктен*

жоғары өтіп кетуі

ас+қ+ақ *биік, заңғар, зәулім*

ас+қ+ан *аса, тым, ерекше*

ас+қ+ар *заңғар, зәулім, биік*

Кестеден көрініп тұрғанындай, ең алдымен етістіктің бір буынды түбірі ас сөзформасынан –ық жұрнағы арқылы асық туынды түбірі – негіз жасалған. Оған көне -ақ, -ан, -ар жұрнақтары жалғанып, күрделенген. Бұл жұрнақтар бірте-бірте негізбен кіріккен. Соның нәтижесінде туынды түбірдегі қ қатаң дауыссызы дауыстыдан басталатын көне жұрнақтарға жылысқан. Бұл жерде буынның қайта түзілу заңдылығы әсер еткендігі анық байқалады. Біздің дәуірімізде -қақ, -қар сын есімнің, -қан есімшенің жұрнақтары болып есептеледі. қ, к, ғ, г дыбыстарынан басталатын жұрнақтар мен жалғаулардың барлығы дерлік жылысу құбылысының есебінен пайда болған. Демек барыс септігінің жалғауының қосынды екі элементтен тұруына (-қ+а, -к+е, -ғ+а, -г+е), айналып келгенде, бір ғана заңдылық – жылысу құбылысы – әсер еткен.

Барлық түркі тілдеріндегі барыс септігінің көне және жаңа формаларының жиынтығына тағы бір назар аударалық.

1. *-арун/-ерүн>-ару/-ерү; -ару/-ерү>-ар/-ер; -ару/-ерү>-ру/-рү.

-ар/-ер>-а/-е; -а/-е>-йа/-йе; -а/-е>-ha/-he; -а/-е>-на/-не.

2. *-қарун/-керүн>-ғарун/-герүн; -қарун/-керүн>-қару/-керү; -ғарун/-герүн>-ғару/-герү; -қару/-керү>-қар/-кер; -ғару/-герү>-ғар/-гер;→-қар/-кер>-қа/-ке; -ғар/-гер>-ға/-ге.

Барыс септігі жалғауының даму эволюциясы бізге мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

1) Барыс септігі жалғауының түпкі негізі – *-арун тұлғасы – тілдік фактілер негізінде бұрынғы қалпына келеді (реконструкцияланады). Мұның құрамындағы ар бөлшегі тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде толық мағыналы лексема болған. Кейін тарихи даму барысында «бағыт, беталыс» мағыналарын беретін грамматикалық тұлғаға айналған. Ал –ун бөлшегі (морфемасы) – есім көрсеткіші. Демек, *-арун – алғашқыда есім сөз. Бұдан *-арун>-ару>-ар>-а тұлғалары үнемдеу заңының ықпалымен бірте-бірте қалыптасқаны байқалады. Осы себепті біздің заманымызда оғыз тілдері тобында, сондай-ақ алтай, хақас, шор т.б. тілдерде ұшырайтын барыс септігінің -а формасын бір замандарда өмір сүрген аса ежелгі тұлғаның қалдығы, сарқыншағы деп танимыз.

2) қ дауыссызының дауыстыдан басталатын барыс септік мағынасын беретін *-арун тұлғасына жылысуы -қарун формасын өмірге келтірген. Бұл тілдік бірлік те *-арун сияқты үнемдеу заңына бағынып, соңғы дыбыстарын бір-бірлеп жоғалтқан: -қарун>-қару>-қар>-қа. Демек, оғыз, алтай, хақас, шор т.б. тілдердің барыс жалғауының түпкі негізінде *-арун формасы тұрса, қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр т.б. тілдердің барыс жалғауының түпкі негізінде -қарун формасы тұр.

3) Түркі тілдері дамуының диахрония дәуірлерінде ұяң дауыссыздар мен жіңішке дауыстылардың мүлде болмағандығы сингармониялық варианттар арқылы дәлелденіледі. Қазір жіңішке айтылатын сөздердің барлығы тұтастай ежелгі, аса ежелгі уақыттарда жуан айтылатын болған. Мысалы, *қары>кәрі, доңғалақ>дөңгелек, қол>көл, бары>бәрі, татлы>тәтті* т.б. Жіңішке айтылатын барлық сөздердің жуан варианттарының табылуы – жоғарыда айтылған тұжырымның дұрыс екендігін айғақтайды. Сондықтан, жуан варианттардан пайда болғандықтан, жалғаулардың жіңішке варианттарына көңіл бөлмесе де болады.

4) Барыс жалғауының көрсеткіші дауыссыздарға -а формасында, дауыстыларға -йа немесе -h формасында жалғанады. -а тұлғасының алдына қосылған й мен h – протезалық дыбыс. Олар ешқашан мағына жасауға қатыспайды. Кейбір тілдердің тілдік базасы й-ді қаласа, кейбір тілдердің тілдік базасы h-ні қалайды. Протезалардың бірде олай, бірде бұлай құбылуы осы себептен. Ал барыс септігі -а формасының алдынан н дыбысының жамалуы – жылысу құбылысының нәтижесі. н – біртұтас тәуелдік жалғауы -ын-ның екіге жарылуынан пайда болған өлі форма. Ол тарихи даму барысында туынды түбірден (негізден) қосымшаға жылысып, тұрақтанған элемент. Мысалы, түркі тілдерінің көне жүйесі бойынша қаған сөзіне алдымен тәуелдік жалғауының толық формасы -ын жалғанған: қаған+ын. Оған барыс септігінің формасы -а қосылғанда қаған+ын+а. Қыпшақ тілдерінде – қаған+ын+қа. Түркі тілдерінің жаңа жүйесі қалыптасқанда тәуелдік жалғауының соңғы н дыбысы дауыстыдан басталатын жұрнақтар мен жалғауларға жылысып, оның құрамынан берік орын алады, алғашқы дыбысы ретінде тұрақтанады: сонда қаған+ын+а емес, қаған+ы+на болып шығады. Осы себепті біздің заманымыздың тілшілері тәуелдеулі септіктің барыс формасы деп а-ның орнына -на-ны таниды. н қыпшақ тілдерінде к/ғ дауыссызын ығыстырып барып, жылысады.

«Кодекс куманикус» ескерткіші тілінің қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда басты ерекшелігі – барыс септігі -а/-е формасының тәуелдік жалғауынсыз-ақ түбір сөзге тікелей жалғана беретіндігі. Осы себепті қыпшақтық вариант -қа/-ке, -ға/-ге мен оғыздық вариант -а/-е жарыса қолданылады: *бармақ+қа/бармағ+а, ат+а* (жылқыға)*/ат+қа* т.б. Кей реттерде тәуелдік жалғауының ыдырамай тұрғандағы толық формасы сақталғандығы байқалады. Осы себепті тәуелдік жалғауының үстіне жалпытүркілік -а емес, қыпшақтық -ға/-ге формалары қосылады: алн+ын+ға (алдына).

«Ат тухфа аз-закийа...» ескерткіші тілінде барыс септігіне орай мына ерекшелік ерекше көзге түседі: ол – -а/-е формасының алдынан й протезасының қосылатындығы: тәңри+й+а. Тәңри сөзінің соңғы дыбысы дауысты болғандықтан й соноры эпентеза ретінде қызмет етіп тұр. Жалғауды бөлек алып қарастырғанда, ол – протеза. «Кодекс куманикус» ескерткіші тіліндегідей -а/-е формасы тәуелдеулі сөздерге ғана емес зат есім түбірлеріне тікелей жалғана береді: *ағыз+а* ийлитди (аузына апарды). Екі ескерткіште де барыс септігінің өзге формалары қазіргі қазақ тіліндегідей. Осы себепті қыпшақтарды таза қыпшақтар, оғызданған қыпшақтар деп екіге бөліп қараймыз.

Әдебиеттер

1 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1962.
2 Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – М., 1957.
3 Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Ленинград: Наука, 1977.
4 Древнетюркский словар. – Ленинград, 1969.
5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым,1985.

References

1 Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie tyurkskih yazykov. – M., 1962.
2 Ramstedt G.I. Vvedenie v altajskoe yazykoznanie. – M., 1957.
3 SHCHerbak A.M. Ocherki po sravnitel'noj morfologii tyurkskih yazykov (Imya). – Leningrad: Nauka, 1977.
4 Drevnetyurkskij slovar. – Leningrad, 1969.
5 Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdigi: 10 tomdıq / Jalpı red. basq. A.I. Isqaqov. – Almatı: Ğılım, 1985.

МРНТИ 16.21.47

Сансызбаева С.К.,

к. ф. н. доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: sksansyzbaeva@gmail.com

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЗООМОРФНОЙ МЕТАФОРЫ

В статье рассмотрены прагматические аспекты использования зооморфной метафоры в таких разноструктурных языках, как русский и казахский. В статье проанализированы наиболее распространенные примеры употребления зооморфной метафоры в дискурсивном пространстве русского и казахского языков. Автором отмечено, что зооморфные метафоры получили широкое распространение в коммуникативной практике. Они могут быть использованы в функции обращения к людям с различным социальным статусом, могут характеризовать политические убеждения, описывать внешние детали. Зооморфные метафоры имеют высокую частотность в дискурсе, что обусловлено рядом экстралингвистических факторов. В числе данных факторов большое место занимают эмоциональность и выразительность данных лексических единиц по сравнению с другими средствами языка. В статье также описаны национально-культурные особенности, влияющие на различия в коннотативной семантике зооморфной метафоры русского и казахского языков.

Ключевые слова: зооморфная метафора, прагматика, дискурс, обращения, речевая ситуация, эмоциональность.

Sansyzbayeva S.K.

Pragmatical aspects of functioning of a zoomorphical metaphor

In article pragmatical aspects of use of a zoomorphical metaphor in such the different languages as Russian and Kazakh are considered. In article the most widespread examples of the use of a zoomorphical metaphor in discourse space of the Russian and Kazakh languages are analysed. The author has noted that zoomorphical metaphors were widely adopted in communicative practice. They can be used as the address to people with various social status, can characterize political convictions, describe external details. Zoomorphical metaphors have high rate in a discourse that is caused by a number of extralinguistic factors. Among these factors emotionality and expressiveness of these lexical units in comparison with other means of language figure prominently. In article the national and cultural features influencing distinctions in connotive semantics of a zoomorphical metaphor of the Russian and Kazakh languages are also described.

Key words: zoomorphical metaphor, pragmatics, discourse, addresses, speech situation, emotionality.

Сансызбаева С.Қ.

Зооморфтық метафораның қолданылуының прагматикалық аспектісі

Мақалада орыс және қазақ тілдеріндегі зооморфтық метафоралардың қолданылуының прагматикалық аспектілері қарастырылған. Мақалада орыс және қазақ тілдерінің дискурстық кеңістігіндегі зооморфтық метафоралардың кеңінен қолданылатын мысалдары қарастырылған. Автор коммуникативтік тәжірибеде зоомортық метафоралардың жиі қолданылатынына аса назар аударады. Бұл бірліктер әлеуметтік жағдайы әр түрлі деңгейдегі, саяси көзқарастарының айырмашылығы бар адамдарға қаратпа сөз ретінде қолданылады және адамның сыртқы бейнесінің ерекшеліктерін көрсетеді. Зооморфтық метафоралар дискурста жиі қолданысқа

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ұшырайды, оның себебі бірқатар экстралингвистикалық факторлармен байланыстырылған. Олардың ішінде бұл лексикалық бірліктердің басқаларға қарағанда эмоционалды болуымен және ауыспалы мағынада кең қолданылуымен байланысты болу жағдайы. Мақалада орыс және қазақ тіліндегі зооморфтық метафоралардың коннотативтік семантикасының айырмашылығына әсер еткен ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрсетілген.

Түйін сөздер: зооморфтық метафоралар, прагматика, дискурс, қаратпа сөздер, тілдік жағдай, эмоционалдық.

В коммуникативной практике широкое распространение получили зооморфизмы – обращения к людям, образованные в результате переосмысления объектов животного мира. Частотное использование зооморфных метафор в дискурсе обусловлено несколькими факторами:

1. Схожесть некоторых внешних признаков и особенностей поведения животных с внешностью и поведением человека формирует универсальные для всех естественных языков типологические модели зооморфной метафоры «внешний вид животного – внешний вид человека», «поведение животного – поведение человека», «предполагаемый образ жизни животного – образ жизни человека» и др.

2. Стремление участника коммуникации эмоционально, оригинально, по-новому обозначить какие-либо предметы. Например, в примерах *Эх, ты ворона!* и *Ты очень невнимательный(-ая). Вот ты лиса!* и *Ты меня провел!* первые предложения является более эмоциональным, ярким, содержательным по сравнению со вторым.

3. Полный набор идентификационных семантико-стилистических признаков названий животных, которые, функционируя в воздействующей функции, приобретают разнообразные коннотации и становятся эффективным средством субъективной оценки собеседника.

Зооморфная лексика активно участвует в различных речевых ситуациях с явными или скрытыми целями высказывания: для оценки, приветствия, одобрения, упрека, укора и др. Следует отметить, что степень активности в речевой коммуникации у зооморфной лексики гораздо выше, чем у остальных лексических единиц, ее объем постоянно расширяется. Стилистическая принадлежность зооморфной лексики преимущественно к разговорной речи характеризует ее основные стилевые черты, такие, как непринужденность, спонтанность, эмоциональность и др. В качестве языковых единиц для общения в различных речевых ситуациях отбираются разговорные, зачастую бранные, иногда – просторечные, для яркого выражения чувств и отношения к объекту речи.

Отличительными особенностями речевого общения являются следующие его признаки: проявление эмоциональности, речевая небрежность, широкая вариативность, необходимость в языковой экономии, проявление субъективной оценки и др. Все это тесно связано с экстралингвистическими факторами. К числу факторов, в наибольшей степени определяющих характер речевого общения, по мнению В.В.Богданова относятся следующие: 1) социально-культурный статус (социальная принадлежность, профессия, культурные нормы и обычаи, уровень образования, место жительства, семейное положение), 2) биолого-физиологические данные (пол, возраст, состояние здоровья, наличие или отсутствие физических недостатков), 3) психологический тип (темперамент, интровертная или экстравертная ориентация, элементы патологии), 4) текущее психологическое состояние (настроение, актуальные для настоящего момента знания, цели и интересы), 5) степень знакомства коммуникантов, 6) внешний вид (одежда, манеры) и др. [1, 28–29].

Вышеуказанные факторы влияют на прагматические аспекты функционирования зооморфной метафоры. Так, например, лица, занимающие высокое общественное положение, вероятнее всего, избегают в различных речевых ситуациях бранные слова типа: *осел, корова, жук, козел* и т. п., мало знакомые собеседники или люди, находящиеся в официальной ситуации общения, не прибегают в обращениях друг к другу, используя слова *голубчик, рыбка, зайка* и т. п.

В акте речевой коммуникации при выборе лексики в общении важную роль выполняют пол, возраст, настроение и другие факторы. Одной из самых главных причин употребления данной лексики, по мнению известного исследователя эмотивной стороны языка В.И.Шаховского, является то, что эмоционально «заряженные» слова «сообщают о душевном волнении говорящего, передают некую эмоциональную информацию (одновременно с фактуальной или независимо от нее), вызывают ответную эмоци-

ональную реакцию» [2, 56]. Например, именуя человека *ослом*, говорящий не только указывает собеседнику на его глупость и упрямство, но также демонстрирует и свои эмоции, раздражение, злость и др. Подобная ситуация, скорее всего, вызовет и ответную реакцию, которая окажется не менее эмоциональной, что может стать причиной развития коммуникативного конфликта. По справедливому утверждению В.И.Шаховского, «эмоции сегодня в моде. Они охватили все коммуникативное пространство Homo loquens: СМИ, политику, бытовое и художественное общение. Эмоции стали важнейшими компонентами разума, мышления и языкового сознания современного человека, принадлежащего к любой лингвокультуре» [2, 5].

Деловая профессиональная деятельность, как известно, отличается сугубо прагматическими задачами, решаемыми при речевом взаимодействии между участниками той или иной коммуникативной ситуации. Именно прагматизм деловой речи делает чрезвычайно важным знание особых правил речевой деятельности (этикета, поведения), соблюдение которых способствует достижению соответствующей практической цели. Любой речевой акт при общественно-деловом общении прагматичен, интенционален, т.е. направлен на достижение какой-то определенной цели. А эти цели при общественно-деловом общении, несмотря на их разнообразие, достижимы в значительной степени от успешности речевого акта, от его перлокутивного эффекта. Кроме того, языковая (речевая) составляющая в общественно-деловой деятельности, особенно в современном мире, не менее важна, чем производственная сфера. Конечно, рассмотрение такой проблемы соотносится с ее прикладным характером и прежде всего с ее практической направленностью. Известно, что современная наука о языке решает именно прикладные задачи, в ней дихотомия «теоретическая лингвистика vs. прикладная лингвистика» рассматривается не как противопоставление, а как взаимодействие, взаимообогащение.

Принято считать, что состояние современной лингвистики, тенденции ее развития невозможно охарактеризовать какой-то единой схемой, поскольку в силу своеобразия онтологии языка, его особой роли в жизни человека и социума в целом он действительно неисчерпаем и необозрим, как необозрима и жизнь человека. И сам человек живет прежде всего в мире языка, и язык – это «дом Бытия» (по М. Хайдегеру). Понятно, что этот «дом» неисчерпаем, как бесконечно и неисчерпаемо и само бытие. Такой подход к языку, характеризующийся отказом от имманентного рассмотрения языка, предопределил такую тенденцию развития современной лингвистики, как формирование новых предметов лингвистики, «освоение новых «территорий», которые традиционно принадлежали другим отраслям научного знания. И лингвистика становится также неисчерпаемой. Неисчерпаемость современной лингвистики не только в том, что она в силу особенностей своего объекта изучения должна быть многоликой, но и в связи с высоким уровнем ее развития, под влиянием разнообразия подходов к языку, наличия многообразных теорий и концепций языка и, наконец, существования различных национальных и региональных школ и направлений, связанных с определенной национально-культурной и научной традицией. Многоликость лингвистики как науки можно объяснить и тем, что тенденции к интеграции гуманитарных отраслей знания, к консолидации наук не по объекту, а по решаемым проблемам привели к лингвистическому экспансионизму, в результате чего сама лингвистика утратила свои четко очерченные контуры. В свое время А.А. Леонтьев в докладе «Надгробное слово «чистой» лингвистике» пишет следующее: «Простой анализ выходящей под маркой общей лингвистики литературы показывает, что она либо носит откровенно прикладной характер, либо перерастает в психолингвистику, нейролингвистику, социолингвистику и т.д., либо, наконец, срастается с логикой как наукой о выводном знании, философией и т.д.» [1, 308]. Однако эти «надгробные слова» «чистой», теоретической лингвистике весьма односторонне характеризуют действи-

тельное состояние современной теоретической лингвистики. Они свидетельствуют скорее не о «смерти» лингвистики как единой науки, а о ее новом облике и новых задачах, решаемых ею совместно с другими отраслями гуманитарного знания, с логикой и философией в том числе: «В основе всех понятий, с которыми оперирует логика и философия, лежат концепты естественного языка, заключающего в себе океан концентрированного опыта человечества, сокровищницу недостаточно изученных и недооцениваемых знаний... Человек уже произвел (первичный) философский, логический и психологический анализ, и результаты его отражены и закреплены в языке. Прежде чем двигаться дальше в любом из направлений, предлагаемых различными науками, необходимо извлечь все, что возможно из языка, и сделать это должна лингвистика» [2, 21]. Современная лингвистика на этом пути извлекла многое из того, что не было замечено традиционной «чистой» лингвистикой. Углубление научной рефлексии способствовало также изменению взгляда на язык, на его онтологические свойства, его предназначение в жизнедеятельности отдельного языкового социума и индивидуума. И все это в совокупности предопределило новую роль лингвистики в системе знаний о мире и человеке и создало мистификацию кажущегося растворения лингвистики в других науках. Но одно бесспорно: противопоставление «чистой», теоретической лингвистики и лингвистики прикладной – не генеральная линия развития науки о языке, скорее, следует говорить о новых отношениях между научными дисциплинами. В связи с этим весьма примечательно мнение Вяч. Вс. Иванова, который в своей книге «Лингвистика третьего тысячелетия: вопросы к будущему», пишет следующее: «Связи языкознания, с одной стороны, и шенноновской теории информации и колмогоровской теории сложности, с другой, представляют примеры того, как в будущем могут начать складываться отношения между научными дисциплинами. Вместо традиционно наследуемых и охраняемых условных границ между ними наступит время исследований по проблемам, а не по установленному условному размежеванию сфер занятий. Можно надеяться, что от принятой сейчас традиционной и весьма консервативной классификации знаний уже скоро останутся одни воспоминания» [3, 29].

С этим мнением следует согласиться, поскольку, действительно, вместо традиционной «классификации знаний» пришло время нового «отношения между научными дисциплинами». Более того, эти новые отношения привели к новым дисциплинам, которые формируются по проблемам. Понятно, что изменились и задачи самой лингвистики, которая всё отчетливее приобретает облик междисциплинарной области гуманитарных исследований, о чем свидетельствуют такие названия новых «лингвистик», как прагмалингвистика (лингвопрагматика), геолингвистика, урбанистическая лингвистика, гендерная лингвистика, политическая лингвистика, юрислингвистика, лингвокультурология, лингвокриминалистика и др. Все эти дисциплины «носят откровенно прикладной характер», в связи с чем появилось новое противопоставление: теоретическая лингвистика vs. прикладная лингвистика. Однако это противопоставление, как показывает состояние современной лингвистики и основные тенденции ее развития, представляется надуманным, поскольку проблематика теоретической и прикладной лингвистики оказалась единой. Более того, стало совершенно очевидным, что решение прикладной задачи невозможно без использования научно-исследовательского аппарата теоретической лингвистики. В свою очередь, прикладные задачи выявили новые аспекты, казалось бы, сугубо теоретической проблемы, способствовали формированию новой методологии науки о языке. Всё это заставляет говорить не о противостоянии «чистой», теоретической лингвистики и лингвистики прикладной, а о взаимообогащении их. Именно взаимообогащению лингвистики как единой гуманитарной отрасли научного знания призвано служить исследование делового дискурса как феномена языка. Языковые новшества в общественно-деловой речи представляются как реализации прагматических целей коммуникантов. Сам процесс интеракции между ними рассматривается как проявление межличностных отношений, существующих в общественно-деловой сфере. Новшества (инновации) в этой сфере – веяние и требование времени, поэтому лингвистика должна не только просто фиксировать эти новшества, но установить новые закономерности в этом феномене.

Обратимся к понятию институциональности, представляющему собой неотъемлемый параметр дискурсивной интеракции. Всякий институциональный дискурс использует определенную систему профессионально-ориентированных знаков или, другими словами, обладает собственным подъязыком (специальной лексикой, фразеологией) [4, 368]. Человек вступает в то или иное дискурсивное пространство

не только в определенной социальной роли (включающей или подразумевающей тип социального института), но и с определенными целями. Институциональный дискурс оказывается предельно широким понятием, охватывающим как языковую систему (ту ее часть, которая специфически ориентирована на обслуживание данного участка коммуникаций), так и речевую деятельность (совокупности лингвистических и экстралингвистических факторов) и текст. Институциональный дискурс представляет собой общение в заданных рамках статусно-ролевых отношений [5, 14]. В современном обществе существуют следующие виды институционального дискурса, получившие определенную исследовательскую оценку: политический, дипломатический, административный, юридический, военный, педагогический, религиозный, мистический, медицинский, деловой, рекламный, спортивный, научный, сценический и массово-информационный.

Институциональный дискурс выделяется на основании двух системообразующих признаков: цели и участники общения [5, 15]. Например, цель политического дискурса – завоевание и удержание власти, педагогического дискурса – социализация нового члена общества, делового дискурса – установление взаимовыгодных деловых отношений между организациями и т.д. Основными участниками институционального дискурса являются представители определенного института и люди, обращающиеся к ним. Традиционно выделяют четыре признака институционального дискурса: 1) конститутивность, 2) институциональность, 3) признаки типа институционального дискурса, 4) нейтральность. Конститутивные признаки включают участников, условия, организацию, способы и материал общения, т.е. людей в их статусно-ролевых и ситуационно-коммуникативных амплуа, сферу общения и коммуникативную среду, мотивы, цели, стратегии, канал, режим, тональность, стиль и жанр общения и, наконец, знаковое тело общения (тексты и/или невербальные знаки) [5, 15]. Они получили достаточно полное освещение в работах по социолингвистике и прагмалингвистике (Hymes, 1974; Fishman, 1976; Brown, Fraser, 1979; Белл, 1980; Богданов, 1990; Карасик, 1992; Макаров, 1998). Признаки институциональности фиксируют ролевые характеристики говорящего и слушающего, типичные хронотопы, символические действия, трафаретные жанры и речевые клише.

Таким образом, институциональное общение – это коммуникация в своеобразных масках [6, 66]. Именно трафаретность общения принципиально отличает институциональный дискурс от персонального. Специфика институционального дискурса раскрывается в его типе, т.е. в типе общественного института, который в коллективном языковом сознании обозначен особым именем, обобщен в ключевом концепте этого института (политический дискурс – власть, педагогический – обучение, религиозный – вера, юридический – закон, медицинский – здоровье и т.д.), связывается с определенными функциями людей, сооружениями, построенными для выполнения данных функций, общественными ритуалами и поведенческими стереотипами, мифологемами, а также текстами, производимыми в этом социальном образовании [7, 77]. Нейтральные признаки институционального дискурса включают общедискурсивные характеристики, типичные для любого общения, личностно-ориентированные признаки, а также признаки других типов дискурса, проявляющиеся «на чужой территории», т.е. транспонированные признаки (например, элементы проповеди как части религиозного дискурса в политическом, рекламы – в медицинском, научной дискуссии – в педагогическом) [8, 17]. Коммуникативные клише в рамках институционального дискурса являются своеобразными ключами для понимания всей системы отношений в соответствующем институте.

Институциональный деловой дискурс (далее – ИДД) – сложный объект, имеющий ряд институциональных и когнитивно-лингвистических особенностей, отличающих его от всех других типов дискурса. ИДД – это процесс творческого следования норме, которая диктуется и познается через сложную и многомерную «профессиональную» картину мира, актуализированную через базисные понятия деловой культуры, профессионально направленные идеи и концепты, нормы институционального и межличностного поведения, детерминирующие деловое общение, ценностные ориентации; схемы, фреймы стереотипных ситуаций, формулы; специальный тезаурус (например, слова-сигналы). Все это знания, которые вербализуются в текстах профессиональной направленности на лингвокогнитивном уровне [9, 44].

Так, институциональный деловой дискурс представляет собой целенаправленную статусно-ролевую речевую деятельность людей, общей характерной чертой которых являются деловые отношения (производство товаров, финансирование этого производства, предоставле-

ние денежных займов, торговлю, страхование, коммерцию, продажу продукции и различные услуги, такие как бухгалтерский учет, распределение и ремонт товаров, покупку, продажу товаров или услуг, предварительные переговоры по этим видам деловых отношений), охватывающие не только организации внутри, но и связи между организациями, а также коммуникацию между организациями и отдельными индивидами, базирующуюся на нормах и правилах общения, принятых в деловом сообществе [9, 50].

К особенностям официально-делового дискурса относятся стабильность, традиционность и стандартизированность, поскольку сферой его применения являются деловые отношения между людьми, учреждениями и государствами. Поскольку официально-деловой дискурс, как уже отмечалось, характеризуется строгой точностью, объективностью, конкретностью, лаконичностью, отсутствием образности и эмоциональности, то и выбор средств для него будет определяться этими же особенностями. В частности, использование интернациональных лексических единиц не будет продиктовано стремлением к реализации основных прагматических установок, поскольку выражаемое в официально-деловом стиле содержание должно исключать двусмысленность и возможность разночтения. Институциональность является «системообразующим признаком» ИДД и представляет собой комплекс лингвокогнитивных моделей, стратегий, образцов, схем и т.п., которыми участники делового сообщества обмениваются в разных профессиональных интеракционных плоскостях.

ИДД – как социальное, так и лингвистическое явление. Его существование и развитие, коммуникативные механизмы и набор средств выражения зависят от ситуации общения и требований современного мира бизнеса. Именно социальный институт «деловое сообщество» детерминирует использование языка, «вживляет» определенные знания и представления в личность каждого участника делового сообщества, диктует стратегии и тактики взаимодействия социальных групп и индивидов [9, 50]. Институциональный деловой дискурс является сложным, многоаспектным образованием, где каждая входящая в его состав область имеет своего, только ей присущего адресата и адресанта, цели и задачи коммуникации, ситуации взаимодействия, интенции и стратегии их достижения [9, 51].

Основными причинами, определяющими динамизм делового дискурса, являются стабильное развитие общества, бизнеса и, соответственно, развитие языковой личности; постоянство, разная степень взаимодействия и обмена информацией между членами бизнес-сообщества; изменение последнего в процессе глобализации.

Несмотря на огромный исследовательский интерес к особенностям профессиональной коммуникации, целостная когнитивная теория продуцирования и понимания дискурса в отдельных социальных институтах (в частности, в современном бизнес-сообществе) не разработана. Недостаточно изучены и требуют специального исследования вопросы соотношения различных когнитивных моделей и стратегий речевой деятельности в процессе дискурсивного взаимодействия. С учетом многоаспектности исследуемого феномена, можно говорить о том, что деловой дискурс – это система жанров, актуальных в общении специалистов в области менеджмента, маркетинга, экономики, торговли, бизнеса и т.д. Этот дискурс сводится к образцам вербального поведения, сложившимся в обществе применительно к закрепленным за экономистами сферам профессионального общения. Таких сфер общения в конкретном обществе может быть выделено довольно много. При всем их многообразии не для каждой из них, вероятно, может быть создана частная риторика, так как любая частная риторика описывает систему речевых жанров, а такая система может существовать только в такой профессиональной деятельности, в которой «слово – это профессиональный инструмент» [8, 416].

Как убедительно доказывает Т.В. Анисимова, только система может дать целостное представление о сущности жанра в единстве теории и практики его употребления в речи [10, 11]. Типологический метод позволяет эффективно в каждом конкретном случае формировать по предложенной модели не только уже описанные, но и другие, потенцируемые, жанры. Типологические характеристики являются базовыми критериями контроля и оценки эффективности и качества, действенности конкретной речи в определенном жанре. Предметом деловой риторики являются профессионально значимые жанры, прежде всего, связанные с подготовкой специалистов в сфере маркетинга, менеджмента, финансового дела, национальной экономики. В ИДД выделяют такие жанры, как деловая беседа, деловые переговоры, деловые совещания, в целом ряде современных научных публикаций их относят к так называемым «сложным речевым событиям» (событийный

жанр) [11, 4]. Мы расцениваем такую терминологию как обоснованную, имеющую право на существование, но для методики обучения считаем более целесообразным называть такие виды речевого общения, как деловые беседы, деловые переговоры, деловые совещания комплексными (или сложными) риторическими жанрами или комплексными риторическими жанрами речевых событий. Каждый из деловых речевых жанров имеет свою конкретную коммуникативную задачу и цель (обсудить, составить мнение, принять решение и т.д.), но в то же время эти задачи и цели близки тем, что это задачи и цели делового, профессионального общения определенного круга специалистов, деловых людей, причем в процессе делового общения эти цели и задачи нередко переплетаются, дополняя, «поддерживая» друг друга. С точки зрения структуры любой дискурс представляет собой обмен репликами, включающими, наряду со спонтанной речью, шаблонные фразы, дискурсивные формулы, прецедентные тексты, коммуникативные стереотипы и т.д.

Коммуникативные стереотипы составляют неотъемлемую часть ролевого поведения коммуникантов в ИДД и его специфических жанрах. Стереотипы формируются на основе опыта, частоты повторяемости ролевых признаков, характеризующих поведение, манеру говорить, двигаться, одеваться и т.п. [12, 35]. В целом мы можем говорить, что любой дискурс характеризуется наличием собственных коммуникативных стереотипов. Например, в дискурсе офиса можно выделить коммуникативный стереотип строгого начальника, глупенькой секретарши, ленивого или, наоборот, рьяного работника и т.д.

Подводя итоги, следует отметить, что ИДД характеризуется в первую очередь практической направленностью, важными характеристиками которого являются сфера общения (бытовая или профессиональная), сочетание временных и пространственных рамок, коммуникативная среда, речевая ситуация, участники коммуникации, стереотипные коммуникативные средства (вербальные и невербальные) и др. В этой связи данная проблематика представляет благодатный материал для дальнейших научных исследований прикладного характера в бакалавриате, магистратуре, докторантуре (PhD) по специальностям: «Русская филология», «Русский язык и литература».

Литература

1 Леонтьев А.А. Надгробное слово «чистой лингвистике» // Лингвистика на исходе XX века: итоги и перспективы: Тезисы международной конференции. Т. II. – М.: МГУ, 1995. – С. 308-309.

2 Шатуновский И.Б. Семантика предложения и нереферентные слова (значение, коммуникативная перспектива, прагматика). – М.: Языки русской культуры, 1996. – 400 с.

3 Иванов Вяч. Вс. Лингвистика третьего тысячелетия: вопросы к будущему. – М., 2004. –187 с.

4 Шмелева Т.В. Модель речевого жанра / Т.В. Шмелева. Жанры речи. – Саратов, 1997.

5 Карасик В.И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: Сб. науч. тр. / В.И. Карасик. – Волгоград: Перемена, 2000. – 5-20 с.

6 Богданов В.В. Речевое общение: прагматические и семантические аспекты /В.В. Богданов. – Л., 1990.

7 Белл Р.Т. Социолингвистика. Цели, методы и проблемы / Р.Т. Белл. – М., 1980.

8 Михальская А.К. Основы риторики /А.К. Михальская. Просвещение, М., 1996.

9 Ширяева Т.А. К вопросу о статусе дискурса/ Т.А. Ширяева. Вестник ПГЛУ. – 2006. – 49-55 с.

10 Анисимова Т.В. Типология жанров деловой речи (риторический аспект): автореф. дис. канд. филол. Наук / Т.В. Анисимова. – Краснодар, 2000.

11 Гольдин В. Е. Проблемы жанроведения / В. Е. Гольдин // Жанры речи: сб. науч. ст. – Саратов: Изд-во гос. учеб.-науч. центра «Колледж», 1999. – 4-6 с.

12 Крысин Л.П. Социолингвистические аспекты изучения современного русского языка / Л.П. Крысин. – М., 1989.

References

1 Leont'ev A.A. Nadgrobnoe slovo «chistoj lingvistike» // Lingvistika na iskhode HKH veka: itogi i perspektivy: Tezisy mezhdunarodnoj konferencii. T. II. – M.: MGU, 1995. – S. 308-309.

2 SHatunovskij I.B. Semantika predlozheniya i nereferentnye slova (znachenie, kommunikativnaya perspektiva, pragmatika). – M.: YAzyki russkoj kul'tury, 1996. – 400 s.

3 Ivanov Vyach. Vs. Lingvistika tret'ego tysyacheletiya: voprosy k budushchemu. – M., 2004. –187 s.

4 SHmeleva T.V. Model' rechevogo zhanra / T.V. SHmeleva. ZHanry rechi. – Saratov, 1997.

5 Karasik V.I. O tipah diskursa // YAzykovaya lichnost': institucional'nyj i personal'nyj diskurs: Sb. nauch. tr. / V.I. Karasik. – Volgograd: Peremena, 2000. – 5-20 s.
6 Bogdanov V.V. Rechevoe obshchenie: pragmaticheskie i semanticheskie aspekty /V.V. Bogdanov. – L., 1990.
7 Bell R.T. Sociolingvistika. Celi, metody i problemy / R.T. Bell. – M., 1980.
8 Mihal'skaya A.K. Osnovy ritoriki /A.K. Mihal'skaya. Prosveshchenie, M., 1996.
9 SHiryaeva T.A. K voprosu o statuse diskursa/ T.A. SHiryaeva. Vestnik PGLU. – 2006. – 49-55 s.
10 Anisimova T.V. Tipologiya zhanrov delovoj rechi (ritoricheskij aspekt): avtoref. dis. kand. filol. Nauk / T.V. Anisimova. – Krasnodar, 2000.
11 Gol'din V. E. Problemy zhanrovedeniya / V. E. Gol'din // ZHanry rechi: sb. nauch. st. – Saratov : Izd-vo gos. ucheb.-nauch. centra «Kolledzh», 1999. – 4-6 s.
12 Krysin L.P. Sociolingvisticheskie aspekty izucheniya sovremennogo russkogo yazyka / L.P. Krysin. – M., 1989.

ҒТАХР 16.21.27

Тымболова А.О.[1], Мурзинова А.С.[2], Әлметова А.С.[3],

[1]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
профессоры, ф. ғ. д., [2]II курс PhD докторанты,
[3]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
п.ғ.д., профессоры, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: tumbolova@mail.ru; msai2013@mail.ru; assipat@mail.ru

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ АРХЕТИПТЕР МЕН СТЕРЕОТИПТЕР

Бұл мақала қазақ, орыс, ағылшын халықтарының дәстүрлі танымында ұлттық тілі арқылы жүйеленген «қонақжайлылық» ұғымын білдіретін архетиптер мен стереотиптерге арналады. Осыған байланысты, мақалада қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша жинақталған тұрақты теңеулер мен фразеологизмдерге, мақал-мәтелдерге лингвомәдениеттанулық және когнитивті-дискурсивтік салғастырмалы талдау жүргізіледі. Әлемнің тілдік бейнесіндегі архетиптер мен стереотиптердің ұлттық мәдени мазмұнына айырықша мән беріледі. Қазақ, орыс, ағылшын халықтарының тілдік санасында шоғырланған таным көрсеткіштері айқындалады. Архетиптер мен стереотиптердің когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттануда өзіндік орны бар екені анықталады. Сондай-ақ, олардың ұлттық-мәдени құндылықтарды сипаттай алатыны және ұлттық менталитет, ұлттық мінезбен байланысы туралы сөз болады.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша жинақталған тілдік бірліктер тақырыптық топтарға бөлініп қарастырылады. Әр тақырыптық топты құрайтын тұрақты теңеулер мен фразеологизмдерге, мақал-мәтелдерге салғастырмалы талдау жасалады. Мұндай талдаулар үш халықтың «қонақжайлылық», «қонақ» ұғымдарын қалай қабылдайтыны туралы дәстүрлі танымындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, әлемнің концептуалдық бейнесі, архетип, стереотип, мәдени семантикалық код, ұлттық таным, ұлттық діл.

Tumbolova A.O., Almetova A.S., Murzinova A.S.

National-cultural archetypes and stereotypes in the language picture of the world

This article offers the analysis of the concepts«hospitality» and «guest» in the Kazakh, Russian and English language picture of the world. The analysis of figurative meaning of the Kazakh, Russian and English words and set expression, free combination of words of given thematic group. Weanalyse metaphors, connotation of the in the Kazakh, Russian and English words of given thematic group, phraseology and proverbs in the Kazakh, Russian and English languages. The Kazakh, Russian and English words of given thematic group are a part of the language picture of the world of Kazakh, Russian and English ethnic group. The analysis uncognatelanguagesmakes a certain contribution to the reconstruction of the integrated language world picture Kazakh, Russian and English ethnic group. The helps to find out some peculiarities of national comprehension.

Key words: linguo-cultural studies, conceptual picture of the world, archetype, stereotype, cultural and semantic code, national consciousness, national mentality.

Тымболова А.О., Мурзинова А.С., Әлметова А.С.

Национально-культурные стереотипы и архетипы в языковой картине мира

Настоящая статья посвящена сопоставительному исследованию языковой репрезентации стереотипов и архетипов традиционного народного сознания казахов, русских и англичан, связанных с восприятием и пониманием «гостеприимство».

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Приведены результаты лингвокультурологического и когнитивно-дискурсивного анализа слов и устойчивых сочетаний, репрезентирующих понятии «гостеприимство» и «гость» в казахской, русской и английской языковых картинах мира. В качестве одного из способов выражения символических представлений народа исследуются распространенные метафоры. Особое внимание уделяется коннотации. Важнейшими объектами исследования стали фразеологизмы,пословицы, поговорки, устойчивые сравнения. Как показало исследование, лексика выбранной тематической группы формирует один из значимых фрагментов языковой картины мира носителей казахского, русского и английского языков, что позволяет говорить о важности данной когнитивной сферы в культуре казахского, русского и английского народов. Исследование вносит определенный вклад в реконструкцию целостных языковых картина мира казахского, русского и английского этносов, а также позволяет выявить особенности национального мировосприятия.

Ключевые слова: лингвокультурология, концептуальная картина мира, архетип, стереотип, культурный-семантический код, национальное сознание, национальный менталитет.

Қазіргі таңда отандық және шетелдік тіл білімінде қалыптасқан антропоөзекті бағыт – ұлттық тіл мен тілдік деректер арқылы тіл иесінің ұлттық болмысын жан-жақты танып-зерделеуге мүмкіндік береді.

Тіл – өз бойында халықтың төл тарихы мен мәдениетін, талғамы мен танымын, болмысы мен танымын тұтастықта сақтай алатын таңбалық жүйе, әрі мәдениет көрсеткіші болып табылады. Осыған орай, адамзат жасаған рухани және материалдық мәдениеттің тіл арқылы жарыққа шығуы – тіл білімінде лингвомәдениеттану саласының берік іргетасын қалады. Лингвомәдениеттанудың басты қызметі – белгілі бір халық тіліндегі мәдени мазмұнды бейнелейтін ұлттық-мәдени атаулардың (архетип пен стереотиптің) түп-төркіні мен мәдени семантикалық кодын айқындау болып табылады.

«Архетип» термині К.Г. Юнгтың еңбектерінен бастау алады. Ғалым бұл ұғымды адамның қоршаған болмысқа бейімделуінің ең ежелгі формалары деп түсіндіреді [1, 19]. Кез келген тілдік жүйеде айырықша орны бар, сол ұлттың көне тарихы мен таным-түсінігін көрсете алатын тұрақты бейнелер болады. Мұндай бейнелер ғасырлар бойы халықтың жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Осындай тұрақты бейнелер тобын – архетиптер құрайды. Сонымен, «архетип – бұл белгілі бір ұлттың мәдениетінде танымал болған жеке индивидуалды санада тереңінен орын алған, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетіп отырған тұрақты бейне» [2, 27].

«Архетип» ұғымы «стереотип» терминімен тығыз байланысты. «Стереотип» феноменіне арналған іргелі зерттеулерді У. Липпман, И.С. Кон, Ж. Коллен, Ю.Д. Апресян, Ю.А. Сорокин, В.А. Рыжков, Ю.Е. Прохоров, В.В. Красных, П.Н. Шихирев, С.М. Толстая, Е. Бартминский, А.К. Байбурин, В.А. Маслова, М.В. Пименова, Н. Уәли, Б. Хасанұлы, А.С. Әлметова, Г. Исина, А. Әмірбекова, К.А. Құсманова, т.б. еңбектерінен кездестіруге болады.

Адам белгілі бір халықтың мүшесі болғандықтан, сол ұлттың мәдениетінде танылған стереотиптер әлемінде өмір сүреді. Стереотиптер бала кезден қалыптасып, баяу өзгеріске түседі. Олар белгілі бір мәдениет туралы білімнің негізгі өзегін құрайды. Архетиптер сияқты, стереотиптерге де тұрақтылық тән. Стереотиптердің мазмұндық қабатында белгілі бір халықтың ұлттық ерекшелігімен қатар, зат, құбылыс, жағдай туралы ұлттық-мәдени түсінігі сақталады. Сондай-ақ, мұндай ұлттық ерекшеліктер мен түсініктер вербалды бірліктер арқылы жарыққа шығады. Бұл туралы зерттеушіғалым В.А. Маслова: «Стереотип – это некоторый фрагмент концептуальной картины мира, ментальная «картинка», устойчивое культурно-национальное представление о предмете или ситуации» однако, это «не только ментальный образ, но и его вербальная оболочка», – дейді [3, 110].

Демек, стереотиптер мен архетиптер белгілі бір халықтың ұлттық мәдениетінде танылған, әрі сол халықтың ұжымдық санасында қатталған, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткен тұрақты бейнелер болып табылады.

Бағзы заманнан бері адамзаттың өркениет тарихында мәдени тамырын тереңге жайған архетиптердің бірі – *қонақжайлылық*. Қонақжайлылық – халық жанының айнасы. Оның бойында әр халықтың ұлттық болмысын танытатын өзіне тән стереотиптері көрініс береді. Осыған байланысты қазақ, орыс, ағылшын халықтарына ортақ *«қонақжайлылық»* архетипін салғастыру арқылы стереотиптердің ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындауға болады.

Қазақ тіліндегі *қонақжайлылық* сөзі орыс тілі мен ағылшын тілдерінде *«гостеприимство», «hospitality»* деген атаулармен қолданылады. Бұл сөзге үш тілдің түсіндірме сөздіктерінде: «үй иесінің келген қонақты құрметпен қарсы алуы мен ілтипат көрсетуі» [4, 205], «радушие в приеме и угощении посетителей» (келген қонақты құшақ жая қарсы алу және дәм татқызу) [5, 386], «hospitality – friendly and generous reception and entertainment of guests (үй иесінің қонақтарға деген достық қарым-қатынасы)» [6, 300], – деген анықтамалар берілген. Қонақжайлылық жомарттық пен адамгершілікті, сыйластық пен ынтымақты білдіретін рухани құндылықтың өлшемі болып саналады. Осыған байланысты, қазақ тіліндегі: *«Жолаушыны сусындатпай тұрып, бұйымтайын сұрама», «Дастарқан оң болмай, істе жол болмайды», «Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық, кешікпе»,«Бір күн дәмін татқанға, қырық күн сәлем»*, *«Қонағын сыйлаған төрге шық дейді», «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал», «Қонағы бар үй қоңырсып тұрады, қонағы жоқ үй бозымсып тұрады»,* «*Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер», «Кең болсаң, кем болмайсың»* [7, 78] *т.б.* лингвомәдени бірліктерден қонағын құдайындай сыйлайтын дана халқымыздың ұлттық-мәдени стереотипін аңғаруға болады. Аталған паремиялардағы «*сусын ұсыну*», *«қонақты құшақ жая қарсы алу», «сәлем беру», «қонағы бар үйдің қоңырсуы», «қонағы жоқ үйдің бозымсуы»,* «*дастарқан жаю*», «*дәм татқызу*», «*төрге шығару*», «*бата алу», қазаны оттан түспеу, т.б.* бағзы заманнан бері халық жадында қатталып, тұрақталған мәдени мазмұндағы стереотиптер. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінде қонақжайлылық қашан да бірінші орында тұрған. Ұлы даланың кеңдігі мен ауыл арасының алыстығы қазақ халқының қонақжай болып қалыптасуына тікелей әсер еткен деуге болады. Бұған тарихи және географиялық факторлар себеп болса керек.

Келген адамды тіліне, дініне, ұлтына бөліп-жармай, достық ниет танытып, алдына ас-дәм беру қазақ халқының басты қағидасы болып саналған. Оны *«Жолаушыны сусындатпай тұрып, бұйымтайын сұрама»* деген мақалдан-ақ байқауға болады.

Қазақ халқының қонақжайлылығын танытатын игі дәстүрлердің бірі – *«төрге отырғызу».* Төр – ең сыйлы орын. Оның философиялық мәні тереңде. Қазақ танымында төр – үйдің кіндігі. Ол жоғарғы және төменгі әлемді, оңтүстік пен солтүстікті, шығыс пен батысты байланыстырушы аралық. Осындай киелі орынға келген қонақты жайғастыру сыйластықтың нышаны болып есептеледі.

Төрмен бірге қолданылатын лексемалардың қатарына *«дастарқан»* ұғымын жатқызуға болады. Дастарқан – тоқшылық пен берекенің, татулық пен сыйластықтың символы. Ол – қонақжайлылық рәсімінің ең негізгі бөлігі. Жаюлы тұрған дастарқаннан ас-дәм тату – келген қонақ үшін парыз болып саналады.

Ал орыс тіліндегі: *«С хлебом с солью» (Нанмен бірге тұз), «Хлеб-соль не забывается» (нан мен тұз ұмытылмайды)*, *«Сердись, бранись, а за хлебом-солью сходись», «Будьте как дома» (Өз үйіңіздей көріңіз), «Сколько лет, сколько зим не видались» (Көріспегелі көп болды), «Добро пожаловать, милости просим» (Қош келдіңіз, сізден мейірімділік күтеміз), «Красному гостю красное место» (Сыйлы қонаққа – сыйлы орын), «Гость на гость – хозяину радость» (Қонақ – үй иесі үшін қуаныш), «Не будь гостю запасен, а будь ему рад» (Келген қонаққа қуанышты бол), «Гость в дом, а бог в доме» (Үйде қонақ болса, құдай да сонда), «Гость доволен – хозяин рад» (Қонақ риза болса, үй иесі де риза)* (Даль, 1957) т.б. паремиялардан орыс халқының қонақжайлылыққа қатысты дүниетанымдық көзқарасын байқауға болады. Мысалы, *«Хлебосольство»* – орыс халқының қонақжайлылығын көрсететін басты ұлттық-мәдени түсініктердің бірі. Ол – *«хлеб» және «соль» (нан мен тұз)* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Бұл сөздің мәдени семантикалық аясына діни түсінікпен бірге дәстүрлі наным шоғырланған. Діни түсінік бойынша «*Хлеб – дар Божий» (Нан – құдайдың сыйы), «Хлеб всему голова» (Нан барлық істің басы)* ретінде бағаланады. Орыс танымында *нан мен тұз* – сакральді тағам болып есептеледі. Мұның астарында зұлым күшке қарсы тұра алады деген наным жатыр. Демек, *«нан мен тұз»* қонақжайлылық пен бойтұмар қызметін атқарған. Тіпті күні бүгінге дейін кез келген рәсім осы екі заттың қатысуы арқылы орындалады. Ал қонақты қуана қарсы алуға байланысты қалыптасқан *«сколько лет, сколько зим»* – деген тұрақты тіркестің семантикалық кодын ашу арқылы орыс халқының ұлттық танымына қатысты мифтік түсінігін байқауға болады. Бұл – жыл мезгілдерін жарық пен қараңғы түнек деп бөлуден туындаған түсінік. Мәселен, *жарық пен жылулық – көктем мезгілін, ал қараңғы түнек пен суық – қыс* мезгілін білдірген. Осыған байланысты көктем мен жаз тұтас бір мезгілді білдіріп, жарық бөлікті, ал күз бен қыс мегілдері бірігіп, қараңғы бөлікті

құраған. Бұл айтылыстағы «лет» (жыл) сөзі «лето» (жаз) сөзін білдіреді. *Сколько лет* – жыл мезгілінің «жаңару, жандану» семантикасын, ал *сколько зим* – жылдың өту сәтін бейнелейді [8]. Сонымен, орыс халқы көптен бері көрмеген адамын жарық көктемге балап, оның ұзақ уақыт бойы мейман болмаған сәтін қараңғы түнекпен байланыстырады екен.

«Красный угол» (қызыл орын) – орыс халқы үшін киелі, қасиетті орын. Ол – орыс үйінің сәні. Бұл сөз тіркесі – «красивый, торжественный, праздничный, старший, почетный, божий» деген мағыналарды білдіреді. Кез келген орыс үйінің қызыл бұрышында діни кітаптар мен құдай бейнесі тұрады. Барлық дәстүрлі рәсімдер осы жерде орындалады. Тіпті келген қонақты да осында отырғызады. *«Красному гостю красное место» (Сыйлы қонаққа – сыйлы орын)* деген мәтел осындай түсініктен туындаған.

Ағылшын тілінде қонақжайлылық ұғымын білдіретін мақал-мәтелдердің орнына *«break bread with somebody» (бір үзім нанмен бөлісу), «to keep open house» (қонақты құшақ жая қарсы алу), «keep open doors» (есіктерді айқара ашу), «sit above the salt» (үстелдің жоғарғы бөлігіне отыру), «to play host» (қонақ күту)* [9] сияқты фраземалар қолданылады. Аталған бірліктердің мазмұнында шақырылған қонақпен бірге «*бір үзім нанды бөліп жеу»* және *«оның барлық жағдайын жасау»* деген түсінікті аңғаруға болады. Ағылшындар қонақжай үй иесін *«lighted candle»*, яғни жарық *шырағданға* теңейді. Сондай-ақ қонақжайлылықпен байланысты ағылшын халқының «five o'clock tea» (түстен кейінгі шай) деп аталатын дәстүрі бар. Бұл дәстүр викториядық дәуірден бастау алып, күні бүгінге дейін Тұманды Альбион елінің ажырамас бөлшегіне айналған.

«Five o'clock tea» дәстүрі ағылшын отбасына туыстары не достарымен кездесіп әңгімелесуге, бірлесіп шай ішуге мүмкіндік береді. Мұндай бас қосулар үнемі арнайы дайындықпен өтеді.

Ағылшын халқы үшін, үй иесіне жақын орналасқан үстелдің жоғарғы жағы сыйлы орын болып есептеледі. Мұны «*sit above the salt»* деген фраземаның семантикалық кодын ашу арқылы анықтауға болады. Бұл фразема ағылшын халқының көне дәстүрінен ақпарат береді. Ежелгі дәстүр бойынша сыйлы қонақты үстелдің жоғарғы бөлігіне, ал қарапайым қонақтар мен құлдарды үстелдің аяқ жағына отырғызған.

Демек, *«қонақжайлылық»* архетипі – қазақ, орыс және ағылшын халықтарының көне дәстүрлерімен сабақтастығы бар, күні бүгінге дейін сақталған сыйластық пен татулықтың, жомарттық пен адамгершіліктің биік сатысы болып табылады.

Қонақжайлылық – *«қонақ»* лексемасымен тығыз байланысты. Осыған байланысты қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қонақ – үйге келген мейман», – деген анықтама берілген. Қазақ халқының түсінігінде қонақтың бес түрі бар. Олар: *«құдайы қонақ», «арнайы қонақ», «ерулік қонақ», «қыдырма қонақ», «қылғыма қонақ».*

Қазақ халқы шақырусыз, күтпеген жерден келген қонақты құдайы қонақ деп атаған. Бұл культтік діни сенімге қатысты туындаған атау. Қазақ тіліндегі: *«Қырықтың бірі – Қыдыр», «Құтты қонаққа – тәтті тамақ», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады»* деген паремиялар осы атаумен тығыз байланысты. Мәселен, «*Қыдыр*» – мифтік кейіпкер. Ол жолаушылардың желеп-жебеуші пірі. Ел аралап жүретін адам кейпіндегі әулие. Адамдарға бақыт сыйлаушы. Бұның астарында «үйге түскен жолаушының бірі – Қыдыр болуы мүмкін. Сондықтан оған құрмет көрсету қажет» деген түсінік жатыр. Ал екінші паремиядағы: *«Құт»* – киелі ұғым. Оның мәдени мазмұнында «Құдай, құт дарытушы» деген мағына бар. Сол себепті, қазақ халқы үйіне түскен қонақты мәртебе, бақытқа балаған. Әрі оның тұзын Алланың өзі көтереді, яғни ризық-несібесін құдайдың өзі береді деп түсінген.

Әр түрлі жағдайларға (той-томалақ, мереке, т.б.) байланысты шақырылған мейман *«арнайы қонақ»,* алыстан туыстарын арнайы іздеп келген мейман «қыдырма қонақ», ерулік асқа шақырылған мейман *«ерулік қонақ»*, қай үйге қонақ келсе, сол үйдің түтінін аңдып жүріп келетін мейман *«қылғыма қонақ»* болып есептелген. Қонақтың осындай сипатына сәйкес келетін мақал-мәтелдер төмендегідей. *«Қонақ асыңа емес, қабақ-қасыңа риза», «Келгенше қонақ ұялар, келген соң үй иесі ұялар», «Қонақ аз отырып, көп сынайды», «Жақсы қонақ құт әкелер, жаман қонақ жұт әкелер», «Жат асыңа қарайды, дос басыңа қарайды», «Екі үйдің қонағы емексеп жүріп аш қалар», «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма», «Сыпайы қонақ сыйыңды жейді, мылжың қонақ миыңды жейді»* [7, 85]. Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, қазақ тілінің әлемдік бейнесінде «қонақ» сөзі екі түрлі коннотациялық мәнде жұмсалған.

Орыс тіліндегі «гость» сөзі латынның «hostis» (жатжұрттық) деген сөзінен енген. Ожегов сөздігінде қонаққа мынандай сипаттама берілген:

«үй иесінің жағдайын арнайы сұрай келген, үстел басында отырып бар сырын ортаға салған, бірге уақыт өткізген мейман» [5, 380]. Орыс халқы қонақты үшке бөледі. Олар: «*почетный гость*» (сыйлы қонақ), *«званный гость»* (арнайы қонақ), *«незванный гость»* (шақырылмаған қонақ). Осыған сәйкес мақал-мәтелдер екі түрлі мәнде қолданыс тапқан. *«Званный гость убыточен», «На званного гостя угодить надо», «Хороший гость хозяину в почет»,«Для милых гостей, поломать костей», «Редкое свидание – приятный гость», «Нежданный гость лучше жданных двух», «Незванный гость легок, званный тяжел», «На незваного гостя не припасена и ложка», «Незванный гость хуже татарина», «Гости на двор, так и ворота на запор», «Хорошо тот, кто поит да кормит, а и тот не худ, хлеб-соль помнит»* (Даль, 1957). Мақал-мәтелдердің кейбірі тарихи оқиғаларға байланысты жағымсыз мағынада қолданыс тапса керек. Сондай-ақ, орыс халқы туыстары мен достарын, кіндік әкесі мен кіндік шешесін және таныс адамдарын ғана қонақ ретінде қабылдайды екен.

Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде «guest» сөзіне мынандай анықтама берілген: «someone else's home because they have been invited» [6, 350]. Яғни, арнайы үйге шақырылған мейман қонақ болып есептеледі.

Ағылшын халқы қонақты *«important guest» (маңызды қонақ), «pleasant guest» (жақсы қонақ), «dear guest» (шақырылмаған қымбат қонақ)* деп үшке бөледі. Алдыңғы қонақтың екеуі іскерлік қатынас пен туыстық, достық қарым-қатынасқа негізделеді. Ал соңғысы жаңа жыл мерекесімен тығыз байланысты. Бұл қонақты ағылшын халқы ерекше қадірлейді. Оны *«as welcome as flowers in May»* мамыр айында шығатын алғашқы гүлге теңейді.

Демек, қазақ халқы үшін таныс адаммен қатар бейтаныс адам да қонақ болып есептеледі. Ал орыс және ағылшын халықтары үшін таныс адамдар ғана қонақ бола алады.

Үш халықтың мәдениетіндегі материалдарды іріктеу арқылы қонақжайлылық ұғымына қатысты ұғымдарды бес семантикалық топқа бөлуге болады. Олар: *«Қонақты қарсы алу», «Дастарханға жайғастыру», «Ас мәзірі», «Қонақтың алғысы»* және *«Қонақты шығарып салу»*.

1) «Қонақты қарсы алу». Халқымыздың жадында сақталып, қатталған дәстүрлерінің бірі – қонақ күту. Қазақ халқы қонақты қарсы алуға ерекше мән берген. Үй иесі жолаушылап келе жатқан мейманды алыстан көргенде-ақ, үй ішіндегілерге жылдам дастарқан жайғызып, сусын даярлатқан. Содан кейін келген қонақтың алдынан шығып, аттан түсірген.

Халықтық ғұрып бойынша үй иесі есікті өзі ашып, мейманды үйге кіргізеді, соңынан өзі кіреді. Бұл қонақпен еріп келген құт үйге де енсін деген қазақ халқына тән мәдени түсінікті білдіреді. Сондай-аққонақты *«жылы жүзбен қарсы алу», «аттан түсіру», «қолына су құю», «төрге шығару», «шынтағына жастық қою»* сияқты бейвербалды бірліктермен бірге халқымыздың амандасу дәстүрі де орындалады. Ал қазақ қауымында амандық-саулық сұраудың өзіне тән сөздері мен сөз орамдары бар. Мысалы, ер-азаматтар арасында *«Ассалаумағалейкум!» (Алланың нұры жаусын!) – «Әлейкумассалам!» (Сізге де Алланың нұры жаусын!) «Мал-жан аман ба?»;* әйел адамдар арасында *«Амансыз ба?» «Есенсіз бе?» (денсаулығын сұрай амандасу), «Сәлеметсіз бе?» (Сәлем – Алла тағаланың 99 есімдерінің бірі)* деген амандасу түрлері қолданылады. Бұдан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен діни нанымын аңғаруға болады.

Орыс халқы қонақты қарсы алғанда «Хлебосольство» рәсімін орындайды. Бұл рәсім бойынша үй иесі келген қонаққа *«Хлеб да соль!», «-Просим, хлеба кушать!», «От души!», «Всем сердцем!» – деп,* нан мен тұздан ауыз тигізеді. Содан кейін қонақты үйге кіргізіп: *«Чувствуйте себе, как дома!»,* – дейді. Бұл қонаққа көрсетілген ерекше құрмет болып есептеледі. Ал келген қонақ *«Здраствуйте!»* деп сәлем береді. Қонақтың осындай сәлемінен «денсаулығыңыз болсын, соның арқасында жасай беріңіз!» деген ниетін байқауға болады.

Ағылшын халқы қонақты арнайы шақырады. Қонақты қарсы алуға байланысты ағылшын тілінде: *«warm welcome» (жылы жүзбен қарсы алу)*, *«hearty welcome» (шын жүрекпен қарсы алу), «hospitable welcome» (ақ ниетпен қарсы алу), «make feel at home» (өз үйіңіздей көріңіз)* [11, 137] секілді лингвомәдени бірліктер қолданылады. Мұндай бірліктер әр түрлі жағдайларға байланысты жұмсалады. Мәселен, *«birthday party»* яғни, туған күн кешіне жиналған туыстары мен достарына: *«warm welcome! (жылы жүзіммен қарсы алдым) hearty welcome!» (шын жүрегіммен қарсы алдым)*-десе, ал жаңа жыл мерекесінде алғашқы болып кірген мейманға *«hospitable welcome!»* яғни, «сізді ақниетіммен қарсы алдым» дейді.

2) «Дастарқанға жайғастыру». Халқымыз үшін дастарқан қашан да тәрбие мектебі болып

саналған. Келген қонағын жылы шыраймен *«Төрлетіңіз!», «Төрге шығыңыз!»* деп отырғызуында әрі дастарқан жаюында терең мән-мағына жатыр. «Төр» мен «дастарқан» – киелі әрі сыйлы орын. Тілімізде сақталған бірқатар тыйым сөздер дастарқан ұғымымен байланысты. Оны «*дастарқанды баспа», «дастарқанды аттама», «дастарқанды теріс жайма», «үлкен кісі бата бермей дастарқаннан тұрма»* деген тілдік бірліктерден байқауға болады. Әрі *«Дастархан оң болмай, істе жол болмайды»,«Қонақ аз отырып, көп сынайды»* деген мақалдар осындайда айтылса керек. Орыс халқы дастарқанға шақырғанда: *«Милости просим!» (Мейірімділік танытуыңызды сұраймыз!), «Садись, гостем будешь!» (Отыр, қонағым боласың!), «Просим к нашему хлебу и соли!» (Біздің нан мен тұздан дәм татыңыз!), «Красному гостю – красное место!» (Сыйлы қонаққа – сыйлы орын)* (Даль, 1957) сияқты қаратпа бірліктерді қолданады. Бұл бірліктердің мазмұнында орыс халқының дәстүлі дүниетанымы көрініс тапқан. Ағылшындар үстелді безендіруге ерекше мән береді. Тіпті үй иесінің киімі үстелге жайылатын дастарқанмен сәйкес болуы тиіс деген қағида да қалыптасқан. Қонақтарды дастарқанға шақырғанда: *«Dinner is served» (кешкі ас дайын)*, *«Lucullean banguet is served» (берекелі ас дайын),* «*Enjoy your meal!» (астарыңыз дәмді болсын)* [11, 138] т.б. қаратпалар айтылады. *«Lucullean banguet» (берекелі ас)* деген фраземаның мәдени семантикалық аясында көне римнің мифтік кейіпкері – Лукулла туралы ақпарат сақталған. Лукулла беделді бай болған. Ол барша жұртқа арнап үлкен ас берген. Ағылшындардың *«Lucullean banguet»* (*берекелі ас)* деп айтуыдастарқанға мол астың қойылуымен байланысты болса керек.

3) «Ас мәзірі». Ас – сакральді атаулардың бірі. Ол этномәдени функция атқарады. Осыған сәйкес әр халықтың ас қабылдауға байланысты өзіне тән ерекшеліктері болады. Мәселен, қазақ тілінде: *«Таңғы ас тәңірден», «Таңғы асты тастама»*, *«Ас тәңірдің қазынасы»* – деп келетін мәтелдер дәстүрлі наным-сенімге негізделген. Халық түсінігі бойынша, таңғы астан ауыз тию парыз болып есептеледі. *«Жолаушының азығы жолында», «Қонақтың асын тәңір береді», «Түскі асқа, түстік жердегі келеді, кешкі асқа күндік жердегі келеді», «Соғым басы – елдің асы, Наурыз асы – жердің асы»* [7, 79] *т.б.* мақалдар «Алла Тағала жолаушының несібесін үш күн бұрын белгілеп қояды» деген сенім мен *«сыбаға сақтау», «қонақасын беру», «соғымға шақыру», «наурыз көже»* т.б. салт-дәстүрге қатысты қонаққа арналған тағам түрлерін меңзейді. *«Нан – тамақтың атасы, ынтымақ көптің батасы»* – дегендей, қазақ халқы нанды ерекше қастерлейді. Келген қонағына міндетті түрде наннан ауыз тигізеді. Нан – қазақ танымында молшылық пен татулықтың белгісі саналады. Қазақ дастарқанынданан тағамдарынан *«бауырсақ», «шелпек», «тоқаш», «талқан», «қазанжаппа»* тұрады. Сондай-ақ тілімізде: *«дәмдес, табақтас болу», «қолынан дәм тату», «ет асату», «ет асау», «сүр асу», «мүшелі ет», «қазы-қарта», «жал-жая», «сыбағалы мүшелер», «қаужалау», «мал сою», «бас тарту», «табақ тарту», «қуырдақ», «қымыз», «шұбат», «ірімшік», «құрт», «сүт қатылған күрең шай», т.б.* лингвомәдени деректер кездеседі. Осы сияқты ұлттық-мәдени мазмұнды білдіретін мақал-мәтелдер, бейнелі сөздер, фразеологизмдер қазақ халқының тілдік бейнесін құрайды.

Орыс тілінде ас қабылдауға байланысты төмендегідей паремиялар бар. *«Накормить до отвала, сколько душе угодно»* (қонақты тойғанынша ішкізу), *«ешьте, пейте, хозяйского хлеба не жалейте» (ішіңіздер, жеңіздер), «от хлеба-соли не отказываются»* (нан мен тұздан бас тартпайды), *«За пустой стол гостей не сажают» (*бос үстелге қонақты отырғызбайды), *«Принес Бог гостя, дал хозяину пир»* (Құдай қонақпен бірге үй иесіне ас та берді), *«Бог на стене, хлеб на столе»* (Құдай – қабырғада, нан – үстелде), *«Что есть в печи, все на стол мечи»* (Пеште не болса, соның бәрі үстелде), *«Умел в гости звать – умей и угощать»* (қонақты шақырған соң, оны жақсылап күту керек) *«Изба красна углами, обед – пирогами»* (үй қызыл бұрышымен сәнді, түскі ас бәлішімен сәнді) (Даль, 1957); *«пұшпара», «квас», «сыра», «щи», «борщ», «құймақ», «оладьи», «кисель»* [10, 14] т.б. Келтірілген лингвомәдени деректер орыс халқының ұлттық-мәдени ерекшелігінен хабар береді.Ағылшын халқының ас мәзірін *«porridge»* (сұлы ботқасы), «*toast»* (тост), *«Yorshire-Pudding», «Plum pudding» (жүзім қосылған пудинг), «mince pies»(жеміс-жидек қосылған бәліштер), «hot cross buns» (ыстық тоқаштар),* «*gooseberry fool» (бүлдірген дисерті), «Sally Lunn» (тәтті тоқаш), «jacket potato» (картоп), «roast beef»* (қуырылған сиыр еті), *«biscuits»* (бисквиттер), *«Fish and chips»(балық пен картоп),«tea» (шай), «broken tea», «high tea» (кешкі шай), husband's tea (сұйық шай), «coffee» (кофе), «beer» (сыра),* «*wine» (шарап)* [11, 136] т.б. құрайды. Шақырылған қонақтарды үй иесі барынша

күтеді. Оны *«be my guest»* (астан алыңыздар), *«Lucullean feast»* (шын көңілмен тамақтандыру), *«eat one's fill»* (қарын тойғанша тамақтану), *«Come and have pot-luck with us»* (қаншалықты бай болсақ, көңіліміз соншалықты кең), *«to show extra hospitality»* (қонақжайлылық таныту), *«Eat, drink, and merry, for tomorrow we die»* (өмір бір рет берілгендіктен, тамақтанып, көңіл көтеру керек) деген паремиялардан көруге болады.

2 Mark Tven. Rasskazy i novelly. – M. : Hudozhestvennaya literatura. 1972. – 213 s.
3 ZHyul' Renar. Dnevnik. – M., 1965. – 232 s.
4 Bliss Karman. Vremya i isskustva. – M.: Progress, 1990. – 310 s.
5 SHopengauehr A. Sobranie sochinenij v 6 tomah. – T. 2. – M.: Respublika; Dmitrij Sechin, 2015. – 560 s.
6 Landau G. A. EHpigrafy. – M.: Probel, 1997. – 560 s.

ҒТАХР 16.31.51

Таусоғарова А.Қ.[1], Парманова У.И.[2],

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің
[1]доценті, ф. ғ. к., [2]аға оқытушы, магистрі, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail:aiauzhan@mail.ru; u.parmanova@gmail.com

ШЕТЕЛДІК ТІЛДІК САНАДАҒЫ ЭТНОСТЕРЕОТИПТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Қазіргі жаһандану үдерісіне сәйкес мәдениаралық қарым-қатынастардың қарқын алған заманында түрлі халықтар үшін өз этникалық имиджі маңызды мәселе болып табылады. Этникалық имидждің қалыптасуында масс-медиа ресурстерінде көрініс табатын этникалық ақпараттармен қатар, этностереотиптердің де өзіндік үлесі зор. Ұсынылып отырған мақалада масс-медиа ресурстері қатарында табылатын кинофильмдердің шетелдік тілдік санада қазақ ұлты туралы этностереотиптер мен ассоциация тудыру мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл орайда автор зерттеу нысанына этникалық имиджге байланысты теріс пікір қалыптастыру мүмкіндігі тұрғысынан қазақ қоғамында дау тудырған режиссер Е. Тұрсыновтың «Келін» анимациялық фильмі мен С. Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмін алып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы шетелдік студент-респонденттерге көрсету арқылы, өз мазмұнында ассоциативті экспериментті де қамтитын сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижелеріне сандық талдау, сондай-ақ сапалық талдау жасалады. Ассоциативтік эксперимент нәтижесіндеқазақ ұлты, қазақстандық басқа да этностар туралы этностереотиптердің қатары анықталады.

Түйін сөздер: тілдік сана, этностереотиптер, ассоциативті талдау, стереотиптену үрдісі, масс-медиа этностереотиптері.

Tausogarova A. K., Parmanova U. I.

From the experience of studying ethnic stereotypes in a foreign language context

In connection with the process of globalization, cultural and inter-ethnic interactions special meaning is given to «ethnic image». Information from mass media about ethnic groups and ethnic stereotypes widely held by society plays an important role in the formation of an ethnic image. This article examines the question of the perception and reflection of Kazakhs in the linguistic consciousness of foreigners. Associative experiments for proving the veracity of the results and the conclusions of the study are carried out with the help of two films that elicit positive/negative social resonances. They are S. Kozhykov's film «Kyz Zhibek» (positive) and E. Tursynov's film «Kelin» (negative). The respondents were foreign students of Al-Farabi Kazakh National University. The article provides statistical data gathered with the help of qualitative and quantitative analyses. These associative experiments reinforce the basic contours of the ethno-stereotypes of «Kazakhs» and other ethnicities.

Key words: linguistic consciousness, ethnic stereotypes, associative experiments, stereotyping processes, ethnic stereotypes in the media.

Таусоғарова А. Қ., Парманова У. И.

Из опыта исследования этностереотипов в иностранном языковом сознании

В связи с процессом глобализации культурные и межэтнические взаимодействия придают особую значимость этническому имиджу. В становлении этнического имиджа играет большую роль информация в СМИ об этносах и этностереотипах, сложившихся в обществе. В данной статье исследован вопрос восприятия и отражения в языковом сознании иностранцев-казахов из СМИ.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Ассоциативный эксперимент для проверки правильности результатов и выводов исследования проведем проведем с привлечением двух кинофильмов, которые, вызвали положительный/отрицательный общественный резонанс: фильм С. Кожыкова «Қыз Жібек» (положительный) и Е. Турсынова «Келін» (отрицательный). Респондентами выступили иностранные студенты Казахского национального университета им. аль-Фараби. В статье показаны статистические данные, которые были получены с помощью количественного и качественого анализа. Данные ассоциативного эксперимента подтвердили основное содержание этностереотипа «казах» и других этносов.

Ключевые слова:языковое сознание, этностереотипы, ассоциативный эксперимент, процесс стереотипизации, этностереотипы в масс-медиа.

XX ғасырдың 20 жж. бастап зерттеліп келе жатқан, «бір этникалық қауымдастыққа байланысты көпшілік санасында туындайтын бірдей ассоциациялар мен біршама тұрақты стандартты түсініктер» [1, 76] ретінде қарастырылатын этностереотиптердің өзектілігі XXI ғасырда да өз күшін жойған жоқ. Себебі жаһандану дәуірі көптеген ұлттар мен халықтар арасында экономикалық, мәдени, саяси қарым-қатынастардың өркендеуіне жол ашты. Соның әсерінен XXI ғасырдың басында *мультикультурализм*, *мәдениетаралық диалог*, *кроссмәдениет*, *кроссмәдени қарым-қатынастар*, *әлемнің тілдік бейнесі* сияқты ұғымдар қалыптаса бастады. Сонымен қатар бүгінгі таңда еларалық, мемлекетаралық қарым-қатынастардың негізгі бағыттарының бірі болып саналатын білім және ғылым интеграциясы үдерісінде түрлі мәдениет иеленушілердің тілдік санасында түзілген этностереотиптердің зерттелуі аталған байланыстардың коммуникативтік, когнитивтік әлеуетін, әсерін бағамдауға, түрлі мәдениетаралық қарым-қатынастардың оңды болуына, лингвомәдени аумақтың кеңеюіне, этнос менталитетін түсінуге жол ашады.

Этностереотиптер динамикасының үздіксіз зерттеліп тұруы – лингвомәдени қауымдастықтың трансформациясын, оның даму траекториясын бақылауға көмектеседі. Себебі кейбір тұрақталған этностереотиптер белгілі бір саяси, экономикалық жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін, ал кейбірі қоғамдық, саяси, әлеуметтік факторларға қарамастан өз қалпында тұрақталып қалуы да мүмкін. Тілдік бейненің интермәдени танымының кеңеюі – сәтсіз коммуникативтік акттың болмауына, өзге ұлт өкіліне, өзге мәдениет иелері әдебіндегі ерекшеліктерге төзімділік танытуға, құрметпен, түсіністікпен қарауға, реалды әлем мен таптаурындардың аражігін түсінуге қолайлылық туғызады.

Бұл зерттеу этностереотиптердің ішкі түрлерінің бірі немесе бір этностың басқа этнос туралы ой-көзқарасын білдіретін гетеростереотиптерді анықтауға бағытталған. Олардың қазіргі жай-күйі, өзгеру / өзгермеу динамикасы, әсер ететін факторларды анықтау мақсатында сауалнаманың бірінші бөлімінде ерікті ассоциативтік сипаттау әдісіне, екінші бөлімінде бағытталған ассоциативті әдісіне жүгіндік.

Гетеростереотиптік зерттеулер екі мәдениеттің бірі-біріне деген көзқарасын, ойын бақылауға болатындығымен құнды. Сонымен қатар, бір мәдениет өкілінің екінші мәдениетте сәтті коммуникация орната алуын, «өзім» және «өзге» бөлінісін анықтау мақсатында да көмегі зор. Ал автостереотиптік зерттеулер бір ғана мәдени топтың ішінде жасалғандықтан, этникалық сәйкестілікті анықтауға, адамның «өзі» жайлы тілдік бейненің қандай дәрежеде екендігі, оның өзгеруі, «өз» мәдениетіне қатысы, ойын білу өте маңызды.

Сауалнамаға барлығы 22-29 жас шамасындағы 16 шетелдік (американдық) студент қатысты. Олардың 10-ы – ер бала, 6-ы – әйел. Барлығының білімі жоғары және ана тілдері – ағылшын тілі. Респонденттердің дені бірнеше мамандық иелері (тарихшы, саясаттанушы, әскери, лингвист, психолог, метеоролог, географ, русист) және олардың екінші тілі – орыс тілі. Осыған орай, сауалнама орыс тілінде жүргізілді. Бір респондентке шамамен 7-10 минут берілді.

Қазақстандық масс-медиа ықпалында шетелдік тілдік санада түзілген этностереотиптерді зерттеу үшін алынған сауалнама 2 бөлімнен құралған. Бірінші бөлімінде респонденттерге қазақстандық 2 кинофильмнен ұзақтығы бір минуттан аспайтын үзінді көрсетілді (бірінші үзінді қазақ қоғамында теріс, түрлі даулы пікір туғызған Ермек Тұрсыновтың «Келін» фильмі, ал екінші үзінді Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмінен алынған). Үзінділердегі бейнелер, этностар / ұлттар және оларға қатысты стереотиптерді айқындайтын нақты әрі объективті ассоциациялар, ұғымдар алу үшін, екі үзінді де дыбыссыз режимде көрсетіліп, фильмдер атауы № 1 («Келін») және № 2 («Қыз Жібек») деп берілді.

Сауалнамада барлығы 12 сұрақ қойылды (бірінші бөлімде – 8, екінші бөлімде – 6). Сауалнама сұрақтарының қатарында нұсқалы, яғни бірнеше жауаптары бар сұрақтар және нұсқасыз, яғни өз жауаптарын жазатын сұрақтар болды.

Сауалнама қатысушыларына бірінші болып «Келін» фильмінен үзінді көрсетілді.

1-сұрақ. «Бұл үзіндіден қандай да бір ұлт / этнос / халық туралы ассоциация пайда болды ма?» деген сұраққа респонденттердің барлығы (100 %) «иә» деп жауап берді. Демек үзіндіде көрсетілген бейнелер респонденттердің ойында белгілі бір ұлт / этнос / халық туралы ассоциация туғызғаны анық.

2-сұрақ. «Егер «иә» деп жауап берсеңіз, үзіндідегі ұлт / этнос / халық туралы қандай ассоциация туды?» деген сұраққа *ханство*, *Казахстан*, *казах* / *казахи* (5), *инуиты*, *Средняя Азия*, *любовь в этой культуре*, *образ жизни в горах*, *одежда из меха*, *казахи или монголы*, *видел традиционную шапку*, *беркут*, *шаманизм*, *кочевники*, *древний век*, *жители Аляски*, *азиатский народ*, *монгольский / монгол*(*ы*) (2), *брак*, *средневековое время*, *Дженгас Хан* (*ред*. Шыңғыс хан), *народы Центральной Азии* (*неизвестно именно какие*), *кочевники*, *монголыможет быть*, *Центральная Азия или индейцы* (*в Америке*), *традиционный*, *культурный*, *близка к природы*, *драматичный*, *китайцы*, *Азия*, *или казахи или монголы*. Екінші сұрақ бойынша 37 жауап алынды. Респонденттердің басым көпшілігі көрсетілген үзіндіндідегі кейіпкерлер қазақ халқы, азия халықтары, моңғолдар, Орталық Азия тұрғындары деп ұғынатынын жауаптардан белгілі болып отыр.

3-сұрақ. Екінші сұрақта берілген ассоциацияларды нақтылау үшін қойылған үшінші сұрақ – «Үзіндіні көріп болған соң, сіз № 1-фильмді қай халықтың өмірі жайлы деп шештіңіз?». Бұл сұрақта респонденттерге 5 нұсқаның (а. Адамзат өмірінің алғашқы кезеңдері; б. Азия халықтары; с. Еуропа халықтары; д. Индеецтер; е. Қазақ халқы; ж. Бұл фильм белгілі бір ұлт/этнос/халық өмірі жайлы емес) бірнешеуін белгілеуге мүмкіндік берілді. Нәтижесінде (10-кесте) 21 жауап алынды. Жауаптар нәтижесінде 38 % респондент көрсетілген бейнефильмдегі бейнелерді «Азия халықтары» деп таныды.

Жауаптардың 43 %-ы фильмнің *қазақ халқы* жайлы, 38 %-ы *Азия халықтары* жайлы, 4,5 %-ы *индеецтер* жайлы, 10%-ы *адамзат өмірінің алғашқы кезеңдері* жайлы түсірілді деген болса, 4,5%-ы *бұл үзіндідегі фильм белгілі бір ұлт / этнос/халық өмірі жайлы емес* деген жауап берді.

1-кесте – № 1-фильм

Нұсқалар	Пайыздық үлесі (%)
а. Адамзат өмірінің алғашқы кезеңдері	10
б. Азия халықтары	38
с. Еуропа халықтары	0
д. Индеецтер	4,5
е. Қазақ халқы	43
ж. Бұл фильм белгілі бір ұлт / этнос / халық өмірі жайлы емес	4,5

4-сұрақ – «Фильмнің белгілі бір халық жайлы түсірілгендігін айқындайтын белгілерді көрсетіңіз» (11-кесте). Бұл сұраққа 31 жауап алынды.

Респонденттердің 45%-ы үзіндідегі кейіпкерлердің киім үлгісіне, 30%-ға жуық жауаптар тұрмыстық заттар/артефактілерге және 26%-ы дәстүрлік белгілерге қарап, фильмнің қандай да бір ұлт/этнос/халыққа қатыстылығын айқындап отыр.

2-кесте – № 1-фильмнің ұлт/этнос/халыққа қатыстылығын айқындайтын белгілер

Нұсқалар	Пайыздық үлесі (%)
а. дәстүр	26
б. Киім үлгілері	45
в. Тұрмыстық заттар/артефактілер	29

Берілген 4 сұрақтан кейін респонденттерге № 2 фильмді көру ұсынылды. Екі фильмге қатысты жауаптарды салыстыру мақсатында, бірінші үзіндіге қойылған сұрақтар қайталанып қойылды. Үзіндіні тамашалаған респонденттер бірінші сұраққа 94 % «иә» деп жауап берсе, қалған 6 %-ы «жоқ» деген жауапты белгіледі. Екінші сұраққа *монгол* / *монголы* / *монгольский* (4), *война* (2), *казах* / *казахи* (7), *азиятскийнарод*, *кочевники*, *солдаты*, *лошадь*, *ханство*, *юрта*, *всадникии боевики*, *Золотая Орда*, *народы Центральной Азии*, *исторический*, *военный*, *традиционный*, *славый*, *Азия*, *Казахстан* (2) деген жауаптар берілді. Барлығы 29 ассоциация алдық.

«Үзіндіні көріп болған соң, сіз № 2-фильмді қай халықтың өмірі жайлы деп шештіңіз?». Бұл сұрақта респонденттер 5 нұсқаның (а. Адамзат

өмірінің алғашқы кезеңдері; б. Азия халықтары; с. Еуропа халықтары; д. Индеецтер; е. Қазақ халқы; ж. Бұл фильм белгілі бір ұлт / этнос / халық өмірі жайлы емес) бірнешеуін белгілеуге мүмкіндік берілді. Жауаптар нәтижесінде (12-кесте) 21 жауап алынды.

3-кесте – № 2-фильм

Нұсқалар	Пайыздық үлесі (%)
а. Адамзат өмірінің алғашқы кезеңдері	14
б. Азия халықтары	38
с. Еуропа халықтары	0
д. Индеецтер	0
е. Қазақ халқы	43
ж. Бұл фильм белгілі бір ұлт / этнос / халық өмірі жайлы емес	5

Байқап қарасақ, № 1 және № 2 фильм үзінділері бойынша берілген жауаптар ұқсас келеді. Мысалы, жауаптардың 43 %-ы фильмнің *қазақ халқы* жайлы, 38 %-ы *Азия халықтары* жайлы, 4,5 %-ы *индеецтер* жайлы, 14%-ы *адамзат өмірінің алғашқы кезеңдері* жайлы түсірілді деген болса, 5%-ға жуығы үзіндідегі фильм *белгілі бір ұлт / этнос / халық өмірі* жайлы емес деген жауап берді.

«Фильмнің белгілі бір халық жайлы түсірілгендігін айқындайтын белгілерді көрсетіңіз». Төртінші сұрақ бойынша 29 жауап алынды (13-кесте).

4-кесте – № 2-фильмнің ұлт / этнос / халыққа қатыстылығын айқындайтын белгілер

Нұсқалар	Пайыздық үлесі (%)
а. дәстүр	24
б. Киім үлгілері	41
в. Тұрмыстық заттар / артефактілер	35

Екінші үзіндіні көрген респонденттер жауабының бірінші фильмге берген жауабынан пайыздық үлесі алшақ емес. Сауалнама қатысушыларының 41%-ы фильмнің белгілі бір ұлт / этнос / халыққа қатыстылығын киім үлгілеріне қарап, 35%-ы тұрмыстық заттар арқылы айқындайтынын және 24%-ы дәстүрі белгі беретінін жазды.

Шетелдік студенттерге жүргізілген сауалнаманың екінші бөлімі отандық бағдарламалардың және ғаламтордың ассоциация тудыра алу әлеуетін анықтауға бағытталған. Бұл мәселені анықтамас бұрын, респонденттің қазақстандық бағдарламаларды көретінін / көрмейтінін анықтау шарт болды. Бұл сауалнамада барлығы 6 сұрақ қойылды. Қойылған ең алғашқы сұраққа – «Қандай қазақстандық бағдарламаларды көресіз?» – сұралған шетел азаматтарының 68 %-ы «көрмеймін / мүлде көрмеймін» деп жауап берсе, қалған 32 %-ы «КТК, Алма ТВ арналарының жаңалықтарын көретінін және «КомедиКлаб» және т.б. бағдарламаларды көретінін жазды. Сондай-ақ жауаптар қатарында «Побег из аула», «Бульвар мечты» (фильмдер) жауаптары да болды. Бірінші сұрақтың сандық көрсеткіштері телебағдарламалардың ассоциация қалыптастыра алу мүмкіндіктерін ғана көрсете алады. Зерттеу тақырыбымыз қазақстандық масс-медианың тілдік санаға ықпал ету, ассоциациативтік әлеуетін тексеру болғандықтан, келесі сұрақтар БАҚ-тағы басқа салаларды қамтуға тырыстық. Ол сұрақтар сауалнамамыздың үшінші, төртінші және бесінші сұрақтарынан көрініс тапқан.

Бірінші сұраққа жауап алынған соң, респонденттер келесі – «*Қазақтар*, *орыстар*, *татарлар*, *ұйғырлар*, *өзбектер*, *қырғыздар*, *түріктер*, *тәжіктер*, *қарақалпақтар*, *белорустар*, *украиндар*, *немістер*, *корейлер*, *шешендер*, *ағылшындар* сияқты ұлттар туралы естігінде / оқығанда ойыңызда қандай ассоциация туады?» деген сұраққа жауап беруге көшті (14-кесте). Жауаптардың барлығы өзгертілмей алынып, түсіндірмесін сілтемеде бердік. Екінші сұрақ бойынша алынған жауаптарды төмендегі кестеде көрсеттік.

Толығырақ түсіндіре кетсек, сауалнама сұрақтарында проф. Э.Д. Сулейменованың ғылыми зерттеуінде көрсетілгендей, 1970 – 1999 жж. арасында Қазақстандағы саны жағынан біршама ірі этностар қатарында қарастырылған 14 ұлт / этнос қамтылды [2, 15]. Сауалнама мәліметтерін санай келе, барлығы 310 ассоциациялық бірлік жиналды. Ассоциациялардың ең көбінен азына дейінгі реті келесідей: ұлт / этностардың реті орыстар (34), немістер (32), қазақтар (32), украиндар (30), ағылшындар (28), өзбектер (23), корейлер (20), шешендер (19), түріктер (19), қырғыздар (19), белорустар (17), татарлар (17), тәжіктер

(12), ұйғырлар (7), қарақалпақтар (0). Қазақтар туралы ассоциациялардың көптігін шетелдік студенттердің Қазақстандағы бір жылдық оқумен түсіндіреміз. Кестеде жалпы ассоциациялар, олардың саны және кездесу жиілігіне қарай үш бағанда топтастырылған.

5-кесте – Ұлттар / этностар жайында ассоциациялар кестесі

Ұлт / этнос	Ассоциациялар	Ассоц. саны	Жиі кездескен ассоциациялар
1	2	3	4
Қазақтар	Юрты / юрта[8], лошади / лошади[4], Астана, Золотой человек, гостеприимные / гостеприимност, бешпармак / бешбармак[6], семья, аул, постсоветский, добрые люди, вкусный плов, кочевники[5], Головкин, азиатские, традициональные, Абай, президент, Тамара, ленивые, степь, чай, Назарбаев, охранники, Золотая Орда, Дженгис хан (Шыңғыс хан), Ханство, советский, конина[2], сильные, древние, старомодные, солнце.	32	Юрты / юрта[8], бешпармак / бешбармак[6], кочевники[5], лошади / лошади[4], конина[2].
Орыстар	Советский союз / СССР[5], медведь[2], Путин[6], Сталин, Коммунизм, царь, империя[2], водка[5], Санкт-Петербург, холодные недобрые люди, борщ, Пушкин, Москва, Петербург, литература[2], самовар, пьяный, застенчивый, лада, язык, баня, война, жёсткий, закрытый, снег[2], строгий, пьющие, холодная погода[2], трудная жизнь.	34	Путин[6], Советский союз / СССР[5], водка[5], медведь[2], империя[2], литература[2], снег[2], холодная погода[2].
Татарлар	Крым[4], Казань[5], лошади, еда, Татарстан, метро, плов, мусульманин / мусульмане[2], Алсу, Ислам[3], плохие гости, округ в РФ, солдат, война, чак-чак, красивые, середина России.	17	Казань[5], Крым[4], Ислам[3], мусульманин / мусульмане[2].
Ұйғырлар	Китай[6], Ислам, лагман[8], красивые глаза, ковры, террористы, вкусная еда.	7	Лагман[8], Китай[6],
Өзбектер	Плов[8], работа[2], крадут работу, Ташкент[2], сельское хозяйство, вкусный сладкий чай, Самарканд, архитектура, президентская дочь, скрытые, гостеприимчивые (гостеприимные), цветы, расизм в СНГ, борода, сухие (сушенные) фрукты, мигранты, Ислам, бедные[2], рабочие / рабочий[2], подавленные, похожи на казахов, южные, Бухара.	23	Плов[8], работа[2], Ташкент[2], бедные[2], рабочие / рабочий[2].
Қырғыздар	Коньяк, как казахи, шапки, Бишкек[5], горы[5], шелковый путь, плов, веселые, толстые, гостеприимность, расизм в СНГ, Советский союз[2], кочевники, похожие на казахов, их мало, мост между Европой и Ближним Востоком, фрукты, тоже похожи на казахов, дешевая еда.	19	Бишкек[5], горы[5], Советский союз[2],
Түріктер	Османская империя[2], кофе[2], империя[3], война[2], Стамбул / Истанбул[3], ракета, вкусная еда, парикмахерская, море, враг России, язык, донер, Константинополь,чай, мощные, курорты.	19	Стамбул / Истанбул[3], империя[3], Османская империя[2], кофе[2], война[2].
Тәжіктер	Душанбе, чайхана, российская база, персидский народ, тоталитарное государство, талибан, аул, маленькая страна, дешевый труд заграницей.	12	-
Қарақалпақтар	-	-	-
Белорустар	Диктатор[2], репрессия, Лукашенко, трактиры, Россия[4], мой друг работает там, почти русские, молоко, СССР / Советский союз[2], Минск, закрытая страна, славянский, похожи на русских, государство странное, почти русские, язык умирает, инфляция.	17	Россия[4], Диктатор[2], СССР / Советский союз[2].
Украиндар	Майдан, коррупция, Киев[4], матрешка, конфликт с Россией, язык, косаки (казаки), изба, западный, война[3], независимость, мои преподавательницы в университете, голубой и желтый флаг, красивый язык, восстание[2], красивый, революция[2], худые, Крым[2], борщ, Одесса, катастрофа (ядерная), славянский, похожи на русских, центр древней «Руси», сильные, храбрые, демократия, политика, в / на Украине.	30	Война[3], Киев[4], восстание[2], Крым[2], революция[2].

5-кестенің жалғасы

Ұлт / этнос	Ассоциациялар	Ассоц. саны	Жиі кездескен ассоциациялар
1	2	3	4
Немістер	Эффективность, пиво[3], костюмы, производство, логичные, родственники, аккуратные, Вторая мировая война[3], Берлин, донер, мигранты[2], зеленый, чистый, порядочные, пои предки, хорошие, образованный, чистый, организованный, Германия, семья, порядок, BMW, империя, трудолюбивые, начали войну в XX-ом веке, Гитлер, любят порядок, красивый язык, литература, колбаса, фашисты.	32	Пиво[3], Вторая мировая война[3], мигранты[2].
Кәрістер	Собака, война[2], компьютерные игры, Азия, мультфильмы, кухня, ким чи[2], поп-музыка[3], технология, коммунизм, проститутки, Южная Азия, еда, Южная и Северная.	20	Поп-музыка[3], война[2], ким чи[2].
Шешендер	Война[5], танец / танцы[2], необразованные, военные, Ислам[2], расизм в СНГ, экстремисты террористы[2], горы[2], Грозный, спецслужбы, ссылки, борода, терроризм, Кадыров[2], коррупция, кошки, непонятные, южные, природа.	19	Война[5], танец / танцы[2], Ислам[2], экстремисты / террористы[2], горы[2], Кадыров[2].
Ағылшындар	Чай[7], империя[5], холодная погода, король, промышленность, порядок, воспитание, родственники, невкусная еда, дождь, акцент[4], чай с молоком, слишком вежливо, братья, плохие зубы, вежливый, Великобритания, сдержанные, длинная история, завоевали весь мир, европейский, друзья, демократия, пиво, чай и печенье, Королева, Лондон, кобель.	28	Чай[7], империя[5], акцент[4].

Қазақтар тобында жиі кездескен ассоциациялар *киіз үй*, *бешбармақ* (*қазақша ет*), *көшпенділер*, *жылқы*, *жылқы еті* болса, орыстарға қатысты жиналған 34 ассоциацияның ішінде ең жиі кездескендері – *Путин*, *Кеңес үкіметі* (*КСРО*), *арақ*, *аю*, *империя*, *әдебиет*, *қар*, *суық ауа-райы*.

А.З. Журтованың «Этнические гетеростереотипы в американской языковой картине мира» атты диссертациясында американдықтардың орыстарға жасаған ерікті ассоциативтік тәжірибенің ядролық аймағында біздің тәжирибемізде кездескен *қар*, *аю*, *суық* табиғи-климаттық реакциялары (74,4%), *Мәскеу*, *Путин* (94,8%), *арақ*, *әдебиет* сынды ассоциациялар орын алған [3, 29].

Н.В. Сорокинаның «Образ германии / россии и немцев / русских в гетеростереотипных представлениях российских и немецких студентов» атты 2011 жылғы зерттеуінде де *орыстар* / *Ресей* туралы неміс студенттерінің түсінігінде қалыптасқан ассоциациялардың, атап айтқанда *холод*, *холодно*, *Москва*, *водка*, *большая*, *Путин*, *Кремль* ассоциациаларының сәйкестігі бекер емес [4, 30].

Бұл дәлелдемелер өз кезегінде гетеростеотиптік тәжирибелердің қалыпты немесе өзгеру жиілігі төмен екендігін аңғартады. Дәлірек айтқанда, гетеростеотиптік ассоциациялардың тұрақтылығын және қазақстандық масс-медиа ықпалында шетелдік санада түзілген ассоциаицялардың өзге елдердегі гетеростеотиптік зерттеу тәжірибелері нәтижелерімен сәйкестілігін танытады.

Ассоциациялық жиілігі жоғары неміс халқы туралы ең жиі кездескен ассоциациялар тізімі *сыра* (19%), *Екінші дүниежүзілік соғыс* (19%), *мигранттар* (13%) сөздерімен басталады. Жалпы еуропа халықтары жайында, соның ішінде немістер туралы жүргізілген сауалнамалар көп. Мәселен, белорус студенттері мен оқытушыларына орыстар, украиндар, поляктар, немістер, литвалықтар, қытайлықтар туралы гетеростереотиптерді анықтау үшін өткізілген сауалнама нәтижесі бойынша немістер *агрессивті* және *қатал* адамдар ретінде суреттеген [5, 23].

Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша белорустарда қытайлар, литвалықтар мен немістерге қарағанда украиндар, орыстар, поляктар туралы жағымды бағалау, позитивті бағдар жоғары. Мақала авторының пайымдауынша еларалық, мемлекетаралық бейбіт қарым-қатынастың болуы жағымды ассоциациялардың көп болуына әсер етеді. Ал немістер жайлы кері, жағымсыз ассоциациялардың болуы екі ел арасындағы жағымсыз тарихи оқиғалардың орын алғанығымен түсіндіріледі. Біздің жағдайымызда американдықтар мен немістер арасында «қарым-

қатынас гипотезасының» оң әсерлі болғандығын көреміз, себебі американдық студенттер немістер туралы *эффективті*, *костюм*, *өндіріс*, *туысқандар*, *ұқыпты*, *Берлин*, *таза*, *тәртіпті*, *менің ата-бабам*, *жақсы*, *білімді*, *ұйымдасқан*, *Германия*, *отбасы*, *тәртіп*, *BMW*, *империя*, *еңбекқор*, *тәртіптіжақсы көреді*, *шұжық* сияқты жағымды ассоциациялар жазды.

Ассоциациалық бірліктерінің көптігі бойынша үшінші орында украин халқы тұр. Барлығы 30 ассоциативтік бірлік жиналды. Бұл топта жиі кездескен реакциялар *соғыс*, *Киев*, *көтеріліс*, *Крым*, *революция*. Реакциялар тізбегі украин халқы туралы «ескі» стереотиптерді (*Чернобыль*, *сало, Ресей*) «жаңа» стереотиптерге алмастырды. Жиналған ассоциациялардың ішінде *казактар*, *борщ*, *демократия*, *политика*, *храбрые*, *сильные*, «*в* / *наУкраине*» реакциялары да кездесті. Американдық студенттердің жауаптарына Украинада 2004, 2014 жылдары болған халық көтерілістерінің әсері жоқ деп айта алмаймыз.

Ағылшындар туралы барлығы 28 ассоциация жиналды. Респонденттердің 25 %-ы *ағылшындар* сөзін естігенде *шай* сөзі есіне түсетінін айтты. Сонымен қатар американдықтар *ағылшындар* сөзімен *империя*, *акцент* сөзін байланыстыратынын жазды. Мұндай тәжірибелер жайында Е.П. Белинская «Этническая социализация подростка» атты еңбегінде: «ағылшындар өздерін *салмақты* және *өзгелердің құқығына құрметпен қарайтынын* жазса, ал американдықтар ағылшындықтарды *суық* және *өздерін басқалардан интеллектуалды биік санайтындар*» деп түйген [6].

Өзбек халқы туралы ассоциацияның ядросын *палау*, ал перефериясын *жұмыс*, *Ташкент*, *қонақжай*, *кедей*, *жұмысшы* сөздері құрады. Ассоциация аумағы 20 бірлік сөзді қамтыған корей халқы *поп-музыкамен* есте қалса, перефериясында *соғыс*, *ким чи* сөздері тұр. Респонденттердің пайымдауынша Шешен халқын еске түсіретін *соғыс* сөзі – орыс, татар, түрік, неміс, укараин, корей халықтарынның ассоциациялық аймағында кездеседі.

Түріктер туралы 19 ассоциация жиналды. Респонденттердің 30%-ы Түркия астанасы *Стамбұл*, *империя* сөздерін белгілесе, қырғыз халқын Қырғызстанның астанасы *Бішкек* қаласымен байланыстырады. Сонымен қатар, қырғыздар дегенде *тау*, *Кеңес үкіметі* деген сөздердің ойға келетіні туралы да анықталды. Осы типтес жауаптар *татарлар тобында* да кездесті. Дәлірек айтқанда, респонденттердің 32%-ы *Қазан* қаласын жазды. Сондай-ақ жауаптар ішінде жиілігі бойынша *Қырым*, *Ислам*, *мұсылман*(*дар*) деген жауаптар болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, түріктер туралы астаналары *Стамбұл*, қырғыздар туралы астаналары *Бішкек* қалалалары жазылған болатын, ал белорустар дегенде ең көп кездескен жауап *Россия* (25%) сөзі болды. Мұндай жауаптың болуын әзірге екі халықтың славяндар этнониміне жататындығымен түсіндіре аламыз. Келесі ең жиі кездескен жауап *диктатор* сөзі болды. Сонымен қатар, аталған халыққа тиесілі ассоциациялық аумақта *репрессия*, *Лукашенко*, *сүт*, *орыстар сияқты*, *тілі өліп бара жатыр*, *инфляция* сөздері де кездесті. Ұйғырлар тобындағы ассоциациялардың ішінде ең жиі кездескендері *лағман* (50%) және *Қытай* (38%) сөздері болды.

Тәжіктер мен *қарақалпақтар* топтарында «білмеймін» деген жауаптар болды. Тәжіктер туралы респонденттердің 75%-ы білетін болса, 25%-ы *білмеймін* / *жауапжоқ* / *ештеңе* / *оларкімдер* деген жауап жазды. Ал қарақалпақтар туралы 100 % жауап берілген жоқ. Аталған екі топтан басқа сауалнаманың барысында жауап берілмеген бірнеше топтар: ұйғырлар (13%), татарлар (6,5%), түріктер (6,5%), белорустар (6,5%), шешендер (6,5%), қырғыздар (6,5%) да болды.

Жалпы 310 ассоциациялық бірлікте бірнеше ұлттарда қайталанған ассоцациялар бар. Мысалы,

– *шай* (2%) сөзі қазақтар, өзбектер, немістер, ағылшындар тобында;

– *соғыс* (2%) сөзі орыстар, татарлар, түріктер, украин, корейлер, шешендер тобында;

– *империя* (1,3%) сөзі орыстар, түріктер, немістер және ағылшындар тобында;

– *Кеңес одағы* (1,3%) қазақтар, қырғыздар, белорустар тобында;

– *донер* (0,6%) сөзі түріктер мен немістер тобында;

– *сыра* (0,6%) сөзі немістер мен ағылшындар тобында;

– *тау* / *таулар* (0,6%) қырғыздар мен шешендер тобында кездесті.

Зерттеуімізді қорытындылай келе, американдық студенттер тілдік санасында қазақ және орыс тілді қазақстандық масс-медиа ықпалында түзілген этностереотиптердің 88%-ы ғаламтор арқылы, 70%-ы кинофильмдер арқылы, 70%-ы күнделікті коммуникация арқылы, 56%-ы әдеби шығармалар арқылы, 38%-ы БАҚ арқылы қалыптасады деген шешімге келдік (1-су-

рет). Ал этностар туралы мақалаларды оқуға респонденттердің 50%-ынан «этностар туралы мақалаларды оқуыма мақала атауы әсер етпейді» деген жауап алдық. 31% жағдайда «егер мақала атауында этнос атауы тұрса» оқитынын, 7%-ы «ұлттар туралы» ешнәрсе оқымайтынын» және 10%-ы «ұлттар туралы мақалаларды достары мен таныстарының кеңесі бойынша» оқитынын айтса, қалған 2%-ы аталған сұраққа жауап бермеді.

1-сурет – Масс-медиадағы этностереотиптердің қалыптасу коэфиценті

Ассоциацияның ғаламтор арқылы қалыптасу әлеуетін тексеру үшін, респонденттерге ғаламтор сайттарынан даулы, яғни қазақи менталитетте негативті ассоциация қалыптастыратын тақырыпатты (заголовок) алдық. Мәселен «*Красивая казашка рассказала как совместить спорт и секс*» тақырыбы. Біріншіден, бұл тақырып 56% респонденттерде ассоциация туғызған, ал 38%-ында ешбір ассоциация туғызбағаны анқтылды. Бұл тақырыпаттан шетелдік тілдік санада туған позитивті ассоциациялар: *веселое время*, *казашки очень доброжелательные*, *красавица*, *спорт*, *секс*, *красивая казашка*, *красота казашек* болса, негативті ассоциациялар: *деградация*, *подчинение мужчинам*, *гендерные роли в Казахстане*, *отсутствие равновесия*, *разрядная*, *политика в спорте*, *отсутствие скромности*, *скандальные журналисты*, *безответственные*, *сексизм*[2], *несправедливость*, *патриархия*[2], *высокомерие к женщинам* деген ассоциациялар жиналды. «Негативті этностереотиптердің қалыптасу ортасы – ғаламтор сайттары және сол ұлтқа сәйкес негативті реалийлер» [7, 246].

Тілдік санасында ешбір ассоциация туындамаған респонденттер мұндай тақырыптардың оқырман қызығушылығын оятуда қолданылатын өзіндік прагматикалық-тілдік тәсіл ретінде бағлайтынын көрсетеді. Осы сұраққа берілген негативті ассоциациялардың дені ассоциация емес бағалу, пайым, пікір болып саналатынын атап өту керек.

Зерттеуімізде көрсетілген екі кинофильм үзіндісінен фильмнің *қазақтар* жайлы екендігін және *Азия халықтары* туралы деген жауаптар басым болды. Респонденттер бұл шешімнің фильмде көрсетілген ұлт / этнос / халықтың *киім үлгілері* және *тұрмыстық заттарына* байланысты болғандығын белгіледі. Сонымен қатар, респонденттер зерттеуде ұсынылған ұлт / этнос / халық жайлы ассоциациалардың қалыптасуына ғаламтор (88%) және кинофильмдердің (70%) ықпалы болғанын дәйектеді. Демек кинофильмдердің, ғаламтордың, әдеби шығармалардың бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда тілік санада ассоциация туғыза алу қабілеті жоғары және тілдік сананың әлемдік бейнесіне ықпал ете алатынын ескеруіміз қажет. Ал қазақтар туралы американдық студенттердің тілдік санасында юрты / юрта[8], бешпармак / бешбармак[6], кочевники[5], лошади / лошади[4], конина[2] деген реакциялардың басым сандық үлес иеленуі қазақтардың қазіргі тұрмыс-тіршілігі, өмір салты мен саясаттағы, экономикадағы т.б. қалпы туралы масс-медиа ақпараттарының аз таралып, насихатталатынын көрсетеді.

Әдебиеттер

1 Таусоғарова А.Қ. Тілдік қақатығыс: заң тоғысы, тәжірибе, шешім. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 214 б.

2 Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: Қазақ универсиететі, 2005. – 344 с.

3 Журтова А.З. Этнические гетеростереотипы в американской языковой картине мира: автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. филол. наук. – Нальчик, 2013. – 29 с.

4 Сорокина Н.В. Русские и немцы в зеркале представлений российских и немецких студентов // Россия и современный мир. – Красноярск: Научно-инновационный центр, 2012. –С. 151-166.

5 Волынец Т.Н. Этностереотипы и их отражение в языковом сознании белорусов // Русский язык: система и функционирование / отв. ред. И. С. Ровдо.– Минск: РИВШ, 2009. – Ч. 1. – С. 17-24.

6 Белинская Е.П., Этническая социализация подростка [http://psyera.ru/4906/etnicheskie-stereotipy-i-process-stereotipizacii]

7 Кашкин В.Б., Смоленцева Е.М. Этностереотипы и табуированные темы в межкультурной коммуникации // Культурные табу и их влияние на результат коммуникации. – Воронеж, 2005. – С. 246-252.

References

1 Tawsoğarova A.Q. Tildik qaqatığıs: zañ toğısı, täjirïbe, şeşim. – Almatı: Qazaq wnïversïteti, 2016. – 214 b.

2 Sulejmenova EH.D., Smagulova ZH.S. YAzykovaya situaciya i yazykovoe planirovanie v Kazahstane. – Almaty: Қazaқ universieteti, 2005. – 344 s.

3 ZHurtova A.Z. EHtnicheskie geterostereotipy v amerikanskoj yazykovoj kartine mira: avtoref. dis. na soisk. uchen. step. kand. filol. nauk. – Nal'chik, 2013. – 29 s.

4 Sorokina N.V. Russkie i nemcy v zerkale predstavlenij rossijskih i nemeckih studentov // Rossiya i sovremennyj mir. – Krasnoyarsk: Nauchno-innovacionnyj centr, 2012. –S. 151-166.

5 Volynec T.N. EHtnostereotipy i ih otrazhenie v yazykovom soznanii belorusov // Russkij yazyk: sistema i funkcionirovanie / otv. red. I. S. Rovdo.– Minsk: RIVSH, 2009. – CH. 1. – S. 17-24.

6 Belinskaya E.P., EHtnicheskaya socializaciya podrostka [http://psyera.ru/4906/etnicheskie-stereotipy-i-process-stereotipizacii]

7 Kashkin V.B., Smolenceva E.M. EHtnostereotipy i tabuirovannye temy v mezhkul'turnoj kommunikacii // Kul'turnye tabu i ih vliyanie na rezul'tat kommunikacii. – Voronezh, 2005. – S. 246-252.

ҒТАХР 16.21.61

Тұрабаева Л.Қ.,

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
доценті, ф. ғ. к., Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: turabaeva-l@mail.ru

ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Мақалада болашақ мамандардың кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары, педагогикалық мәдени қатынасты қалыптастырудың алғышарттары мен ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылады. Сондай-ақ жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар, соның ішінде руханилық, тіл мен ойлау сөз болады.

Педагогтардың қарым-қатынас мәдениеті, сондай-ақ рухани және шығармашылық қызметті қалыптастыру жолдары түсіндіріледі. Тіл мәдениеті негізінде сөйлеу шеберлігі, ойын дұрыс, жүйелі, әсерлі баяндауы айтылған. Оқытушының коммуникативтік бағыттағы тіл қызметіне мән беруі басты назарда болуы тиіс. Әрбір оқытушының өзіндік тіл мәдениетінің қалыптасуы, тіл техникасын дұрыс меңгеруі, тілдік шеберлігі болуы керек. Ауызша сөйлеу тіл мәдениеті және шешендік өнер арқылы дамитыны белгілі. Болашақ мамандардың кәсіби құзыретттілігі сөйлеу мәдениетін дұрыс игеруден басталады. Тілдік қатынас адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, т.б. әрекеттері арқылы жүзеге асады. Сөзді қабылдау және ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуы. Тіл мәдениетін қалыптастырудың тағы бір жолы – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем әдебиет арқылы меңгеру. Өз ойын көркем етіп жеткізе білу тіл мәдениетін меңгерудің бірден-бір шарты. Адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны ары қарай дамытуы – мәдениетттің белгісі. Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігі оның жан-жақты білімінен байқалады.

Түйін сөздер: кәсіби шеберлік, тіл мәдениеті, қарым-қатынас қызметі, тілдік қатынас, шығармашылық қабілет, өзін-өзі дамыту, жеке тұлға.

Turabaeva L.K.

Professional skills and speech culture of the teacher

This article considers main values such as culture, thinking and communication culture, humanism culture, language culture, pedagogical culture. The author tries to explain the terms and reasons of formation of pedagogical communication culture. Some peculiarities of language culture were defined as well in the article.

In this work we consider the communication culture of teachers, ways of formation of their spiritual and creative activities. The article discusses issues of speech skill based on language culture, the ability to express thoughts properly, systematically, figuratively. It is necessary to pay great attention to the speech communication direction of speech activity of a teacher. Every teacher should have culture of speech, speech technique, speech skill. It is known that the culture of oral speech develops on the basis of oratory. Professional competence of future experts begins with the formation of speech culture. Speech communication is realized through thinking, speaking, listening, understanding, exchanging views and different intentions. Perception and understanding of speech are closely linked. One of the basic requirements of speech culture is correct pronunciation and spelling of words. Another way of formation of speech culture is the absorption of ethnic language through samples of oral national creativity, art literature. One of the conditions of assimilation of language culture is the ability to vividly convey his thoughts. The respect of national culture and national values and their further development is a manifestation of culture. Professional skills of future specialists is determined by the diversity of knowledge.

Key words: professional skills, speech culture, communication service, communication language, creative ability, self-development, individual.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Турабаева Л.К.

Професссиональное мастерство и речевая культура преподавателя

В данной статье рассматриваются причины, условия и особенности формирования педагогической культуры общения, процессы формирования профессиональной культуры речи будущих специалистов, а также основные ценности общечеловеческой культуры, таких как: духовность, язык, мышление.

В данной работе рассматривается культура общения педагогов, пути формирования их духовной и творческой деятельности. Рассматриваются вопросы речевого мастерства на основе языковой культуры, умение выражать мысли правильно, системно, образно. Необходимо уделять большое внимание речевой коммуникативной направленности речевой деятельности преподавателя. Каждый преподаватель должен обладать культурой речи, техникой речи, речевым мастерством. Известно, что культура устной речи развивается на основе ораторского искусства. Профессиональная компетенция будущих специалистов начинается с формирования культуры речи. Речевое общение реализуется посредством размышления, говорения, слушания, понимания, обмена мнениями и другими намерениями. Восприятие и понимание слова тесно связаны между собой. Одно из основных требований речевой культуры – правильное произношение и правописание слов. Другой путь формирования культуры речи – усвоение народности языка через образцы устного народного творчества, художественной литературы. Одно из условий усвоения языковой культуры – умение образно передать свои мысли. Уважение национальной культуры и национальных ценностей и дальнейшее их развитие – проявление культуры. Профессиональное мастерство будущих специалистов определяется через разносторонность их знаний.

Ключевые слова: профессиональные навыки, культура речи, коммуникационная служба, язык общения, творческие способности, саморазвитие, физическое лицо.

Тарихы тереңнен бастау алатын тілдік әдеп негіздері мен ұлттық құндылықтардағы сөйлеу талаптарын жалпы адамзаттық мәдениетпен ұштастыра отырып жас ұрпақтың бойына сіңіру, оларды тіл мәдениетіне баулу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Өйткені тіл – адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болса, сөйлеу – адамның интеллектуалдық әрекетінің ерекше түрі болып табылады. Бұл жас ұрпақтың тілдік, әлеуметтік, қатысымдық, этикалық дағдыларын дара тұлға мәдениетімен бірлікте дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

Тіл мәдениеті жоғары педагогикалық кадрларды дайындауда өте қажет. Тіл мәдениеті болашақ мамандардың педагогикалық мәдениетін дамытуға ықпал етеді, оқу-тәрбие процесінде маңызды рөлге ие. Еліміздің тарихы бай, рухани және материалдық мәдениеті жоғары болуы үшін Х.Досмұхамедовтың: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады»,- деген пікірі бүгінгі күннің шындығы десек болады [1, 12].

Педагогтың тіл мәдениетін қалыптастырудағы аса маңызды парадигма – ана тілін ұлттық құндылық ретінде меңгерту парадигмасы. Тіл мәдениетін меңгертуде басты міндеттердің бірі оқушының бойында ұлттық тілді қалыптастыру болып саналады. Мәдениет, ойлау, тіл секілді ең негізгі құндылықтар халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі ретінде тіл мәдениетінің ішкі мазмұны мен жалпы болмысында өзара тығыз ұштасып жатыр. Сондықтан тіл мәдениеті:

– біріншіден, оқушының өзге адамдармен қатынас деңгейін көтеруге қызмет етеді;

– екіншіден, тіл мәдениеті табиғи түрде адамның ойлау мәдениетін жетілдіруге жол ашады;

– үшіншіден, тіл мәдениетінің қатысымдық сапасын меңгерту оқушының тілін дамытудан, тілін ұстартудан басталып, нәтижесінде тілді түйсінуге, құрметтеуге, талғампаздықпен қолдануға әкеледі.

Педагогикалық мәдениет – бұл жоғары деңгейдегі кәсібилік пен педагогтың ішкі жан-дүниесін сараптай білуі, оқыту әдістемесі мен мәдени шығармашылық қабілеттерін игере білуі. Бұл адамның жинақталған тәжірибесі мен шығармашылығын ұштастыра білу іс-шарасы. Жоғары педагогикалық мәдениетті меңгерген ұстаз, жақсы дамыған педагогикалық ойлау мен пайымдауды, шығармашылық потенциал мен әлемдік мәдени-тарихи тәжірибені орайластыра алады. Сондай-ақ, жоғарыда аталған қабілеттерге қоса тіл мәдениетінің жоғары болуы оқытушының меншігінде. «Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы дамудың жалпы қабылданған деңгейі мен адамның ой-өрісін рухани және шығармашылық қызметін қалыптастыру, сондай-ақ адамгершілік қарым-қатынаспен байланысты икемділік пен қабілеттілікке де байланысты. Сондай-ақ үлкендер мен балалардың қарым-қатынас жасауының тәсілдерін, формаларын, талаптары мен әдістерін игеру, алдыңғы қатарлы педагогикалық

тәжірибені, дүниетанымы, мұғалім мен оқушы қарым-қатынасындағы тарихи аспект мәселелері сынды мәнге ие болады [2, 18].

Кәсіби дайындық мазмұнын адамгершілік тұрғыдан қалыптастыру – педагогтың мәдени потенциалын дамытатын негізгі құрал болып табылады. Дайындықтың адамгершілік мазмұны, ең алдымен, тілге қатысты сұрақтар шеңберін айқындайтын маманның бойында жоғары деңгейлі адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Маманның мәдениеттілігі мінез-құлықтың, іс-әрекеттің интегралды көрсеткіші ретінде өз алдына және барлық құрамдас бөліктерінің бірлігі ретінде жинақталады. Педагогтың іс-тәжірибесінде кәсібилік, адамгершілік және қарым-қатынас мәдениеттерінің үйлесу тенденциясы байқалады. Оқытушының қарым-қатынас мәдениетінің кәсібилігі – бұл оның өзгелермен қарым-қатынас жасаудағы қабылдау қабілеттілігі мен икемділігі, түйсіну, өз ойын, сезімін жеткізе білу білім беру мен тәрбиелеу үрдісіндегі нақтылы міндеттерді педагогикалық тұрғыдан дұрыс шеше білу қабілетінің, икемділігінің әлеуметтік көрсеткіші деп санаймыз.

Тіл мәдениетінің коммуникативті сапасы деген ұғымды дұрыстық, тазалық дәлелдік, үйлесімділік, бейнелік, мәнерлілік, көпшілік тілдің түсініктілігі мен әрекеттілігі деп түсіну қалыптасқан. Тіл мәдениеті ұғымы шеңберінде адресаттың нақтылы жағдайда алдына қойған міндеттеріне сай игі әсер ете алуы сынды қасиеттердің бірлігі түсіндіріледі. Оған тіл байлығы, тазалығы, мәнерлігі, анықтылығы мен түсініктілігі, нақтылығы мен дұрыстығы енеді. Педагогтың коммуникативті бағыттағы тіл қызметіне мән бермеуі оқушылармен қарым-қатынасының бұзылуына, психологиялық кедергінің қалыптасуына, тіптен шиеленісуіне алып келеді [3, 14].

Тіл, сөз, сөйлеу – педагогтың негізгі құралы болып табылады. Сондықтан мұғалімнің тіл мәдениетін қалыптастыру вербальді компонент болып табылады. Тіл мәдениетінің өзіндік қалыптасуында: қарым-қатынас технологиясы, тілдік шеберлік, көпшілік алдында сөйлеу т.б. болып табылады. Оқытушының тіл шеберлігі көптеген компоненттерден құралады. Ең маңыздысы тілдің мәдени және шешендік әрекеті. Оқытушының тілдік шеберлігін құратын фактор тіл мәдениеті, дикция, тіл техникасын білу, вербальды ес, импровизациялы қабілет, рольдік және позициялы сөйлесімнің болуы, қарым-қатынас мәселелерін шешу болып табылады. Ауызша сөйлеу тіл мәдениеті мен шешендік өнермен сипатталады. Әрбір педагог дәрістік жағдайға, оқушының даралық қасиетіне байланысты өзгеріп кетуі мүмкін жағдайларға әсер ету формаларын іздестіруге талпынады. Жүргізілген сараптау оқытушының кәсіби тіл мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда сөз болған қасиеттерді маман бойына сіңіруде тіл мәдениеті, адамгершілік мәдениеті, педагогикалық мәдениет және қарым-қатынас мәдениетімен ұштасып жатады [4, 26].

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзыреттілікті меңгерту – болашақ мұғалім-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы деуге болады [5,83].

Кәсіби құзыреттіліктің құрылымын анықтаудың бірнеше жолы бар. Олардың біріншісі оқытушының кәсіби құзыреттілігінің құрылымын педагогикалық ептілік жүйесі арқылы ашумен байланысты қарастыратын болсақ, одан кейінгілері педагогтың түрлі кәсіби саладағы құзыреттілігіне бөліну құрылымы арқылы анықталып отыр. Нақты атап өтсек: өзіндік білім беру және оқытушылық; тәрбие беру қызметі; ғылыми-әдістемелік және мәдени-ағартушылық; коррекциялық-дамытушы қызмет; басқарушылық қызмет.

Педагог қызметінің түріне қарамастан олардың әрқайсысында құзыреттілік екі негізгі компоненттен тұрады:

1. Оқытушының теориялық дайындығын анықтаушы білімдер жүйесі.

2. Оның кәсіби қызметін іс жүзінде атқаруға дайындығының негізгі құраушысы болатын ептілік пен дағдылар жүйесі.

Педагогтың мәртебесін көтеретін басты күш – оның кәсіби құзырлылығы. Кәсіби құзырлылық маманның әлеуметтегі қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби-педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер мен дағдылар жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Білімнің сапасын қамтамасыз ететін пе-

дагогтар болғандықтан, ең алдымен олар сапалы қызмет көрсетуі тиіс.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал педагог маманның кәсіби құзыреттілігіне маманның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыруда, яғни олармен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі. Осыдан кәсіби құзыреттілік ұғымына педагогқа тән болуы тиіс барлық, қасиеттер мен қабілеттер кіретіндігін аңғару қиын емес.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне байланысты зерттеушілер О.А. Абдулина, Ю.К. Бабанский, В.В. Краевский, Р.В. Овчарова, И.Ф. Харламовтар болса, мұғалімнің мәдениетіне байланысты зерттеу Б.С.Гершунский, Ш. Таубаева сияқты ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі маманның кәсіби құзыреттілігіне берілген анықтамаларды саралай келе, педагогтың кәсіби құзыреттілігін төмендегідей деп танып отырмыз. Олар: педагогтың бойынан табылатын субъектілік, нысандық, пәндік компоненттер. Егер аталған компоненттердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ, онда:

– субъектілік компонентке: мұғалімнің мақсат қоя білушілік, шығармашылық және өзін дамыту барысында өзіндік диагностиканы, өз ісіне талдау жасай отырып, өзіне сыни тұрғыдан қарай ашу шеберлігі жатады;

– нысандық компонентке: кәсіби іс-әрекет жүйесін және мұғалімнің әрекетіндегі қойылған міндеттерді шешудегі стратегиялық іскерлік.

– пәндік компонент: өз білімін жетілдіру мақсатында қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Білім мазмұнына айтарлықтай өзгеріс әкеліп отырған ақпараттық құзыреттілік жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналды. «Мәдениеттілік» ұғымын Б.С.Гершунский «тарихи мұраға саналы түрде құрметпен қарай отырып, қазіргі өмірдің кез келген саласында жұмыс істейтін адамның шығармашылық тұрғыда қабылдау және өзгерте білуге деген қабілеттілігі» деп көрсетеді [6, 12].

Мәдениеттілікті осы тұрғыда түсіну – мұғалімнің жеке тұлға ретінде қалыптасуында қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін игеріп, нағыз ақпараттық мәдениетке ие болуын қажетсінеді. Осы арқылы мұғалім шәкірттерінің бойында ұлт мәдениеттері арасындағы диалогты жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға, адамзат қоғамы арасындағы түсіністік пен өркендеуге жол ашатын білім берудің басты мақсаттарының бірін іске асыра алады [7, 3].

Тіл мәдениетін қалыптастырудың жолы – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілері, көркем әдебиет арқылы бала бойына сіңіру. Оқыған шығармасы бойынша ойын көркем етіп жеткізе білу де – тіл мәдениетін меңгерудің бірден бір шарты.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Болашақ мамандардың кәсіби шығармашылығы – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Маман қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның білім беру аясы да соғұрлым кең болмақ.

Әдебиеттер

1 Озғанбаев Ө. Тереңнен тартып тамырын. Х. Досмұхамедұлының ғылыми мұрасы хақында // Ақиқат. – 2004. – №1. – Б. 64-70.

2 Браже Т.Г. Из опыта развития общей культуры учителя // Педагогика. – 1993. – №2. – С. 71-74.

3 Мурашев А.А. Речевое мастерство учителя (педагогическая риторика). – М.: Педагогическое общество России, 1999. – С. 394.

Выделенные казахские слова в английском тексте на микроконтекстном уровне обозначают лишь конкретный национальный предмет и явление. Но на макроконтекстном уровне эти лексемы ведут читателей в мир национальной поэзии и национального духа, дают поливариантность эстетических смыслов и позиций, образных парадигм. Например, в английский текст введено слово из оригинала: «*в аулах*», которое стоит в анафорической позиции и используется как ритмико-рифменный повтор в структуре стиха. Такую же ритмическую функцию в данном стихотворении выполняет слово «*юрта*». У читателей возникает ощущение двухмерности, возможности соотнесения бинарного / национального и инонационального / художественного пространства.

Некоторые казахские лексемы подчеркивают синонимический ряд, например, в стихотворном тексте наряду со словом «*ана*» использовано английское слово «*mothers*». Соотнесенность таких пар дает бинарную, не только синонимическую, но и антиномическую систему символических кодов родного и чужого. Так перед читателем в художественном тексте предстает один из законов параллелизма. С другой стороны, казахские слова, вступая в интертекстуальные отношения в переводном тексте, воздействуют на иноязычного читателя необычным, романтически национальным звучанием. Перед ним – иной звуковой комплекс, несущий некое эстетическое несоответствие в мировоззренческой парадигме. Появление категориальных «чужих» словесных рядов в переводном тексте: *astapuralla*, *attan*, *argamak*, *aqymaqu* и т.д., несомненно, усиливает определенные интерферентные трудности между реципиентом и текстом. Так возникает напряжение между текстом и восприятием.

Правда, не все комментарии к «Глоссарию» в Антологии могут передавать адекватное содержание. Например, казахское слово *astapuralla* объясняется как *lord*, *have mercy*, а слово *apyrymay* как *exclamation of surprise of a mazement.* В принципе, эти слова могут выполнять функцию междометий и передавать эмоциональный возглас удивления и изумления. В первом случае, возможно, переводчики исходили из контекста произведения. *Astapuralla*, заимствованное из арабского языка, несет глубокое религиозное со-

держание. Оно образовано из двух слов: *astahpur allah* и обозначает «признание греховности перед аллахом». Лексическая составляющая слова *apyrym-ay* с семантической точки зрения, выполняющая в «генотексте» (Ю. Кристева) этимологическую функцию, имеет интенсивную употребляемость в казахском обществе как лексемы *aqun*, *aghay*, *aruana*, *aynalayn*, *beshbarmaq*, *batur*, *bi* и многие другие, выступающие как гетерегенные коды в памяти казахского народа. Они выполняют в переводе функцию единого устойчивого знака, направленного на усиление «эффекта восприятия текста» (Р. Барт). Например, в стихотворении M. Zhumabaeva «Sasukkol, My Native Land» в оригинале и в переводе сравниваем:

Птиц тут без счета, галдеж над округой повис.
Рыбы так много, что только лови, не ленись.
Бабы горластые здесь пересуды ведут,
Быстро меж тем белопенный взбивая кумыс.

The skies teem with birds, fist abound:
You can catch them with bare hands.
Women gossip and chatter for hours on end,
Whipping their frothy qymyz.

С. Сейфуллин в стихотворении «В нашем краю» / «In Our Land» поэтизирует не только родную землю, но и воспевает людей труда:

Как тулпары, мы сильны,
Словно соколы, вольны,
Укрощать коней строптивых,
Все мы сызмальства должны!

We are strong like tulpars,
like falcons free.
Each one of us learns in his earliest days
to tame a wild steed.

Введение в переводной текст многочисленных казахских слов непосредственно связано с характеристикой национальной картины мира, с отражением детерминации национальной самобытности казахского народа в иноязычной аудитории. Казахские слова раскрывают историю, язык, обычаи, культуру (как целостное ядро в отображении национальной картины у О. Шпенглера, А. Тойнби), религиозные представления, специфику уклада жизни, ландшафт и т.д. Таким образом, традиционные казахские слова (глоссы) в переводе отражают тонкую связь картины мира с национальной спецификой, в частности, с системой стереотипов в культурном сознании кочевников. В то же время казахские слова активизируют экстенсивное восприятие в процессе понимания и размышления над национальной картиной мира, преломленной в словесной форме художественного осмысления бытия, объективно способствуют эволюции художественного сознания иноязычного читателя. Безусловно, в итоге они приводят к смене или эволюции его индивидуального мироощущения [4, с.403]. Более того, в некоторых переводах мы наблюдаем языковую стихию в качестве фактора, усиливающего поэтическую индивидуальность автора. В целом, языковая стихия обусловлена спецификой национальных ценностей, раскрывающих художественный мир произведений.

Литература

1 Богданов А.А. Тектология. Всеобщая организационная наука. В 2-х кн. Кн. 2 / Редколлегия Л.И. Абалкин (отв. ред) и др. / – М.: Экономика, 1989. – 351 с.
2 Гинзбург Л. О лирике. Изд. второе, дополненное. – Л.: Советский писатель, 1974. – 201 с.
3 Ананьева С. Литература, открытая миру // Казахстанская правда. 24.07.2015. – С. 21.
4 Хализев В.Е. Теория литературы: учебник для студ. высш. учеб. заведений. 5-е изд., испр. и доп. – М.: Академия, 2009. – 432 с.

References

1 Bogdanov A.A. Tektologiya. Vseobshchaya organizacionnaya nauka. V 2-h kn. Kn. 2 / Redkollegiya L.I. Abalkin (otv. red) i dr. / – M.: EHkonomika, 1989. – 351 s.
2 Ginzburg L. O lirike. Izd. vtoroe, dopolnennoe. – L.: Sovetskij pisatel’, 1974. – 201 s.
3 Anan’eva S. Literatura, otkrytaya miru // Kazahstanskaya pravda. 24.07.2015. – S. 21.
4 Halizev V.E. Teoriya literatury: uchebnik dlya stud. vyssh. ucheb. zavedenij. 5-e izd., ispr. i dop. – M.: Akademiya, 2009. – 432 s.

5-бөлім

ЖАС ҒАЛЫМДАР

Раздел 5

МОЛОДЫЕ АВТОРЫ

Section 5

YOUNG AUTHORS

ҒТАХР 16.21.51

Аметова С.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің II курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: ametova_saule@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – доценті ф. ғ. к. Күркебаев К.

ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ ТІРКЕСІМДІЛІК

Бұл мақалада тіркесімділік ұғымы, тіркесімділіктің тілдік қатынас құралы ретінде қызмет ететіндігі сипатталады. Сөздердің бір-бірімен тіркесуі олардың лексикалық мағынасымен байланысты болуы, ал лексикалық тіркесімділік сөздердің ұғымдық және заттық тұрғыдан үйлесе алу не тіркесім құрай алу мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Лексикалық синтагматкада семалардың көптігі және ортақ семалардың аздығы зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: лексикалық синтагматика, семантика, полисемия, архисема, сигнификаттық макросема.

Ametova S.

Syntagmatics in the language of zhyrau

The article considers the conception of syntagmatics and its application as linguistic means of communication. Combination of words with each other is connected with their lexical meanings, and lexical syntagmatics is considered as a conception of words and things, that forms combination of words. The use of semantics in lexical syntagmatics needs more research.

Key words: lexical syntagmatics, semantics, polisemy, archiseme, significative macroseme.

Аметова С.

Синтагматика в языке жырау

В этой статье дается понятие о синтагматике и ее применении как о языковом средстве общения. Сочетание слов друг с другом связано с их лексическими значениями, а лексическая синтагматика рассматривается как понятие о словах и предметах, образующих словосочетания. В лексической синтагматике использование семантики в большей или меньшей степени требует исследования.

Ключевые слова: лексическая синтагматика, семантика, полисемия, архисема, сигнификативная макросема.

Тіркесімділік ұғымы – тіл білімінің барлық қабатын қамтитын құбылыс болып табылады. Тіл жүйесін құрайтын барлық салалардағы бірліктер өз деңгейлеріндегі тіркесімділік заңына сүйенеді. Сөйтіп, тілдің жүйелі жүйесін құрайды. Ендеше, тілдің өне бойына тамыр жайған тіркесімділік құбылысы күрделі де ауқымды мәселе қатарларынан орын алады.

Тіркесімділік тілдің қатынас құралы ретінде өмір сүруіне қызмет етеді. Кез келген тілдік бірліктің бойында тіркесімділік қасиеті болады және сол қасиетіне негізделеді. Сөздердің бір-бірімен тіркесуі олардың қандай сөз таптарына жататындығымен және олардың лексикалық мағыналарымен байланысты болып келеді. Сөз бен сөздің тіркесе алу мүмкіндігі олардың мағыналық жақтан сәйкестігіне қатысты болып келеді. Етістіктің тіркесімділік қабілеті басқа сөз таптарына қарағанда жоғары деп санайтын ғалым В.Г. Гак етістіктің кез келген сөздермен байланысу мүмкіндігін тіркесімділік деп таниды. Және де тіркесімділіктің грамматика, семан-

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

тика, лексика деңгейінде қаралғанын жөн деп санайды.

Мағыналық және тұлғалық жағынан үйлескен сөздердің тіркесінен тұратын сөйлем ойды білдіреді. Лингвистикалық әдебиеттерде сөз номинативті қызмет атқарса, сөйлем коммуникативті қызмет атқарады делінеді. Сөйлем коммуникативті қызметті, әдетте, сөздердің бірбірімен тіркесін өзара байланыста предикативті қатынаста жұмсалуы нәтижесінде атқарады. Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін хабарлаудың негізгі құралы – сөйлемдер арқылы іске асыратындығы анық. Бұлардың бәрі сөздердің синтагмалық қатынасынан туындайды. Полисемия құбылысы да өз жұмсалымын осы синтагмалық ортада анықтайтындығы белгілі.

Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылуы бірде метафора мен қызмет бірлігі тәсілдері арқылы жүзеге асырылса, бірде метонимия мен синекдоха тәсілдері арқылы болады. Тілдегі омоним, антоним және синоним қатарлары, сөздердің көпмағыналық сипатталуының нәтижесі де, тілдегі метонимия, синекдоха және метафора құбылыстары сол нәтижені жүзеге асырушы тәсіл болып табылады [1, 34].

Ал лексикалық тіркесімділік – бұл лексикалық мағыналардың қатынасуына орай сөздердің тіркесімдер құрауы, сөздердің ұғымдық және заттық тұрғыдан үйлесе алу не тіркесім құрай алу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Сөздің лексикалық тіркесімділігі синтагмалық қатынасқа жатады. Ол оның мағынасын таратушылардың жиынтығы, яғни сөздің синтаксистік-семантикалық позицияларын толтыруға қабілетті сөздердің жиынтығы.

Кеңес дәуірінде осы мәселеге қатысты үлкен зерттеу жұмысын арнаған Н.З. Котелова лексикалық тіркесімділіктің құралуы әрбір сөздіің өзіндік мәндік қасиетінде екендігін ашып көрсетеді. Ол өз зерттеуін лексикографиялық тұрғыдан жүргізеді. Үлкен академиялық сөздікте *құлау* сөзі 39 сөзбен, партия – 20, пікір – 6, ес – 27, зейін – 14, құрмет – 13 сөзбен лексикалық тіркесімділікке түскендігін сипаттайды. Мәселен, *құрмет, құрметтеу* сөзі – құрметтеп жүру, құрметке ие болу, құрмет көрсету, құрметтелу, құрметке жету, құрметін жоғалту, құрметін пайдалану, құрметіне сендіру және т.т. Мұндай лексикалық тіркесімділікті «қарапайым» лексикалық синтагматика деп атап, ал борсыған балық, тірілей көму, сағыныштан сарғаю, малдас құру, мейірімсіз ажал, өткінші өмір, дүние дөңгелек, жүрегі сыздау т.т. сөздеріндегі лексикалық синтагматиканы «анық» лексикалық синтагматика деп атағанды жөн көреді [2, 143]. Ал шын мәнінде, *борсу* етке емес, балыққа ғана тән сөз болса, *сағыныштан немесе сары аурудан ғана адам «сарғаюы»* (ауыс мағына) мүмкін немесе *жүрек сыздайды*, «сырқырамайды»; сырқырау сүйекке, буынға тән. Сонда лексикалық синтагматика жасайтын сөздер қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың өзара қатынасынан туады деген сөз. Заттар мен құбылыс, іс-әрекеттер өзара ықпалдасқанда әр түрлі қатынастар туындап отырады. Бұл қатынастар адам санасында орнығу үшін белгілі бір үйлесімділікке негізделіп барып, процестер туып жаатады. Мұндағы бастапқы қызмет таным мен қабылдау болғандықтан, сөз мағыналарының бір-біріне жуысу процесі негізгі қызмет атқарады. Мысалы: *шұбатылған* лексемасы қандай сөздермен лексикалық синтагматикаға түсе алады десек, мұндағы семантикалық белгі «ұзындық» болады, осыған сай шұбатылған түтін, шұбатылған көш, шұбатылған адамдар, шұбатылған тізім, шұбатылған мал, көлік, көйлек т.т. Мағынадағы заттық, ұғымдық байланыс лексикалық синтагматиканы құрайды.

Тіркесімділікте мағыналық сәйкессіздіктер де орын алып жатады, мәселен, *батыстан шыққан күн* (ауыс мағына; негізінде ақырзаманның белгісі), мұнар күн, шұбар күн, он сан ноғай бүлген күн, қара күн т.т. лексикалық тіркесімділіктерді жатқызамыз. *«Қара күн»* тіркесімі қазақ тіліне орыс тілінен калька арқылы енген, ал тілімізде бұрыннан *«қаралы күн»* тіркесімі бар, оның антонимдік сыңары *«ақ күн»* тіркесімі бар. Мұндағы синтагматикалық байланыс *«қара күн»* тіркесіміндегі *«бақытсыздық кезеңі»* семасымен түсіндіріледі. Ал Махамбеттің *«Мұнар күн»* толғауында семантикалық байланыс сигнификаттық макросемасы «ақырзаман» болады.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн…
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн...
Қатарланған қара нар
Арқанын қиып алған күн...
Сандық толы сары алтын
Сапырып судай шашқан күн...
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн...
Жез қарғылы құба арлан
Жез қарғыдан айрылып,
Қорашыл төбет болған күн... [4, 1].

Мұндағы сәйкессіздіктер қазақ тілінде мұнар күн тіркесі «күн райы» парадигмалық қатарына жатпайды, себебі ондай күн сипаты халқымызда жоқ, демек лексикалық нормаға сай емес. Бұл сөз қолданысы халық басындағы *«ең қиын»* ұғымын береді. Сол секілді бұлтты күні күн шықпайтыны бәріне белгілі, ал егер шығар болса түсі шұбар болады деп шартты түрде айта аламыз. Буыршын ешқашан мұзға таймайды, себебі табанында жылтыр мұзға қадалатын бүрлері бар, ал бура атанға шөгуі мүмкін емес, өйткені бура да атан да еркек түйелер. Қатарланған қара нарлардың арқанын қию да мүмкін емес нәрсе, алтын су емес,сондықтан ол сапырылмайды және шашылмайды. Ал лашын қуға түспейді, ол қазлыңі өзіне сирек түседі. Лексикалық тіркесімдердің негізінде мағына сәйкесуі мен халықтың өзіндік ділі мен танымы, мәдени өмірі астасып жатады.

Сонымен қатар лексикалық синтагматикаға деректі мен дерексіздің, жанды мен жансыздың байланысуын да жатқызамыз. Негізінде жанды не дерексіз заттарға тән әрекет, қасиеттер бір-бірімен байланыс құра алмайды, оларда байланыс болған күнде де лексикалық норманың бұзылуы әбден мүмкін. Сөздердің мағыналық құрылымындағы ұғымдық және заттық байланыстардың үйлесудегі негізгі қызметті дерексіздік құбылысы атқарады сондықтан осыдан келіп туатын әр түрлі ассоциациялар әр алуан болып, бір-бірімен өзара қатынасқа түсу мүмкіндігі байқала бермейді. Осындай қатынастар негізінде лексикалық синтагматиканың күрделі сипатын аңғартатын метафоралық, метонимиялық, теңеулік құбылыстар адамның ойлау дәрежесін көрсетеді.

Жыраулар шығармаларында ойды көркем де образды етіп, өмір шындығына негіздей отырып, шығарма тілінің көркемдігі, әсерлігі – ондағы эпитет, метафора, теңеу сияқты көркемдегіш тәсілдерге, яғни сөз тіркестерін ауыс мағынада беруімен байланысты. Мысалы, *жиырма жасты ағып жатқан бұлаққа, отыз жасты жарға ойнаған лаққа, қырықты ертеп қойған құр атқа, елуді көшкен елге, алпысты қайғылы мұңлы күнге , сексенді қараңғы тұман түнге, тоқсанды ажалға, тоқсан бесті торға, орға, шөлге теңей отырып,* көшпенді елдің өзінше бір философиялық даналығын көрсетеді. Бұл теңеулер сол тұстағы әлеуметтік өмірдің алаулаған қызуын көз алдымызға елестетеді. Сондай-ақ үшкілсіз көйлек кимеске деп қыршындай мезгілсіз мерт болмауды армандап, бұл дүниеден көшпеуді әрә ауыс мәнде, әрі өте әсерлі етіп беріп отыр. Сонымен қатар, *әкесіз бала сұм жүрек, тақымым кеппес ұры, өкпеңменен қабынба, өтіңменен жарылма, бәйгелі жер, ай нұрын ұстап міну, қурай бітпес қуба жон, алтын тұғыр, тұрымтайдай ұл* тәрізді тіркестермен үйлесімді етіп суреттейді.

Кей сөздердің қатынасу мүмкіндігі кең немесе тар болып келеді. Мысалы, *киіну* етістігі мындай лексикалық тіркесімдердің синтагмалық қатарларын құрай алып, мағыналық тіркесімділіктің ұласуы күрделі сипатта болады: тон не тұлып киіну;// қыс мезгілі; жылы киіну// салқын уақыт; жұқа киіну//тоңу; қалай болса солай киіну//бәрібір; сапалы киіну//бағалы киіну; тез киіну //әскери тәртіп; баппен киіну//үлкен жас мөлшері; қарапайым киіну//адам мінезінің қасиеті; салақ, лас киіну//адам типі; ауылдағыдай киіну//қалаға келген; мұсылманша киіну//сену, иман дегенді білдіріп, лексикалық синтагматиканы кеңейте түседі. Мұндай үйлесімдер заттық-логикалық қатынастың лексикалық синтагматиканы тудыратын уәжділігін құрайды. Бұл уәжділік шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың үйлесімді, үйлесімсіз қатынастарымен анықталады. Лексикалық синтагматиканың мәндік ұласулары семантикалық валенттілікте келеді. Мәселен, келіннің бетін //ашу; түндікті //ашу; тырысқан қабағын //ашу; мәселені//ашу; есікті//ашу; құлыпты // ашу; терезені //ашу; кітапты //ашу; аузын//ашу т.т. секілді қатарлардағы сөздер мағыналық ұласудың шектеулігіне негіз болады [2, 155].

Осындай тіркесімдердің кең сипаттағы көрінісі Бұқардың толғауларында көптеп кездеседі. Мысалы, *болу* етістігі мындай синтагмалық қатарлар құрайды: олжалы болу, мерт болу, ет болу, ат болу, курай болу, шүберек болу, мортық болу, жаман болу, бай болу, тұрпайы болу, фана болу, құда болу, талық болу, жау болу, ел болу, жиын болу, наһан болу, би болу, ала болу, сөз болу, бөз болу, кез болу, қор болу, көп болу т.т. Ал, мағыналық үйлесудің шектеулігін мына тіркесімдерден байқай аламыз: ел бастау, қол бастау, сөз бастау, көш бастау т.т.

Бұқар жыраудың толғауларында *жұрт* сөзі бірнеше синтагмалық қатарлар түзеді. Мұндағы синтагмалар анықтауыштық қатынаста тұрып, сол бір сөздің қатынасу мүмкіндігі кең екендігін көрсетеді.

Бағаналы орда, басты орда
Байсал орда *қонған жұрт,*
Қара түлкі қармалжық,
Қас сыпайы *киген жұрт,*
Ақсары атан аспалап,

Ел жайлауға *шыққан жұрт,*
Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты *ұққан жұрт,*
Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен *сүрген жұрт.*
Бай төбетің маңқылдап,
Байсал тауып *үрген жұрт,*
Туырлығың қара кіс,
Тура-тура *болған жұрт,*
Түтінге салса саспаған,
Шоралар сауықпен ішсе тауыспаған,
Ағар бұлақ *сүтті жұрт,*
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған *құтты жұрт.*
Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда *қонған жұрт,*
Мамырасып, ел болып,
Байсалды жайлау табылды,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым *түскен жұрт.*
Ханым берген қамқа тон,
Жырау киіп *кеткен жұрт,*
Іңкәрілер алшаңдап,
Ас пен тойға *келген жұрт* ,
Көріп туған көкше тай
Төре астында *ат болған жұрт,*
Көбең байлар семіріп,
Көк би *наһан болған жұрт,*
Көрпелдестер би болып,
Көпке *кеңес айтқан жұрт* [4, 8].

Синтагмалық қатынастың ерекшеліктеріне орай, бірқатар зерттеушілер оны екіге бөліп қарастырады: еркін лексикалық тіркесімділік және байлаулы лексикалық тіркесімділік. Еркін лексикалық синтагматикаға сөздің шексіз түрде көптеген сөздермен тіркесім құрауы жатады. Мысалы, *«беру»* етістігі мағынасы үйлесетін барлық сөздермен байланысқа түсе алады: қол беру, жол беру, күн беру, тап беру, бала беру, өмір беру, жұмыс беру, түгел беру, күліп беру т.т [4, 162]. Ал байлаулы тіркесімдерге шектеулі сөздер, лингвомәдени өлшемдерді беретін идиомалар мен фразалық тіркестер жатады. Мысалы, жанын алу, сусыны қанға қану, сөзі өту, сыр білдірмеу, семсермен шашын тарау, тізгін салмау, біраузыды болу, құсы қону, тақтан тайу, тіліне еру, төсек тартып жату, олжалы болу т.т.

Сонымен сөздердің сөйлемдегі байланысы олардың мағыналық және грамматикалық белгілеріне қатысты болады. Бірақ бұл байланыстардың тілдегі сипаты бірдей емес. Сөздердің грамматикалық байланысы сөйлемнің грамматикалық жағынан дұрыс құрылуына негізделсе, мағыналық байланысы сөйлемнің сөйлеудегі мазмұнының дұрыстығына бағытталады. Мағыналық байланыс сөздердің мағыналық үйлесімділігі негізінде семантикалық және лексикалық тіркесімділіктер арқылы сипатталады. Сондықтан тіл жүйесіндегі синтагматикалық қатынастар мәселесінде лексикалық тіркесімділік пен семантикалық тіркесімділіктің арақатынасы мен өзіндік белгілерін анықтаудың да маңызы зор.

Әдебиеттер

1 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1962. – 299 б.
2 Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы, 2009.
3 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 177 б.
4 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. – I том.

References

1 Akhanov K. Vvedenie k iazykovedenii. – Almaty, 1962. – 299 s.
2 Khasanov G. Lexisheskaia sintagmatika v kazakhskom iazyke. – Almaty, 2009.
3 Isaev S. Problemy kazakhskoi ifzykovedenii. – Almaty, 2014. – 177 s.
4 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. – I tom.

МРНТИ 14.09.25

Алшынова Г., Тұрғанбекқызы А.,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
II курс магистранттары, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: gulim.alshynova686@mail.ru

ҚОРҚЫТ МҰРАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада VIII ғасырда Сыр бойында бұрынғы Жанкент қаласы маңында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші Қорқыттың мол мұрасы – күйлері, Қорқыт ата кітабының нұсқалары және ондағы жырлар жайында сөз болады. Екі дәстүрдің – эпикалық және аспаптық дәстүрдің шығуы халық санасында атақты әулие Қорқыт есімімен байланысты екендігі қарастырылады. Негізінен, Қорқыттың күйлерінің формасы мен олардың кварта бұрауында жазылғандығы, магиялық сипаты, мистикалық қыры талданады. Қорқыт күйлерін ел ішіне жеткізуші қобызшылар туралы мәліметер келтіріледі. Қорқыт күйлеріндегі бақсылық сарын да көрініс табады. Қорқыт күйлерінің желісін байытып, өрнек-нақыш қосып, өңдеген Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтың музыка өнеріне қосқан өнері бағамдалады. Мақаланың басты арқалар жүгі – Қорқыт мұрасының, оның ішінде күйлерінің өзінен кейінгі қалған ұрпаққа асыл қазына болып қана қоймай, бағыт-бағдар сілтеуші педагогикалық қызмет атқаруында, Қорқыттың музыка өнеріндегі ұстаз екендігінде.

Түйін сөздер: мұра, қобыз орындаушысы, философиялық ой, ұлттық музыка аспаптары, қобыз мектебі, қазақ күйлері.

Alshynova G. Turganbekkyzy A.

Pedagogical basement of Korkyt's heritage

In this article great Korkut's heritage of kuyshi Korkyt ata who lived in the 8th century in close proximity to the former Zharkent city, the famous poet, variants and songs of the book of Korkyt ata is considered. In the publication emergence of an epic and traditional instrument is analyzed of Korkyt ata is connected with his name. Generally the form of kuy Korkyta ata and their recording in the form of quarts, and also a mystical and magic side is analyzed. Information on performers of kobyz kuy of Korkyt ata in the people. There is a motive of shamanism in kuy of Korkyt ata. Having enriched the basis kuy Korkyt ata, having added a pattern, the contribution to art of music of developed by Zhappas Kalambayev and Dauleta Myktybayeva is estimated. The main objective of article to show Korkyt's heritage to future generation as the precious treasure, and also one of the directions is connected with his pedagogical activity, teaching music and art.

Key words: heritage, kobyz player, philosophical idea, national musical instruments, kobyz's school, Kazakh melodies.

Алшынова Г., Турганбеккызы А.

Педагогические основы наследие Коркыта

В этой статье рассматривается наследие великого композитора мелодии Коркыт ата, который жил VIII веке в непосредственной близости от бывшего Жаркента, известного поэта, издавшего несколько вариантов книги Коркыт ата. В публикации анализируется появление эпического и традиционного инструмента связано с его именем Коркыт ата. Разбирается, в основном, форма мелодии Коркыта и особенность их записи в виде кварты, а также разносторонние мистические и магические грани его произведении. Дается исчерпывающая информация об исполнителях мелодии Коркыта на кобызе среди представителей народного творчества. А так же описывается присутствие мотивов шаманства в мелодиях Коркыта. Оценивается вклад в искусство музыки Жаппаса Каламбаева и Даулета Мыктыбаева обогативших разносторонние направления,

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

добавивших колориты и обработовших мелодии Коркыта. Основной целью статьи является не только показать наследие Коркыта будущему поколению, как драгоценное сокровище, а также рассказать о его направляющей и преподавательской деятельности, как и тот факт что наставник искусства музыки.

Ключевые слова: наследие, исполнитель на кобызе, философская мысль, национальные музыкальные инструменты, школа кобыза, казахские мелодии.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан аңыз-ертегілерін, әндері мен күйлерін халық талант-тары – ақындар, жыраулар, әншілер, күйшілер асыл мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, көзінің қарашығындай сақтап келген. Халық өзінің көкейіндегі сыры мен арманын, қуанышы мен күйінішін сол ғажайып ән мен күй арқылы толғаған. Аманатты ақтаған, салт-дәстүрді сақтаған мәңгілік Қазақ елі.

Тарихи тұлға, аңыз тұлға – Қорқыт VIII ғасырда Сыр бойында бұрынғы Жанкент қаласы маңында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші. Сонымен бірге ол туралы көптеген аңыздар сақталған.

Ел аузындағы аңыздарда Қорқыт ата мәңгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін қайтпас күрескер сипатында айтылады. Бірақ ол өмірінің соңында өлмейтін нәрсе жоқ екен деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді екен. Ұлы күйшіге өзі іздеген мәңгілік өмір оның өнерінде сияқты көрінеді. Ол күйлерін толласыз тартып, дүниеден өтеді. Өзі өлгенмен артында күйлері, ұлғатты сөздері қалады.

Ал әдебиет тарихында деректі түрде Қорқыт ата кітабы бар. Қорқыт ата кітабы осы күнге дейін Дрезден қаласында он екі жырдан тұратын қолжазба күйінде және Италияда алты жырдан тұратын қолжазба күйінде сақталып келеді. Қорқыт ата кітабын VIII ғасырларда және одан да бұрын туған аңыздардың жинағы деуге болады. Оларды жыр түрінде жазған – Қорқыт ата. Кітапта қазақ халқының құрылуына тікелей қатысы бар, тарихта белгілі оғыз тайпаларының тағдырына байланысты оқиғалар баяндалады.

Қорқыттың музыкалық мұрасы қылқобыз күйлерін таныстырумен байланыстыра аламыз. Музыка – белгілі биіктіктегі дыбыстан тұратын, адамға сазды әуенмен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі. Бұл саладағы көптеген білім алушылар жақсы орындаушы және ұстаз бола алады.

Халық жадында жүзден аса эпос сақталған, олар мың өлең жолынан тұрады, қылқобыз немесе домбыра арқылы орындалған. Халық шығармашылығының сүйікті жанры, батырлық және лирикалық-тұрмыстық эпостар қатарында «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер-Тарғын Қамбар», «Қыз-Жібек», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Еңлік және Кебек» жырларын айтуға болады. Бұлар қазақ тарихына қатысты нақты оқиғаларды аңыз, мифологиялық түрде жеткізеді.

Халық музыка аспаптарының көне үлгісі ретінде кейін пайда болған күй де өзінің бастапқы кезеңінде магиялық міндеттерді атқарған. Екі дәстүрдің – эпикалық және аспаптық дәстүрдің шығуы халық санасында атақты әулие Қорқыт есімімен (бірінші жырау және шаман «күй атасы» және қыл-қобызды жасаушы алғашқы шаман есімімен) байланысты. Қорқыт өзінің ұрпағына ұлы мұра – қобыздық күйлер: «Қорқыт», «Желмая», «Тарғыл тана», «Елім-ай», «Ұшардың ұлуы» сияқты және т. б. шығармалар қалдырды. Олардың бір бөлігі дыбысты беру сипатымен ерекшеленді және табиғаттың табиғи дауыстарын, өмір, өлім, тұрмыс туралы философиялық ойларды берген.

Ел аузындағы аңыз бойынша, ең алғаш қобыз жасап, оның қыл ішегінен жаратылыстың үнін күй қылып сөйлеткен адам Қорқыт болып саналады. Қорқыт қобызын сарнатқанда табиғат тына қалып, жер жиhан, ұшқан құс, жүгірген аң-барлық тіршілік иесі үнсіз тыңдайды екен. Музыканың сырлы сазына ұйыған өзі де күй сарыны аяқталмайынша Қорқытқа жақындай алмайтын көрінеді. Осындай мәліметтер аңыз бойынша ауыздан ауызға тарап кеткенді.

Қорқыт түркі халқының бірінші бақсысы атанды, ол адам баласына жасаған шексіз қайырымы, емшілігі үшін өзі өлімді ауызына алмайынша өмір сүре беруіне мүмкіндік алады. Қорқыт бірінші болып, тағдырға қарсы тұрып, мәңгі өлмейтін өмір іздейді. Бірақ, өлім Қорқытты өз құрығына жібермей алады да кетеді. Ол жер асты суларының Әміршісі атанып қолына қобыз алып, оның қасиетті өнерін жалғастырған бақсылардың дем беруші піріне айналады [1].

Қорқыттың көп күйлері кварта бұрауында (интервалында) жазылған. Ал квинта бұрауындағы күйлер – жыраулар, халық күйшілер мен әншілер тартқан сарындарда кездеседі.

Жалпы, Қорқыттың музыкалық мұрасы біздің уақытымызға дейін сақталып, қаізргі уақытта оның оннан астам күйлері белгілі болып отыр. Оның күйлеріның тоғызы бақсылардың бірі, қобызшы Нышан Шәменұлынан жазылып алынады. Нышан бұл күйлерді Қорқыт творчествосымен тығыз байланыстырады, олар алғашқыда бақсылардың зікір салғанда қолданатын сарындары болса керек.

Қорқыттың күйлерін атап көрсетсек: «Тарғыл тана», «Башпай», «Ұшардың ұлуы», «Қорқыт» күйінің11 түрі, «Қоңыр», «Әуіппай», «Желмая», «Сарын», «Байлаулы киіктің зары».

Қорқыттың күйлерінің формалары күрделі емес, қысқа сарынды шығармалар. Олардың музыкалық арқау жүйесі де қарапайым. Күйлерінің дамуы бір біріне ұқсас келеді, ырғақ және әуені қосарлана қайталанып отырады. Ырғақ әуені жағынан жоқтауға ұқсас болып, жай жылдамдықта сызылта орындалады. Соған қарамастан, Қорқыттың әр бір күйі әуезді сазды.

Ғасырлар бойы Қорқыт сарындары бақсы ритуалдарында пайдаланылуына байланысты бақсылық дәстүрмен бірге жоғалып кетуге тиіс еді. Алайда, Қорқыт күйлері мәңгі өшпейтін шынайы өнер болғандықтан, талай ғасырдан асып, біздің заманымызға жетті.

Қорқыт шығармашылығы оның даналығынан, көсемдігінен, абыздығынан туындайды. Музыка ұлттық қасиет пен ұлттық тізгінді бойына ең мол сіңірген рухани құбылыс. Қорқыт күйлері алғашында бақсының зікір салғанда қолданылатын сарындары болса керек. Деректер көптеген еңбектерде де айтылып өткенді. Мазмұны мен құрылымы күрделі, әртүрлі агогикалық иірімдерге толы келеді. Өкінішке орай, Қорқыт пен Ықылас арасындағы мыңжылдықты қыдыра шолғанда бақсы сарындарынан басқа ештеңе таппаймыз. Өйткені сол кездегі көшпелі өмір салттағы қазақтың табынары сол кезде Тәңірі, сыйынары аруақ, тілдесері табиғат, ал осыған дәнекер болатын тұлға бақсы еді.

Ежелгі қазақтың «қара қобызы» біздің заманымызға өзімен бірге көптеген ән -күй туындыларын ала келді. Бізге жеткен қобыз күйлері ұлттың мәдениетімен, тарихи тағдырмен сабақтасып жатыр. Бірқатар қобыз күйлерінде жануарлардың ұлуы, құстардың қанат қағып ұшуы, аттың шабысы сияқты дыбыстарға еліктеу тән.

Қобыз шығармаларының тағы бір тобы – эпикалық тақырыпқа арналған күйлер. Эпикалық күйлер дегеніміз – «эпика» грек тілінен аударғанда «баяндау, әңгіме» деген мағынадан шыққан екен [4]. Жалпы, аңыз күйлерді, тарихи күйлерді жеткізу мақсатында айтылатын күйлер бұл осы эпикалық күйлерге жатады.

«Қорқыт» күйі – аса қиын, асқақ күй емес, бірақ ол тыңдаушысын әуендік әсемділігімен, шынайлығымен баурайды. Ол өмір үшін, жақсы тұрмыс үшін күреске шақырады. Шынында да бұл күй тым әсерлі .

Біздің заманымызға жеткен көне мұраның мұншама ғұмыры ұзақ болуын, зерттеушілер ғылыми түрде көптеген еңбектерінде қарастырылған. Қазіргі қылқобыз, бұрынғы бақсылардың «мистикалық» қобызынан ерекше. Әуендік жағынан, күйді жеткізу, орындау жағынан ерекшелігі байқалады.

Нышан Шәменұлы Қорқыт күйлерінің көбін айтуы және орындауы бойынша қобызшы Мұсабек Жарқынбеков арқылы жазылып алынған. Қорқыттың бірнеше күйлері М. Жарқымбековтың «Ғасырлар үні» оқу құралында 1986 жылы және де Қорқыт творчествосына арналған тұңғыш «Елім-ай» атты жинақта 1987жылы жарық көрді [5].

Қобыз – көптеген түркі халықтарында кездесетін ішекті музыкалық аспап. Қобыз туралы мәліметтер орта ғасырлардағы жазба ескерткіштерде кездеседі. Аспап жыңғыл, үйеңкі, қарағай секілді мықты ағаштан ойып жасалған. Құрылымы қауыз тәрізді. Қобыздың құрылымы басы, екі құлағы, иілген мойны, төмен жағында терімен қапталған шанағы, аттың қылынан жасалған қос ішегі, тиегі және ысқышы болады. Дыбыс ішек пен ысқыштың үйкелісінен шығады. Қобыз Орта Азия, Алтайды мекендеген түркі тектес тайпаларға ортақ. Оған ұқсас аспаптарды Кавказ, Сібір халықтарынан да кездестіруге болады. Бұл атау өзге халықтарда бірде ысқышты, бірде шертпелі, бірде тілмен ойналатын аспаптарды білдірсе, қазақта қос ішекті ысқышты аспаппен байланысты қолданылады [6, 188].

Қобыз – көненің көзі. Онда ертеде бақсылар ойнаған. Олардың қобыз аспабында орындайтын арнайы сарыны, мақамы болған.

Қорқыттың жырау да болған, оның жырлары да сақталған. Ұлы тұлғаның еңбектерін көптеген ғалымдар зерттеп өткен.

Қорқыт ата кітабы 12 жырдан тұрады:

1. Дерсенханұлы Бұқаш туралы жыр.
2. Салар Қазанның үйін жау шапқаны жайында жыр.
3. Қам-Бұраұлы Бамсы-Бейрек жөніндегі жыр.
4. Қазанбектің баласы Оразбектің тұтқынға түскені туралы жыр.
5. Доқа-қожаұлы ер Домрул туралы жыр.
6. Қаңлы-қожаұлы Қан-Тұралы туралы жыр.
7. Қазылық-қожаұлы Жүгенек туралы жыр.

8. Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жыр.
9. Бегіұлы Әмрен жөніндегі жыр.
10. Үйсін-қожаұлы Секрек туралы жыр.
11. Салар Қазанның тұтқынға түсуі және оны ұлы Ораздың босатуы туралы жыр.
12. Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы шығуы және Бамсы-Бейректің өлімі туралы жыр [8, 112].

Қорқыт күйлері біздің заманға мың өзгеріп келді деп ойлаймыз, оның өзгеруі де орындаушының шеберлігіне байланысты болып келеді.

«Қорқыт дәстүрінің мұрагерлері атақты қобызшылар Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтың репертуарынан алынған бұл шығармалардан орындаушылардың күй желісін байытып, өрнек-нақыш қосып, өңдегені байқалады. Әсіресе, Ж. Қаламбаев орындаған «Қоңыр» күйінен оның өзіндік қолтаңбасы анық аңғарылады», – деп жазады қобызшы М. Жарқынбеков.

Әдебиеттер

1 Марғұлан Ә. Қорқыт туралы жазбалар. // Қазақ әдебиеті, 1982, 12 ноябрь, 10-11 бб.: Қазақ совет энциклопедиясы. – Т. 6. – Алматы, 1975. – Б. 615-616.

2 Қосбасаров Б. Қобыз өнері: Музыка оқу орындарының оқытушылар мен студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Санат, 2001. – Б. 220.

3 «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – ISBN 5-89800-123-9. – X том. – Интернет порталы: https://kk.wikipedia.org/wiki/эпос

4 Жарқынбеков М. Қорқыт «Елімай». – Алматы: Өнер, 1987.

5 Аманов Б., Мухамбетова А. Кобызовые кюи // Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 187-216.

6 «Қорқыт ата» Энциклопедиялық жинақ / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы, 1999. – 800 б.

7 Марғұлан Ә. Қорқыт: аңыз және ақиқат // Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар (Құрастырған Р. Бердібаев). – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

References

1 Marğulan Ä. Qorqıt twralı jazbalar. // Qazaq ädebïeti, 1982, 12 noyabr, 10-11 bb.: Qazaq sovet éncïklopedïyası. – T. 6. – Almatı, 1975. – B. 615-616.

2 Qosbasarov B. Qobız öneri: Mwzıka oqw orındarınıñ oqıtwşılar men stwdentterine arnalğan oqw quralı. – Almatı: Sanat, 2001. – B. 220.

3 «Qazaqstan»: Ulttıq éncklopedïya / Bas redaktor Ä. Nısanbaev. – Almatı: Qazaq éncïklopedïyası, 1998. – ISBN 5-89800-123-9. – X tom. – Ïnternet portalı: https://kk.wikipedia.org/wiki/épos

4 Jarqınbekov M. Qorqıt «Elimay». – Almatı: Öner, 1987.

5 Amanov B., Muhambetova A. Kobyzovye kyui // Kazahskaya tradicionnaya muzyka i HKH vek. – Almaty: Dajk-Press, 2002. – S. 187-216.

6 «Qorqıt ata» Éncïklopedïyalıq jïnaq / Bas redaktor Ä. Nısanbaev. – Almatı: Qazaq Éncïklopedïyası, 1999. – 800 b.

7 Marğulan Ä. Qorqıt: añız jäne aqïqat // Ejelgi jır, añızdar: Ğılımï-zerttew maqalalar (Qurastırğan R. Berdibaev). – Almatı: Jazwşı, 1985. – 368 b.

ҒТАХР 16.21.47

Бозекенов Т.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және
«Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының
бірлескен білім беру бағдарламаларының II курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: tolik_92@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. к. С.Ш. Мәдиев

ЕР МЕН ӘЙЕЛГЕ ОРТАҚ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ШЫҒУ УӘЖІ МЕН ДАМУ ПРОЦЕСІ

Соңғы жылдары ер мен әйелге ортақ антропонимдердің шығу уәжі мен даму процесін зерттеу ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр және бұл мәселе қазіргі антропонимиканың дамуы үшін де үлкен маңызға ие. Осыған байланысты, мақалада ер мен әйелге ортақ есімдерді зерделеуге талпыныс жасалған. Атап айтқанда, ер мен әйелге ортақ антропонимдердің лексико-семантикалық типтерін, психолингвистикалық аспектісін және шығу төркіні қарастырылды. Өйткені ер мен әйелге ортақ антропонимдердің барлығы дерлік ұлт болмысын білдірумен қатар, халықтың діни дүниетанымы мен ат қоюға байланысты түрлі наным-сенімдерінен, әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерінен лингвомәдени ақпарат береді. Есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескіру, ер баланың есімі қызға немесе керісінше қыз баланың есімі ұлға арқау болу немесе архаизмге айналу процесі болып отырады. Бұл заңды құбылыс. Қазір ер мен әйелге ортақ есімдер құрамы мен саны жағынан да өте бай әрі көп. Есім қоры негізінен сырттан келген есімдермен (сөздермен) және қордағы бар есімдерді аффикстермен түрлендіру жолымен молайып, толығып отырады. Сондықтан да ер мен әйелге ортақ есімдер әлі де болса үлкен зерттеуді қажет ететіндей. Ғылыми мақалада соңғы жылдары ер мен әйелге ортақ қойылатын есімдердің маңыздылығын да ерекше атаған.

Түйін сөздер: антропонимика, антропоним, ген, гендерлік ассиметрия, идеологиялық есімдер, архаизм.

Bozekenov T.

The reason of appearance and development process of anthroponyms for both genders

Over the last years, the formation of common anthroponyms of men and women and investigation of its developing process becomes interesting for many scientists and plays great role in modern anthroponymics. In this regard, this article attempts to examine men and women names. In particular, to consider lexical-semantic types, psycholinguistic aspects of common names of men and women. Because those common anthroponyms apart from reflecting national identities, they convey religious worldview, beliefs, superstitions concerning putting name and linguocultural information about customs. In history of names over the centuries there has been modernization, aging, giving men names to women and vice-versa or all of the become archaisms. It is a normal, historical process. At present time, common names for men and women are compound and a lot. Mostly name stocks are increased by words and variation, adding of affixes to the words that are in the stock of language. That's why it is still necessary to study common men and women names. Scientific article demonstrates relevance of common names for men and women that are existed at present time.

Key words: anthroponymics, anthroponym, gene, gender asymmetry, ideological names, archaism.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Бозекенов Т.

Причина возникновения и процесса развития антропонимов для обоих полов

На сегодняшний день множество ученых интересует формирование и процесс развития общих антропонимов для мужчин и женщин; исследование таких проблем играет большую роль в современной антропонимике. В этой связи в данной статье предпринята попытка рассмотреть мужские и женские имена. В частности, рассмотреть лексико-семантические типы, психолингвистические аспекты и формирование имена мужчин и женщин. Так, как почти все общие антропонимы отражают национальную самобытность, которые по поводу внесения имени передают религиозное мировоззрение, убеждения, предрассудки и лингвокультурологические информации. В истории имена на протяжении веков была модернизация, старение, дать имена мужчин к женщинам и наоборот или процесс становление архаизмами. Это обычное исторический процесс. В настоящее время, общие имена для мужчин и женщин являются составными. В основном запасы наименование увеличиваются на слова и вариации, добавление аффиксов к словам в запас языка. Вот этой причине все еще нужно исследовать общие имена мужчин и женщин. Научная статья демонстрирует важность общих имен, которые существуют в настоящее время.

Ключевые слова: антропонимика, антропоним, ген, гендерная асимметрия, идеологические имена, архаизм.

Бүгінде тіл білімі ғылымында белгілі бір нысанды антропоцентристік бағытта зерттеу қарқынды дамуда. Бұл саланың ішіндегі ерекше тілге тиек ететіні – гендерлік зерттеу. Гендерлік ассиметриялар қазақ тілінің жалқы есімдер жүйесінен де көрініс табады. Мысалы, тіліміздегі тілек мәндегі әйел есімдері көбінесе *сұлу, әдемі* семантикалық өрісінен туындайтын сөздерден құралады, сол сияқты әйелдің сыртқы келбетін сипаттайтын (көз, шаш, т.б.) компоненттерден жасалады (Алтыншаш, Сұлушаш, Қаракөз), бірақ ер адам есімінде қолданылатын «бай» компоненті әйел есімінде кездеспейді.

Түрколог ғалым В.А. Гордлевский өз еңбегінде түркі тілдеріндегі қандық, туысқандық қатынасты білдіретін атауларға *ата (әке), апа (шеше), сіңлі, қарындаш, аба, оғұл*, *қыз* сөздерін жатқызады. Ол бұл туралы былай дейді: «Рассмотрение терминов кровного родства мы считаем целесообразным начать не с терминов, выражающих понятие «*отец», «мать», а с «сын» и «дочь»*. Это вызвано тем обстоятельством, что *оғұл и қыз* являются не только терминами родства в собственном смысле слова, но обладают более широкой семантикой, а именно выражают понятие *«мальчик*», «*юноша», «девочка*»***, «девушка»*** в тюркских языках как показатели пола и имя» [1, 44]. Ғалым бұл тұжырымды гендерлік лингвистика тұрғысынан топшылайды. Демек, бұрындары қыз балаға нәзік есімдерді, ал ер балаға қатаң және жуан дыбысталатын есімдерді қойғанын анық аңғарамыз. Алайда, қазақ тіліндеАрдақ, Салтанат, Нұржан, Назым, Айжан және т.б. секілді ер мен әйелге ортақ нысыпылар да жетерлік.

Ер мен әйелге ортақ есімдер санаулы жыл ішінде тосыннан пайда болмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығуы, пайда болуы, қалыптасу жолы бар. Қазіргі ер мен әйелге ортақ нысыпыларымыздың сол ерте заманда-ақ қойылып, көненің жұрнағы немесе түбірі ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп.

Көне түркілерде Көк Тәңірге деген сенім мен шаманизмнің ықпалы болуына байланысты Буддизм, Манихаизм, Насторизмнен басқа да сырттан болған әсерлердің нәтижесінде әлемдегі адам есімдерін жынысқа қарай ажырату қиын. Себебі олар жалпы ортақ мағыналы сөздерден жасалған. Ал қазақтың байырғы салт-санасына келсек, әр жынысқа сәйкес мағыналы сөздерден жасалған есімдерді беріп отырған. Ер адам есімдері қошқар, бұқа, түйе сияқты үй жануарлары және лашын, сұңқар, бүркіт сынды жырқыш құстар мен арыстан, жолбарыс, киік сияқты жабайы жануарлардың атауларына байланысты туындап отырған. Қолда бар қазақтың төл есімдерін қарастыра келе әйел есімдері негізінен мата, асыл тастардың атауларынан және гүл, келін, қыз, жеңге сияқты сөздерден жасалатындығы ортаға шықты[2, 26].

Тіліміздетүркі сөздерімен қатар, араб, парсы, орыс және де басқа шет тілінен енген сөздер көп кездеседі. Қарастырылып отырған ер мен әйелге ортақ антропонимдердің де біразыараб және парсы тілдерінен енген.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларындағы ер және әйелге ортақ есімдерді қарастыру барысында,көзге түскен нәрсе есімдердің жас ерекшелігіне байланысты, қоғамдық, әлеуметтік жағдайына байланысты бөлінетіндігі. Жас қыздарға бір бөлек есімдер, оның ішінде бай мен хан қыздарына басқа есім, жасы ұлғайған әйел адамдарға бөлек есім, тұрмыстағы әйелдер мен бай әйелдеріне бөлек есім беріліп отырған. Бұдан шығар қорытынды халық әлеуметтік және қоғамдық жіктегі әйел затына тиісінше мағыналы есімдерді берген. Осылайша, кейіпкерлердің есімі олардың іс-әрекеті,шыққан тегі мен сырсипатына сәйкес екені анықталды.

Қоғамдық дәуірдің өсіп-дамуына байланысты қоғамдық пікірдіңдамып отыруы заңды құбылыс. Осыған байланысты V-VII ғасырда қазіргі қазақ жерінде өмір сүрген ру, ұлыстар мен тайпалардың мәдениеті дамып өркендей бастайды. Бұл кездері егін, мал шаруашылығы жалпылама еңбек өндірісі дамыды. Темір рудаларын өндіру қарқыны күшейе түседі.Осыған байланысты кісі есімдеріне қатысты «темірші», «қолашы», «алтын», «шот», «орақ», «кетмен» деген сөздер қолданылады. Бұл тұстағы есім қою үрдісі өз алдына тіптен ерекше. Мысалы, алтыннан әшекей бұйымдарды жасайтын шебер адамды «Алтын» деп атаса, темірден түйін түйген ұстаны «теміртақ» деп атаған. Ал ол кәсіппен әйелде,ер де айналысуы әбден мүмкін.

IX-X ғасырда ер мен әйелге ортақ есім қою үрдісі қайта жаңғырып ортақ мағыналық сипатта ерекшеленді. Оған дәлел Оғұз, Қорқыт әпсаналарында олардың балаларының аты Айхан, Күнхан, Көкхан т.б. болып келуінде. Осы ай, күн, жұлдыз, планета атаулары «бас» сөздерге байланысты жасалған есімдер түркі, қазақ халықтарының тілінде өте ертеден бар. Бұл есімдер ер мен әйелге тегіс қойыла берген.

Ал Айтолды, Күнтолды деген кісі аттары XI ғасыр ескерткіші «Құтадғу білікте» кездеседі. Ай сөзімен келетін кісі есімдері ертеректе ер адамға ғана қойылатын болған. Оны түркі халықтарының біразынан көруге болады: Ай Арық, Айжан, Айиылтас, Айкүн, Ай Маңыс,Аймерген. Ай Моко, Ай Тас, Ай толызы. [3, 63].

Бүгінгі таңда ана тіліміздің байырғы сөздерінің негізінде жасалған жаңа мағыналы ер мен әйелге ортақ есімдердің қатары көбейіп отыр. Олардың қойылуынада ұлттық ой-өріс пен белгілі бір идеяның әсер-ықпалы байқалады. Ал кейбір мағынасы беймәлім, шығу төркіні жұмбақ антропонимдерді гендерлік лингвистика тұрғысынан зерттеу оныңқұпия жайын айқындай түседі. Осындай есімдердің құбылыстарын білу, пайда болу тарихын анықтау барысында күтпеген жаңалықтарға тап болуымыз ықтимал.

Тіліміз түркі сөздерімен қатар, *араб, парсы, орыс* және де басқа шет тілдерінен енген сөздер арқылы байыды, ал антропонимдердің қатары толыға түсті.

Ислам дінін ұстанғандар«балаға қалайда діни есімдер қою керек» деген қатаң талап қойды. Дәл осы үрдісислам дінінің қазақ жерінде ұлттың діңгегі бола бастағаннан-ақ сіңіп кетті. Осы талапқа сәйкес пайғамбарлардың өз аттары, эпитеттер, имамдардың және парсының атақты батырларының есімдерін қоюмен қатар ер мен әйелге ортақ мағыналы сипаттағы есім беру де дәстүрге айналды. Мысалы: *Бағдат, Мекке* есімі қазігі таңда ұл мен қызға қойыла береді. Сондай-ақ араб тілінен енген ер мен әйелге ортақ ныспылардың қатарын төмендегідей топтастыруға болады:

Араб тілінен енген ер мен әйелге ортақ жалпы кісі есімдері:

Аманжан – аман-сау, есен, саламат.

Бақытжан – бахт+жон. Бақытты жан, бағы асқан жан.

Асыл – Өте қатты, әдемі, оңайшылықпен кесіле, майыса қоймайтын металл. Асыл секілді берік болсын деген мақсатта қойылатын есім.

Баян – анық, ашық. 1. Алаңсыз, бақытты деген мағына білдіреді; 2. Тұрақ, тұрлау, тиянақ.

Дидар – келбет, жүз, бейне. Сәбидің жүзі жарқын болсын деген ниетпен қойылатын есім.

Зейнұр – нұр, көркемдік, рең.

Қанағат – барға ырза болушылық, ырзалық. Өмірдің бар ризығына қанағатшыл болсын деген ниетпен қойылатын есім.

Мархабат – арапша марқамат – жақсылық, қайырымдылық, мейірімділік. Сәби қоршаған ортасына қайырымды болсын деген ниетпен қойылатын есім.

Өмірше – Өмірге бейім, икемді, өмір сүргіш.

Салтанат – 1. Сұлтандық, патшалық; 2. Мақтаныш, абырой, тәкаппарлық, байлық; 3. Мейрамда, тойда болатын сәулетті, сәнді көрініс.

Ләззат – 1. тәттілік, шырындылық; 2. сүйкімділік, жағымдылық; 3. ұнамды, жарасымды.

Назар – нәзәр. Қарау, көзқарас, көзсалу; ықылыс, ілтипат. Морфологиялық мағынасы – жәрдем, көмек.

Шапағат – шафакат. Аяныш, аяу, есіркеу, қайырымдылық, мейірімділік.

Алланың сыйпат есімдерімен қойылған ер мен әйелге ортақ есімдер:

Шәдетхан – көру деген мағына береді.

Ғафур(а) – кешірімді болу деген мағына береді.

Керім – жомарт, мырза, аққөңіл, кеңпейіл, сүйкімді.

Кемел, Кемелжан – Асқан шебер, жетік, алғыр.

Құран сүрелері мен аяттарына қарап қойылған ер мен әйелге ортақ есімдер:

Үрімжан, Үрімхан – гүлденуші, жарқын, шар көңілді, жарқын жүзді.

Пайғамбарлардың, әулие-әнбиелердің есімдеріне байланысты ер мен әйелге ортақ антропонимдер:

Жүніс – Пұтқа табынатын осынау кауымды АЛЛАның бірлігін мойындауға үндеген пайғамбардың есімі.

Қызырхан – Халық аңыздарында көбінесе ақ сақалды шал бейнесінде елес беретін әулие; қыдыр. Қызырқонды (шалды, дарыды, қолдады) – тілегі орындалды, жолы болды.

Қасиетті қала Мединенің аты бойынша қойылған ер мен әйелге ортақ есімдер:

Мәдениет – арабша *«маданият» – қала, қалалық*; латынша – *өңдеу, өсіру* деген ұғымдарды білдіреді.

Әдетте баланың атын сопы, қажы, молдалар немесе ағайын-туғаны яки әке-шешесі қоятын болған. Кеңестік дәуірде сәбиге есім беру үрдісі өзгере түсті. «Бай, бек, сұлтан, мырза, төре, хандарға» байланысты аттар зиялы қауым отбасыларында ұмыт бола бастайды да, оның орнын жаңа аттар, «идеологиялық есімдер» басады. Яғни төңкеріс көсемдері болған адамдардың немесе ұлы оқиғалардың аттары балаға арқау болды: *Вилнұр, Вилжан* (Владимир Ильич Ленин), Эмилжан (Энгельс, Маркс, Ильич, Ленин). Сол таңда бұл есімдер ерге де, әйелге де арқау болды. Оларды төмендегідей топтастырдық:

1. Орыс тілінен тікелей енген ер мен әйелге ортақ кісі есімдері: Валерий(я), Валентин(а), Виктор(ия), Евгени(ия)

2. Белгілі бір оқиғаға байланысты туған ортақ есім: Ренат

3. Кеңестік дәуірден қойылған есімдер: Кеңесжан, Советжан, Мира, Жеңіс, Руслан.

Міне,ер мен әйелге ортақ антропонимдердің ғасырлар бойғы қалыптасу процесі мен шығу уәжін атап айттық. Ал оның мағыналық тұрғыдан даму барысы тіптен қызық. Қоғамда эстетикалық талғамның өсуіне байланысты кісі аттары әр дәуірде жаңаша сипатқа ие болып отырған. Мысалы, Марал тек қыз балаға тән есім секілді көрінеді. Бұл есім ер балаларға да қойылып жүр. Оның бастапқы мағынасы жануардың сұлулығына таңдану, таңырқау және киесін қастерлеу мақсатында қолданылған. Өйткені XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың пірі Марал баба Құрманұлы жайлы айтылатын аңыз-әпсана әлі күнге дейін ел аузында жүр. Марал ишан Баба Құрман баласы – бұрынғы Сырдария облысына қарасты Қазалы уезіне және Торғай облысына қарасты Торғай және Қостанай уездеріне айрықша мәлім болған көрнекті тұлға. Қазақтың шежіресінде ойып орын алатын атақты ишан осындай қасиетімен кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалды. Міне *Марал* бабасындай дініне берік, ағартушы ғалым болсын деп қазіргі таңда ер балаға да *Марал* деп есім беріп жүр. Жаңа дәуірде жаңаша қалыптасқан пікірлер есімге басқалай сипат беруде. Бұған себеп жоғарыда айтылған белгілі тұлғалардың тірісінде істеген толымды әрекеттері. Сол секілді *Баян* деген есімді ер балаға Батыр Баяндай ержүрек, қыз баланы Баян Сұлудай көркем боп жүрсін деп ырымдап атайтын болды. Қарап отырсақ Баян есімі алғашқы мағыналық сипатынан қазір алшақ. Алайда «Баян» сөзі көне түркі, монғол тілдеріне ортақ. Ол «мықты», «зор», «бай» деген мағынаға ие болса, араб тілінде – «айқын», «ашық», «түсінік», «анықтама», «хабарлама» деген сөздердің синонимдік қатарын құрайды.

Қорыта келгенде мақаланы жүйелі түрде жазып, кісі есімдерін зерттеу барысында жалпы саны 110 ер мен әйелге ортақ ныспылар жиналды. Қазіргі таңдағы кісі есімдері анықтамалығының ішкі құрылысы жалпылама екіге бөлінеді: 1. Ерлер есімі; 2. Әйел есімдері. Солардың қатарына «ер мен әйелге ортақ есімдерді» үшінші бөлім ретінде енгізу керек сияқты. Өйткені ер мен әйелге ортақ кісі есімдері күн санап артып келеді. Сондықтан лингвомәдени жүйеде анықталатын ұл мен қызға ортақ антропонимдер – этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс деп айтуға толық негіз бар.

Ер мен әйелге ортақ антропонимдердің барлығы дерлік ұлт болмысын білдірумен қатар, халықтың діни дүниетанымы мен ат қоюға байланысты түрлі наным-сенімдерінен, әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерінен лингвомәдени ақпарат береді.Балаларға жарасымды да сұлу есім беруде ешбір шек болмаған. Есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескіру, ер баланың есімі қызға немесе керісінше қыз баланың есімі ұлға арқау болу немесе архаизмге айналу процесі болып отырады. Бұл заңды құбылыс. Қазір ер мен әйелге ортақ есімдер

құрамы мен саны жағынан өте бай әрі көп. Есім қоры негізінен сырттан келген есімдермен (сөздермен) және қордағы бар есімдерді аффикстермен түрлендіру жолымен молайып, толығып отырады. Сондықтан ер мен әйелге ортақ есімдер әлі де болса үлкен зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

1 Гордлевский В.А. К личной ономастики у османцев. изб. соч. – Москва, 1968. – 315 с. – С. 136.
2 Идрисов А. Кыргыз тилиндеги ысымдар. – Фрунзе, 1971. – 186 б. – Б. 26-30.
3 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері менболашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 235 б. – Б. 43-44.
4 Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 140 б. – Б. 22.

References

1 Gordlevskij V.A. K lichnoj onomastiki u osmancev. izb. soch. – Moskva, 1968. – 315 c. – S. 136.
2 Ïdrïsov A. Kırgız tïlïndegï ısımdar. – Frwnze, 1971. – 186 b. – B. 26-30.
3 Januzaq T., Rısbergen Q. Qazaq onomastïkası: jetistikteri menbolaşağı. – Almatı: Azïya, 2004. – 235 b. – B. 43-44.
4 Januzaqov T.J. Qazaq esimderiniñ tarïxı. – Almatı: Ğılım, 1988. – 140 b. – B. 22.

ҒТАХР 17.71.07

Қасымбекова А.Т.,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 1 курс докторанты,
Алматы, Қазақстан, e-mail: akasymbekova@list.ru
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессор Есенова Қ.

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ, ДАМУ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Бұл мақалада ағылшын, қазақ тілдеріндегі ертегілер салыстырмалы түрде қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, сонымен қатар фольклордың мәдениеттің құрамдас бөлшегі ретінде әрдайым өзектілігін жоғалтпағандығында. Әлем туралы ежелгі таным ұлттық танымдық ерекшеліктерге әсерін беріп келген, әсіресе бұл көрініс ауызша ұлттық шығармалар арқылы көрініс тапқан.

Оның ішінде фольклорлық шығармалар ежелгі әлем бейнесін, сол арқылы ұлттық менталитетке әсерін тигізіп отырған.

Таңдалып алынған тақырыптың өзектілігіне ертегіні фольклор жанрының ерекше бөлігі ретінде қарастыра отырып, тілдік бірліктерді кешенді түрде зерделеу лингвомәдениеттанудың аумағында ізденіс жұмыстарының аздығы да себеп болған. Сонымен қатар, ертегі джанрын салыстырмалы, салғастырмалы тұрғыдан қарастыру арқылы ертегі мәтінінің аспектілерін қарастыру қажет болып отыр. Ертегі мәтінінің лингвомәдениеттану және этномәдени тұрғыдан қарастыру әдебиеттану мен тілі білімінде дәстүрлі т.рде қарастырылылды және талдау жүргізілді.

Бұл мақала әртүрлі туыс емес екі тілдік жүйеде ертегі мәтіні салыстырмалы түрде талдау жасалды. Әсіресе, ертегі тілінің ертегі мотиві бойынша этномәдени құрамдас бөлшектеріне талдау жасалды.

Түйін сөздер: қазақ және ағылшын тілдері, салғастырмалы талдау, ертегі жанры.

Kasymbekova A.T.

Formation and Development of English and Kazakh fairy tales

This article examines comparative studies of English and Kazakh fairy tales. The relevance of the research topic is due to the fact that the problems of the relationship between language and culture, as well as folklore as a component of culture has been always prioritized in linguistic science. This is due to the fact that the ancient ideas about the world, reflected in the traditional national picture of the world, recorded and reflected precisely by the works of oral folk art. And folklore works are not only stored and transferred ancient representations about the world, the national picture of the world, they also influence on the formation and reflection of the national mentality.

The relevance of the chosen topic is also determined by the understanding of the fairy tale as a special kind of folklore genre realized with the help of a set of specific linguistic means not sufficiently studied in the framework of linguoculturology, as well as the special role of the fairy tale as a text and the incomplete study of the linguistic aspects of the fairy tale in a comparative plan; The necessity of studying the linguistic and cultural and ethno-cultural parameters of a fairy tale as a text, since this concept has been traditionally studied and analyzed, mainly in the framework of literary criticism.

In this work fairy-tale texts of two different-system languages are analyzed in comparative aspect. Particular attention is paid to the analysis of the ethno-cultural component and the identification of ethnically unique and universal in fairy-tale motifs and fairy-tale language.

Key words: Kazakh and English, comparative analysis, folklore, genre of fairy tales.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Касымбекова А.Т.

Развитие и формирование жанра сказок в казахском и английском языках

В данной статье рассматривается сравнительное исследования английских и казахских сказок. Актуальность темы исследования обусловлена тем, что проблемы взаимоотношения языка и культуры, а также фольклора как составляющей культуры, приоритетны для науки всегда. Это связано с тем, что древнейшие представления о мире, отраженные в традиционной национальной картине мира, фиксируются и отражаются именно произведениями устного народного творчества. Причем фольклорные произведения не только хранят и транслируют представления древних о мире, национальную картину мира, они влияют на формирование и отражение национального менталитета.

Актуальность избранной темы определяется также пониманием сказки как особой разновидности фольклорного жанра, реализующейся при помощи комплекса специфических языковых средств, недостаточно исследованных в рамках лингвокультурологии, а также особой ролью сказки как текста и неполным изучением языковых аспектов сказки в сопоставительном плане; необходимостью исследования лингвокультурологических и этнокультурных параметров сказки как текста, поскольку это понятие традиционно изучалось и анализировалось, в основном, в рамках литературоведения.

В работе в сопоставительным аспекте проанализированы сказочные тексты двух разносистемных языках. Особое внимание в работе уделено анализу этнокультурной составляющей и выявлению этнически уникального и общечеловеческого в сказочных мотивах и сказочном языке.

Ключевые слова: казахский и английский язык, сопоставительный анализ, фолклор, жанр сказок.

Ертегінің мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегі мәтін формасында беріледі. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Ертегі мәтін лингвистикасында проза және поэзия түрінде кездеседі. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Осы мақсатта ертегіде көптеген стилистикалық көркемдеуіш құралдар мен әсірелеу белгілері көп тілдік құралдарды қолданылады. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертекші әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды.

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі ертегі жанры мен оның зерттелуін қарастыру барысында ертегіні бөлек жанр ретінде қарастырған еңбектер кездеспеді. Ал, қазақ, ағылшын тілдерінің ертегілерін салыстырмалы түрде қарастырған ғылыми еңбектер жоқтың қасы.

Зерттеу еңбегіміздің негізгі мақсаты – қазақ, ағылшын тілдерінің ертегілерін салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы түрде қарастырып, олардың дамуындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау болғандықтан, осы екі тілде ертегілердің дамуы мен қалыптасуына жеке жеке тоқталып өтуді жөн көрдік.

Жалпы қазақ ертегілерін мәтін лингвитикасында, ауыз әдебиет жанрларының саласы ретінде қарастырған еңбектер кездеседі, атап айтсақ: Аймуытов Ж., Әуезов М., Жұмалиев Қ., Ғабдуллин М., Марғұлан Ә., Бердібаев С., Қасқабасов С., Қорабай С. және т.б. ғалымдар зерттеулері атауға тұрарлық. Ертегінің халық әдебиетінде дамуы мен қалыптасуы М. Жармұхамедұлы («Оғыз-наме», «Ахмет Иасауи»), Келімбетов («Сақтардың қаһармандық дастандарың, «Алып Ер тоңға», «Шуң дастаны», «Ғұндардың батырлық жырлары», «Аттиллаң дастаны», «Көк бөрің дастаны», «Ергенекон» дастаны», «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет»), Р. Бердібай, Ш. Ыбыраев («Қорқыт Ата кітабы»), А.Қ. Егеубаев («Қарахандықтар тұсындағы әдебиет», «Жүсіп Баласағұн», «Махмұт Қашқари»), («Сүлеймен Бақырғани»), С. Қосан («Кодекс Куманикус»), А.Әлібекұлы («Сақ-ғұн заманынан жеткен әдеби сарындар», «Хуастуанифт» әдеби жәдігері»), Г. Құрманғали («Ахмет Иүгнеки») және т.б. ғылыми еңбектерде мағлұматтар берілген.

Ағылшын тіліндегі ертегілердің қалыптасуы мен ертегілер жинақтарын құрастырған ғалымдар ретінде Джозеф Джаковс еңбегінде 43 ертегі (1892ж.), Ф.А. Стилл, М. Кэреу танымал. Бұл ғалымдар еңбектерінде ағылшын ертегілерінің зерттелуі мен қалыптасуы көне заманнан бастап түбегейлі зерттеу тапқан.

Қазақ ертегілерінің жиналуы мен жарияланып, зерттелуі XVIII ғасырдың 2-жартысында басталды. Алғашқы жүз жылда, негізінен, Қазақстанға Ресейден келген адамдардың кейбірі

қазақ жұртының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы туралы деректер жинап, солардың қатарында фольклор жайында жалпылама мәліметтер жариялап жүрді. Ертегілердің көбірек жиналып, жарық көрген тұсы – XIX ғасырдың 2-жартысы. Бұл кезеңде қазақ ертегілерін ғылыи мақсатта жариялаған жинақтар да болды [1, 48]. Әсіресе, В.В. Радлов, И.Н. Березин, Ы. Алтынсарин, Г.Н. Потанин, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Ә. Диваев жинақтарында ертегілердің көптеген мәтіндері жарық көріп, олар туралы азды-көпті ғыл. пікір айтылды. Аталған жинаушы-жариялаушылардың ғалымдық деңгейі, ғыл. түсінігі әр түрлі болғандықтан ертегі мәтіндері әр түрлі көзқарас тұрғысынан бағаланды. Соған қарамастан біраз ертегі жарық көрді, ғыл. айналымға енді. Соның арқасында қазақ ертегілері Потаниннің, Радловтың, А.Н. Веселовскийлердің кең масштабты ғылылыми зерттеулеріне ілікті. Бұл шақта ертегілерді қазақ оқығандары да, ақындары да жинастырып, «Дала уәлаятының газетінде» жекелеген мәтіндерді жарыққа шығарды. Әсіресе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ертегілерді арнайы түрде жариялап отырды. Ш.Ш. Уәлиханов бастаған зерттеу ісін Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ә. Бөкейхановтар жалғастырды.

Қазақстанда ертегілерді ғылыми әрі ағартушылық мақсатта жинап, жария ету, зерттеу жұмысы XX ғасырда кең жолға қойылды. Осы ғасырдың 40–50-жылдарына дейін ертегілер, көбінесе оқу-ағарату мәселесі тұрғысынан жарияланып, оқулықтарда, жекелеген мақала мен кітаптарда арнайы зерттеу ретінде қарастырылды. Осы бағытта А. Байтұрсыновтың, Х. Досмұхамедовтің, М.О. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің оқулық іспетті жарық көрген кітаптары, С. Мұқановтың, Б. Кенжебаевтың, Е.С. Ысмайыловтардың мақалалары қазақ фольклортануы ертегі жанрына да арнайы көңіл бөлгенін айғақтады. Әйтседе, аталған авторлар ертегіні түсінуде, талдауда әркелкі түсінік көрсетті. Әсіресе, ертегіні таза таптық тұрғыдан бағалау етек алып, оның көптеген нұсқалары талдаудан тыс қалды, тіпті мәтіндерге редакциялық түзетулер де енгізілді. Осындай үрдіс XX дың 60-жылдарына дейін жалғасып келгендігін зерттеу еңбектерінен байқауға болады. Ертегілерді зерттеу социологиялық бағытта болғандықтан, олардың ғылыми негізі ашылмады. Тек 1960 жылдан бастап қана ертегі жанрын зерттеу ғылыми негізге түсті. Бұл салада М. Әуезов пен Ысмайыловтың, В. Сидельниковтың, М. Ғабдуллиннің еңбектері айрықша болды. Олар ертегілердің қазақша үш, орысша үш томын жариялап, бұл жанр туралы жаңаша ой толғап, көлемді мақалалар жазды және мәтіндерге түсініктер берді. М. Әуезовтің 1960 ж. басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» жеке бөлімде ертегілер жинағы жарияланды. Ертегі жанрына Ғабдуллиннің жоғары оқу орнына арналған оқулығында, Н.С. Смирнованың кітабында, орыс тілінде жарық көрген «История казахской литературы» атты 3 томдық еңбектің бірінші томында арнайы тараулар берілді (авторы – Е. Костюхин). Ал, ертегіні сала-салаға бөліп, тереңдете, типологиялық тұрғыдан зерттеу ісі 1970 жылдан қолға алынды. С.А. Қасқабасовтың қиял-ғажайып ертегілерге, Е.Д. Тұрсыновтың тұрмыс-салт ертегілерінің шығу тегіне арналған монографиялары 1972–1973 ж. баспадан шықты. 1979 ж. хайуанаттар туралы ертегілердің тұңғыш академиялық басылымы жарық көрді. Ертегі жанры бүкіл халық прозасы жүйесінде «Қазақтың халық прозасы» атты еңбекте зерттеліп, оған 1986 ж. Қазақстанның ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық берілді (авторы – С. Қасқабасов). Қазақ ертегітануы ұлттық фольклор туралы ғылымының үлкен де маңызды бір саласына айналды. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі – ертегілер. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп қараймыз.

Осыған байланысты тағы бір жайды ескерте кетелік. Қазақ тілінде ауызша айтылып келген ертегілердің барлығын бірдей қазақ халқы шығарған жоқ. Қазақ ертегілерінің ішінде ағайындас-аралас, көршілерден, атап айтқанда: орыс, қырғыз, өзбек, Түркімен, қарақалпақ халықтарынан алынған, бізге сіңісіп кеткен, өзіміздің төл-тумамыз болған ертегілер де бар. А.Л. Мелковтің еңбегін саралй келе бұған көзімізді жеткіздік [2, 36-37]. Бұл алуандас ертегілер кездейсоқ түрде келіп енбеген. Ол қазақ халқымен көршілердің арасында көп заманға созылған экономикалық, ағайын-достық қарым-қатынастардың негізінде енген. Сөйтіп, қазақ халқы бұл ертегілердің жалпы мазмұнын алып, мәнерлеп әңгімелеген, өзінің тума шығармасы етіп жіберген. Сондықтан да біз оларды қазақ халқының ертегісі деп қарауға тиістіміз.

Қазақтың батырлық ертегілері екі сипатта болады. Бірі – көне заманда туған миф пен хикаялар, нанымдар мен ғажаиып ертегілер негізінде пайда болып дамыған көркем ертегілер. Мы-

салы, «Ер төстік», «Керқұла атты Кендебай « сияқты классикалық фольклор үлгілері. Бұл қиял – ғажаиып ертегілерінен кейінгі жанырдың үлгілері. Сол себепті мұндаи архаикалық элементтер көп. Екінші – қаһармандық эпостық ертеп түріне айналған нұсқалары. Олардың ішінен бір жағынан көне түрлері яғни жырға жақындай, бірақ толық ертепге аиналып үлгірмеген шығармалар бар. Ал екінші жағынан классикалық батырлар жырының қара сөзге ауысқан үлгілері кездеседі. Мысалы; «Қабанбай батыр», «Алпамыс алып»,» Ер Тарғын шығармаларын атауға болады. Көптеген ертегілер мынадан деп басталады:

Ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде.
Қырғауыл жүзі қызылда,
Балақ жүні ұзында
Атақты бір бай бопты

Төрт түлігі сай болыпты, – деп басталатын ертегілердің құлақ күйінде барлық байлық дүн дүниесі сайлық алдамшы көңіл жайлық түптің – түбінде ұрпақ игілігінің қасында түкке тұрғысыз екендіпн бабаларымыз бастан-ақ өсиет етіп ерекше ескерткендей. Бабалар дәстүрін тәуелсіздік алған алғашқы

Сонымен, ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар. XIX ғасырдан бастап, қазақ ертегілерінің ғажап та көркем үлгілерін В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиоранский, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев сияқты белді де белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады. Қазақ фольклорының кейбір нұсқалары «Дала уалаяты», Айқап», «Туркестанские ведомости», «Тургайская газета», т.б. мерзімді баспасөз бетінде жарияланып келді. «Образцы народной литературы тюркских племен» атты 10 томдық жинақтарында В.В. Радлов қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек, әзербайжан сияқты кептеген Тұркі тайпалардың әпостық жырлары мен ертегілерін молынан жариялаған. Келесі кезекте ағылшын тілі ертегі жанрының қалыптасуына тоқталсақ, ағылшын тіліндегі ертегілердің дамуы мен қалыптасуы қазақ тіліндегі ертегілерді зерттеуден әлдеқайда ертерек бастау алды. Ұлыбританияда 18 ғасырда ағылшын аңыз, ертегілері жинақталып баспадан шығып ағылшын халқы арасында кеңінен тарай бастаған. Әйтседе, ағылшын ертігілерін зерттеу басқа елдердің тіл ғылымына қарағанда кешірек басталғанын көрсететін деректер бар. «Ресей, Германия және Франция елдеріне қарағанда Англияда ертегілерді жинақтау және жазып алу жұмыстары әлдеқайда кеш басталған. Ағылшын халық ертегілерінің алғашқы топтамаларын жинақтау XIX ғасырдың соңында басталған. 1854-1916 жылдар арасында ең алғашқы ағылшын халық ертегілерінің жинақталған екі томы Джозеф Джекобсқа тиесілі болған» [3, 134]. Ағылшын фольклор үйірмесінің президенті Джозеф Джекобсқа ағылшын халық ертегілерін жинақтау өте қиынға түсті, өйткені ертегілердің көбісі ұмытылып кеткен еді. Германиялық ағалы-інілі Гриммдер, Франциялық Шарль Перро немесе Ресейлік А.Н. Афанасьевтер сияқты Джозеф Джекобс ертегілерді әдеби өңдеуден өткізбеді. Ол өзінің алдына ертегілерді өз тыңдаушыларына халық қалай жаратқан болса, солай жеткізуді мақсат етіп қойды. Көптеген прозаиктерді, ақындарды және драматургтерді қанағаттандырған нәрсе ағылшын халық ертегісінің отандық фольклорға өте бай күйінде Англияға танымалдығы болды.

XIX-XX ғасырларда бұл жанр үшін өз ақындық шабыттарын тапсырған албандықтар қатарына: Чарлз Диккенс,Уильям Мейкпис Теккерей, Льюис Кэрролл, Эдвард Лир, Оскар Уайлд, Редьярд Киплинг, Беатрис Поттер и Памела Трэверс, Джеймс Барри, Алан Милн, Джон Толкин, Дональд Биссеттер болатын. Айнаның арғы бетінде болып келген Алисаның, Мэри Поппинстің, бақытты Ханзада мен Питер Пэннің, қонжық Винни-Пух және ізгі ниетті ергежейлілер образдарының дүниеге келуіне халықтан шыққан әдемі қиялдар негіз болған. Басқа елдер сияқты Англияда да ертегілерге болған қызығушылық сонау романтизм заманынан бастап әр түрлі кейіпте қалыптасып келген. Жазушылармен бір сапта халық жаратқан образдарға қарсылық жасаған, бірақ өздері қиялмен жаратқан әлемдерін жөн көрген филолог-ғалымдар да еңбек еткен. Олар алғашқы дүниеге келген кейіпкерлерді мойындамау мақсатында көптеген Британдық фольклордың естеліктерін және алғашқы туындыларын жинақтап,олардың диалектикасы және этнографиялық өзгешеліктерін зерттеп шықты. Сонымен фольклорлық жазбалардың өңдеуге ұшыраған және алғашқы дүниеге келген туындылардың ортасында тағы бір жіңішке стилистикалық өңдеуге ұшыраған формасы пайда болды. Яғни, ертегілер алғашқы кейіпкерлерін сақтап қалған түрде жаңадан жазылды. Бұл арадағы ең үлкен еңбек баспадан басып шығарушылармен аудармашылардың еншісіне тиді. Ағылшын ертегілерін аударған аудармашылардың еңбектері халыққа ұнады.

Өйткені ертегілерді оқып-түсіну оңай болу мақсатында аудармада жалпы ағылшын тілін қолданылды.

Британия аралдарында халық ертегілерінің жинақталуы және дамуы ең күрделі тарихи кезеңге тура келді. Ерте кезең мен жаңа кезеңдердің өзіндік айырмашылықтары, елдің саяси-экономикалық дамуы мен қалыптасуына қатысты өрбуіне байланысты. Ерте кезеңдегі халық ертегілерге, мифтерге және ондағы орындалған діни рәсімдерге сенген және дамытып барған. Осыдан христиандардың дүниетанымының басталуы қалыптасқан. Сол кездегі ертегілердегі кейіпкерлер, аңыз адамдар, жауыздар, мейірімді жандар, сиқыршылар, періштелер, су перілері, ойдан шығарылған аңдар халық арасында өмір сүруді жалғастыра берді. Ағылшын халық ертегілеріндегі жауыздарға қарсы күреске қиялдан туған алып батырлары, мейірімді жануарлар, құдайлар немесе жай ғана шаруалар кейпіндегі кейіпкерлер өмір сүрді.

Мысалы: ағылшан халық ертегісіндегі адам жегіштерге және қара күштерге қарсы күресуші кейіпкерді жай шаруаның ұлы Джек деп таныстырылған. Джек өте күш-қайратты, еңбексүйгіш, мейірімді, адал және шыншыл болғандықтан, халықтың арасында мұндай адамдарды халық батырлары деп атаған. «Adventures of Jack the Giant-Killer» ертегісіндегі Джек өз Отанының азаттығы үшін күрескен революционеріне айналады [3, 174]. Ағылшын халық ертегілеріндегі кейіпкерлер барлық кезде мұндай батырларға айнала бермей, кейде оларды шық бермес Шығайбай капиталистер кейпінде де таныстырылады. Мұндай кейіпкерлерді Англиядағы буржуазиялық капитализмнің дамуының бірінші кезеңіндегі капиталистерге теңейді. Мысалы: «Molly Whuppie» ертегісіндегі адам жегіш жауыз адамдарды алдаған қыз Молли және «Jack and the Beanstalk» ертегісіндегі Джек өздерінің жақын жуықтарына, дос-жарандарына сонымен қатар айналасындағы барлық адамдарға өздерінің ерлігімен бақыт сыйлайды [4, 175]. Ағылшын халқына тән күлкілі кейіпкерлерді яғни юморды да осы ертегілерден таба аламыз. Ағылшын халық ертегісі барлық кезде байқаған болсаңыз, өте бақытты және баянды аяқталады. Ертегілердегі кейіпкерлердің ертегі соңында қайғы-қасіретке ұшыраудан аулақ болады. Ертегінің соңында ешқашан жаман мотивтерді қолданбайды. Мұның бәрі ертегі бала тәрбиесіне жақсы әсер етеді. Ертегідегі кейіпкерлер сияқты мақсаттарына жетуді армандайды. Жаңа кезең ертегілеріне батырлар мен жан-жануарларға, табиғи оқиғаларға қатысты ертегілерді атауға болады.

Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Осы тұтастық бұл жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолданылуы сияқты ерекшеліктерімен сипатталады.

Қай тілді болмасын, ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама өзінше дамып отырады. ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнелеуіш құрал ретінде қолданылады. Қазақ тіліндегі сияқты, ағылшын тілі ертегілерінде өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті болғандықтан, ертекші де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайыпты етуге күш салады. Сонымен бірге ертегідегі оқиғалар мен іс-әрекеттердің қаншалықты әсерлі болуы ертекшіге ғана емес, сондай-ақ тыңдаушыға да, ертегінің айтылу жағдайына да байланысты. ертегіде қиял мен ғажайып әрі идеялық та мақсатта қолданылады, себебі классик. Ертегі адамның рухани азығы болуымен қатар идеол. та қызмет атқарған. ертегінің көркем баяндалуында сюжеттен де гөрі композицияның рөлі артығырақ.

Жалпы қазақ, ағылшын тіліндегі ертегілердің дамуы мен пайда болуы көне мифтік әңгімелердің таралуымен байланысты қарастыруға толықтай негіз бар. Өйткені адамзат баласының жерде өмір үруі, тайпаларға бөлінуі ортақ құбылыс саналады. Өзінің қалыптасу барысында ертегі осы жанрлардың көптеген белгілерін бойына сіңірген. Бұл жанрлардың кейбірі өз формасы мен бітімін мүлде жоғалтып, толық ертегі жанрына айналып кеткен. Солардың бірі миф жанры. Өйткені, негізгі ертегілердің қайнар көзі –мифтер, яғни, адам қиялынан пайда болған аңыздар мен әңгімелер. Ертегінің тағы бір тамыры алғашқы рулық қауым адамдарының аңшылық әңгімелері мен хикаялары. Алғашында шын болған оқиғалар негізінде айтылған

әңгімелер бірте-бірте ел арасына тараған сайын қоспалармен толықтырылып, хикаяға, одан ертегіге айналып кеткен. Осындай аңшы мергендер, батырлар, көсемдер мен данышпандар жайындағы әңгімелер қазақ, ағылшын ертегілерінің құрамында аз емес. Әрине, олар біздің ертегіде сол ежелгі замандағы күйінде емес, көркем фольклорға айналған.

Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен. Миф алғашқы рулық қауымның қасиетті деп саналған құпия әңгімесі мен шежіресі ретінде танымал. Мифтерді адамдар кез келген кезде әркімге айта бермеген. Мифте қоршаған ортаның,қоршаған орта мен күллі дүниеніңжаратылуы,аспанәлемі жайында,рудың көсбасшысы, дік бабасы, ілкі атасы мен жасампаз қаһармандар туралы, олардың іс-әрекеттері жөнінде фантастикалық түрде баяндалған. «Алайда ол заманда осының бәрі ақиқат деп қабылданған, мифке жұрт кәміл сенген. Бірақ уақыт өтіп, адам санасы мен мүмкіндігі жетілген сайын миф өзгеріске ұшырап, бірте-бірте «қасиетті» сипатынан айрылған, құпия болудан қалған. Осының нәтижесінде мифке сенушілік те әлсіреген, ондағы оқиғалар мен кейіпкерлер басқа сипат қабылдаған, тіпті мифті айтушы бара-бара өз жанынан да қосатын болған» [5, 12]. Осының салдарынан іс-әрекеттердің де нәтижесі баяғы мифтік сипаттан айырылған. Сөйтіп, миф хикаяға, содан соң ертегіге айналады.

Қазақ тіліндегі сияқты, ағылшын тілінде мәтін лингвистикасында ертегінің поэтикасы мен композициясы көркем әрі жүйелі. Композициясы бірнеше бөлшектен тұрады: бастама – эпикалық баяндау – аяқтау. Бастама, әдетте, өлең немесе ұйқасқан проза түрінде бас кейіпкердің ата-анасы, оның дүниеге келуі туралы айтып, тыңдаушыларды бас кейіпкермен таныстырады. Эпикалық баяндау қаһарманның өсуін, үйлену тарихын, оның бастан кешкендерін әңгімелейді. Аяқтауда кейіпкердің сүйгенін алып немесе ойлағанын іске асырып, мұратына жеткені хабарланады. Бастама мен аяқтау, көбінесе тұрақты тіркес болып келеді. Өзінің ұзақ тарихында ертегі жанры әр дәуірдің, әр қоғамның болмысы мен түсініктерінің, нанымдарының әр түрлі іздерін сақтап қалған, біздің заманымызға жеткізген. Қазақ ертегілерінде хандық заманның шындығы, сол шақтағы әдеттер мен нанымдар, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан.

Қазақ, ағылшын ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан бірнеше жанрға бөлуге болады:

1) жануарлар туралы ертегілер;

2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер;

3) хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер;

Сюжеттері тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар. Олардың көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетик., яғни туыс халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінде таза ұлттық та, халықар. та, көшпелі сюжеттер де қатар өмір сүрген. Негізгі кейіпкер мен мазмұны және қияли әдістердің қаншалықты пайдаланылуына қарай бұл салалардың әр қайсысы тағы бірнеше топқа бөлінеді. Бұлардың ішінде: хикая, өсиет, мысқыл, батырлық туралы ертегілер болады. Сонымен, ертегі – халық ауыз әдебиетінің ерте заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің *«Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте, ертеде ...» – «Once upon a time ...»* деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес.

Қорыта келгенде, ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар ізі жатыр. Қазақ, ағылшын тілінде ертегі жанрының зерттелуі ұқсас. Екі тілде де алғашқы ертегілер жинағы халыққа XVIII ғасырда топтастырылып ұсынылып жүргенмен, нақты зерттелуі XX ғасырда қолға алынған. Жалпы екі халықтың ертегілері мифтік аңыздардан бастау алса, кейінірек жанжануарлар, қиял ғажайып ертегілер түрлері дами бастаған. Сонымен қатар, ертегілерде еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қилы-қилы қиын асулары, халықтың мұң шері үнемі назарда ұстаумен келеді. Шытырманы көп замандарда халық жас ұрпақты адалдық, мейрімділік, іскерлікке, отан сүйгіштік, бауырмалдыққа баулитын ертегілер мен ертегі кейіпкерлері арқылы тәрбиелік, тағылымдық мақсатын жүзеге – асырған, арман, тілектеріне арқау еткен.

Әдебиеттер

1 Әуезов М. Қазақ ертегілері // Қазақ әдебиеті тарихы. – Т. 1. – Алматы, 1949. – Б. 58-100.
2 Әдебиет және искусство. – 1956. – № 2, 3.
3 Мелков А.Л. Материалы по киргизской этнографии и сказки / Труды об изучения киргизского края. – Вып. 1-3. – Оренбург, 1921-1923; Т. 5. – Вып. 2. – 1924; Материалы по киргизской этнографии. – Оренбург, 1925.
4 Joseph Jacobs, English fairy tales. – 1942. – 1021 p.
5 Flora Annie Steel, English fairy tales. – 1998. – 542 p.
6 Carey M.C. Fairy tales of Long Ago. – 2002.

References

1 Äwezov M. Qazaq ertegileri // Qazaq ädebïeti tarïxı. – T. 1. – Almatı, 1949. – B. 58-100.
2 Ädebïet jäne ïskwsstvo. – 1956. – № 2, 3.
3 Melkov A.L. Materialy po kirgizskoj ehtnografii i skazki / Trudy ob izucheniya kirgizskogo kraya. – Vyp. 1-3. – Orenburg, 1921-1923; T. 5. – Vyp. 2. – 1924; Materialy po kirgizskoj ehtnografii. – Orenburg, 1925.
4 Joseph Jacobs, English fairy tales. – 1942. – 1021 p.
5 Flora Annie Steel, English fairy tales. – 1998. – 542 p.
6 Carey M.C. Fairy tales of Long Ago. – 2002.

МРНТИ 16.21.41

Ли И.,

магистрант 1 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: 736781691@qq.com
Научный руководитель – д. ф. н. профессор Ли В.С.

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ ДЕЛОВОГО ОБЩЕНИЯ В РУССКОЙ И КИТАЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ

Статья посвящена исследованию лингвопрагматических особенностей деловой речи (делового дискурса) как средства реализации намерений участников деловой коммуникации в русской и китайской культурах. Деловой дискурс рассматривается как категория функционально-прагматической парадигмы знания, научно-исследовательский аппарат которой используется в работе. В этой парадигме знания особого внимания заслуживают невербальные средства общения (язык тела). Невербальное общение в статье рассматривается в аспекте межкультурной коммуникации на материале русской и китайской культур. В каждой из этих культур имеются универсальные и национально специфичные средства общения. При деловом общении особое место занимают такие компоненты невербального поведения, как улыбка, рукопожатие, жесты приветствия и прощания, , проявления суевериий, разного рода традиций, привычек и т.п. Всем этим средствам невербального делового общения в статье дается соответствующая характеристика, позволяющая определить их прагматические функцие в русской и китайской культурах.

Ключевые слова: деловой дискурс, невербальное общение, прагматика, язык тела, норма поведения, межкультурная коммуникация.

Lee I.

Pragmatic functions of non-verbal means of business communication in Russian and Chinese linguocultures

The article is devoted to the study of linguopragmatic features of business speech (business discourse) as a means of realizing the intentions of business communication participants in Russian and Chinese cultures. Business discourse is considered as a category of a functional-pragmatic paradigm of knowledge, the research apparatus of which is used in the work. In this paradigm of knowledge, special attention is paid to non-verbal means of communication (body language). Nonverbal communication in the article is considered in the aspect of intercultural communication on the basis of Russian and Chinese cultures. In each of these cultures there are universally and nationally specific means of communication. In business communication, a special place is occupied by such components of non-verbal behavior as a smile, handshake, gestures of greeting and farewells, manifestations of superstitions, all sorts of traditions, habits, etc. All these means of non-verbal business communication in the article are given a corresponding characteristic, which makes it possible to determine their pragmatic functions in Russian and Chinese cultures.

Key words: business discourse, non-verbal communication, pragmatics, body language, norm of behavior, intercultural communication.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Ли И.

Орыс және қытай лингвомәдениетіндегі іскерлік қарым-қатынас құралдарының прагматикалық қызметі

Мақалада іскерлік қарым-қатынастың лингвапргаматикалық ерекшеліктері іскерлік коммуникацияның негізі құралы екендігі айтылады. Іскерлік дискурс функционалды-пргаматикалық парадигманың категориясы ретінде және ғылыми-зерттелетін аппарат ретінде қарастырылған. Бұл парадигмада бейвербалды сөйлеу құралы ерекше аталып өтеді. Мақалада бейвербалды қарым-қатынас орыс және қытай мәдениеті арасындағы коммуникацияның аспектісі негізінде қаралады. Аталаған әр мәдениетте өз ұлтына тән ерекшеліктері мен универсалды қарым-қатынас жасау құралдары бар. Іскерлік сөйлесу мен қарым-қатынас жасауда күлімсіреу, қолдан қысу, сәлемдесу мен қоштасу қимылдары маңызды орын алады. Мақалада барлық бейвербалды іскерлік қарым-қатынас жасау құралдарының ерекшеліктеріне сәйкес түсініктемелер беріледі және олардың орыс және қытай мәдениетіндегі прагматикалық қызметін айқындайды.

Түйін сөздер: іскерлік дискурс, бейвербалды қарым-қатынас, прагматика, тәртіп нормасы, мәдениетаралық коммуникация.

Деловая профессиональная деятельность, как известно, отличается сугубо прагматическими задачами, решаемыми при речевом взаимодействии между участниками той или иной коммуникативной ситуации. Именно прагматизм деловой речи делает чрезвычайно важным знание особых правил речевого поведения, соблюдение которых способствует достижению соответствующей практической цели. Любой речевой акт при деловом общении прагматичен, интенционален, т.е. направлен на достижение какой-то определенной цели. А эти цели при деловом общении, несмотря на их разнообразие, достижимы в значительной степени от успешности речевого акта, от его перлокутивного эффекта. Понятно, что языковая (речевая и невербальная) составляющая в деловой деятельности, особенно в современном мире, не менее важна, чем, к примеру, производственная сфера. Исследование делового общения значимо прежде всего именно его практической направленностью, его прикладным характером. Прикладные задачи, как известно, решает и современная наука о языке, в которой дихотомия «теоретическая лингвистика vs. прикладная лингвистика» рассматривается не как противопоставление, а как взаимодействие, взаимообогащение. Понятно, что деловая речь должна рассматриваться с учетом не только практических задач, но и в контексте развития современной лингвистики в целом и общей теории коммуникации. Этот широкий контекст формируется под влиянием новых тенденций и процессов в развитии современного мира, прежде всего процесса глобализации во всех сферах общественной жизни. Именно эти тенденции и процессы заставляют по-новому подойти и к исследованию делового дискурса как особого вида коммуникации и места в нем невербальных средств общения (см. работы [1]; [2]; [3]; [4]; [5]; [6]).

Деловой дискурс – это система узуально-нормативных жанров. актуальных в общении специалистов в области менеджмента, маркетинга, экономики, торговли, бизнеса и т.д. Этот дискурс сводится к образцам вербального и невербального поведения, сложившимся в обществе применительно к закрепленным за экономистами сферам профессионального общения. Следует также учитывать, что в деловом дискурсе весьма существенным представляется национально-культурный аспект, игнорирование которого часто приводит к коммуникативным провалам, порой – к коммуникативному конфликту.

Сама коммуникация, как известно, раздена на две области – язык общения и невербальная коммуникация. В межкультурной коммуникации, как правило, люди обращают больще внимания на язык общения и игнорируют невербальное общение, даже зная очень мало об невербальном поведении. Но ученые обнаружили, что невербальная коммуникация занимает значительное место и время в общем информационном потоке (по мнению некоторых исследователей – до 70%). Мы используем органы речи, чтобы говорить, но мы общаемся также с помощью всего тела. Каждая часть невербального общения – это тоже часть языка человека. Рассматривая речевое взаимодействие представителей разных культур, мы говорим о дискурсе с точки зрения межнационального и межкультурного общения (см. [7]) . В этом отношении весьма показательно взаимодействие русской и китайской культур, русского и китайского языков в области делового общения.

В межкультурном деловом общением отражаются ценности человека и нормы поведения, принятые в данном сообществе. Невербальное поведение – это важная часть общения, у которой уникальные и важные прагматические функции коммуникации. На этом зиждется и само сотрудничество в деловом мире. Понятно, что это сотрудничество немыслимо вне языка, вне делового дискурса. Поэтому коммуникативные клише русского делового дискурса и их соответствия в китайском языке и в китайской культуре (см. работы [8]; [9]; [10]) являются одной из важнейших областей существования знаков информации и занимают значительное место в жизни человека и общества.

В межкультурном деловом общении невербальная коммуникация включает в себя язык тела, деловой этикет, организацию времени и пространства. Язык тела включает в себя экспрессию, состояние коммуникантов, жест, взгляд, контакт и т.д., и эти компоненты реализуются в определенных действиях, начиная с рукопожатия, кончая кивком головы.

Рукопожатие. Традиция при встрече обмениваться рукопожатиями для Китая относительно нова, в современном Китае рукопожатие очень популярно при встрече деловых людей, и надо жать руку друг друга не так сильно, как в других культурах. В древнем Китае церемония приветствия (церемония Гун Шоу Ли) была ключевой, в высшей степени значимой. Во время этой церемонии руки складываются перед грудью в форме арки.

Улыбка. В европейской культуре считается, что улыбка – это символ дружбы и добра. Аналогичным образом улыбка воспринимается и в Китае. Однако в официальной обстановке, например, при деловой встрече у бизнесмена отсутствует улыбка, поскольку считается, что бизнес – это серьёзное дело. Смех при деловой встрече неприемлем как в русской культуре, так и в китайской.

Организация деловой встречи. Деловые контакты и приглашение на деловую встречу являются общими для русской и китайской культур. Однако китайцы считают, что праздник и дни отдыха – это оптимальное время для встречи с родственниками и друзьями. Поэтому в выходные дни и в праздники деловые встречи считаются неуместными. Если ты был приглашен на встречу, в частности, служебное свидание, китаец будет думать, что ему намеренно препятствуют отдохнуть, вмешиваются в его частную жизнь, и в этом он видит неуважение к его личности.

Порядок рассаживания участников переговоров несколько отличаются в русской и китайской культурах. В Китае главное лицо идет перед всеми, и ему первому предоставляется слово. Кроме того, сохранилась традиция, связанная с ориентацией на части света. В древнем Китае юг считался высшей, почетной стороной света, а север – символом неудачи. Поэтому императорский трон, дворцы, храмы всегда строились фасадом на юг. В Китае есть такая концепция, что левая сторона считается мужской, а правая сторона считается женской. В Китае думают, что левая сторона является более почетной, поэтому люди носят украшения следующим образом: мужчина – на левой стороне, а женщина – на правой стороне. Этот принцип соблюдается до сих пор на церемонии свадьбы.

Отношение к подаркам. Церемония преподнесения подарка – одна из частей делового общения, и она представлена во всех культурах. Хотя в Китае есть такая пословица: не дорог подарок, а дорого внимание, но на практике, действительно, изысканный, дорогой подарок считается лучшим средством выразить внимание к своему деловому партнеру. Аналогичным образом это проявляется и в свадебной церемонии. Приглашенные на свадьбу гости обычно дарят молодоженам деньги, и чем больше, тем лучше. Этим подкрепляются добрые отношения между дюдьми. В других культурах, в том числе и в русской, слишком дорогой подарок может вызвать недоразумение, поскольку он в таких случаях часто считается проявлением корыстных целей.

В ряде случаев на особенности ритуала преподнесения подарков определенное влияние оказывают собственно лингвистические факторы, в частности, омонимия слов, именующих сам подарок. Так, например, в Китае не принято дарить настенные часы, так как по произношению выражение «подарить настенные часы» – сунчжун – совпадает со словами прощания на похоронах. В китайском языке слово «груша» – ли – по произношению совпадает со словом «разлука» – фэнь ли, поэтому в Китае считается, что лучше не брать груши при посещении больных или идя в гости, не делить грушу с друзьями, с партнерами по бизнесу.

Слово «яблоко» – пхинго – по звучанию совпадает со словами «покой», «благополучие». У китайцев 24 декабря каждого года – это день благополучия, когда друзья и родственники дарят друг другу яблоки как пожелание благополучия на весь год.

Ритуалы, приметы, суеверия. Китайские народные приметы, суеверия, традиционные ритуалы значительно отличиются от русской традиции. Это проявляется, например, в отношении к числам 4, 6, 8 и 9. Приметы, связанные с этими числами, объясняется наличием омонимов у слов, обозначающих эти числа. В китайском языке название числа 4 совпадает со звучанием слова «смерть». Поэтому считается, что 4 – несчастливое число. А число 6 – лю – выступает символом благополучия. Число 8 (по произношению – фа) символизирует в китайской традиции богатство, число 9 – цзю по звучанию совпадает со словом, передающим смысл «долго оставаться счастливым».

При организации деловых встреч и подобных им мероприятий в Китае до сих пор сохранятся традиция учитывать магические значения чисел. Впрочем, такая традиция, как известно, соблюдается и в других культурах.

В русской и в подобных ей культурах нечетное число – несчастье, а чётное число – это счастье (ср. выражение «чертова дюжина»» – число 13, наполненное самыми отрицательными коннотациями). Число 3 в русской традиции, в первую очередь, – воплощение духовного начала. Как и в европейской культуре, это число символизирует полноту и завершенность. Семь – одно из самых часто встречающихся чисел в русской культуре, это число – символ удачи. Число 21 – это сказочное «три помноженное на счастливое семь»; оно было наполнено сакральным смыслом в древнерусской традиции.

Всреча гостей с помощью автомобилей в последние годы стала чрезвычайно важной составляющей в деловой жизни, пожалуй, во всех культурах. Тем не менее, эта церемония также имеет имеет некоторые особенности под влиянием национально-культурных традиций. Таак, в Китае самый важный и уважнный гость сидит рядом с шофёром – это символ вежливости. Но в междукультурной деловой деятельности обычно секретарь и телохранитель сидят около водителя, ведь это место с высоким коэффициент риска.

Имеются особенности и в организации деловых совещаний и встреч. В большинстве западных культур в ходе обсуждения каких-либо деловых и организационных вопросов начальство стоит, а подчинённые и приглашенные сидят. В большинстве восточных культур наоборот. В западном деловом мире считают, что привычка стоять помогает руководителю контролировать ситуацию. По-видимому это является привычкой общения для западного человека. Собеседники обычно стоят на деловых встречах, заседаниях, стоят на приеме у кого-либо, даже стоят, общаясь друг с другом на собраниях. Молодых людей обычно не винят, если они не уступают место пожилым людям. В восточной культуре первые ряды или промежуточное место – это символ права и уважения.

Прощание. У китайцев есть такая пословица: «Сунсин дэ цзяоцзы, цзефэн дэ мянь» – «на прощание пельмени, а на встречу – лапша». Поэтому на банкете по поводу начала деловой встречи у китайцев обязательным угощением является длинная лапша, символизирующая неразлучность друзей. А на прощальный ужин заказывают пельмени. Это означает пожелание благополучия своим партнерам. В Китае после еды, хлопают по животу одной рукой или обеими руками, и это означает, что человек сыт. В других культурах подобные жесты не приняты. В целом в современном деловом мире процедура прощания в вербальном и неверном отношении унифицирована, что свидетельствует о стирании различий между различными национальными культурами под влиянием процесса всеобщей глобализации. Эта тенденция наиболее ярко и последовательно проявляется в деловой сфере коммуникации, в которой невербальные средства выполняют важные прагматические функции.

Невербальное поведение – отражение культурных особенностей того или иного народа: в каждой культуре представлены как общечеловеческие поведенческие нормы, так и национально спецефические черты. Вместе с тем невербальное поведение является отражением социальных отношений и межличностных отношений: все слои общества имеют свои типичные невербальные знаки. Невербальное поведение является своего рода намеком на определенное прагматическое намерение собеседника. Так. например, исследователи обратили внимание на то, китайцы во время деловой встречи периодически посматривают на часы. И это у них не считается предосудительным, в то время как в других культурах это расценивается как знак неуважения собеседника. Показательно также отношение к знаку ОК. Этот жест когда он используются при подписании контракта, а также во время деловых переговоров, китайцы и их западные партнеры воспринимают как знак того, что соглашение между сторонами достигнуто. Японцы же воспринимают этот жест как требование дать денег

Невербальное поведение является также намеком на определенное эмоциональное состояние

Етістіктің -ын, -ін, -н жұрнағы мен зат есімнің осы тұлғадағы жұрнағы да омонимдес қосымша ретінде танылуға тиіс. Мысалы: шегін, талпын сөздерінің құрамындағы –ын\-ін жұрнағы зат есімнен етістік туғызса, боран, сауын, жиын, шығын, егін деген сөздердің құрамындағы –ын\-ін\-н етістіктен есім тудыратын жұрнақтар болып табылады.

Қазіргі тілімізде аталмыш жұрнақтар өздік етіс қызметін де атқарады: таран, жуын, жасан, т.б. Барлық туынды сөздердің семантикалық мағынасы о бастағы түбір сөздердің мағынасынан мүлдем алшақтап кетпейді, бұрынғыдай тығыз байланыста қала береді.

Қазіргі тіліміздегі бөліп-жаруға келмейтін, біртұтас түбір ретінде танылып жүрген сөздердің этимологиясына үңілсек, ол сөздердің бір кездері дербес екі тұлғалы элементтен тұрғанын байқаймыз. Қазіргі күнде ол тұлғаларды түбір, қосымшаларға ажыратсақ, сөздің түбірі жоқ «өлі» түбірге айналған:

Алқым–(алқымнан алу) татар диалектілерінде *алқын,* әзербайжан диалектілерінде *алхым* формасында келеді. Қазақ тілінде осы түбірден өрбіген алқыну сөзі бар. Бұл сөздің көне түбірі **алқ*- тұлғасына -*ын* қосымшасы қосылу арқылы түбір сөз жасалынып отыр (*алқ, алқын, алқым). *Алқ көне түбір ескі шағатай ескерткіштерінде кездеседі [3, 118].

Аршын – түрк. *аршун,* якут. *арсы:* н ~ *ассы:* н. Бұл *арчын~аршун~аршын* сөздері «ұзындық өлшемі» мағынасын береді. «Аршын» сөзінің

мағыналық-құрылымдық көрінісі – көне ескерткіштер тілінен келе жатқан форма. Бұл сөздердің негізгі түбірі *арш-,* осы түбірге кірігіп кеткен, қазіргі күнде екі тұлғаның бірігуінен жасалған, ара-жігі бөлінбестей болып танылып жүрген аршын сөзінің екінші бөлігі – -ун/-ын элементтері кішірейту мәніндегі –(а)н элементімен мәндес. // түр. *арчын,* ұйғ. *а(р)шын, ачин,* түр. *аршын*, әз., ққалп., қаз., тат., баш., өз. *аршин,* түр. диалект. *аршун,* якут. *арсы:н, ассы:н* «шынтақ», «ұзындық өлшемі». Бұл екі тұлға да көнеден келе жатқан, мағыналары бір-бірімен бірігіп кеткен көне тұлғалар [3, 184].

Орын – бастапқы кезде *or* – «класть», «ставить», «помещать», «высота» мағынасына + *-ип* қосымшасы жалғану арқылы бастапқы кездегі қимыл атауынан -ун элементі арқылы есім мағынасын беріп тұр. Генетикалық жағынан *орун* сөзі *орду, орда* бацланысты, ортақ мағынаға ие: «местожительство», «местонахождение», «местопребывание». Г. Вамберн *orn, orun, urun* сөздерін «орындық» сөзімен байланыстыра қарайды. Кейбір алтай тілдерінде *оро(н)* формасында келеді. Көне *or-* түбірі мен өазіргі есім көрсеткіші арқылы жасалған *орын* сөзі семантикалық жағынан бір-бірінен алшақтап кетпеген [3, 478].

Ойын – алғашқы түбір *ой-* «играть», «прыгать», «скакать» мағыналарында қолданылған, дәл осы мағыналарда қазіргі күнде н элементі арқылы келген ойын сөзі қолданылады. Демек *or-*, *ойын* сөздерінің беретін мағыналары бір, тек құрылымдық жағынан күрделене түскен» [3, 436].

Орхон-Енисей ескерткіштерінде н элементінің 6 варианты да кездеседі: -ан, -ен, -ұн, -үн, -ын, -ін. Бұл жұрнақтар есімдерге де, етістіктерге де жалғанып зат есім тудырады. Етістік негіздерге қосылғанда құрал-жабдық, процесс нәтижесінің атауларын білдіреді. Ал есім негіздерге жалғанғанда кішірейту, солғындық, бәсеңдік мағыналарын білдіреді. Осыған орай ғалымдар -ан/-ен жұрнағын екіге бөліп қарастырады: етістіктерден есім тудырушы, есімдерден есім тудырушы [4, 172]. Яғни ескерткіште аталмыш жұрнақтар нақтылы субъектіні және іс-әрекетті білдірсе, қазіргі түркі тілдерінде ол әр түрлі мағына білдіреді. Соның ішінде қазақ тілінде істің нәтижесін (түйін, сауын), объектіні (сусын), орынды (жатын)білдіреді.

Ал М. Қашқари сөздігінде ан, ин, ун жұрнағы мына варианттарда кездеседі: -н, -ын, -ін, -ун, -үн: ағын (нөсер), йығын (жиын), екін (егін), боғун(буын), тұғун (түйін). Көне қыпшақ ескерткіші «Кодекс куманикусте» М. Қашқари сөздігіндегідей варианттарда кездеседі: түтін, сусун (сусын), жатун (жатын), бірақ осы жұрнақтар қазіргі түркі тілдерінде өнімсіз, өлі жұрнақтар қатарында қаралады.

-ын тұлғалы сөздердің біразы сын есім деп қаралып жүр. Мәселен: жатын, бүтін, ұзын, т.б. Бұл сөздердің барлығы дерлік қимыл атауларынан есім сөздер туғызған. Ы. Маманов -ын, -ін қосымшасын етіс жұрнағы ретінде береді. Жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпей, тек грамматикалық мағына үстейтін, сонымен қатар аз ғана сөздің құрамында қалып қоймай, бір сөз табына емес, бірнеше сөз табына жаппай жалғанып, грамматикалық абстракция жасайтын қосымшаларды форма туғызушы қосымшаға жатқызу – түркі тілдеріндегі түбір сөздер мен сөздің грамматикалық формаларының ара-жігін ажырату үшін ең ұтымды әдіс. Ал -ын, -ін – форма тудырушы қосымшалар [5, 150].

«Мухаббатнаме» ескерткішінде қазіргі тіліміздегі бір буынды «тас» сөзі *тасын* тұлғасында келеді. Бұл сөздің құрамындағы -ын – есімнің белгісі ретінде заттық белгіні көрсетіп тұрған элемент.осы сөзге табыс септік жалғауы жалғанғанда, түбір құрамындағы н элементі жалғау құрамына ауысады (тас+ы+ны – тасты). -ын атау септігінің формасы, бір кезде қалып қойған қалдық. XV-XVI ғ. тірі жұрнақ болып келген. Араб тілінде Зұлқарнай деген кісі аты қазақ тілінде Зұлқарнайын делінеді. Бұл қазақ тілінде сақталған атау септігінің қалдығы. Бұрын *бирин-бирин* болса, кейін бірін-бірі болды. Н түскеннен соң, *и(і)* тәуелдік жалғауы формасына айналған.

Н.К. Дмитриев тәуелдік жалғауының 3-жағының алғашқы формасы н болуы мүмкін деген пікір айтады:

-ын/-ин, -ун/-үн (дауыссыз дыбыстардан кейін);

-сын/-сін, -сун/-сүн (дауысты дыбыстардан кейін).

Бірте-бірте соңғы н түсіп, қатар қолданыста -ы/-і, -у/-ү және -сы/-сі, -су/-сү қосымшалары болған. Н-мен келген варианты алғашқы формасы болады да, н түскен вариант кейінгі формасы болып табылады.

Орхон-Енисей жазбаларының тілінде заттар арасындағы меншіктілік, иелік қатынас тәуелдік жалғаулары арқылы берілген. Тәуелдік жалғауы үш жаққа және ккптік, жекелік бойынша түрленіп отырады.

Тәуелдіктің үшінші жағының бастапқы тұлғасы -ын/-сын (-ин/-син) қосымшалары деген пікір бар. Орхон-Енисей жазбаларында мынадай

сөйлемдер бар: *...қағанладуқ қағанын йіт уру ыдмыс, табғач будунқа бегілік Уры оғлың құл болты, сілік қыз оғлың күң болты* (хандық құрған ханың өлімге ұшыратты, табғач халқына мықты ұлы құл болды, таза қызы күң болды). Осы сөйлемдегі *оғлың, қыз оғлың* сөздері тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұр, қосымшасы әдеттегідей -ы емес, -ың [6, 61].

Аталған жұрнақтар ұзақ уақыт ішінде түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Бұны жазба деректер арқылы анықтауға тырыстық. Фонетикалық жіктелімі түркі тілдерінің әрқайсысының өз заңдылықтарына сәйкес жүзеге асса, морфологиялық және семантикалық өзгерістері әр кезең сайын дамып, жетіліп отырған. Жекелеген жұрнақ ретінде қазіргі ғылыми әдебиеттерде зат есім тудырушы жұрнақ, етіс жұрнағы деп аталып жүр, көп жағдайларда түбірге кірігіп, түбір деп қарастырылып келеді. Тіпті кей сөздер соңынан түсіп қалған (орта, қаза, т.б.). Бастапқы варианттары тек бірен-саран сөз тіркестері, мақалмәтелдер мен фразеологизмдер құрамында кездеседі. Солар арқылы сөз соңындағы -н-ның болғандығы дәлелденеді.

Әдебиеттер

1 Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Жаңа курс: Лекциялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 145 б. – Б. 41.

2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б. – Б. 157.

3 Ястремский С. Грамматика якутского языка. – Иркутск, 1900. – 510с. – С. 478.

4 Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М.: Изд. вос. лит., 1966. – 436 с. – С. 172.

5 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – А.: Арыс, 2007. – 488 + 12 бет суретті жапсырма. – Б. 150.

6 Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. – Алматы: Ғылым министрлігі, 1964. – 128 б. – Б. 61.

References

1 Sagindikuly B. Qazaq tilinin taryhy. – Zhana kurs: Leksiyalar. – Almaty: Qazaq unyversyteti, 2011. – 145 b. – B. 41.

2 Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili. – 2-basylymy. Philologya fakultetterinin studentterine arnalgano qulyq. –Almaty: Ana tili, 1991. – 384 b. –B. 157.

3 Yastremskiy S. Grammatyka yakutskogo yazyka. – Yrkutsk, 1900. – 510 s. –S. 478.

4 Sevortyan E. Affyksy ymennogo slovoobrazovanyav azerbaydjanovskom yazyke. – M.: Yzd. vos. lyt., 1966. – 436 s. – S. 172.

5 Mamanov Y. Qazaq Tilbilimininmaseleleri. Voprosy kazahskogo yazykoznaniya. – A.: Arys, 2007. – 488 + 12 bet surettijapsyrma. –B. 150.

6 Quryshjanov A., Tomanov M. Orhon-Enysey zhazuy eskertkishterinin zerttelu taryhy men grammatykalyq ocherkteri. – Almaty: Gylym mynystrligi, 1964. – 128 b. – B. 61.

ҒТАХР 16.21.41

Бекжанова А.Б.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс PhD докторанты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail:asiya.2184@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент А.Қ.Таусоғарова

ГАЗЕТТЕГІ ТАҚЫРЫПАТТАР – БАСПАСӨЗ ДИСКУРСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТІ

Мақалада газет мәтіндерінің тақырыпаттары туралы зерттеу жүргізіледі.Тақырыпаттың жасалу жолдары қарастырылады. Мақала атауы оның мазмұнынан хабардар беретіндігі нақты мысалдармен беріледі. Тақырыпаттың атқаратын қосымша қызметтері және құрылымдық ерекшеліктері сипатталады. Отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне шолу жасалады.

Түйін сөздер: газет, тақырыпат, дискурс, прагматика

Bekzhanova A.B.

Newspaper headliners – Discourse element of the Mass media

In this newspaper article author issues the headlines and ways of their study. Also article addresses ways of compiling headers. Based on certain examples it is shown how headers reflects contents of the articles. The additional functions and structural features of the headers are described. Overview of Domestic and foreign scientists' works on the subject are provided.

Key words: newspaper, header, discourse, pragmatics

Бекжанова А.Б.

Дискурсный элемент СМИ в газетных заголовок

В контексте газетной статьи рассматриваются заголовки и способы их изучения в исследованиях. Также в статье рассматриваются пути создания заголовков. На основе конкретных примеров показано, как название статьи отражает ее содержание. Заголовки характеризуются структурными особенностями в дополнение к информационному содержанию. Приводится обзор работы отечественных и зарубежных ученых.

Ключевые слова: газета, заголовок, дискурс, прагматика

Қоғамдағы субъектілер арасында болатын коммуникативтік қарым-қатынас бүгінгі таңда электронды БАҚ қызметімен тығыз байланысты болып отыр. Біздің зерттеу нысанамыз – электронды формадағы газет тақырыпаттары біріншіден, мақала авторы – адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізуші көп қырлы, терең мәнді, имплицитті түрде жеткізілетін астарлы ойға құрылған күрделі бірлігі ретінде алынса, екіншіден, газеттер тақырыпаттары қоғам мүшесі оқырманға психика-эмоционалды тұрғыдан әсер етіп, белгілі бір дәрежеде оның әрекетін, көзқарасын, әлеуметтік мінез-құлқын реттеуге қатысатын маңызды прагматикалық зор.

Газет мәтініндегі бірден-бір ерекше әрі маңызды құрамдас бөлік – ондағы публицистикалық мақала атауы яки тақырыпат. Мақала атауы, бір қарағанда, оның мазмұнынан хабардар етумен шектелетін болып көрінгенімен, шын мәнінде, ол қосымша көптеген қызметтерді атқарады және көп жағдайда бүтіндей мерзімді басылымның оқырмандар арасындағы «беделі» публицистикалық мақаланың осы бір құрылымдық бөлігіне тікелей байланысты. Арнайы зерттеулер көрсеткендей, оқырмандардың 80 пайызы газетті қолына алған кезде тек ондағы мақала атауларына көз жүгіртеді екен [1]. Осыған орай, әлемдік тіл білімінде газет

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

тақырыпаттарының атқаратын қызметтері 11 мен олардың жауап беруі тиіс негізгі талаптарын анықтау және зерттеу мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді.

Ресейлік зерттеуші Д.А. Качаев публицистикалық мәтіннің бұл құрылымы жайлы мынадай пікір білдіреді: «Газет тақырыпаты – салыстырмалы сипатта дербес семантикалылыққа ие, мәтінді сипаттап, оның мазмұнын болжайтын, түсіндіріп, оған қосымша мән үстейтін барлық мәтін үшін бастапқы элемент болып табылатын тілдің вербалды және бейвербалды құралдары арқылы жеткізілген мәтіннің графикалық жинақталған бөлшегі» [2, 4].

Алғаш Ч. Моррис еңбегінде сөз болған прагматика мәселелеріне Ю.С. Степанов, Р. Карнап, Д.Ф. Алиференко, Г.Г. Матвеева, О.С. Москальская сынды ғалымдар үлкенді-кішілі зерттеу жұмыстарын арнап, прагматика теориясын дамытуға өзінше үлес қосты. Сонымен қатар А.Г. Баранов, Г.Г. Почепцов, С.А. Сухих, М.М. Молчанова, Т.М. Прохорова т.б. ғалымдар мәтінді прагматикалық тұрғыда зерттеді. Олар автордың объективті болмыс пен оның мазмұндық материалына қатысын қарастырып, прагмалингвистикалық бағытты біршама дамытты. Соңғы сипаттағы зерттеулер функционалдық стиль түрлеріне арналып, көптеген ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді [3].

Дискурс (фр. discours) тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексі. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді.

Соңғы жылдары ғылымының дербес саласына айналған прагмалингвистиканың алғышарттары қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде бастау алғаны белгілі. Атап айтқанда, М. Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А. Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З. Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін, Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С. Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б. Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б. Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф. Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г.К. Ихсанғалиева тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған. Т.Ш. Мырзахметова тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеген. Ал Р.А. Омарова неміс тіліндегі газеттер материалы бойынша баспасөз дискурсына прагмалингвистикалық талдау жүргізсе, С.Қ. Ережепова орыс және қазақ тілдеріндегі ресми-іскерлік стильдің прагмалингвистикалық аспектісін салыстыра зерттеді.

Сондай-ақ, соңғы жылдары газет мәтінінің жекелеген жанрларына арналған зерттеулер де пайда болды. Мысалы, М.С. Әбішева ақпараттық жазбаның құрылымы, семантикасы және прагматикасын диссертациялық деңгейде арнайы қарастырған.

Ал біздің мақсатымыз – қазіргі газеттегі тақырыпаттардың – баспасөз дискурсының элементі ретінде зерттеу. Газет тақырыптарын прагматикалық тұрғысынан кең ауқымда қарастыру маңызды болмақ. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ газеттерінің даму бағыттарын анықтау, қазіргі қазақ авторларының публицистикалық шығармашылығындағы ізденістік жаңалықтарды айқындап, аксиологиялық тұрғыдан баға беру де қажет. Газет арқылы тіліміздің бүгінгі қоғамымыздағы бет-бедерін, қолданыстық ахуалын көрсету. Өйткені адам өмірінің саяси, экономикалық, мәдени, тұрмыстық т.б. салаларын түгелдей қамтитындықтан газетте алуан түрлі тақырыптар қозғалады. Соған сәйкес газет материалдары да бірнеше жанрда жазылады.

Газет мәтіні – семантикалық құрылысы жағынан, функциясы тұрғысынан, мәтінді қабылдап-түсіну жағынан ерекшеленетін публицистикалық стильдің дамыған бір түрі. Ол бұқаралық аудиторияға басылым арқылы ақпарат таратып, жеткізудің ерекше құралы ретінде танылып, автордың саяси-прагматикалық позициясын көрсетеді. Жалпы газет мәтіні болғанымен, біз ресми басылымдарда айрықша орын алатын тақырыптарға көбірек көңіл бөлдік.

Газет беттеріндегі тақырыптар – семантикалық құрылысы жағынан, функциясы тұрғысынан, мәтінді қабылдап-түсіну жағынан ерекшеленетін публицистикалық стильдің бір түрі. Ол бұқаралық аудиторияға ақпарат таратып, жеткізудің ерекше құралы ретінде танылып, автордың прагматикалық позициясын көрсетеді.

Қандай да бір ақпаратты жеткізу және өңдеу үшін, сол процеске тікелей қатысушы адресант (ақпаратты ұсынушы) пен адресат (ақпаратты қабылдаушы) функционалды қызметінің тығыз байланыстың болуы заңды. Осы

күнге дейін И.В. Арнольд, Б.П. Белянина, В.В. Воробьев, Н.И. Гайнуллина, Г.Г. Гизатова, В.И. Исенғалиева, Е.И. Ковалева, Г.В. Колшанский, В.А. Маслова, Р. Сыздық, Ә. Қайдар, Б. Хасанов, Е. Жанпейісов, Н. Үәли, Э.Д. Сүлейменова, А. Ислам, Қ. Жаманбаева, Г. Сағидолда, Э. Оразалиева т.б еңбектері тілдегі синтагматикалық және прагматикалық факторларды кешенді түрде қарастырып, зерттеген. Т.Г. Винокурдың сөзімен айтқанда, прагматика қазіргі кезде тіл қолданысы мен қызметінің коммуникативтік қырын барынша кеңінен дәйекті түрде айшықтап отырған салаға айналуда [4, 19-20].

Қазіргі кезде бүкіл адамзат газеттің ықпал ету құралына айналып отырғаны мәлім. БАҚ түрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын әмбебап құрал ретінде газет әлеуметтік-реттеуші қызметін атқарады. Академик Р. Сыздық қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің даму барысында көркем әдебиет стилінің жетекші орын алатынын, яғни доминант екенін айта келіп былай дейді: «Сөз жоқ, бұл күнде тіл тәжірибесінде публицистиканың, көпшілік информация құралдары – баспасөздің, радио мен телевидениенің де рөлі күшейе түскенің мойындау қажет» [5, 81].

Әртүрлі газетте ақпарат берудің өзіндік ерекшеліктері болатыны мәлім. Алайда оның әмбебаптық сипаты негізінен өзгеріссіз қалады. Дегенмен оқырманға қол жетімділігімен ерекшеленетін газеттегі мақалалардың беру тәсілі, тақырып қою ерекшеліктері мен прагматикалық аспектілері, сәйкес формаға түсірілген, арнаулы өңдеуден өткізілетін нысан ретінде қарастырған тиімді.

Кез келген журналистің шеберлігі тақырыпты таңдай білуінен байқалады. Өйткені мақаланың оқырманды тарта білуі тақырыпты сәтімен ойластыруға тікелей байланысты. «Бәрінен бұрын тақырып пайда болады, – дейді Валентин Катаев, – пайда болады да, жазушыны, азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып, тұтаса береді». Сценарий авторы мен редактор азапты ізденіске түсе отырып, алдымен хабарының тақырыбын табады.

«Егер шығармашылық процестің үш түрлі (материал жинау, жинаған материалды қорыту, қорытылған материалды жазу) кезеңі бар десек, тақырып осынау үш кезеңінің өн бойында тұтас желі тартып жатады. Шын мәнінде, тақырып суреткердің жан дүниесінде теңселе тербеліп, ойлау процесімен қатарласа жүріп, ой-қиялды қамшылап отырады. Бұл үздіксіз процесс.

Тақырып – шығармадағы басты ой. Автордың құбылысқа қатынасындағы сансыз ойлары, өзінің хабарларындағы кейіпкерлері немесе ізденісіндегі қажетті жайлары. Автордың өзі көрген, куә болған жайларға кірігуі. Демек, тақырып – идея. Идея ғайыптан пайда болатын зат емес. Оған да ақыл-ойдың тоғысы мен сезімталдық қабілет керек. Сондықтан тақырыптың оқырманды тарта білуі мен сол сәттегі өзекті мәселені тақырыптың қамти алуы маңызды. Ал газет беттерінде тақырыптарды:

1. Оқырманды тартатындай қызықты;
2. Елең еткізетін оқиғалық;
3. Сараптамалық сипаттағы танымдық деп қарастыруға болады.

Тақырып – материал идеясының жалпы көрінісі болса, ал материал – ойға алған тақырыпты тұлғаландырып шығаруға қажетті шикізат. Автордың сол материалды ой қазанында балқытқаннан кейін, енді қандай қалыпқа келтіріп, оған қандай рух беруі талантының дәрежесіне, қазіргі заманға көзқарасының ауқымы мен тереңдігіне байланысты. Сондықтан тақырып қоюдың негізгі міндеттері:

1. Нақтылық, өткірлік;
2. Тартымдылық;
3. Қысқалық;
4. Сауаттылық.

1948 жылы Шеннон «Ақпараттық материалдық» теориясын жасады. Оны Виннер басқару теориясымен ұштастырған. Кейбір теоретиктердің айтуынша: «Ақпарат дегеніміз хабардың ғана сипаты емес, хабар мен оны тұтынушының арасындағы қарым-қатынас сипаты. Өйткені тұтынушыға жеткен соң ғана хабар ақпаратты бөліп шығарады». Шындығында да текстің өзі тауар дейтін болсақ, журналист ақыл-ойының жемісі тұтынушыға жеткенде ғана оның ақпараттық сипаты айқындалады. Осыдан келіп шығатын журналистік текстің үш қырын сипаттауға болады:

1.Текстің семантикасы («семантика – грек сөзі semantiros – «маңызды», «көрсететін» деген мағынаны білдіреді). Бұл оның болмыспен қарым-қатынасының сипатын білдіреді.

2.Текстің синтактикасы. (синтактика – грек сөзі «sintartiros» – «құрылған» деген ұғымды білдіреді). Бұл текстің ішкі құрылымының сипаты.

3.Текстің прагматикасы. (прагматика – грек сөзі «pragma» – «пайда, іс» деген ұғымды білдіреді). Бұл текстің аудиториямен қатынасының сипаты. Әрбір журналист тексті

дайындағанда мынадай шарттарды ескергені абзал:

а) Ақпаратта хабарланатын жайттар тың да, тосын болуы қажет.

ә) Хабардың аудиторияға түсініктілігі, көпшілікке жетімді болуы.

б) Ақпараттың құндылығы, маңыздылығы ескерілуі керек.

Зерттеушілер газет беттеріндегі тақырыптардың функционалды қызметі мен прагматикалық ұстанымын 3 түрге бөліп, жіктейді:

Ақпараттық ұстаным (мәліметті іріктеп ұсыну);

Фатикалық ұстаным (материалды оқырман назарын аударту үшін пайдалану);

Манипулятивтік ұстаным (мәтінде баяндалатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат ету) [6, 21].

Прагматика – бүгінде тіл білімінде өрісі кеңейіп келе жатқан салалардың бірі. Қазіргі таңда қолданыс тіліндегі стиль мәселесін стилистиканың прагмастилистика саласы зерттесе, коммуникация бағытында тілдің субстанциялық-функционалдық қасиеттерін зерттеумен прагмалингвистика саласы шұғылданады. Халық тілінің байлығын және көркем құралдарды пайдалану арқылы кез келген жазушы дүниеге көркем туынды әкелуімен қатар, ол өзінің суреткерлік шеберлігі әрі шығармада қолданған көркем сөздің эмоциялық бояуының басымдығы арқылы кез келген оқырманға түрліше әсер ете алады. «Адресант адресатқа мәтіннің мағыналық-ақпараттық мазмұнын толық жеткізіп, мәнін ашып беруде оның жандүниесіне әсер етіп, сезімін ояту үшін белгілі прагматикалық мақсатын қанағаттандыру үшін стилистика ғылымның «еншісіне» тиесілі тілдік стилистикалық амал-тәсілдерді пайдаланады» [7, 13].

Мысалы, «Балық басынан, Кеден бекеттен шіриді» «Қазақстан-Zaman» 1 наурыз 2012 жылы жарық көрген мақаланың тақырыбын алып қарайық. Түп нұсқасы «Балық басынан шіриді». Демек, мәтінаралық референциялардың ішінде аллюзиялар мақал-мәтелдердің атауларын меңзеуі мүмкін. Кейде «Балық басынан шіриді» «Қазақ үні» (авт.Зейнолла Қабиоллаұлы 19 қыркүйек, 2014 ж.) секілді түпнұсқасын мақаланың тақырыбы ретінде алуы да мүмкін.

Қазіргі БАҚ беттеріндегі тақырыптардың прагматикалық әлеуетін сипаттайтын тәсілдердің бірі – қарқындылық. Қарқындылық – оқырманға айрықша күшті әсер ету мақсатында қолданылатын семантикалық категория. Қарқындылық категориясының негізінде сан-мөлшер градациясы (басқыштаушылық, үдемелілік) ұғымы жатады. Қарқындылық дегеніміз – сапаны бағалаудың сандық өлшемі, экспликативтілік (анықтық) өлшемі; экспрессивтілік пен эмоционалдылықтың, бағалауыштықтың өлшемі. Мұның бәрі оның басқыштану, сатылану сипатын аңғартады [8, 18].

Бүгінде газет беттеріндегі тақырыптар қанық бояулы, қарқындылыққа толы прагматикалық бағдары анық материалдар. Зерттеуші Е.В. Покровская мәтіндердегі қарқындылық категориясының мынадай үш тәсіл арқылы жүзеге асырылатынын анықтаған:

1. Контраст принципі (қарама-қайшылық);
2. Тілдік қайталаулар;
3. Сөз ойнату. Бұл тәсілдердің қатар қолданылуы да, бірінің айрықша басым болуы да кездеседі. Екінші тарауда нақты контенттік сараптамалар кеңінен жасалынады [8, 152].

Шындығында сәтті шыққан тақырып – жарты мақаламен тең. Сол себепті, жазбаның тақырыбын сәтті қоя білу өте маңызды. Ал қысқалық, сауаттылық, дәлелділік мақаланы айқындаушы құрал іспеттес. Сондықтан сапалы мақала жазу бір бөлек және оны халыққа жеткізе білу бір бөлек.

Газеттің осы орайда ұстанатын позициясы бүгінгі жаңа БАҚ-тан өзгеше. Яғни прагматикалық тақырыптардан гөрі ғаламтор бетінен адамдардың ақпаратты қалай іздейтіндігін гугл, яндек, т.б браузерлердің көмегі арқылы анықтап, тақырыпты соған сәйкес қояды. Алайда бұл заңдылықтар әлі күнге сақталып жүрмегендіктен, газет беттерінде прагматикалық тақырыптарға негізделген мақалалар саны көп. Салдарынан мақала материалы қызықты, әрі сауатты жазылғанымен оқырмандарды өзіне тарта алмай келеді. Нәтижесінде он адамның сегізі мақала тақырыбын, тек екеуі мақаланы толық оқуы мүмкін. Бұл газет беттеріндегі тақырыптардың атқарып отырған функционалды қызметін анықтайды.

Әдебиеттер

1 Есенова Қ.Ө. Газет мәтінін қабылдаудағы тақырыпаттың қызметі. – Алматы, 2006.

2 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Фил. ғылым.док.дисс… авторефераты.

3 Апресян Ю.Д. Коннотация как часть прагматики слова // Избранные труды. I.II: Интегральное описание языка и система лексикографии. – М., 1995. – 767 с.

4 Новикова Э.Ю. Прагматические характеристики газетного политического текста // Вопросы лингвистики и транслятологии. – Волгоград, 2004. – Вып. 2. – С. 18-26.

5 Пронин Е. Критерии эффективности текстового воздействия // Проблемы эффективности журналистики. – М., 1990.

6 Каменская О.Л. Текст и коммуникация. – М.,1990. – С. 150.

7 Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Серия литературы и языка. – 1981. – №4. – Том 40. –С. 356-367.

8 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: Фил. ғылым.док.дисс… авторефераты. – Алматы, 2002.

References

1 Esenova Q.Ö. Gazet mätinin qabıldawdağı taqırıpattıñ qızmeti. – Almatı, 2006.

2 Wälï N. Qazaq söz mädenïetiniñ teopïyalıq negizdepi: Fïl. ğılım.dok.dïss… avtopefepatı.

3 Appesyan YU.D. Konnotaciya kak chast' ppagmatiki slova // Izbpannye tpudy. I.II: Integpal'noe opisanie yazyka i sistema leksikogpafii. – M., 1995. – 767 s.

4 Novikova EH.YU. Ppagmaticheskie hapaktepistiki gazetnogo politicheskogo teksta // Vopposy lingvistiki i tpanslyatologii. – Volgogpad, 2004. – Vyp. 2. – S. 18-26.

5 Pponin E. Kpitepii ehffektivnosti tekstovogo vozdejstviya // Ppoblemy ehffektivnosti zhupnalistiki. – M., 1990.

6 Kamenskaya O.L. Tekst i kommunikaciya. – M.,1990. – S. 150.

7 Aputyunova N.D. Faktop adpesata // Sepiya litepatupy i yazyka. – 1981. – №4. – Tom 40. –S. 356-367.8 Epnazapova Z.Ş. Qazaq söylew tili sïntaksïstik bipliktepiniñ ppagmatïkalıq negizdepi: Fïl. ğılım.dok.dïss… avtopefepatı. – Almatı, 2002.

СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМҰНЫ

1-бөлім Раздел 1
Әдебиеттану Литературоведение

Садыгов Ш.
Место жанра романа в современной азербайджанской литературе. Детективная литература 4

Абдилда Д.М., Джолдасбекова Б.У.
Жанровое многообразие в творчестве Дмитрия Снегина 10

Айнабекова Г.Б.
Интертексты в повести В. Михайлова «Великий джут» 15

Асқарова А.Ш., Оспанова Г.
Әдебиет сыны тарихын жасау проблемалары және оның ғылыми-методологиялық негіздері 19

Ахметжанова А.И.
Национальный колорит и цветообозначения в поэзии А. Ахматовой 25

Балтымова М.Р.
Әдебиеттегі батырлар бейнесі – ұлттық тәрбие қайнары 29

Гусейнли Ш.А.
Эпические формулы в азербайджанских историко-героических эпосах 35

Дәрібайұлы С.
Ақын-жыраулар поэзиясындағы шариғат негіздері 42

Dzhalamova Zh., Joldasbekova B.
Space of daily life in eternity dimensions 48

Итеғұлова С.А.
«Ләйлі – Мәжнүн» жырындағы бас қаһармандардың өзіндік сипаттары 52

Какильбаева Э.Т.
Возможности гипертекстовых технологий в исследовании диалога Олжаса Сулейменова с предшественниками 57

Kakisheva N.T.
Dmitry Snegin's novels of recent year 61

Қалиева А.Қ.
Заман келбеті драматургияда 65

Картаева А.М., Қайырбаева А.М.
М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының жазылуы мен жариялануы 70

Мәмбетов Ж.
Ақын Бауыржан Жақыптың лирикасы 75

Мәдібаева Қ.Қ.
Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесіндегі ауыл тұрмысын суреттеу ұстанымдары 82

Мейрамгалиева Р.М.
А.М. Горький и Ф.М. Достоевский: полемичность их творчества 87

Мирзалиев Т.Э.
Основные факторы в истории азербайджано-европейских литературных связей 92

Сарбасов Б.С., Жұмақаева Б.Д.
Көне түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтер 98

Сарсекеева Н.К., Женис Н.Н.
Художественная специфика реалистических рассказов М. Зверева о животных в контексте анималистической литературы Казахстана 102

Сафарова Д.Р.
Своеобразие контаминаций в азербайджанских сказках 107

Сейітжанов З.Н., Оспанова А.А., Абиханова Г.
Ақтан мен Ақбала айтысы 114

Толысбаева Ж.Ж.
Изменение формального канона венка сонета в современной казахстанской поэзии 118

Тұңғышбаева Ғ.Ж., Қожахметова Ф.Б.
Эпикалық жанрлар табиғаты 124

Шанаев Р.У., Джолдасбекова Б.У.
Особенности философского миросозерцания в эссеистике И.П. Щеголихина 130

Шортанбаев Ш.А., Карбозов Е.
Шернияз шығармаларындағы ерлік пен елдіктің мәселелері 135

2-бөлім Раздел 2
Тіл білімі Языкознание

Abdramanova S.
Ethnic Identity of Kazakhstani Young People in Relation to Language 140

Aliyarova L.M., Makhazhanova L.M., Khalenova A.R.
Semantic structure of categories of plurality and quantity 148

Байтуова А.Н.
Жаһандану дәуірінде этномәдени және тілдік ұқсастықтың сақталуы 153

Джаамбаева Б.А., Амалова А.Ы.
Становления философии языка 158

Егорова Т.В.
Иноязычное слово в контексте современной языковой ситуации 162

Ерназарова З.Ш.
Қазақ шешендік сөздерінің аргументтеу модельдері 168

Иманалиева Ғ.Қ., Ешимов М.П., Ермагулова А.А.
Қалихан Ысқақ шығармасындағы («Келмес күндер елесі» роман-эссе) кейіпкерлердің эмоционалдық күйі 173

Итжанова Н.Б.
Оскорбление как речевой акт агрессии 177

Қожахметова Ф.Б., Тұңғышбаева Ғ.Ж., Абдықадырова А.Р.
«Ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы кәсіп, зат, сан атаулары мен кірме сөздер қолданысының танымдық мәні (Т. Ізтілеуов шығармашылығы бойынша) 180

Ли Э.В.
Семантические связи слов в художественном произведении 185

Мадиева Г.Б., Мансурова М.Е., Аубакиров С.С., Ермеков Ж.С.
К вопросу о подготовке медиакорпуса казахского языка 191

Медетбекова П.Т., Мәмбетова М.Қ.
Тілдік бірліктер варианттылығының жалпы лингвистикалық табиғаты 197

Mussabekova U.E., Taubayev Zh.T.
Significance of discourse analysis and pragmalinguistics in modern linguistics 204

Оданова С.А., Абишова Р.А.
Жарнама дискурсының стилистикалық аспектісі 208

Онгарбаева М.С., Таева Р.М., Зуева Н.Ю., Алимбаева А.Т.
К вопросу сопоставительного анализа концептов 214

Сағындықұлы Б., Құлжанова Б.Р.
Түркі тілдеріндегі барыс септігі жалғауларының жаңа этимологиясы 219

Сансызбаева С.К.
Прагматические аспекты функционирования зооморфной метафоры 225

Сейдуллаева Г.А.
Морфологические средства выражения коммуникативно-прагматической направленности текстов пресс-рекламы 230

Таусоғарова А.Қ.
Ақпараттық даулы жарнама мәтініне лингвистикалық талдау жүргізу тәжірибесінен 234

Туманова А.Б., Ли В.С.
Приоритетные направления исследований в современной лингвистике 239

Тымболова А.О., Мурзинова А.С., Әлметова А.С.
Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени архетиптер мен стереотиптер..... 146

3-бөлім Тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесі
Раздел 3 Методика преподавания языка и литературы

Azamatova A.K.
On visualization in education..... 256

Абаева Ж.С.
Прецедентные тексты как отражение культурных особенностей общества 261

Amanbaeva Yu.K.
The use of associative connection sinmental and speech activities..... 266

Аширова А.Т., Абдрахманова Ж.А.
Қазақ тілін оқытуда эмоцияның рөлі 270

Жумагулова В.И., Кажигалиева Гж.А., Ханкишиева Э.М., Задаева А.А.
О межкультурном диалоге в содержании полиязычной подготовки специалистов 274

Ikhsangalieva G.K., Nurzhanova Zh.S., Raiymbekova A.A.
Audio-visual method as a means of forming auditive skills in russian as a foreign language 279

Okusheva G.T., Muldagalieva A.A.
On the Content and Language Integrated Learning of a Foreign Language and Special Disciplines in University Education..... 284

Рамазанова Ш.А., Иманкулова С.М.
Студенттердің табиғат туралы танымын қалыптастыру..... 289

Таусоғарова А.Қ., Парманова У.И.
Шетелдік тілдік санадағы этностереотиптерді зерттеу тәжірибесінен 293

Тұрабаева Л.Қ.
Оқытушының кәсіби шеберлігі мен тіл мәдениеті..... 302

4-бөлім Аударма теориясы
Раздел 4 Теория перевода

Жаксылыков А.Ж.
Предметно-концептуальный мир поэзии жырау и его передача в переводах на русский язык 308

Ақшолақова А.Ж., Утемгалиева Н.А., Рскелдиева Д.Б.
Көркем мәтіндегі жалқы есімдердің аударылуы 316

Болатова Г.Ж.
Жаңа «Абай Жолы»: А. Кимнің аудармасындағы кейбір ерекшеліктер 320

Жусанбаева А.Т., Алкожаева А.С.
История переводов лирики Р. Бёрнса на русский язык 325

Жусупова А.У., Ашимханова С.А.
Типология трудностей в переводе художественных текстов с высокой этнокультурной идентичностью..... 331

Kabdrgalinova S.B.
On peculiarities of Kazakh sentences with interrogative word ‘kaytedi’ and their English equivalents 336

Хамраев А.
Герменевтический аспект перевода реалии казахской культуры и их восприятие англоязычным читателем..... 341

5-бөлім Раздел 5
Жас ғалымдар Молодые авторы

Аметова С.
Жыраулар тіліндегі тіркесімділік 348

Алшынова Г., Тұрғанбекқызы А.
Қорқыт мұрасының педагогикалық негіздері 352

Бозекенов Т.
Ер мен әйелге ортақ антропонимдердің шығу уәжі мен даму процесі 356

Қасымбекова А.Т.
Қазақ, ағылшын тілдеріндегі ертегілердің зерттелуі, даму мен қалыптасуы 361

Ли И.
Прагматические функции невербальных средств делового общения в русской и китайской лингвокультурах 368

Мырзаханов Т.А.
Сравнительный анализ концептуально-метафорической модели «Финансовый рынок как водная стихия»
в англоязычных и русскоязычных финансово-аналитических медиатекстах 373

Назарова Ә.
Сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер 379

Sarkaboyeva Sh.
Semantization of English neologisms intouristic business 383

Сержан М.
О лингвистических особенностях казахстанского Интернет-общения 389

Таттимбетова К.О.
Проблема героя в автобиографическом романе И. Щеголихина «Не жалею, не зову, не плачу...» 394

Tleubay G.K.
Comparisons and metaphors in the creative discourse of Ch. Aytmatov 399

Tleubay G.K.
Concepts of life and fate in the novel «The Scaffold» of Ch. Aitmatov 403

Үкібаева М.Р., Сағындықұлы Б.
АН, УН, ИН жұрнақтарының қазіргі кездегі варианттары 407

Бекжанова А.Б.,
Газеттегі тақырыпаттар – баспасөз дискурсының элементі 411

CONTENTS

Section 1
Literary Criticism

Sadygov Sh.
The genre of the novel in contemporary Azerbaijani literature. Detective Literature 4

Abdilda D.M., Dzholdasbekova B.U.
Genre diversity in the work of Dmitry Snegin..... 10

Ainabekova G.B.
Intertexts in V. Mikhailov's story «The Great Jute» 15

Askarova A.Sh. Ospanova G.
The problems of creating the history of literary criticism and its scientific-methodological bases 19

Ahmetzhanova A.I.
National color and color designations in the poetry of A. Akhmatova..... 25

Baltymova M.R.
Images of heroes in literature - a source of public education 29

Huseynli Sh.A.
Epic formulas in Azerbaijan historical-heroic eposes..... 35

Daribaiuly S.
Basics of Shariain poetry of akyns and zhyray..... 42

Dzhalamova Zh., Joldasbekova B.
Space of daily life in eternity dimensions..... 48

Itegulova S.A.
Character features of the main heroes of the epic «Layla-Majnun»..... 52

Kakilbaeva I.T.
Possibilities of hypertext technologies in research of Olzhas Suleymenov's dialogue with predecessors..... 57

Kakisheva N.T.
Dmitry Snegin's novels of recent year..... 61

Kaliyeva A.K.
Panorama of the epoch in dramaturgy 65

Kartayeva A.M., Kayirbayeva A.M.
Origin and publication of M. Auezov's epic novel «the path of Abai» 70

Mambetov Zh.
The lyrics of Baurzhan Zhakup..... 75

Madibaeva K.K.
The concept of the artistic description of the Aul life by S. Muratbekov in the story «Wild apple tree» 82

Meiramgaliyeva R.M.
A.M. Gorky and F.M. Dostoevsky: polemicism of their creativity 87

Mirzaliyev T.E.
The main factors in history Azerbaijan-european literary relation 92

Sarbasov B.S., Zhumakaeva B.D.
Folklore myths of ancient turkus monuments..... 98

Sarsekeeva N.K., Zhenis N.N.
Artistic specificity of M. Zverev's realistic stories about animals in the context of the animalistic literature of Kazakhstan..... 102

Safarova D.R.
Originality contamination in Azerbaijan fairy tales..... 107

Sejtzhanov Z.N., Ospanova A.A., Abihanova G.
The verbal poetry contest between Aktan and Akbala..... 114

Tolysbaeva J.J.
Changing the formal canon of sonnets crown in modern poetry of Kazakhstan 118

Tungyshbaeva G.Zh., Kozhahmetova F.B.
The nature of epic genres 124

Shanaev R.U., Dzholdasbekova B.U.
Features of philosophical worldview in I.P. Shchegolikhin's essays 130

Shortanbayev Sh.A., Karbozov E.
Sherniyaz – the patron of heroism and freedom 135

Section 2
Linguistics

Abdramanova S.
Ethnic Identity of Kazakhstani Young People in Relation to Language 140

Aliyarova L.M., Makhazhanova L.M., Khalenova A.R.
Semantic structure of categories of plurality and quantity 148

Baituova A.N.
Preservation of ethnocultural and linguistic identity in the era of globalization 153

Jaambaeva B.A., Amalova A.Y.
Formation of philosophy of language 158

Yegorova T.V.
Loanwords in the context of the modern language situation 162

Yernazarova Z.Sh.
Models of argumentation of Kazakh oratory 168

Imanalieva F.Қ., Eshimov M.P., Ermagulova A.A.
Emotional state of characters in the works Қalihan Yskақ («Kelmes kүnder elesi» roman-essay) 173

Itzhanova N.B.
Insult as a speech act of aggression 177

Kozhakhmetova F.B.,Tungushbaeva G.J., Abdykadirova A.R.
Cognitive meaning of the name of the subject, profession, numbers of the formation of the language picture of the world (on the works of T. Iztileuov) 180

Li E.V.
Semantic links of words in the work of art 185

Madieva G.B., Mansurova M.E., Aubakirov S.S., Ermekov Zh.S.
To the question of preparation of media-corpus of the kazakh language 191

Medetbekova P.T., Mambetova M.K.
General linguistic characteristics of linguistic units of variability 197

Mussabekova U.E., Taubayev Zh.T.
Significance of discourse analysis and pragmalinguistics in modern linguistics 204

Odanova S.A., Abishova R.A.
Stylistic aspect of advertising discourse 208

Ongarbaeva M.S., Taeva R.M., Zueva N.YU., Alimbaeva A.T.
To the question of the comparative analysis of concepts 214

Sagyndykuly B., Kulzhanova B.
New etymology of suffixes of dative case in the Turkic languages 219

Sansyzbayeva S.K.
Pragmatical aspects of functioning of a zoomorphical metaphor 225

Seidullaeva G.A.
Morphological means of expression-pragmatic text direction press advertising 230

Tausogarova A.K.
From the experience of conducting linguistic analysis of contentious advertising and information texts 234

Tumanova A.B., Lee V.S.
Priority areas of research in modern linguistics 239

Tumbolova A.O., Almetova A.S., Murzinova A.S.
National-cultural archetypes and stereotypes in the language picture of the world 246

Section 3
Methods of teaching language and literature

Azamatova A.K.
On visualization in education 256

Abayeva Zh.S.
Precedential texts as a reflection of cultural peculiarities of the society 261

Amanbaeva Yu.K.
The use of associative connection sinmental and speech activities 266

Ashirova A.T., Abdrahmanova ZH.A.
The role of emotion in learning the Kazakh language 270

Zhumagulova V.I., Kazhigalieva G.A., Khankishiyeva E.M., Zadayeva A.A.
About intercultural dialogue in polylingual content of training 274

Ikhsangalieva G.K., Nurzhanova Zh.S., Raiymbekova A.A.
Audio-visual method as a means of forming auditive skills in russian as a foreign language 279

Okusheva G.T., Muldagalieva A.A.
On the Content and Language Integrated Learning of a Foreign Language and Special Disciplines in University Education 284

Ramazanova SH.A., Imankulova S.M.
Forming the students ‘nature of students 289

Tausogarova A. K., Parmanova U. I.
From the experience of studying ethnic stereotypes in a foreign language context 293

Turabaeva L.K.
Professional skills and speech culture of the teacher 302

Section 4
The theory of translation

Zhaksylykov A.Zh.
The subject-conceptual world of Zhyrau Poetry and its transfer in Russian translations 308

Aksholakova A.Zh., Utemgaliyeva N.A., Rskeldiyeva D.B.
The translation of proper names in a literary text 316

Bolatova G.Zh.
New «Abai’s Path»: Some peculiarities of A. Kim in translation 320

Zhusanbaeva A.T., Alkozhaeva A.S.
The history of translations of R. Burns’s lyrics into the Russian language 325

Zhussupova A.U., Ashimkhanova S.A.
The typology of difficulties in translation of literal texts with high ethnocultural identity 331

Kabdrgalinova S.B.
On peculiarities of Kazakh sentences with interrogative word ‘kaytedi’ and their English equivalents 336

Khamrayev A.
The hermeneutic aspect of translation of the realities of kazakh culture and their perception by english-speaking readers 341

Section 5
Young Authors

Ametova S.
Syntagmatics in the language of zhyrau 348

Alshynova G., Turganbekkyzy A.
Pedagogical basement of Korkyt's heritage 352

Bozekenov T.
The reason of appearance and development process of anthroponyms for both genders 356

Kasymbekova A.T.
Formation and Development of English and Kazakh fairy tales 361

Lee I.
Pragmatic functions of non-verbal means of business communication in Russian and Chinese linguocultures 368

Myrzakhanov T.A.
Comparative Analysis of the Conceptual and Metaphoric Model «Financial Market as a Body of Water» in English and Russian Financial Analytical Mediatexts 373

Nazarova A.
Gender features of speech 379

Sarkaboyeva Sh.
Semantization of English neologisms intouristic business 383

Serzhan M.
On the linguistic features of Kazakhstani Internet communication 389

Tattimbetova K.O.
The hero's problem in the autobiographical novel «I do not feel sorry for I. Shchegolikhin, I do not call, I do not pay...» 394

Tleubay G.K.
Comparisons and metaphors in the creative discourse of Ch. Aytmatov 399

Tleubay G.K.
Concepts of life and fate in the novel «The Scaffold» of Ch. Aitmatov 403

Ukibayeva M.R., Sagindikuly B.
Current versions of AN, UN, IN at the present time 407

Bekzhanova A.B.
Newspaper headliners - Discourse element of the Mass media 411

УСПЕЙТЕ ПОДПИСАТЬСЯ НА СВОЙ ЖУРНАЛ

АКЦИЯ!!!

Каждому подписчику
ПУБЛИКАЦИЯ СТАТЬИ
БЕСПЛАТНО!!!

- **Акция действительна при наличии квитанции об оплате годовой подписки.**
- **Статья должна соответствовать требованиям размещения публикации в журнале.**
- **Статья печатается в той серии журнала, на которую подписался автор.**
- **Все нюансы, связанные с публикацией статьи, обсуждаются с ответственным секретарем журнала.**

АКЦИЯ!!!

Издательский дом
«Қазақ университеті»
г. Алматы,
пр. аль-Фараби, 71
8 (727) 377 34 11, 221 14 65

АО «КАЗПОЧТА»
г. Алматы,
ул. Богенбай батыра, 134
8 (727 2) 61 61 12

ТОО «Евразия пресс»
г. Алматы,
ул. Жибек Жолы, 6/2
8 (727) 382 25 11

ТОО «Эврика-пресс»
г. Алматы,
ул. Кожамкулова, 124, оф. 47
8 (727) 233 76 19, 233 78 50